Встречаются и такие представители СМИ, которые стараются каждую новость выдать за «сенсацию», а также позволяют себе прямо в своих программах или же на страницах данных программ в социальных сетях чрезмерное употребление жаргонизмов, сленга, а порой и просто ненормативной лексики и оскорбления других людей, в целях привлечения большего внимания и вызова ажиотажа среди читателей и зрителей. Подобное поведение они объясняют тем, что программы носят развлекательный характер, и они стараются быть ближе к молодежи и простому народу. При этом эти люди с гордостью называют себя молодыми профессиональными журналистами и утверждают, что СМИ давно стоят на месте, а за ними будущее. Это утверждение вызывает очень много вопросов. Главной целью, даже современных СМИ, является – во-первых, предоставлять людям достоверную и интересную информацию, причем в данном случае тема не важна: будь то политика, спорт или светские новости, во-вторых, делать это в корректной манере, поскольку, все-таки, одной из задач СМИ любого времени является развитие общества, а не его деградация. Ведь та же молодежь, которая активно пользуется социальными сетями и читает подобные материалы в официальных группах от известных журналистов, посчитает, что употребление ненормативной лексики или же публичное унижение человека – норма. Мы часто обращаем внимание на неграмотную речь, которую слышим, смотря телевизор, также мы замечаем ошибки в статьях не только в интернете, но и в печатных изданиях. Многие воспринимают это как обычное дело и считают, что если журналистам позволительно писать с ошибками или неграмотно выражать свои мысли, то обычным людям это тем более дозволено. Этого допускать нельзя. Иначе мы будем вынуждены жить в обществе невоспитанных, неграмотных людей с очень узким кругозором. Журналисты, теле- и радиоведущие должны помнить, что они не могут позволить себе опускаться до уровня так скажем «дворовых» СМИ, их самой главной задачей по-прежнему остается просвещение населения, привлечение внимания к серьезным проблемам, которые необходимо решать и повышение культуры и самосознания среди населения. Возможно, СМИ былых времен не отличались особыми новаторскими идеями и, безусловно, сейчас с появлением новых технологий, они стали неактуальны и канули в лету, но зато, они могли с гордостью похвастаться высококвалифицированными, грамотными работниками и качественным материалом, который не стыдно было публиковать и показывать по телевидению. Не стоит забывать общеизвестный факт: СМИ являются мощным механизмом воздействия на массовую аудиторию. Люди, как правило, принимают те социальные

нормы поведения, этические требования, эстетические принципы, которые убедительно пропагандируются СМИ как положительный стереотип образа жизни, стиля одежды, формы общения и т.п. Поэтому на представителях СМИ лежит большая ответственность: они должны стать примером и эталоном хороших манер, достойного поведения и грамотной речи, заставляя людей задумываться о том, что происходит вокруг, а не о том, как упало качество работы СМИ.

Специалисты в области информационных технологий отмечают, что, несмотря на развитие процессов глобализации в сфере информации, вместе с качеством снижается также и географический охват мировых событий в транснациональных СМИ. Как отмечают учёные, «с медийной карты мира» исчезают целые государства, если в них не происходит «крупномасштабных» драматических событий [7].

Действия большинства государств, пытающихся защитить свой внутренний медиарынок от «прессинга» транснациональных корпораций, зачастую оказываются безуспешными, но – как следствие – в них активизируется деятельность гражданских организаций (американская общественная организация FAIR, например, ратующая «за честность и тщательность в информировании»), осуществляющих общественный мониторинг и критику СМИ [8]. Это связано с тем, что утверждение господства транснациональных корпораций на мировом рынке масс-медиа сопровождается кризисными явлениями в самой журналистике как институте, как сфере профессиональной и творческой деятельности человека.

По мнению М. Н. Кима, одним из «результатов» монополизации масс-медиа стало формирование у потребителей медиапродукции искажённого образа современного мира, унификации массового сознания, духовного нивелирования стран и народов [9].

К «заслугам» рынка можно отнести и тот факт, что подавляющее большинство СМИ вынуждены игнорировать свои традиционные функции: просветительскую, образовательную, воспитательную. Так, в одном из популярных в интеллектуальных кругах журналов читаем: «Волей-неволей приходится (и вовсе не в угоду миллениаристскому скептицизму) констатировать очередной «дефолт» и на интеллектуальном фронте» [10].

ЛИТЕРАТУРА

1 (McQual, D. & Windhal, S. Communication Models for the Study of Mass Communication. 2nd Edition. – Longman, 1993. – P. 146-147.

2 Беспалова, А. Г., Корнилов, Е. А., Короченский, А. П., Лучинский, Ю. В., Станько, А. И. История мировой журналистики. Изд. 3-е, исп. и доп. – М. : ИКЦ «МарТ», Ростов н/Д : Издательский центр «МарТ», 2003. – С. 414.

3 Михайлов, С. А. Журналистика Соединённых Штатов Америки. – СПб. : Изд-во Михайлова В. А., 2004.

4 Беспалова, А. Г., Корнилов, Е. А., Короченский, А. П., Лучинский, Ю. В., Станько, А. И. История мировой журналистики. Изд. 3-е, исп. и доп. – М. : ИКЦ «МарТ», Ростов н/Д : Издательский центр «МарТ», 2003. – С. 415.

5 The Wilson Quarterly. – Summer 2001. – P. 90.

6 Голышко-Вольфсон, Д. К физиологии постсоветского интеллектуализма // Художественный журнал. – № 28–29. – 1999.

7 Сбруев, В. В. Возникновение и развитие прогрессивной печати в Южной Америке (Аргентина, Уругвай, Чили). – М. : МГУ, 1989. – С. 161.

8 <http://www.fair.org>.

9 Ким, М. Н. Журналистика: методология профессионального творчества. – СПб. : Изд-во Михайлова В. А., 2004. – 496 с.

10 Голышко-Вольфсон, Д. К физиологии постсоветского интеллектуализма // Художественный журнал. – № 28–29. – 1999.

7 секция. Әдебиет және филологияның өзекті мәселелері
7 секция. Актуальные вопросы литературы и филологии

7.1 Қазақ филологиясы
7.1 Казахская филология

МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ТӘРБИЕЛІК ТАҒЫЛЫМЫ

АБДЫРОВА А. О.
аға оқытушысы, «Қазақ филологиясы» кафедрасы,
С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
ТЛЕПБЕРГЕНОВА Д. М.
студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ

Мақал-мәтелдер – ауыз әдебиетінің ең байырғы, ең көне түрі. Ол – ғасырлар бойы халқымыздың ұқыптап сақтап келген тәжірибесінің жиынтығы, ой-пікірінің түйіні, өмір тіршілігінің айнасы, көнеден жаңаға, атадан балаға қалдырып келе жатқан өмірлік өшпес мұра [1]. Мақал-мәтелдер көркемдік бейнелі сөз айшықтарымен әсерлі. Олардың айтуға оралымдылығы, сондағы ойдың өткірлігі, ұшқырлығы, тереңдігі мақал-мәтелдердің сапаларын анықтайды. Мақал-мәтелдер адамды сөз қадірін білуге, жақсы мен жаманды, қас пен досты айыра білуге, айналадағыларға мейірбан, кенпейіл болуға, сезімтал болуға, халық шығармашылығының інжу-маржанын бағалай білуге баулиды.

Қазақ халқы мақал-мәтелге өте бай. Мақал-мәтелде халқымыздың өніп-өсуіне, мінез-құлқын қалыптастыруға, тіршіліктің қыры мен сырын түсінуге, оның қайшылығын тануға терең баға беріледі. Мақал-мәтелді кез келген адам шығаруға құқылы. Ал ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, уақыт арқалатқан жүкті мойымай көтеріп, сөйтіп, қалың елдің мұқтажын өтейтін мақал-мәтелдер салықалы ой иесі, ділмар шешен, адуын мінезді қындар араласуымен жасалған. Қазақтың мақал-мәтелдеріне өз үлесін қосып, отты сөздері ел аузына кең тараған М. Әуезов, Б. Момышұлы, Ғ. Мүсірепов, Ғ. Мұстафин сияқты ұлылардың есімі ел есінде сақтаулы.

Қазақ халқының даңқын шығарып, абыройын асырған айтулы ұлдарының бірі – жазушы, қазақтың батыр ұлы Бауыржан Момышұлының «Ер серігі – сергек ой», «Сын ерді шындайды, қорқақты қинайды», «Азаматқа өмірден ар қымбат, өлімнен ұят күшті», «Қорқақ – дөрекі, әрі ақымақ», «Алғырлық ойдың ішкі мазмұнын нұрландырып тұрады», «Ақылгөйлік кейде өнегесіздікке тірейді» [2] – деген ұлағатты сөздері қанатты сөздер қатарынан шығып, мақал-мәтелдер қатарынан мықты

орын алған Осы мақал-мәтелдерді жастар оқып, ой түйсе нұр үстіне нұр болар еді.

Халық ақыны Қайып Айнабековтың мақалдарына көңіл аударып көрейік. «Аланғасар адамнан ақау шықпай қалмайды», «Ердің сыны – сырында, сөздің сыны – шынында», «Ерінбегеннің еңбегі жанады, іркілмегеннің ерлігі артады», «Жақсылық іс қайда болса, жақсы атак сонда» [3] – деген мақалдары – тәлім-тәрбиеге толы.

Мақал-мәтелдер өмір құбылыстарының барлық саласын қамтитын болғандықтан, олардың тақырыптары да сан алуан. Мақал-мәтелдерде айтар ойды әсерлі жеткізу үшін көркемдеу құралдары қолданылады. Мысалы, «Жақсы жігіт – жағадағы құндыз, жақсы қыз – аспандағы жұлдыз», «Жаман тұқым егінді былғайды, жаман жігіт елді былғайды», т.б. Мұндай орынды қолданылған бейнелеу құралдары мақалдың ажарын ашып, ой өткірлігін арттырады, адамның бойында мәдени дағдыларды қалыптастырады.

Қазақтың жазба әдебиетінің негізін салушы ұлы ақын Абай Құнанбайұлы ұлтымыздың ауыз әдебиетінің асыл қазынасы мақал-мәтелдердің шығу тегін терең зерттеп, құнды пікірлер айтты. Мысалы, Жиырма тоғызыншы қара сөзінде: «Біздің қазақтың мақал-мәтелдерінің көбінің іске татырлығы да бар, іске татымақ түгіл, не құдайшылыққа, не адамшылыққа жарамайтыны да бар» дей келе, «Қалауын тапса, қар жанады, сұрауын тапса, адам баласының бермейтіні жоқ», «Атын шықпаса жер өртте», «Алтын көрсе, періште жолдан таяды», «Ата-анадан мал тәтті, алтын үйден жан тәтті» [4] – деген мақал-мәтелдердің сұрамсақтық, пәлекорлық, дүниеқоңыздық, қулық-сұмдық, алаяқтық сияқты жат мінездерді уағыздайтын, мағына-мәні қайшы мақал-мәтелдер екенін дәлелдеді.

Қазақ ата-бабаларымыздың ақыл-парасаты дүниежүзілік алдыңғы қатарлы ойлау жүйесімен деңгейлес екеніне халқымыздың мақал-мәтелдері куәлік ете алады. Шығыста: «Үш іс тындырған адам, яғни бала өсірген кісі, тал өсірген кісі және кітап жазған кісі өлмейді» деген даналық сөз бар. Қазақ халқының «Ер адамның алдында ашылатын есігі болсын, әйел адамның алдында тербелетін бесігі болсын», «Адам ақылымен сымбатты, ұрпағымен қымбатты», «Ұлы бар үйде қуат бар, қызы бар үйде шуақ бар» деген мақалдарының идеясы да соған саяды.

«Тәрбие тілден басталады» дейтін халқымыз ана сүтінен ажырамаған кезден-ақ бөбегін ана тілінің ақ уызымен ауыздандыра бастау керектігін, ана тілі – адамның ғұмыр бойғы серігі, рухани қуаты, күрестегі құралы екендігін меңзеп отыр.

Халқымыз «Мақал – сөздің мұнарасы» деп, халық ауыз әдебиетінің асыл бір жанрына осындай бағаны өзі берген. Мұнара биіктікке, асқақтыққа, парасат асқарына мезгейді. Мақал-мәтелдің озық-артықшылығы ойды сығымдап, нақышты әрі әсерлі, санаулы сөзбен әрі өткір, әрі мәнді айтып, суреттеуінде. Қазақ халқы өзінің тәлімгерлік ойын мақалдар мен мәтелдерге шебер сыйғыза білген. Бір естігеннен жадында қалады, жатталуы да оңай, жеңіл. Және бір ғажабы – жыл асқан сайын жемісін елге ұсынып отыратын мақал-мәтелдер өз қатарын қалындатып отырады. Жаңа дәуір талабына сай жаңаша туындайтын мақал-мәтелдердің иесі де, көнеден сақталып келе жатқан, сұрыптала, сұлулана түскен асылдарды сақтаушы да – қарапайым халық.

«Әкесіне қарап ұл өседі, шешесіне қарап қыз өседі», «Әкесіне қарап, ұлын сына» деген мақалдардың ұлағатына көз жіберіңізші. Өзіне тартқан өнегелі ұл өсіре алмаған әке ұятты, ал абыройлы әкеге тартып өсе алмаған жасық, болбыр ұл да ұятты деп тұрған жоқ па?

«Тектей білген екшей де біледі» демекші, адам танумен шұғылданған, ертедегі өткен ата-бабалар қасиеттерін түптеп зерттеген кісі бүгінгінің жақсысы мен жаманын саралай алады, өзі де терісінен түніледі, безеді, тектісіне еліктейді, өзгелерді де еліктіре ертеді.

«Білімсіз бүлдіреді, ата-анасын күйдіреді» – бұл да бір тамаша мақал. Надандар, намыссыздар әке-шешесін ғана емес, бүкіл жұртын жерге қаратады. Ендеше, осы сияқты мақал-мәтелдерде тәрбиелік мән, мазмұн тұнып тұр.

«Азамат – елдің ажары» деген ақылды мақалды оқушыға қайталаудан жалығуға болмайды, себебі балаға кішкентай кезінен бастап-ақ елдіктің еңсесі ер азаматтарымен биік екенін құлағына құя берудің несі артық?! «Алты қадам алдын көрмеген, алысқа ұзап кете алмас», «Арманменен ер – сұлу, орманменен жер – сұлу» деген мақалдар бүгіннің ығында ғана бүкжеңдей беруге болмайды, ертенді де ойлау керектігін, сонда ғана алға жылжуға болатынын меңзейді. Бұл ойды «Арманды адам – пәрменді» деген мақал нықтай, нақтылай түседі. «Ананың алдында асқар тау да аласа», «Ана – өмірдің қайнар бастауы», «Ана болған дана болады», «Ана – бала бақытының бағбаны» деген мақалдар кімге болсын ана алдындағы парызды ақтаудың биік маңызын ұқтырып тұр. Ер жеткен ұл, бойжеткен қыздың ешбір жарғымен бекітілмеген, халық өзі шығарған заңында аталған парызы бар. Ол: «Ана алдында – құрмет, ата алдында – қызмет». Ана парызын өтеуден артық құрмет, ата парызын өтеуден асқан қызмет жоқ екенін ұғындырып тұр бұл мақалдар. «Анасына орын

ұсынбаған, әкесіне қолын ұсынбайды» деген мақалды алайық... Халық әдетте, қамқорлықтың ұсақ-түйектен-ақ көрініс табатынын осылай ескертеді. «Ана сүтін ақтамағанды ешкім жақтамайды» деген даналық өте сыпайы айтылса да, өткір айтылған айып. «Әкеңнің төріне сенбе, маңдайыңның теріне сен» деген мақалдың тәрбиелік мәні ешкімге иек артпа, өз күніңді өзін көруге машықтан, ешкімге масыл болма, адал еңбегіңмен дәм-тұзынды ақта, теріңді төгіп тапқан еңбегіне ғана сен дегенге саяды.

«Көпке пайдаң тисе, төбең көкке тиер» деген мақалдың тәрбиелік мәні ашып көрейік. Кез келген адамның өзіне бұйырғаны тек өзінің ғана игілігі емес екені белгілі. Жеке азамат тағдырының мәнділігі қалың қауымға тигізетін себімен, көмегімен өлшенетіні де даусыз. Ендеше көпке тигізген пайда арқасында кім болса да құрметке ие болатыны да айғақ нәрсе екені ешқандай дәлелдеуді қажет етпейтін сияқты. Халқымыздың кемеңгерлігін дәлелдейтін даналық сөздерді айтып тауысу мүмкін емес.

Жеке тұлғаның бойында мәдениет, адами қасиеттер қалыптастыру мақсатында айтылатын әрі әсерлі, әрі ойда сақталып қалатындай мәнді мақал-мәтелдер, ақыл-насихат, өнеге-әсиет төл әдебиетімізден көптеп табылатынына көз жеткізуге болады. Халқымыздың сөз мәйегі мақал-мәтелдер адам баласын ізгілікке, имандылыққа, адамгершілікке, адалдыққа, еңбексүйгіштікке, ұлтжандылыққа, отаншылдыққа тәрбиелейді. «Мақал – сөздің атасы» дегендей, өмірде мақал-мәтелдің қажеттілігін түсіне отырып, санамыздың өсуіне ықпал ететін ұлттық мұраның сақталуы білімді жастар қолында. «Дұрыс қанаттанған түзу ұшады» деген халқымыз тәрбиенің түпкі мақсатын, жемісін меңзеп отыр.

Осы зерттеу жұмысының қорытындысы ретінде өркениетті елдердің өрге тартқан көшінде, алға тартқан легінде халқымыздың мерейін көтеруге, қажыр-қайрат жұмсауға, қасиетті қызыл тіліміздің үстемдігін көтеруге мақал-мәтелдердің берер тағылымы зор деген тұжырымға келеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Тұрманжанов, Ө. «Қазақтың мақалдары мен мәтелдері». – Алматы: Білім, 2007
- 2 https://massaget.kz/layfstayl/debiet/bauyirjan_momyishulyi/
- 3 <https://shyrmauyk.wordpress.com/tag/қайып-ақын/>
- 4 Абай. Қара сөздері. – Алматы : «Өнер» баспасы, 2003.
- 5 Қазақ мақал-мәтелдері. – Алматы : «Балауса баспасы» 2014.

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ ӨМІРДЕГІ МАҢЫЗЫ

АЗГАЛИЕВА А. К.

қазақ тілі мен әдебиет пәнінің оқытушысы,
Батыс Қазақстан инженерлік-технологиялық колледжі, Орал қ.

Ұлы Абайды өмір, қоршаған дүние, табиғат, болмыс сыры, олардың заңдылықтары көп ойландырған, ол дүние сырына бойлап, өзін мазалаған сауалдарға жауап табуға тырысқан. Мен осы кіммін? Жан иелері өмірінің түпкі мәні неде? Барлық адам баласы, жан-жануарлар да тамақтанады, ұйықтайды, қорғанады, артына ұрпақ қалдырады. Сонда адам баласының басқа жан иелерінен айырмашылығы неде? Міне, Абай әркімді де толғандыратын терең сырлы сұрақтарға жауап іздейді. Ол өзінің ілімінде, пәлсапалық шығармаларында адам баласының өмір сүру мақсатын, сол мұратына жету жолын, әлемдегі болмыстың мәні мен өзіндік ішкі байланысты, жалпы заңдылықтарын ашып көрсетеді.

Данышпан ақын оқу – білімді шексіз ардақтаған, жасымда неге ғылымның соңына түспедім деп өкінді. Өз заманының ең білгірі, оқымыстысы бола тұра, білгенін азсынған. Мансап үшін емес, білу үшін оқу керек деген мақсатпен өз балаларын да оқытты.

Осы мақсаттағы алғашқы поэзиялық туындыларының бірі «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлені.

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,
Пайдасын көре тұра тексермедім.
Ер жеткен соң түспеді уысыма
Қолымды мезгілінен кеш сермедім.

Ақынның жас ұрпаққа ертеңгі дүниенің кем-кетігін бүтіндеуші, жана өмір сарайының құрысшылары болу үшін – жаңа терең білім алып, келер ұрпақтан көп үміт күтетінін айтады. Соның дәлелі:

Сен де бір кірпіш дүниеге,

Кетігін тап та, бар қала!... Осы жүкті міндет ете отырып, пайдаға асыру үшін қайрымдылық пен адалдық, қайрат пен ақыл керек екенін ескертті. Ақын: «өзінде бармен мақтанып, ондайы жоқтарды қорлама. Бұны жасасаң, оларда күншілдік (зависть) пайда қылып, өмір бойы құтылмас қорлыққа қаларсыз», – дейді мына жолдарда.

Өзінде бармен көзге ұрып,
Артылмас деме өзгеден.
Күндестігін қоздырып,
Азапқа қалма езбеден,
Пайданы көрсен, бас ұрып

Мақтанды іздеп, қайғы алма
Мінінді ұрлап жасырып,
Майданға түспей, бәйгі алма...

Абай өмір жолын тануды білімге, ғылымға негіздеу керек дейтін қағиданы ұстанады.

Дүние де өзі, мал да өзі,
Ғылымға көңіл бөлсеңіз.
Білгендердің сөзіне
Махаббатпен ерсеңіз.
Ақыл сенбей, сенбеңіз
Бір іске кез келсеңіз.....

Абайдың білімге, ғылымға шақырған өлеңдері өз алдына бір төбе. Жас ұрпаққа «көкірегі сезімді, көңілі ойлы» адамдарға үміт артып, олардың жүрегін оятып, оларды өзінің озат мақсат-мұраттарына тартуға ұмтылдырады. Жастардың өнімді еңбек етіп, ғылым мен білімге ұмтылуы алға қойған мақсатқа жетуде табандылық көрсетуі – міне, осындай асыл қасиеттерді уағыздау Абайдың бүкіл шығармаларының негізгі идеялық-тақырыптық үзілмес жүйесіне айналды.

Абайдың білімге, ғылымға шақырған өлеңдерінің негізгі мақсаты – «Оқыған білер әр сөзді, Надандай болмас ақ көзді» немесе «Оқыған білген – білген-ақ...» сияқты сөздердің түп-түпкірінде, тамырында жатыр.

Адамның негізгі этикалық болмысының бастау көзі ғылымды игеруде жатыр, соның пайдасын білуге негізделген дегенді меңзейді. Себебі көкірегі ашық, танымы терең адамның қабылдауы да жан – жақты, әр нәрсеге көңіл бөлгіш, байқағыш, ой түйгіш болатыны анық Абайдың «дүниенің көркін болжау» үшін ғылымды игеру, оның «пайдасын» сезіп білу керек деген қағидасына мына поэзиямен дәлелденеді:

... жастықтың оты, қайдасын,
Жүректі түртіп қозғамай?
Ғылымның біліп пайдасын,
Дүниенің көркін болжамай?
Малда да бар жан мен тән,
Ақыл сезім болмаса.
Тіршіліктің несі сән,

Тереңге бет қоймаса? – деген Абай поэзиясында жиі кездесетін «жан» мен «тән» ұғымын оның адам табиғатындағы ролін, өміріндегі қызметін өзіндік тұрғысынан кең талдап түсіндіреді. «Жан» мен «тән» табиғи бірлікте бір – бірімен тығыз байланысты. «Тән жанның өсіп өнетін құнарлы топырағы» секілді деп бейнелі сөзбен анықтап сипаттайды. Осы тұжырымды ойларды «Жетінші сөзінде» кең толғап таратып береді.

«Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады, бұл тәннің құмары. Біреуі білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен демеклік, бұл жанның құмары. Дүниенің көрінген һәм көрінбеген сырын түгелдеп, ең болмаса денелеп білмесе, адамдықтың орны болмайды» – дейді ойшыл-ақын. Данышпан ойын былай түсіндіреді:

Абай «жан» деп адамның рухани өсуін айтады. Бұл өсу – кәсіби қасиет. Себебі жас бала кездегі әр нәрсені білсем деген ниет өсіп жетілуі үшін адам баласы еңбектенуі керек, яғни «жанның құмарын» қанағаттандыруы керек.

Білсем, үйренсем деген ой-сезім, тілек, мүдделерді өсіру, өрістеу, сол жолда талмай еңбек етудің керектігін айтады. Адамның жас кездегі табиғи – тілек талаптарының кейбіреулерде өсе келе дағдарысқа ұшырайған жағдайда жаман мінездерден аулақ болуды өсиет етеді. «Жанды» «тәнге» емес, тәнді жанға қызмет еткізу керек дейді. Сонда тәнмен бірге адамның жаны да, рухани күші де жоғарғы дәрежеде болатындығын көрсетеді.

Абай мұрасында қоғамдық өмірдегі ғылым мен білімнің маңызын жоғары бағалап, оларды әлеуметтік жаңалықтармен тығыз байланыстырған ақын таным қызметін қоғамның үздіксіз дамуындағы басты күш деп есептеді. Ол объективті әлемді тану мүмкіндігін және оның даму заңдылықтары мәселелерін дұрыс шешті. Оның ойынша қандай да болмасын білімнің, ақиқаттың қайнар көзі адам өзінің сезім мүшелері арқылы танитын объективті шындық. Ол таным мәселесін шешкенде ерікті адамның жеке басы мен оның белсенді күресіне деген сеніміне сүйенеді. Адамды дәрменсіз, әлсіз жан иесі деп қарайтын діни ілімдерге қарама-қарсы ойшыл-ақын адамды белсенді, саналы, жасампаздық қызмет атқара алатын қуатты күш деп санайды. Абай сананы, «өз рухын» адам надандыққа қарсы күресте, қажырлы еңбек арқылы үнемі нығайтып отыруы керек деп есептейді. Бір жағынан «сана ерікпен бірігуі қажет», екінші жағынан – сана мен еңбек әрқашанда бір жерден көрінуі керек. Ары таза, еңбекқор, білімді адамдар үшін табиғат құпияларын танудың шегі жоқ. Ақын білімді адам құбылыстар мен заттардың өзінен бұрынғы беймәлім жаңа қырлары мен қасиеттерін тануға кең мүмкіндік алатынын атап көрсетеді. Ол ғылымды: «Адамның білімі хақиқатқа, растыққа құмар болып, әр нәрсенің түбін, хикметін білмекке ынтықтықпен болады», - деп қарады.

Ұлы Абайдың даналық сөздерін оқып, жанымыз рақаттанса. Олардың мәнін түсініп, өмірімізге пайдалансақ онда ол баға жеткісіз пайда болмақ. Қарапайым сөзбен айтқанда:

– шын ықылас қойып үйренсе, ғылым ойыға онайырақ қонады.

- ынтаң шала болса, шала көріп, шала байқайсың, яғни білімің де шала болады.
- ғылымды үйренудің дұрыс жолы – шын білмек болып үйрену.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 **Асыл, Ұ., Жұмажанова, Т.** Қазақ әдебиеті. – Алматы : «Мектеп» баспасы, 2006. – 160–163 б.
- 2 Абай. Қара сөздері. – Алматы : «Өнер» баспасы, 2003. – 128 б.

МӘШҰР ЖҮСІП КӨПЕЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДА САЛТ-ДӘСТҰРЛЕРДІҢ КӨРІНІС ТАБУЫ

АЛИМОВА А. К.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, № 2 Майқайың ЖОББМ,
Баянауыл ауданы, Павлодар облысы

Жалпы салт-дәстүр туралы мәлімет беру. Мәшһүр Жүсіп Көпеев шығармаларында кездесетін салт-дәстүрлерді анықтау. Оларды түрлеріне қарай бөліп, талдау және салыстыру жұмыстарын жасау

Бұл жоба Мәшһүр Жүсіптің жинап қалдырған ауыз әдебиеті үлгілері мен халқымыздың әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін дәріптеуге арналған.

Мәшһүр Жүсіп есімінің ел ішінде аңызға айналуына ақындығы ғана емес, халық ауыз әдебиетінің үлкен жанашыры болғандығы да себеп болса керек. Ол ауыз әдебиетінен еліміздің барлық өткен-кеткен жағдайын, тұрмысын, салт-санасын, бай дәстүрін, қилы-қилы тағдырын байқай білген зерделі жан.

Сонымен, жұмыстың басты мақсаты: Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің салт-дәстүрге байланысты жинаған ауыз әдебиеті үлгілерімен танысу.

Зерттеудің негізгі мақсаттары:

- Мәшһүр Жүсіп жазып қалдырған ауыз әдебиеті үлгілерін жинау;
- Қазақтың маржан көзі-салт-дәстүрлерді басқа нұсқалармен салыстыру;
- Әрбір салт-дәстүрге түсініктеме беру;
- Материалдарды зерттеу және жүйеге келтіру;
- Зерттелген дерек негізінде ғылыми жоба жазу.

Салт – кәсіпке, сенімге, тіршілікке байланысты әдет-ғұрып, дәстүр. Ол ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отырады. Уақыт өткен сайын салтқа өзгеріс еніп, өзгеріп, қоғамға байланысты бейімделіп келеді.

Жана қоғамдық қатынасқа сай келмейтін дәстүрлер ығысып, өмірге қажетті жаңалары дамып отырады.

Дәстүр – ұрпақтан-ұрпаққа ауысатын, тарихи қалыптасқан нормалар мен үрдістер. Ол – қоғамдық ұйымдар мен халықтың мінез-құлқының, іс-әрекетінің рухани негізі. Дәстүр мәдениетпен тығыз байланысты, сондықтан мәдениеті дамыған ел дәстүрге де бай. Ата-ананы құрметтеу, үлкенді сыйлау, адалдық, әділеттілік, мейірімділік сезімдері озық дәстүрлерге жатады.

Дағды, әдет-ғұрып деген ұғымдар адамның мінезі мен тіршілігіне байланысты қанға сіңген қылықтарды білдіреді.

Салт-дәстүрлердің түрлері

1 *Отбасылық той-томалақтар мен жиындар.*

- а) Үйлену тойы (жар-жар, сынсу, жұбату, беташар)
- ә) Бала тәрбиелеу дәстүрлері
- б) Жерлеу салты (жоқтау айту)

2 *Діни әдет ғұрыптар*

а) Ырымдар мен нанымдар (бата, күн жайлату, отқа май құю, алғыс-қарғыс, ауруды емдеу т.б.). Осылардың ішіндегі қарастыратынымыз- бата.

ә) Діни рәсімдер мен мейрамдар (намаз оқу, жарапазан айту, ораза ұстау, зекет-садақа беру, қажыға бару т.б.). Осылардың ішіндегі қарастыратынымыз – жарапазан.

3 *Маусымдық халықтық мерекелер*

а) Кәсіптік мейрамдар.

ә) Жалпы халықтық тойлар (Наурыз мейрамы. Қымызмұрындық. Сабантой. Соғым басы.) Осылардың ішіндегі қарастыратынымыз – Наурызға қатысты салт-дәстүрлер.

Той – әдет-ғұрып дәстүрі. Дүние жүзінің барлық халықтары той жасайды. Қазақ халқының мәдени өмірінде той ежелгі заманнан бастап үлкен орын алған. Мысалы, қыз ұзату, үйлену, шілдеhana, сүндет, наурыз тойлары. Қыз ұзату, үйлену, сүндет тойларына ат шаптыру (бөйге), балуан күрес, көкпар, қыз қуу сияқты ұлттық ойындар өткізіледі. Тойдың жақсы дәстүрлері бүгінде сақталған, үйлену тойында жар-жар айтылады, түрлі ұлттық ойындар ұйымдастырылады.

1 Қыз ұзату

Қауым болып қызықтасып, думандатып жүріп, қуаныш бөлісер қай-қай тойдың да өзіндік мәні бар. Солардың ішіндегі адам жанына толқу салар ең әсерлісі – ол – «Қыз ұзату».

Тойға қатысушы қыз ұзатқан жақ пен келін түсірген жақ – екеуі, сөз жоқ, екі түрлі көңіл күйде болмақ. Бірі «Басымызға бас қосылды, бір баламыз екеу болды», – деп, масаттанысып жатса, қыз берген жақ: «Қайтеміз енді, – «Қыз – жатжұрттық» деген – осы да. Не десек те, барған жері баянды болғай баламыздың. Ата-анасына жаман ат келтірмей, «Кімнің

асыраған баласы еді?» – дегізбей, еңбегімізді ақтап, қосағымен қоса ағарса, біздегі тілек – осы! Алақанға салып, аялап, әлпештеп өсірген перзентіміз болған соң, қыймастықтан толқығанымыз ғой, әншейін», - деп, көздерінің жасын бір-бір сығып алысып жатады.

«Жар-жар» – ғұрып. Ұзатылатын қыз тойында қыз-жігіттер тобы кететін қыздың көңілін аулап, бара жатқан жағында да осындай жақсы жайлар болатынын өлеңмен айтысады. Сонымен бірге олар қыздың бақытты, абыройлы, елге сыйлы болуына тілектестік білдіреді. Шынымен де, естіп қарасаңыздар, мұның бәрі өлеңмен айтылғандықтан «Жар-жар» қызықты болып естіледі.

Мәшһүр Жүсіптің «Қара месінде» жар-жардың бір ғана түрі берілген. Мәшһүр атаның сөзімен айтсақ, бұл-ұзатылар қыз жағындағы қыз-келіншек пен жігіттердің жиналып хормен айтысуы. Аталған жақтың бір жағы өзінің туған әке-шешесін, аға-інісін, жеңгесін қимайтынын айтса, екінші жағы жаңа түсетін келіннің жаңа тумалары болатынын, олардың жас келінді өз туғандарынан кем көрмейтінін толғайды.

Мәшһүртанушы, филология ғылымдарының кандидаты Нартай Қуандықұлы Жүсіпов Мәшһүр Жүсіп жазып қалдырған «Жар-жар» үлгісін ең алғаш тюрколог ғалым, Ресей зерттеушісі В. В. Радловтың «Наречья торкских племен...» (Санкт-Петербург. 1870 кітабы) атты кітабында басылғанын айтады. Бұл нұсқалардың ұқсастығы Мәшһүр Жүсіптің ол кітапқа сүйенуі мүмкін дегенді айтса, ара-тұра ұшырасқан жекелеген өзгерістер болуының өзі ақынның өзі жинауының дәлелі деп ұғынған жөн. Осы екі қолжазбадағы жекелеген сәйкеспеулерден Мәшһүр Жүсіптің ұсынған үлгісі тиімдірек әрі дұрысырақ екеніне көз жеткіземіз.

«Жар-жар» – негізінен ойын-күлкіге, әдет-ғұрыпқа, тәлім-тәрбиеге негізделген. Менің ойымша, ауыз әдебиетіндегі «Жар-жар» – айтысы осының жалғасы болып табылады.

Үйлену тойына байланысты дәстүрдің бір түрі – сыңсу деп аталады. «Сыңсу» – ұзатылатын қыздың аттанар алдындағы ата-анасымен, жақын бауырларымен, туған-туыскандарымен қоштасу жыры. Көбіне жырдың бұрынғы жаттанды түрлерін қолданады. Осы жыр арқылы қыз өзінің жат жұртқа кеткен шерін, мұнын айтады. Жеңгесін ертіп ағайындарын аралап жүрген қыз жәй жүрмейді. Ол өзінің балалық дәуренінің, он жақта бұлғақтап өскен бақытты күндерінің өткендігін, аяулы ата-анасының, туыскандарының өзін мәпелеп өсірудегі еңбегін өлеңмен айта жүріп өксиді.

Базардан келген құйысқан
Тарамай шашым ұйысқан.

Келіп кетіп жүріңдер,

Сағындырмай туысқан – деп өзінің өтінішін де айта жүреді.

Қыздың сыңсуы жарасымды әрі тәрбиелік мәні бар салтанатты салт. Бұл адамгершілік, әдептілік жағынан алғанда да өте орынды дәстүр. Өйткені балалық күндерден ағайын ортасынан бөлініп кету ондай іс емес.

Мәшһүр Жүсіп жазып қалдырған сыңсуда бір жағынан жалпы қыз баланың басына түскен наз туралы айтылса, екінші жағынан қимастық сезім жырланады. Кейде сыңсу қыздың бұрынғы қара ордасынан басталып, жаңа қонысына жеткенге дейін созылуы мүмкін.

Қыз осылай сыңсып жатқанда жанындағылары оған «Жұбату» өлең айтады. Мысалы:

Қара суды жағалай қаз барады,
Анасынан айырылып қыз барады.
Қара суға қан күйсең, ағар- кетер,
Жат кісіге қыз берсең, алар-кетер!
Жылама, бикем, жылама
Көзіңнің жасын бұлама.
Ұл боп тусаң әуелден
Сені мұндай қыла ма?..
Көп жылауды қойыңыз!

Мәшһүр Жүсіп жазып қалдырған «Жұбату» үлгісін В. В. Радловтың үлгісімен салыстырып көрейік.

В. В. Радловтағы «Сен жылайсың ұлым деп, // Жинаған қызыл бұйым деп»-күйінде өрістеп, ұзатылар қыздың «ұлым деп» жылауы өмір шындығына мүлде сай келмейді. Мәшһүр Жүсіпте бұл жолдарда нақтылық, шынайылық басым: «Сен жылайсың: «Үйім! – деп, // «Жиғаным-қызыл бұйым! – деп». Шынында да, ұзатылар қыздың туып-өскен үйін қимай жылауы заңды да, әлі бойына бітпеген, бітуі мүмкін емес ұлын ойлауы әрі ерсі, әрі шынайы емес.

В. В. Радловта «Аз басыңды көл етсең, // Көл асыңды көл етсең» – деп, ірге тепсе Мәшһүр Жүсіпте алғашқы тармақтары: «Аз басыңды» орнына: «Аз асыңды» орналасқан. Яғни, бұл жолдарда адам басын көбейту емес, ас-тағамды молайту сөз болғандықтан, кейінгі нұсқаның тиімдірек екені айқындалады.

Мәшһүр Жүсіпте бір шумақ:

Күйеуің жүр күлімдеп,
Қолына тиіп жылқысы.
Ата-анаға жақпайды

Келіннің шайпау тілдісі, – деп шаңырақ көтерсе, В. В. Радловта мұндағы 1-ші, 2-ші жолдар мүлдем түсіп қалып, екінші тармақ: «Қайтқан

бір келген жылқысы» түрінде келіп, ұғынықсыздыққа негізделген. Біздің дәлелдегіміз келгені- Мәшһүр Жүсіптің өз алдындағы В. В. Радловқа сүйену мүмкіндігімен қатар, өз ізденісі аз болмағандығын көрсету.

Айта кететін жәйт, сынсудың да, жұбатудың да тәрбиелік маңызы өте зор.

Қазақ салт-дәстүрге бай халық. Соның бірі – келін келгенде «**Беташар**» айту. Беташар бұл ізгілік пен ибалық, имандылық белгісі десек, салт-дәстүр бойынша беташарды сал-серілердің бірі айтып, келінге ең жақын немесе сол елдің сыйлы адамдарын ғана таныстырып, иіліп сәлем бергізеді.

«Жар-жар» дәстүрі сияты «Беташар» дәстүрі де қазіргі тойлардың сәні мен мәні.

Наурыз – шығыс елінің бүкілхалықтық мейрамы.

«Ол күнде Наурыз деген бір жазғытұрым мейрамы болып, наурызнама қыламыз деп той-тамаша қылады екен» делінген Абай Құнанбаевтың «Біраз сөз қазақтың қайдан шыққаны туралы» атты тарихи еңбегінде.

Наурыз қазақтың ұлттық мейрамы, төл мерекесіекеніне Алаш арыстары да қалам тербеген.

Мәшһүр Жүсіп наурызға байланысты салт-дәстүрлерге ерекше тоқталып өтеді.

Наурызнама бұрын 3-9 күнге созылатын, халықтық ұлттық дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары кеңінен қолданылатын ерекше үлкен жиын той.

Ол күні қожаларға оқытатұғын Наурызға арналған кітап болады. Наурыз жайын ұқтыратын кітаптың атын «**Салдама**» дейді.

Наурызнамада қыз-жігіттер жиналып, бас қосып **ұйқыашар** әзірлейді. Ол ет, уыз сияқты дәмді тағамдардан жасалады. Қыздар өздерін ұнатқан жігіттеріне «Ұйқыашардан» дәм таттыратын болған. Мұның мәнісі оларды «ұлыстың ұлы күні» ұйықтап қалмасын деген ескі ұғымнан туған. Оның үстіне «ұйқыашар» болашақ күйеулерге күш қуат, махаббат, нәзік сезім әкеледі-міс деген.

Жігіттер қыз-келіншектерге сақина, сырға, айна, тарақ сияқты сыйлықтар береді. Оны **селт еткізер** деп атайды. Бұл дәстүрлі сыйлықтағы айна – пәктік пен жастықтың, тарақ – әдемілік пен сұлулықтың, иісеу – бүршігін жаңа жарған жауқазындай құлпырудың, жайнай түсудің белгісі.

Бұл күні қарттар да естен шықпайды. Оларға арнап жылы-жұмсақ тағамдардан бел көтерер деп аталатын дәм дайындалып, таратылады.

Наурыз-тілек. Достық көңіл мен тілектестіктің, адамгершіліктің белгісі, әрі тойдың жарасты салтының бірі ретінде айтылған.

Мәшһүр Жүсіптің «Наурыз тілегі» атты өлеңі бар:

Біреуім екеу болып, мал қосылды,
Қорама жүз-жүз лақ, қозы толды.
Ызғарлы, қыс-зымыстан, суық кетіп,
Аспаннан күн күлімдеп, шырай енді...
Жаз исі бүгін келді, жан жайланды,
Кешегі көрген бейнет артта қалды.
өмірге жаңа долдар ашатұғын
жаңа жыл – бүгінгі күн-жаздың алды...
– Ақсақал, «илай-аумин» – батаңды бер,
Көгерсін көкірегінде ең кіші ел!
Бір малын келер жылға екеу қылып,
Кәсіпке жұмылмаған қалмасын ер!
Береке күннен-күнге таса берсін,
Кедейдің үстемдігі аса берсін»
Құдайдың не бергені қайырлы боп,
Ел өрлеп, ілгері аяқ баса берсін.

Біздің данагөй бабаларымыз: «Жауынменен жер көгерер, батаменен ер көгерер», – деп айтып кеткен ғой. Бата беру – адал ниет, жақсы тілек білдірудің ұлттық дәстүрі. Халық ақ батадан рухани қуат алады, ол жақсылыққа жол ашады деп сенеді. Сондықтан да қазақтар ежелден-ақ қадірлі қариялардан, атакты батыр, билерден, шашасына шаң жұқпайтын шешендер мен арқалы ақындардан бата алуға құштар болған.

Ақ бата – шын жүректен шыққан ізгі тілек, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан өсиетнама, Аллаһ Тағаладан мейірім-шапағат сұрау, қазақтың қасиетті тұмары. Ақ батаның негізгі мақсаты – ағайынның бір-біріне деген мейірім-шапағатын, сүйіспеншілігін білдіру, бірін-бірі ынтымақ-ырысқа, береке – бірлікке шақыру, үлкен-кішінің жолын ашу, келешекте жүзеге асырылатын мақсат, мүд-делерді белгілеу.

Бата берудің бірнеше жолдары болады:

1 «Сырым батыр жас кезінде батасын алайын деп... деп Бөкен биге барыпты». Батаның бұл түрі- халық сүйген ер-азаматтардың ерлік, өнер, өмір жолына, ұзақ сапарға аттанар алдында әдейі барып тілейтін бата.

2 «Дастарқаның мол болсын, Абыройың зор болсын». Батаның екінші түрі дастарқанға ризашылықпен беріледі. Дұрыс мүшелі қонақасы берілмесе шешен, өткір тілді адамдар бата арасында сол үйдің сарандығын да қосып айтып жіберетіндер болған. Батаның бұл түрі Мәшһүр Жүсіптің «Кейінгі бір бата» үлгісінде кездеседі:

«Көкшетау жағында бір үйге қонған екен: әкелі-балалы екеуі. Қонған үй көже қылып беріпті. Сонда әкесі:

– Дастарқанға бата қыламын,-дегенде, әкесінің қолын қағып жіберіп:
– Көже батасына мен жүйрікпін! – деп, шұбыртып сөйлеп бата

кылғаны:

Көже, көже, көр ұстан:
Қайдан шыққан бұ көже?
Аузы түкті орыстан!...
Құдай айдап біз келдік
Ел шеті алыс қиырдан.

Сонда үй иесі ұялғаннан қуырдақ қуырып, тойдырыпты.

І «Бақ берсін, бас берсін, Өміріңе ұзақ жас берсін». Үлкен кісілер немесе кез келген адам біреудің қайырымдылығы мен жақсылығы, ізгі қызметі үшін де бата береді. Халық ақ батадан рухани қуат алады, ол жақсылыққа жол ашады деп сенеді. Мәшһүр Жүсіп ақ батаның бірнеше үлгілерін жазып қалдырған:

Иа, Құдайым, жарылқа:
Жарылқасаң, малды қыл,
Біткен жұрттың алды қыл,
Бұған қас сағынғанның
Малын алып, жарлы қыл!
Алла әкбар!
Иа, Құдайым, бала берсін,
Мал мен басты және берсін,
Саған қас қылған дұшпанға
Табанынның астына сала берсін!...
Алла әкбар!

Дана, көріпкел, емшілік қасиеті бар Мәшһүр Жүсіптен бата сұрап іздеп барушылар көп болған.

Мәшһүр Жүсіп жазбасында соңғы сөздер: «түлкі артқан» – күйінде келсе, В. В. Радловта «артқан» орнын «айтқан» иеленген.

Мәшһүр Жүсіптің жазбасында: «Баршаны бөздей жырттырған // Жібекті жүндей тұттырған» – дегендегі «тұттырған» – сөзі әуел баста «түттірген» болған екен.

Сондай-ақ Мәшһүр Жүсіпте: «Айдарлыға айдатқан, // Тұлымдыға байлатқан» күйінде ап-анық жазылса, В. В. Радловта «айдарлыға» орынын «айдалаға» иеленген. Біздіңше, Мәшһүр Жүсіптегі «айдарлыға», «тұлымдыға» сөздері бірін-бірі демеп, халық салтын, нанымын бейнелейді.

Қорытынды: Халық мұрасын жинаушы атаның сөзімен айтсақ: «Сияның құрамына мышияқты қосып зауытпен жазамын. Сонда менің қолтанбамнан ешбір жазу көрінбей қалмайды және өшпейді». Ол өзі айтқандай, өшпейтін сиямен күні-түні жаза берген, жаза берген. Ақын:

Неше түрлі көкейді кескен күндер,
Текке шаршап зарықпа қызыл тілім,
– дей келе, еңбегінің зейнетін көретініне сеніммен қарайды. Өйткені, ғұлама жинаушының баяндап айтқан әрбір фольклор үлгілері «Мың бір түннің» әңгімелеріндей бірінен-бірі қызық, ішкі сазы, ішкі үндестігі, ой мен қиялдың сабақтасып тоғысуы айрықша өрнек тапқан. Сол себепті, қазақтың белгілі ақыны, фольклорист, тарихшысы, этнограф, шежіреші, ғалым Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының мұрасы бүгінгі күнде әділ баға алуда.
Мәшһүр Жүсіп – көзі тірісінде-ақ үш жүзге әйгіленіп, ел-жұрттың ерекше ықылас-құрметіне бөленген адам. Ол қазақтың халық ауыз үлгілерін жалықпай жинап, ұрпақтан-ұрпаққа шашпай-төкпей жеткізуші, соңына қазыналы мұра қалдырған тарихи тұлға. Осы еңбектерін зерттеп, халық игілігіне айналдыру келешек ұрпақ- біздердің ата алдындағы парызымыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Мәшһүр- Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 3-том. – Павлодар : ЖШС «ЭКО», 2003.
- 2 Мәшһүр- Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 4-том. – Павлодар : ЖШС «ЭКО», 2004.
- 3 Мәшһүр- Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 5-том. – Павлодар : ЖШС «ЭКО», 2005.
- 4 Сейіт Кенжеахметұлы «Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары». 1-том. – Алматы : «Арыс», 2005.
- 5 В. В. Радлов «Наречя тюркских племен».
- 6 Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Наурызнама.
- 7 Жоқтау жырлары «Боздағым». – Алматы, 1990.
- 8 Пазылов, Ә. «Мәшһүр-Жүсіп мұрасы». – Қарағанды, 2008.
- 9 Қуандықұлы, Н. Мақалалары.

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ БОЙЫНША ОҚЫТУДАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ҚОЛДАНАТЫН ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІҢ ТҮРЛЕРІ

ДОСАНОВА Ж. А., СМАҒҰЛОВА Г. Ш.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері, № 3 Ертіс ЖОББМ, Ертіс ауданы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы
№ 205 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді

және ғылымды дамытудың 2016–2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес білім сапасын арттыру жөніндегі жұмыстың негізгі бағыттары білім беру процесіне қатысушылардың үздік білім беру ресурстары мен технологияларына бірдей қолжетімділікті қамтамасыз ету, жылдам өзгермелі әлемде табыстылығын қамтамасыз ететін білім алуға деген білім алушылардың сұраныстарын қанағаттандыру, Қазақстан Республикасы азаматтарының жалпы білім беретін мектептерде интеллектуалдық, рухани және дене бітімі дамуын қалыптастыру болып табылады.

Білім беру мазмұнын жаңарту білім берудің қазіргі заманғы үрдістерін және қазақстандық білім берудің үздік практикасын кіріктіруге бағытталған. Білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде оқу бағдарламаларын әзірлеу кезінде қазақстандық педагог-практиктердің және ғалымдардың ұсыныстары ескеріліп жасалады.

Қазіргі кезде білім беруге қойылатын талаптарға сай тиімді әдіс-тәсілдерді әр мұғалім сабақтарында қолдануы тиіс. Жаңартылған білім беру бағдарламасында қазақ тілі пәнінің берілуі жайы өзгеше. Бағдарламада оқушының төрт тілдік дағдысын: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым жетілдіруге бағытталған. Бұл төрт дағды оқу жоспарында «Шыыршық әдісімен» орналастырылған және бір-бірімен тығыз байланысты. Яғни, жыл бойына бірнеше рет қайталанып отырады және сынып өскен сайын тілдік мақсат та күрделене түседі.

Оқушыларды заманауи әдіс-тәсілдермен оқытып, ой-өрісі кең, саналы, еркін азамат етіп тәрбиелеу қажеттілігі де осы себептен туындап отыр.

Білім берудің негізгі мақсаты-білім мазмұнының жаңаруымен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді.

Қазіргі таңда мемлекеттік тілді оқытуда жаңа идеяларды әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде қолдану-заман талабы.

Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр.

Өз білімінің нәтижесінде оқушы бойында сын тұғысынан ойлау, білімін шығармашылықпен пайдалана білу, зерттеушілік дағдылары, АКТ дағдылары, топта және жеке жұмыс істей білуі, тілдік дағдылары, қойылған міндеттер мен күрделі мәселелерді шеше білу дағдылары қалыптасады.

Жалпы оқушылар жаңа бағдарламаны дұрыс қабылдау үшін қазақ тілі сабақтарында оқыту әдісін дұрыс таңдау ең басты мақсаттардың бірі.

Қазақ тілі сабағында сөздік құзыреттілікті дамыту үшін мынадай әдіс-тәсілдерді қолданамын: сұрақ-жауап, түсінігін айтқызу, көрнекілік, кітаппен жұмыс, суретпен жұмыс, аудио-бейне тәсілдері, интерактивті әдістер.

Қазақ тілін үйреткенде, тілді қызықты ету және бала жадысында сақталу үшін не істеу керек? Негізінен балаларға тілді, есте сақтау арқылы үйретеміз. Бала есінде ақпаратты сақтаудың екі жолы бар. Оны жүрекке жол деп те айтуға болады.

Біз ақпаратты ми арқылы және жүрек арқылы қабылдаймыз. Егер сіздерден бір ай, бір жыл бұрын не болғанын сұрасам, оны еске түсіру қиынырақ болар, өйткені біз ақпаратты ми арқылы қабылдадық. Ал керісінше, бір ай, бір жыл бұрын қандай қуанышты, не ренішті оқиға болды десем, бірден есіңізге түсіресіз, өйткені ол ақпаратты жүрек арқылы сақтадыңыз.

Сонда ақпаратты жүрек арқылы қалай қабылдауға болады деген сұрақ туындайды.

Оқушыға тілді үйреткенде, оны міндетті түрде қызықтырып, уәжін көтеру керек. Ол үшін сабағымызда әдіс-тәсілдері, яғни стратегияларды шеберлікпен тиімді қолдану қажет, бұрынғы дәстүрлі сабақтардағыдай дайын идеяларды ұсынып, өзіміз түсіндіріп, сыныпты басқарып жатқанның пайдасы жоқ, оқушылардың өздеріне білім мен идеяларды құруыларына мүмкіндік беру керек. Сабақ – оқытудың барлық кезеңінде мұғалім мен баланың бірлесіп істейтін тиімді әдістердің жүйесін пайдалану қажет.

Қазақ тілі сабағында қолданылатын әдістерім:

Психологиялық ахуал туғызуда. Сабақтың басы (2-5 минут)

«Мен елімді сүйемін» тренингі

1. Егер сенің досың бар болса, көршінің басын сипа;
2. Егер сенің анаң бар болса, өз басыңды сипа;
3. Егер сен, әкенді жақсы көрсен көршінді құшақта;
4. Егер сен мектепті жақсы көрсен, аяғыңды топырлат;
5. Егер сен Отанымызды, Қазақстанымызды жақсы көрсен, алақаныңды соқ!

– Сәлемдесу.

Амансыз ба, жерата!

Амансыз ба, құнана!

Амансыз ба, достарым!

Сәлеметсіз бе, қонақтар!

Сәлеметсіз бе, мұғалім!

Әр елдің амандасу салты арқылы бір-бірімен амандасу.

Жұптарын тауып, бір-біріне қарама-қарсы тұрады. Әр елдің амандасу салтын жасайды.

- Қазақтар – қол алысады
- Италияндықтар құшақтасады
- Бразилиялықтар – бір-бірінің иығын қағады
- Зимбабвалықтар – арқасымен амандасады
- Македониялықтар – шынтақпен амандасады
- Никарагуалықтар – иықпен амандасады
- Австралиялықтар – шапалақ ұрып серкіреді

Комплимент айту

Шеңберге тұру. Оқушылар бір-бірінің қасиеттерін айтып бөліседі. (Миша ақылды, Салтанат әдемі, Никита күшті...)

Сабақтың ортасында қолданылатын әдіс-тәсілдер.

Сөздік әдістер: түсіндіру, әңгіме, әңгімелесу, кітаппен жұмыс.

Көрнекі әдістер: иллюстрация және демонстрация.

Жұптық жұмыс. Кеспе әріптерден сөз жинау

Табиғи тәсіл. (көрнекі құралдар). Бұл тәсілге «8 тәсіл» әдісін жатқызуға болады. Сегіз жолды екі бағанға сөздер мен суреттерді қойып, сәйкестендіресіз.

«Мозайка» әдісі. Сөйлемдерді жеке бөлеміз, ал оқушылар ретімен жапсырады.

Карусель (екі шеңбер) әдісі. Белгілі бір тақырыпқа байланысты сұрақ беріледі. Кім? Не? Қандай? т.б. сұрақтарға жауап беру.

«3 қадам» әдісі арқылы тілдерін дамыту.



Сурет 1

Қадамдар:

- 1) Бұл – менің анам.
- 2) Оның аты – _____
- 3) Ол әдемі (Ол ақылды, ол күшті).

АКТ қолдану әдіс-тәсілдер. Қазіргі сабаққа қойылатын талап тұрғысынан техникалық құралдарды, кестелер, сызбалар, ұнтаспа жазбаларын пайдалану арқылы оқушылардың есту, көру сезімдеріне әсер ете отырып, олардың ойлану қабілетін дамытуға көңіл бөлінеді. Қолданылатын көрнекіліктер оқушылардың сабаққа деген

ынтасын арттырады, түсіндірілген материалдарды саналы меңгертуге ықпал жасайды. Оқушылардың білім сапасының көп жағдайларда төмен болуы, осындай түрлі ойлау әрекеттеріне бейімделмеуден, дағды бермеуден деп айтуға болады.

Стоп – кадр әдісі. Видеоны көріп, кім туралы екенін табу

«Интервью» әдісі. Жұптасып бір бірінен интервью алады.

Сабақтың қызықты өтуі үшін әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолданамын.

Соның ұтымды бір түрі – ойын арқылы тіл дамыту болып табылады. Енді бірнеше ойын түрлерін айта кетейін:

«Ойлан тап» оқыта үйрету ойыны.

Мұғалім кім? деген сұрақ қойғанда, оқушылар ата, әке, іні деп жауап беруге тиіс. Мұғалім қандай? - деп сұрақ қойғанда, ақылды, әдемі, күшті деп жауап берулері керек (мақсаты: оқушылар қойылған сұрақты түсініп, оған дұрыс жауап таңдай білулері керек. Яғни кім? деген сұраққа сызғыш деп жауап берілмейді).

«Мені түсін» оқыта үйрету ойыны.

Бұл ойынды жекелеген сөздер мен сөз тіркестерінің айтылуын меңгерту кезеңінде қолдану тиімді. Ойынның бір артықшылығы- алдын ала қосымша дайындықты қажет етпейді. Мұғалім тақта алдына оқушыларды бір қатар етіп тұрғызады. қатардың бас жағына өзі тұрып, жанындағы оқушыға жаңа сөздердің бірін сыбырлап айтады. Оқушы дәл осылай сол сөзді келесі оқушыға сыбырлап айтады. Ойын осылай жалғасады. Қатар аяқталғанда, соңғы тұрған оқушы өзі естіген сөзін дауыстап айтады. Алғашында мұғалім жасырған сөз бен соңғы сөз салыстырылып, бастапқыда сөзді бұзып айтқан оқушы сол сөзді бірнеше рет қайталайды. Осылайша бірнеше сөз жасырылып, олардың айтылуы бірнеше рет қайталады.

Кесте 1 – «Мәтінді кодтау» әдісі.

Код белгілері	Белгі мағыналары.
	Сіз үшін жаңа сөз.
-----	Маңызды сөйлемнің астын сызыңыз.
+	Келіскен пікірдің жанына немесе үстіне белгі қойыңыз.
x	Артық мәліметті сызып тастаңыз.
?	Түсінбеген сөйлемнің қасына қойыңыз.


«Сия ысыраптаушы» әдісі.

Өткен әңгімелердің тізімін жазу. Кім көп жазып шығады? (қонкурс түрінде өткізуге болады).

Кесте 2 – Сабақтың соңында қолданатын тиімді әдіс-тәсілдер.

		
Шабадан – әрі қарай менің керегіме жарайды. Чемодан – всё, что пригодится в дальнейшем.	Ет тартқыш – алған ақпаратты өңдеймін, қорытамын. Мясорубка – информацию переработают.	Себет – барлық ақпаратты тастаймын. Корзина – всё выброшу.


«Кері байланыс Сэндвичі» немесе «Мадақтау сэндвичі»



Сурет 2


- 1 қабат – түсінгені туралы оң пікір;
- 2 қабат – сыни көзқарас, нені өзгерту керек және қалай өзгерту керек;
- 3 қабат – оң көзқарас бере отырып, болашаққа ұыныс беру: маған ұнады, дегенмен келесі жолы

«Бес саусақ» әдісі.



Сурет 3

«Бағдаршам» тактикасы



«Бағдаршамды» түсінгенін анықтау үшін қолданыңыз.

Мысалы:

Қызыл түс – түсінген жоқпын;

Сары түс – тағы да практика қажет ететін сұрақтар бар;

Жасыл түс – барлығы түсінікті.

Сурет 4

Әрине, осы әдістердің ішінде көпшілік қауымға белгілі, көп қолданылып жүргендері де бар, сонымен қатар, осы әдіс-тәсілдерді оқытушы өз пәнінің ерекшелігіне байланысты түрлендіріп, құрастыруына және қосымша элементтер енгізуіне де болады. Қазақ тілі сабақтарында білім мазмұнын жаңарту бойынша қолданатын тиімді әдіс - тәсілдердің түрлеріноқытуда қолданылатын әдістердің басқада түрлерін ары қарай іздеп, талдап қарастыруға болады.

Қорыта келе осы әдіс-тәсілдерді қолдану нәтижесі:

- 1 Оқушы тұлғасының танымдық қабілеттерін дамытуға;
- 2 Оқуға жағымды қызығушылық қалыптастыруға;
- 3 Белсенді сөздік қорын, ауызша және жазбаша тілін ұстартуға;
- 4 Тұлғаның қиындықтарға даяр болу және оны білу, қарым – қатынас, ойын, танымдық, өзін-өзі бекіту қажеттіліктерін қанағаттандыруға ықпал етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 2017-2018 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хат.

2 «Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша оқытудағы жаңа әдіс-тәсілдер» Ахметкалиева С. Т., 2017 ж.

3 «Жаңартылған білім мазмұны – заман талабы» Тультаева П., 2017 ж.

МӘШҲҮР ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰСАҚ МАЛ (ҚОЙ-ЕШКІ) АТАУЛАРЫНЫҢ ЭТНОМӘДЕНИ ЛЕКСИКАСЫ

ЕРЛАНОВА А. Е.

п.ғ.м., Павлодар қаласының қорғаныс істері жөніндегі басқармасы, Павлодар қ.

Төрт түліктің бірі болып саналатын ұсақ малдың қатарында қой-ешкі атауы қатарлас жүреді. Ата-бабаларымыз қыстың күні қорада қамап бағатын қара мал деп түйе, сиыр, қой-ешкіні санайды.

Бүгінгі таңда ешкіні жеке түлік деп санап бес түлік деп атайтындар да бар. Мәселен, бұлайшы атау қырғыз тілінде, Монғолияда өмір сүріп жатқан қазақтар тілінде күні бүгінге дейін сақталған.

Халқымыз жақсы көрген баласын «қозым» деп еркелетсе, кейінгі ұрпағына қалдырған ғибраттарында «қыс қойынды қопалы жерге қыстат, жаз қойыңа жазық жерді айлат», «қойды күзде құмға айда, жаз шыққанда шыға айда», «Семіздікті қой көтерер, қойдан басқа не көтерер» деп мақалдайды.

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шығармаларында кездесетін төрт түлік мал атауларына келер болсақ, зерттеу барысында ақын туындыларында кездесетін төрт түлік мал атауларын төмендегідей топтарға бөліп қарастырдық:

- 1) жылқы атаулары: ат, бурылша ат, тұлпар, боз жорға, жылқы, құлын, бие, құнан, арғымақ, айғыр, тай, байтал, құлыншақ, бесті, ақбоз ат, шұбар дөнен, тұлпар, сөйгүлік, жүйрік, қысыр;
- 2) түйе малының атаулары: түйе, атан, бота, тайлақ, інген, аруана, нар;
- 3) сиыр малының атаулары: сиыр, бұқа, өгіз, бұзау, торпақ, тайынша;
- 4) қой мен ешкі малының атаулары: қой, ешкі, лақ, серке, қошқар, козы, теке, тоқты;

Біз өз жұмысымызда осы аталған төрт түлік мал атауларының ішінен қой мен ешкі атауларына қатысты сөздердің бәрін болмаса да кейбірінің этимологиясын қарастырамыз.

Мәшһүр Жүсіп шығармаларынан да қой сөзі орын алған.

Мысалы:

Баршаны бөздей жырттырған,

Жібекті жүндей тұттырған.

Қонақ қонса: «Қон!» – деген,

«Қой семізін сой!» – деген [1, 27 б.].

Қой атауына қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «күйіс қайыратын, тығыз жүнді уақ мал» (ҚТТС, т. VI. б. 258) деп анықтама берілген. Түркі

тілдерінің ішінде қарақалпақ, қырғыз, ноғай, ұйғыр тілдерінде – «қой», түркімендерде – «гоюн» (б. 412), өзбектерде – «қуй» т.б. аталады. Барлығы қой, ұрғашы қой, ұсақ мал мағыналарын білдіреді.

Көне жазба ескерткіштерінде: Орхон-Енисей жазбаларында – «қой», түркі-араб сөздігінде – «қойун» (б. 164), М. Қашқари сөздігінде – «қой» (т. III. б. 198) – ұрғашы ұсақ мал дегенді білдіреді.

Қой мағынасын білдіретін жас мөлшерлік сипаты бар «ман» атауын өзбек, қазақ тілінің диалектілерінен, түркімен әдеби тілінен кездестіруге болады.

Сөз тарихын зерттеген ғалымдарымыздың бірі Ф. Мұсабаев «Маңғыстау» атауына байланысты түркімен тілінде «Маң» – қой деген мағынаны білдіретіндігін айта келіп, «Маң+қышылақ» қой қыстау сөз екендігін айтады. Ғалым қазіргі түркімен тілінде «маңрамаз» – үш жасар қой атауының бар екендігіне және сақталған қой мағынасын білдіретін «маң» түбіріне сүйенеді [2, 127 б.].

Атау негізі қой малының маңырап дыбыс шығаруымен байланысты дыбысқа еліктеуден шыққан болуы мүмкін. Немесе жер атауын мал атауынан шықты деу қисынсыз. Алдымен жер артынан мал болады. Олай болса, маң > маңай, дала, кеңістік дегенге келеді. Бұл вариантта ақырғы шешім емес, әлі де зерттеу түсуді қажет етеді.

А. М. Щербак «қонун» (қонун) формасы кон(ун) атауының ескі формасы, соңғы (-ун) кішірейту, еркелету мағыналарын беретін көне форма екендігін айтады [3, 110 б.]. Ә. Нұрмағамбетұлы «қой» сөзінің төркінін «момын, жуас» мағыналарымен ұштастыра қарайды [4, 89 б.].

Қой сөзі негізгі компонент ретінде қолданылып барып аналитикалық жолмен жастық, жыныстық белгілерді де білдіреді. Мысалы: қазақ тіліндегі аналық қой, түркімен тілдеріндегі эне гоюн, ұйғыр тіліндегі әркек қой т.б.

Қорытындылай келе, тіл білімінде қой сөзінің этимологиясына байланысты нақты пікірдің қалыптаспағанын айта кеткеніміз жөн. Жоғарыда пікірлердің көпшілігі, біздің ойымызша, сөздің семантикасына байланысты қалыптасқан.

Қой малының атауының келесі бір түрі – қошқар. Қазақ тілінің әдеби сөздігінде «Жыныстық 4–5 айлығында жетілген, күйекке түсетін еркек мал» деп анықтама берілген [ҚӘТС, т. X. 158 б.].

Мысалы:

Адам болар жігіттің –

Етек-жеңі кеі келер,

Қошқар болар қозының –

Мандай алды дөң келер [1, 40 б.].

Кешке келіп шулатқан,

Қошақайдың атасы –

Қошқар бассын үйінді! [1, 110 б.].

Қазақ тіліндегі қошқар сөзінің құрамын Қ. Жұбанов қош (қой) – қар (ер, еркек) ретінде талдайды [5, б. 68-71]. Әйтсе де, ғалым «қар» сөзінің жеке қолданылуы туралы туралы ештеңе айтпайды. Яғни, атау қолданысы әртүрлі дыбыстық өзгерісі бар қошқар, екінші бір тобында қысқарған қоч, қош формалары. Мұнан басқа осы мағыналас бірақ аталуы өзгеше алтай тілінде куча, хакас тілінде хуча, тува тілінде кычалан қошқар – екіден асып үшке келген қошқар мағынасында айтылады. Ғалымдар қазақ, моңғол сөздеріндегі қар-дың 200-ге жуық ұқсастығын қарастырады. Еркектің қоры, жаманның қары күлкішіл, жаманқар (әйелге) қатысты айтылтын қар-дың жөні басқа.

Зерттеуші Ж. О. Тектігүл өз еңбегінде қазақ тіліндегі -қар//ғар, -қыр//кір қосымшаларын талдаған кезде оларды етістіктен де, кейде есімнен де туынды сын есімдер жасайтын өнімсіз, көне қосымшалар қатарында қарастырады. Мысалы, өт-кір, ұт-қыр, үш-қыр, заң-ғар, сот-қар, т.б. [6, 103 б.]. Осы сөзіне дәлел ретінде Э. В. Севортян мен Ф. А. Ганиевтің ойларын келтіреді: «Э. В. Севортян -ғар, -қар//қыр//кір жұрнақтарын –ар аффиксінен бөліп қарастырса, Ф. А. Ганиев татар тілдеріндегі -ғыр//гір мен –ғар//гер аффикстерінің шығу төркінінің бірлігіне күмән келтіре отырып, оларды өлі қосымшалар қатарында қарайды: тат. айғыр «айғыр», ыч-қыр «ышқыр», янғыр «жанбыр», энгір «іңір», кучқар «қошқар», өлкер «үркек».

Сөзінің соңын, «түркі тілдерінде екі түрлі жол арқылы –ғар//ғыр көрсеткіштері қалыптасқан. Олар 1) -қы//кі, -гі//гі, -қа//ке көрсеткіштеріне –р қосымшаларының жалғануы арқылы жасалған қосымшалар тобы мен 2) ер (еркек) дербес сөзінің грамматикалануынан пайда болған -қар//ғар//ғыр тұлғасы. Мәселен, алғашқы қосымшалар тобынан алғыр, өткір, заңғар, сотқар, асқар сөздері қалыптасса, екінші топтан айғыр «ат еркек», қош-қар «қой еркек», т.б. сөздері қалыптасқан болып табылады» деп қорытындылайды [6, 104 б.].

Бұл талдаудан, біз қарастырып отырған қошқар сөзінің шығу төркінін аңғаруға болады. Яғни, қошқар сөзінің құрамындағы –қар тұлғасы көне түркі тіліндегі сөз тудырушы қосымша ретінде қолданылған және дербес сөздің грамматикалануына да өз септігін тигізген.

Біздің ойымызша, қошқар, сұңқар, арқар т.б. қар тұлғасы еркек жынысына байланысты болса керек.

Қойдың алты айға жасы толмаған төлі – қозы деп аталады (ҚТТС, т. VI. б. 256). түркі тобындағы тілдер ішінде қазіргі қырғыз тілінде – козу (392 б.), қарақалпақ, ноғайларда – козы, түркімендерде – ғузы, өзбектерде – кузі, ұйғырларда – коза, т.б.

Махмұт Қашқари сөздігінде – төл және қозы. М. Қашқаридың көрсетуі бойынша қозы ерте көктемде туса, балдыр қозы, мезгілінен кешігіп, күзде туылса көрпе аталады.

Тіл білімінде атаудың түп төркіні түркі тілдері екені белгілі болғанмен, «қозы» атауы қайдан пайда болғандығы шешуін таппай жүрген мәселелердің бірі. Көрнекті ғалым С. Аманжолов: «Кейбір зат есімдер сөздердің тарихы туралы» мақаласында [5, б. 65-66]: «Кейбір зат есім түбірі әуелде әрі зат есім, әрі етістік мәнін білдірген. Мысалы, «қой» деген зат есім, түркі-моңғол тілдерінде 3 түрлі айтылады: қой-қойын-қон. Мұның қайсысы ежелгі түбір? Егер «қозы», «қошқар» сөздеріне тән ортақ ұқсас түбірді (қо+зы, қо< ш>қар) ескерсек, бұлардың ежелгі түбірі «қон болмақ», - деп жазады. Ал Ә. Нұрмағамбетұлы ертедегі жазба ескерткіш «Құтадғу білікте» кездесетін «қозқы» сөзінің мағынасы «момақан, жуас» сөздерімен байланыстырып, соңғы «қ» дыбысы түсіп «қозы» атауы пайда болған деп топшылайды [4, 23 б.].

Көне түркілік гози//гоузи, қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдерінде «қозы», түрікше козу, қырғызша «қозу», ұйғырша «қофза», татар диалектінде «қузы», гагауздарда «қузу», өзбектерде «кузи», түркіменше «ғузы», азербайжанша «ғузу», алтайша «кураган», моңғолша «хурган (н)», бурятша «хурага (н)», эвенкі тілінде «куркан» қозы, қой мағыналарын білдіреді. Яғни, түркі тілдерінің атауы «з»-ға, моңғол тілдері «р» дыбысымен келеді. Мұндай сәйкестік бұл тілдер арасындағы байланыстық негізді көрсетсе керек.

Яғни, қорытындылай келе, түркі тілдеріндегі қозы, моңғол тіліндегі хурган, түңғұс моңғол тілдеріндегі хуркан өзара байланыста екенін көруге болады, бұлардың барлығы ортақ семантикасына «тұқым», «ұрпақ», «төл» мағынасына ие жалпы алты айлық тұлға.

Ұсақ малдың ендігі бір түрі – ешкі малы. Ешкі атауына қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «үлкендігі қойдай, мүйізді ұсақ мал» деп түсініктеме берілген (ҚТТС, т. III, 474 б.).

Қазіргі түркі тілдерінде қырғыздарда – эчки, туваларда өшкү (б. 215), түркімендерде – гечи (255 б.), қарақалпақ, татар, башқұрт тілдерінде – ешки (ешки), өзбектерде – ечки.

Махмұт Қашқари сөздігінде – ечкү, кечі, гачі [МҚ. ТС. т. I, б. 158]. Салыстыра қарағанда көне қыпшақ жазба ескерткіштерінде татар, башқұрт, ноғай, қазақ тілдерінде бұл атауға тән дыбыстық алмасу өзгешеліктері: к//г, е//и, ж//з түрінде.

Тіл білімінде жазылған зерттеу еңбектерінің нәтижесінде ешкі атауының түп төркіні түркі тілдері екені айқын байқалады. Өйткені араб, парсы, моңғол тілдеріндегі «ешкі» атауының дыбысталуы мүлдем басқа.

А. М. Щербак «звуковой состав слов «ечкі» и «кеңі» настолько близок, что трудно удержаться от соблазна возвести эти слова в общей основе и считать одно из них, вероятнее второе, результатом метатезы, слогов и отдельных звуков первого слова» деп жазса [3, 117-118 б.], Ә. Нұрмағамбетұлы «қарғу, секіру, тез жүру» мағыналарын беретін «сек» етістігіндегі дыбыстардың орын ауыстыруы құбылыстарынан еск> ешк> ешкі сөзінің пайда болу мүмкіндігін айтады [4, 192 б.]. Оның үстіне ешкі, есік, ескі, есек сөздерінің о бастағы түбір тұлғасы бір болуы да ғажап.

Қарап отырсақ, ғалымдардың пікірлерінен ешкі сөзінің шығу төркіні дыбыстардың орын алмасуынан пайда болған деген тұжырымға келуімізге болады. Түркі тілдерінде де ешкі сөзінің дыбысталуы әртүрлі екенін байқадық. Осылардың бәрі, уақыт өте келе тілдің жұмсалу аясында қоғамдық өзгерістерге байланысты бір сөз әртүрлі дыбысталып айтылуынан болуы ғажап емес.

Қорытындылай келе, төрт түлік атауларын талдау барысында сөздердің шығу тарихына мән беру этимологиясына да баруды қажет ететіні байқалды. Сөз мағынасының тарихи дамуына байланысты төрт түліктің жас мөлшеріне байланысты атаулар құрамын негізгі, түбір, туынды түбір және күрделі сөз түрінде қарауға болатынына көз жеткіздік.

Төрт түлікке қатысты жас мөлшерлік атауларды салыстыра қарағанда түркі тілдерінің көпшілігінде мағынасы да, тұлғасы да толық сәйкес келетін ортақ сөздер, тұлғасы жағынан ішінара фонетикалық өзгеріске түскен атаулар, семантикалық өзгеріске түскен, тұлғасы ұқсағанымен жас мөлшерлік сипаты басқа атаулар ұшырасатындығы анықталды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 5 том. – Павлодар : «ЭКО» ГӨФ, 2005. – 410 б.

2 **Мұсабаев, Ф.** Қазақ тіл білімінің мәселелері/ Құраст.: ф.ғ.д. Ф. Әнес. – Алматы : «Абзал-ай» баспасы, 2014. – 640 б.

3 **Щербак, А. М.** Названия домашних и диких животных в тюркских языках. Историческое развитие лексики тюркских языков. – М., 1961. – 461 б.

4 **Нұрмағамбетов, Ә.** Бес жүз бес сөз. – Алматы : Рауан, 1994. – 304 б.

5 **Тоқтағұл, Б. С.** Түркі тілдеріндегі төрт түліктің жасына қатысты атаулардың этнолингвистикалық сипаты. Филол., ғыл., ғанд., ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы, 2005. – 123 б.

6 **Тектіғұл, Ж. О.** Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы : MV-Print, 2012 – 500 б.

7 ҚТТС – Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі

8 ҚӘТС – Қазақ әдеби тілінің сөздігі

9 МҚ. ТС. – Махмұт Қашқари. Түрік тілінің сөздігі: (Диуани лұғат-ит-түрік): 3 томдық шығармалар жинағы/ Қазақ тілінің аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А.ЕГЕУБАЙ. – Алматы : ХАНТ.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТ САБАҚТАРЫНДА МӘНЕРЛЕП ОҚУДЫ ДАМУЫ

ӘЛІПАЕВА А. Қ.

қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, Т. П. Праслов атындағы
Прииртышск ЖОББМ, Прииртышск ауылы, Железин ауданы, Павлодар облысы
ЖҰМАНОВА М. С.

қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, Т. П. Праслов атындағы
Прииртышск ЖОББМ, Прииртышск ауылы, Железин ауданы, Павлодар облысы

Қай ұстаз болмасын өз шәкіртінің дұрыс сөйлеп, ойын шебер жеткізе білгенін қалайды. Бұл орайда қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің рөлі ерекше деп ойлаймын. Баланың сөз мағынасын, сөйлеу мәнін ұғынуда мәнерлеп оқудың да маңызы зор. Әдебиетті оқытуда мәнерлеп оқытуға көп мән бере қарау керек. Сондықтан да мен бұл жұмысымды «Қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында мәнерлеп оқуды дамыту» тақырыбында алып отырмын.

Мәнерлеп оқу – әдебиетті талдаудың негізі, бастау көзі. Әрбір әдеби шығарманы оқып меңгерудің басы көркем мәтінді мәнерлеп оқудан басталады.

Мәнерлеп оқу – әдеби талдаудың ешқайсысымен алмастырылмайтын ерекше қабылдау үдерісі болып табылады. Әр буында, әр сөзде, сөз тіркесінде, әрбір сөйлемде орныққан интонация сол сөзді айтып тұрған кейіпкердің жан-дүниесін мәнерлеп оқып тұрған оқушыға бірден ұғындыратыны сөзсіз.

Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында бастауыш сатыдағы «Ана тілі» пәнінің негізгі міндеттерінің бірі ретінде «Оқушылардың оқу дағдыларын қалыптастыру (дауыстап оқу мен іштей оқу; дұрыс оқу, саналы оқу, мәнерлеп оқу)» екендігі аталып өтілген [1, 49]. Бастауыш сынып оқушыларын дұрыс оқуға үйрету үшін қойылатын талаптың бірі – мәнерлеп оқу. Дауыс интонациясын сақтап оқығанда ғана бала дұрыс оқиды әрі оқығанын түсінеді. Бұдан шығатын қорытынды: оқудың сапалары бірімен-бірі тығыз байланысты, бірін-бірі толықтырып отырады.

Түсініп оқу үшін дұрыс оқу керек. Мәнерлеп оқу үшін оқып отырғанын түсініп оқу керек. Мәнерлі оқылмаса, дұрыс оқыды дей алмаймыз. Ендеше бастауыш сыныпта мәнерлеп оқуға үйрету сауат ашу кезеңінен басталады. Сауат ашу кезеңінің дайындық сатысынан бастап сөйлеуге үйретеміз. Ал оның басты үлгісі – мұғалімнің өзінің дауыс интонациясы арқылы сөйлем не мәтіндегі негізгі ойды жеткізу, мазмұндық ой екінін қоя білу, кейіпкер көңіл-күйін сезіне оқу. Профессор С. Рахметованың анықтамасына сүйенсек, «мәнерлеп оқу дегеніміз – дауыс интонациясы арқылы автордың ойын білдіру, мазмұндық ой екінін дұрыс қоя білу, ақырында оқығанды түсініп, кейіпкердің көңіл күйін сезіне оқи білу» [2, 67]. Мен зерттеу жұмысымда осы анықтаманы басшылыққа ала отырып, мәнерлеп оқуды қарапайым сөйлеу тіліне жақын, еркін оқу, дауысты құбылтып, тындаушысына әсерлі етіп жеткізу деген тұжырымға сүйенемін.

Жалпы мәнерлеп оқу дегенде тек поэзияны ғана мәнерлеп оқи білу деп түсінбеуіміз керек. Мен өзімнің қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында әрбір қарапайым сөйлемді дұрыс нақышына келтіре оқи білу, әрбір кейіпкер сөзін сол кейіпкер бейнесінде толғай білу, әрбір мақалдың негізгі ойын дұрыс айтып жеткізе білу, әрбір өлең жолдарын мәнімен, ұйқас, ырғақтарын ұғып тұрып жеткізу жолдарын үйретуге тырысамын. Ол үшін бала ең алдымен оқиын деп тұрған сөйлемнің, мақалдың немесе өлең жолдарының мағынасын, айтпақшы ойын анық түсіне білуі керек.

Екіншіден, әрбір тыныс белгісінің мәнін ұғып, соны дұрыс пайдалана білуі тиіс.

Үшіншіден, өлең сөздің ұйқас ырғақтарын, бунақ тармақтарын ажырата білуі керек. Демек, бұдан келіп шығатын қорытынды нағыз мәнерлеп оқи білетін бала қазақ тілі мен әдебиеті теориясынан толық білімді болып шығады екен. Бұлай дейтін себебіміз, егер оқушы қазақ тіліндегі тыныс белгілерін (пунктуация) не үшін қойылатынын, әдебиет теориясында теңеу, эпитет, метонимия, метафора, т.б. сияқты ұғымдардың қандай жерлерде не мақсатпен жазылатынын білмесе, онда оқушының мәтін мазмұнын дәл ұғып, түсінуі қиындау болар еді.

Мысал келтірсек: 7-сынып, Қазақ тілі.

– Ия, алдымен айта кетейін: Отан, ата-мекен, ата-баба, ұрпақ, қазан-ошақ, ағайын-туыс деген қасиетті сөздер сол шақта да нақ осы күнгі сияқты мән-мағынада болған. Осы сөйлемді тыныс белгілерін алып тастап оқысақ, сөйлем өзінің жеткізетін деп тұрған қасиетті ұғымынан мүлде алыстап, түсініксіз былдыр болып шығар еді. Немесе, «Бидайдың кеудесін көтергені – дақылының жоқтығы, жігіттің кеудесін көтергені –

ақылының жоқтығы»- деген мақалдағы сызықша мен үтірді алып тастасақ та, жоғарыдағыдай жағдайға душар болар едік.

Бірінші сөйлемді оқығанда бала түсінігінде «Отан, туған жер, туыс, ата-баба» сияқты сөздердің қасиетін ұғатындай ұғым болуы керек десек, мақалды оқығанда бала дарақылық, мақтаншақтық сияқты жаман қылықтардан жиренетіндей дәрежеде болуы керек. Сонда ғана мақал өз дәрежесіне сай жеріне жеткізіле айтылады.

М. Әуезовтың «Көксерегінде» Құрмаштың әжесінің мына бір сөзіне назар аударайықшы:

«Түү, мына көпірдің екі көзі жап – жасыл боп кетіпті – ау, тұқымын сезген екен мына жүзіқара; Қой, балам, енді мұны өлтіріп, терісін алайық», – деп еді.

Бұл сөйлемді оқығанда оқушы ең алдымен көпті көрген көне көздің байқағыштық қасиетін көре білуі тиіс, екіншіден, бұл сөйлемнің иесі жас адам емес, қарт әже екенін ұмытпауы керек, үшіншіден, қасқыр тұқымының жыртқыштық қасиетін жан-дүниесімен сезінуі қажет. Сонда ғана қарт әженің аузынан шыққан бір ауыз құдіретті сөз тындаушысына өз мәнінде жетеді.

Енді осы қасиеттерді балаға қалай меңгертуге болады? Ол үшін келесі жұмыстарды жүргіздік:

- мәтінді жанрына қарай мұғалім оқып, таныстырады;
- тыныс белгілерінің қойылу ерекшеліктерін сұрап, білмегенін өзін түсіндіріп өтемі;
- оқушыға іштей оқытып, сөйлем немесе шумақ мазмұнын ұғып алуына мүмкіндік беремін;
- жеке-жеке оқушыға даралап оқыттырамын;
- балаларға кезекпен немесе барлық сынып оқушыларына бірден дауыстап оқытамын (бұл, әсіресе, төменгі сыныпқа қолайлы);
- егер кейіпкер сөзі не диалог болса баланың сол бейнеге енуіне жағдай жасаймын;
- теледидардан берілетін кештер мен айтыстарды үнемі көріп отыруын тапсырып, қадағалаймын;
- тек оқулық көлемімен шектелмей, өздерінің ұнатқан шығармаларын жаттап, сынып алдында айтуына мүмкіндік беремін (бұл баланың ізденуіне мүмкіндік);
- мәнерлеп оқуды өте жақсы меңгерген оқушыларды сынып алдында жеке оқытамын, әр түрлі шараларға қатыстырып отырамын;
- баланың бет-қимылын қозғалысын қалыптастыруға бағыт беремін (бұл баланың алға ұмтылуына, талпынуына жағдай жасайды).

Бұл талаптарды жаңа сабақтарда, блок сабақтарында, үй тапсырмаларын сұраған кезде жүзеге асырып отырамын.

Көркем шығарманы мәнеріне келтіріп, әсерлі оқу үшін ең алдымен дыбыстау мүшелерінің қызметіне, әр дыбыстың жасалуына, естілуіне, оқылуына баса назар аударып, түрлі жаттығулар жасатып отырған жөн. Оқудың, сөйлеудің мәнерлі болуы дұрыс, еркін дем алуға байланысты. Оқу процесіне ауаны керегінше жұтып, сыртқа бірден сарқып шығармай, ерікті түрде дем алып, орынды пайдалана білсек, бұл мәнерлі оқудың негізгі құралы болмақ.

Мәнерлі оқуда дауыстың маңызы зор. Дауыс сөйлеу мүшелері мен ауаның бір-біріне соқтығысуымен жасалады. Соның ішінде дауыстың ажыратылуы дауыс шымылдығына тікелей байланысты. Дауыс шымылдығына пайда болған үн қуыс мүшелері арқылы өткенде әр түрлі реңге ие болады.

Зерттеуші С. Желдербаеваның «Мәнерлеп оқу» деген кітабында балаларды мәнерлеп оқуға жаттықтыру жұмыстарының түрлері келтіріледі. Атап айтсақ:

– мұғалім әңгімелесу үлгісінің бірнеше түрлерін магнитофон таспасына жазып алып тыңдатуына болады;

– сөйлеу техникасына жаттықтыру, дыбыстау мүшелерінің қызметін дұрыс түсіндіру. Ол үшін мұғалім әрине, сөйлеу техникасына нелер жататынын білуі тиіс. Сөйлеу техникасына мыналар жатады: тыныс алу (ауаны ішке жұту мен сыртқа шығару), дауыс, дикция.

Дыбыстау мүшелері негізі үш бөліктен тұрады:

1 Өкпе.

2 Тамақ.

3 Қуыс мүшелері (ауыз қуысы мен мұрын қуысы) [3].

Өкпенің атқаратын қызметі өте зор. Өкпе кеуде кеңістігіне орналасқан тыныс мүшесі. Ауаны ішке таратқанда өкпе үлкейіп, кеудені керіп тұрады да, ауаны сыртқа шығарғанда семіп қалады. Оқудың, сөйлеудің әсерлі де мәнерлі, құлаққа жағымды естілуі тек қана дұрыс, еркін дем алуға тікелей байланысты. Еркін дем алмаған жағдайда сөз анық естілмей, сөйлем мағынасы сақталмай, бір сөйлемнің аяғы екінші сөйлемнің басы қай жерден аяқталып, қай жерден басталғанын ажырату қиынға түседі. Сондықтан дем алу ерікті дем алу, еріксіз дем алу болып бөлінеді.

Ерікті түрде дем алғанда өкпеге енген ауадан көкірек пен қабырғаның жоғарғы жағы көтеріліп, қабырғаның төменгі жағындағы бүлкілдек еттері (диафрагма) қозғалысқа түседі.

Еріксіз дем алу көбіне сөйлеу тілінде асығыстықтан, жүріп келе жатып сөйлегенде жиі кездеседі.

Сөйлеу мүшелерінің физиологиялық құрлысында кемшіліктер болмаса, дауыс таза, күшті шығады. Ал сөйлеу мүшелерін күтпей, суыққа шалдырса, дауыс қырылдап, өз дауысы немесе миңгірлеп, түсініксіз болуы мүмкін [4].

Әр адамның өз дауысы болады, өйткені әр адамның өзінше анатомиялық, физиологиялық ерекшеліктері бар.

Дауыстың өзіндік сапасы болады, олар: дауыс күші, қарқыны, тембр.

Сөйлеу, не оқу кезінде дауыс күші бірде жоғары, бірде төмен болады. Мысалы: құмырсқа мен қара қоңыз бір сыныпта оқып жүр.

Құмырсқа күн сайын бес алып, қоңыздың күнделігі екіге тола береді деген сөйлемдерде көтеріңкі дауыстап оқылатын сөздер – бір сыныпта, күн сайын, екіге, ал жай, төмендеп оқылатын сөздер – құмырсқа мен қара қоңыз, құмырсқа бес, қоңыздың күнделігі.

Осы сөздерді оқудағы дауыс қарқыны (темпі) орташа болып келеді. Бұл сөйлемдерді тез оқуға болмайды.

Ал дауыстың тембрі (құбылуы) тыңдаушыға әсер ететіндей болуы керек. Құбылта оқу шығарманың мазмұнына дұрыс түсінгенде ғана іске аспақ.

Дауыстың құбылуын, әсіресе мысал жанрында берілген көркем шығармаларды оқығанда анық байқауға болады. Мәнерлеп оқуда дикцияның мәні зор. Дикция сөйлеудің тазалығы мен ашықтығы. Бастауыш сынып мұғалімдерінің, дикция ашық, таза болуы керек, сөйлеу тілінде мүкіс болмауы керек. Ол үшін мұғалім дыбыстардың жасалуының артикуляциясын жақсы біліп, сөйлеу барысында оны дұрыс қолданып, оқушыларынан да соны талап етіп, түрлі артикуляциялық жаттығулар жасап отырғаны жөн. Мәнерлеп оқуда дауыс ырғағы-интонацияның орны бөлек. Көркем сөз оқушы адамның шығармадағы кеңіректердің көңіл-күйі, ішкі сезімін, жан-дүниесін тыңдаушыға сан алуан дауыс сазы арқылы жеткізуін интонация дейміз. Интонация дұрыс болу үшін оның элементтерін дұрыс бір-бірімен ұштастыра пайдалануымыз керек. Олар дауыс күші, тембрі, екпін, пауза түрлері сөйлеу (мелодия) нормативтік дауыс ырғағы.

Қорыта келгенде, стандартта атап көрсетілгендей, «бастауыш сынып оқушыларының оқу дағдысын қалыптастыру – осы сатыдағы білім мазмұнына құрамдас бөлігі» [1]. Оқу сапасы, атап айтқанда, дұрыс, түсініп, шапшаң, мәнерлеп оқуға төселдірудің негізгі жолы – жаттықтыру әдісі. Әрбір сабақта мәтінді оқуға жаттықтыру арқылы баланы мәнерлеп оқу деңгейіне жеткізу мұғалімге үлкен жауапкершілік жүктейді.

Біз өзіміз сабақ беретін орыс мектепте мәнерлеп оқуға аса мән береміз. Оқушылар бастауыш сыныптардан бастап, сөздің қадірін түсінуге баулып жүрміз. Мысалға, өзімізге әжеміз үйрететін:

«Аю отыр партада,

Екі қолы қолы қалтада.

Мұғалім сабақ сұраса...

Ұйықтап қалды масқара!» – деген өлең жолдарын алайықшы. Сіз осы жолдарды қара сөзбен сапырып айтсаңыз, баланың қызығушылығы тұрмақ, өлең жолдарында не айтылғаны да ұғынықсыз болады. Сондықтан бұның бәрі төменнен басталады.

Қорыта айтсақ, «Сөйлеудің екі түрі болады: бірі – жалаң, екіншісі – көрнекі. Қазақ тілі пәнінде сөз мәнерін келтіріп әдемі сөйлеу арқылы, мәнерлеп оқу арқылы оқушы бойына қызығушылық оятып, қазақ тілі мен әдебиет пәнін оқушыларды тартуға болады. Токсан сөздің тобықтай түйіні, мәнерлеп оқу арқылы пәнге деген оқушы қызығушылығын арттыруға болады. Сөздің асыл болуы – адамға ұнауымен.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақстан Республикасы бастауыш білімнің мемлекеттік стандарты. – Алматы, РБК. – 2002.

2 **Рахметова, С.** Қазақ тілі әдістемесінің теориясы мен технологиясы. – Алматы : «Абай атындағы ҚазҰПУ», 2007.

3 **Желдербаева, С.** Мәнерлеп оқу. – Алматы : «Мектеп», 1997.

4 **Қожахметова, Х.** Мәнерлеп оқу. – Алматы : «Мектеп», 1992.

5 Қазақстан Республикасы бастауыш білім беру бағдарламалары. – Алматы, «Б.Алтынсарин атындағы ҚБА», 2002.

6 **Рахметова, С., Қабатай, Б.** 2-4-сыныптарға арналған «Ана тілі» оқулықтары. – Алматы : «Атамұра», 2000–2004.

7 Абай. Қалың елім қазағым. – Алматы : «Атамұра», 2002.

ЖЕКЕ ТҰЛҒАҒА БАҒЫТТАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН АРТЫРУ

ЖАНГОЗИНА А. А.

қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, № 34 инновациялық үлгідегі ЖББМ,
Павлодар қ.

Қазіргі кездегі қоғам талабына жауап беретін жеке тұлғаны қалыптастыру, өсіп келе жатқан ұрпақ бойында белсенді өмірлік ұстаным тәрбиелеу қажеттілігіне байланысты дидактиканың басты мәселесі –

оқыту үрдісінде мұғалім мен оқушының өзара әрекеттесуі болып отыр. Оқушыға танымдық әрекет субъектісінің ұстанымын қамтамасыз ету міндеті, мұғалімнің басшылығымен оқушы белсенді әрекеттен өзін-өзі басқару негізіндегі әрекетке көшу үшін жағдайлар жасау міндеті тұрады. Бұл міндеттердің шешімі оқыту үрдісін жалпы қайта құру есебінен жүзеге асырылмақ. Егер әрбір оқушы сабақта белсенді ой әрекетіне қосылса, күші жететін қиыншылықтарды жеңу қажеттілігі алдында тұрса, қорытынды мен жалпылау жасауға, әртүрлі сұрақтарға жауаптарды өздігінен табуға ұмтылса, танымдық белсенділігін және дербестігін қалыптастыру мүмкін болады. Оқушылар белсенділігінің осындай сипатын көрсететін қажетті шарт – дербестік таным әрекеті. Ол ұзақ уақыт ішінде оқушылардың әртүрлі өзіндік жұмыстарын орындаумен көбірек байланысты болды. Бұл әрқилы өзіндік жұмыстарды өткізудің мазмұнын және әдістемесін оқу материалын меңгерудің әртүрлі кезеңінде, әртүрлі дидактикалық мақсатқа қол жеткізуге байланысты әзірлеуді талап етті.

Қазіргі кездегі білім берудің мақсаты – жеке бастың өзіне және қоғамға қажетті бейімділігін, әлеуметтік бағалы белсенділігін дамыту; сонымен бірге өз бетімен білім, өздігінен қалыптасуын тиімді қамтамасыз ету. Жеке тұлғаға бағытталған тапсырма – оқушының күрделі іс-әрекеттерінің бір түрі немесе оқу жұмыстарының арнайы бір формасы болып табылады. Шағын жинақты бастауыш мектепте оқу-тәрбие жұмыстарының ерекше көңіл аударатын бір саласы – оқушылардың өздігінен орындайтын жұмыстары. Бірнеше сыныппен жұмыс істейтін мұғалімнің негізгі педагогикалық міндеті – жеке сыныппен жұмыс істейтін мұғалімнің алдына қойған міндетпен бірдей. Ол да оқу жоспарын, бағдарлама талаптарын орындауға тиіс. Жеке тұлғаға бағытталған тапсырмалардың нәтижелі болуы үшін алдымен «жеке жұмыс» деген ұғым нені білдіріп тұрғанын анықтап алу қажеттігі туады: біріншіден, өз бетінше жұмыс балалардың түрлі тапсырмаларды, жаттығуларды ешкімнің көмегінсіз орындаулары, екіншіден, мұндай жұмыстар балаларды ұқыптылыққа, тәртіптілікке, жинақылыққа, бақылай білуге тәрбиелейді.

Американдық психологтардың анықтамасы бойынша өз бетімен жұмысты ұйымдастыру дегеніміз – бұл, өз бетімен тани білу, өз бетімен жаңа бір нәрсені анықтауға ұмтылу және өз тәжірибесін терең түйсіне білу қабілеті. Жеке тұлғаға бағытталған жұмысты ұйымдастыру психологиялық тұрғыдан алғанда, нәтижесінде жаңа материалдық рухани құнды дүние тудыратын әрекет. Ал педагогикалық тұрғыдан алсақ, жеке тұлғаға бағытталған тапсырманы ұйымдастыру дегеніміз – адамның белсенділігі мен өз бетінше жұмыс істеуінің жоғары түрі және ол әлеуметтік қажеттілігі мен өзінің ерекшелігімен бағаланады. Ең бастысы,

жеке тұлғада өз бетімен жұмыс істеуге деген тұрақты қажеттілік, тұрақты сұраныс болып, өз ісіне қанағат табу сезімі болуы қажет.

Қазақ тілі сабағында оқытудың әр түрлі әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, оқушылардың өз бетінше жұмыс істеу белсенділіктерін арттыру барысында теориялық білімдерін кеңейтіп, ойлау қабілеттерін дамытуға болады. Оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыра отырып жеке тұлға ретінде дамытудағы іздену-зерттеу бағытындағы тапсырмалар жүйесін ұсыну өмір талабы.

«Жеке тұлғаға бағытталған жұмысты ұйымдастыру – белгілі бір іс-әрекетте, ең тәуір нәтижеге жетуге мүмкіндік беретін адамның жеке-дара ерекшеліктері».

Жеке тұлғаға бағытталған жұмыс түрлерін ұйымдастыруда мынадай талаптарды орындау керек: тапсырма әрбір оқушының білім деңгейіне байланысты таңдалуы керек; жеке тұлғаға бағытталған жұмысты орындауға жеткілікті уақыт берілуі керек; міндетті түрде тексерілуі керек; жұмыс сабақтың мақсатына байланысты (жаңа материалды қабылдауға, өткен материалды бекітуге, қайталауға, білімді тиянақтауға) таңдалады; жеке тұлғаға бағытталған жұмыстың мақсаты, орыдау әдісі оқушыларға түсінікті болуы тиіс; өз бетімен жұмысқа оқушылар білім деңгейіне байланысты әр түрлі уақыт жұмсайтынын ескеріп, тақтаға не карточкаға қосымша материалдар дайындап әкелу керек; жеке тұлғаға бағытталған жұмыс оқушылардың ойлау қабілетін дамытуға тиіс; жеке тұлғаға бағытталған жұмыс сабақтың барлық кезеңдерінде, орынды жерінде өткізу керек; әрбір орындалған жеке тұлғаға бағытталған жұмыс тексеріліп, бағалануы керек.

Жеке тұлғаға бағытталған жұмыстың түрлері сан алуан. Оларды топтастыру – күрделі мәселе. Оның жиі кездесетін бір тобы – сабақ мақсатына қарай қолданылатын жұмыс түрлері: а) Жаңа білімді меңгеру (материалды жан-жақты талдау, мұғалімнің ауызша баяндауының жоспарын, конспектісін жасау т.б. тәсілдерге үйрену). ә) Жаңа білімді бекіту (түрлі жаттығулар, есеп шығару, түрлі жазбаша, графикалық, практикалық жұмыстар, оқулықпен жұмыс, жаттығулар, практикалық және зертханалық жұмыстар, тексеру, бақылау жұмысы, сынып жұмысы, шығармашылық жұмыс, рефераттар мен баяндамалар, тәжірибелер жасау, тест жұмысын орындау). Ескертпе, түсініктеме-карточкалар, перфокарталар дайындау қажет. Оқушыларға жеке тұлғаға бағытталған жұмыс ретінде пән бойынша мынадай тапсырмалар беруге болады.

Қазақ тілі сабақтарында түрлі жаттығу жұмыстарын орындау, қима қағаздармен, перфокарталармен жұмыс, сурет бойынша сөйлем, әңгіме құрау, сөздіктермен жұмыс тапсырылады. Мысалы, мұғалім

грамматикалық талдау жасауға сөз, сөйлем немесе мәтін береді. Жоспар жасатады (әуелі ауызша, сонан соң жазбаша жоспар жасатады). Мұндай жаттығуларды балалар өздіктерінен орындағанымен, оның қалай орындалатыны көрсетіліп, алдын ала дайындық жұмыстары жүргізіледі. Балалар бір тапсырмадан кейін екіншісін орындайды, олар жұмыстарын өздіктерінен тексереді, қалай орындағандарын мұғалімге айтады. Негізінде қазақ тілі сабақтарындағы жаттығулардың барлығы оқушыларға өздіктерінен жұмыс жасатуды көздейді. Алайда жаттығу ұғымы оқушыларға өздіктерінен жұмыс жасатудан кеңірек. Жаттығу – мұғалімнің басшылығымен орындалатын, оқушылардың алған білімдерін бекітуді көздейтін тұтас тәжірибелік жұмыс. Ал оқушылардың өздіктерінен істейтін жұмыстарына белгілі мөлшерде уақыт беріледі.

Жеке тұлғаға бағытталған жұмысты ұйымдастыру – сабақтың ең күрделі кезеңі. Өйткені, жұмысты оқушылардың бәрі бірдей бір мезгілде аяқтамайды. Қазіргі кезде білім сапасымен оқушылардың жеке басының қабілетін дамыту қай кездегіден де өткір қойылып отыр. Ол үшін мұғалім оқытудың технологиялық жаңа әдіс-тәсілдерін пайдалануы керек. Жеке тұлғаға бағытталған жұмысты ұйымдастыруда баланың жеке қасиеттерін ескеріп, жекелей, саралай оқыту әдісін пайдаланған дұрыс. Оқушылар өздігінен жұмыс істей білуі үшін, алдымен, мұғалімнің берген үлгісіне қарай еліктеу негізінде қарапайым тапсырмалар орындайды. Мұндай жұмыстың мазмұнын жасау әдістерінің бәрін мұғалімнің өзі айтып береді, ал оқушы тек орындаушы ғана. Ал егер мұғалім оқушыға бәрін өзі айтпай, бұрын алған білімдерін қолдануға лайықты жағдайлар туғызатын болса, сол кезде оқушы өздігінен ізденіп, жаңа міндеттерді шешуге тырысады. Сондықтан мұғалім оқушылардың жеке тұлғаға бағытталған жұмысын ұйымдастырғанда, алдымен оларды өздігінен жұмыс істеуге дайындайтын жаттығулардан бастап, кейін мұғалімнің көмегімен жасайтын жартылай дербес, ең соңында толық өздігінен жасайтын жұмыстарға үйрету қажет.

Мұғалім оқушыларға шамалары келетіндей тапсырмалар ұсынады, онда жұмыстың мақсаты, оны бөлімдер бойынша орындау реті (өзін-өзі бақылау); мұғалім тексеру үшін алынған нәтижелерді әзірлеу, реттеу (кері информация) тәсілдері, жұмысты орындау мерзімі келтіріледі. Мұғалім тапсырманың дұрыстығын, оқушылардың оның мазмұны мен нәтижесін қаншалықты түсініп меңгергенін анықтайды: демек, мұғалім бақылаушы ғана емес, ұйымдастырушы да, оқушының өздік жұмысын тексеруші де. Мұғалім тапсырма арқылы олардың таным қабілетін бағдарламалайды, оны бір мақсатқа бағыттап, сапасын анықтайды.

Оқушылар тапсырма алады, меңгерген білім қорына сүйене отырып, оның мақсаты мен орындау тәсілдерін ойластырады және ең маңыздысы

– жұмысты өздігінен орындау барысында алынуға тиісті нәтижелерді дағдарламалайды. Содан соң істелген жұмыстың дұрыстығын үнемі тексере отырып, тапсырманы бөлімдері бойынша орындайды. Алынған нәтижелерді реттеп әзірлейді (өзін-өзі бақылайды) және жазу жұмысы, цифрлар, сызулар, суреттер, модельдер т.б. тексеру үшін мұғалімге тапсырады. Оқушылардың оқу жұмысын, оқу әрекетінің жемісті болуы – оқу жұмысын тәсілдері менгеруге байланысты.

Фалымдардың көпшілігі жеке тұлғаға бағытталған жұмыстардың негізі үш түрін белгілейді – репродуктивтік, таңдамалы-қайта өндіргіш, шығармашылық.

Репродуктивтік жеке тұлғаға бағытталған жұмыстар ертеде алған білімдерін қайта өндіруді және қолдана алуды ұсынады.

Таңдамалы-қайта өндіруге бағытталған жұмыстары алған білімдердің көкейтестігімен және оларды жартылай шығармашылық түрпатта қайта қараумен байланысты (оқу-танымдық міндеттерді шешудің жаңа жолындағы ізденістері және т.б.)

П. И. Пидкасистыйдың ойынша қайта өндіру мен шығармашылық әрекеттер бірлікте болса, субъект объектіні танудағы құбылыс ретінде көрінеді, оқылып жатқан материалдың құрылымын ұғынуда, қасиеттердің жүйесін түрлендіруде өзгерген жағдайда объектінің белгілерінде, жаңа міндеттерді шешуде білімдердің тасымалдануы және көкейтестігінде. Жеке тұлғаға бағытталған жұмыстар әр сабақта міндетті түрде жүргізіліп отыруы қажет. Өз іс тәжірибемдегі бірнеше жұмыстарға тоқталып өтсем: диктант жұмысын жүргізгеннен кейін, алдарына «Өзінді тексер» жадынамасын беріп сол бойынша жұмыс істейміз. Тақырып бойынша бақылау жұмысын жазғаннан кейін, жіберілген қателермен жұмыс жасаймыз. Қате жіберілген тапсырмаларға ұқсас мысалдар алып, нұсқалар бойынша жаттығулар жасаймыз, оқулықтан ереже іздеп, тауып, оқуға тапсырма беремін, оқушы өз қатесін тауып алады.

«Н» дыбысына байланысты жұмыстар.

Сөздік диктант: «н» әріпінің астын сыз.

Көру диктанты: «н» әріпі бар сөзді есте сақтап жазу.

Шығармашылық диктант: көп нүктенің орнына «н» немесе «н» әріпін қойып жаз.

Терме диктант: журнал, кітаптардан «н» әріпі бар сөздерді жинақтау; аталған сөздердің ішінен «н» әріпі бар сөздерді ғана теріп жазу.

Сөздік қорларын молайту. Әңгіме бойынша жұмыс: Не ұнайды? Неге ұнайды? Қандай жауап таптың?

Менің суретімнің тақырыбы не? Мен ол туралы не білемін? Мен нені айтуым керек? Мен оны мақтаныш ете аламын ба?

Сұрақ-жауапқа құралған хат: Кім? Не? Қай жерде? Не істеді? Ол не айтты? Адамдар не деді? Оқиға немен тынды? («Компас», «Ағаштар неге ашуланады»).

Сурет бойынша әңгіме құрастыру. Шығарма жазу. жоспар бойынша; тірек сөздер арқылы; дайын мәтінді аяқтау; еркін тақырыпта.

Қазіргі кезде Қазақстан мектептерінде педагогикалық үрдістің сапасын көтерудің бай тәжірибесі жинақталып келеді. Солардың бірі педагогикалық үрдісте оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамытуда өзіндік жұмыс түрлерін ұйымдастыру. А.Байтұрсынұовтың пікірі бойынша, бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алуы керек. Мұғалімнің қызметі- оның білімі, шеберлігі ұзақ жолды қысқарту үшін, балаға жұмысты өліне қарай шағындап, беру мен берік белгілеген мақсатқа қарай түзеп отыру керек. Оқушылардың жеке тұлғаға бағытталған жұмыстарының мән-мағынасын ұйымдастырудың тәсіл-амалдарын бір ғана белгімен сипаттауға болмайды.

Оқушылардың жеке тұлғаға бағытталған жұмысын ұйымдастыру мұғалімнен шығармашылықты, шеберлікті; жоғары методикалық дайындықты талап етеді.

Оқушылардың жеке тұлғаға бағытталған жұмысына мұғалімнің тапсырмасы бойынша, өздері жоспар жасап, істің тәсілін анықтап, оның нәтижесін бағалап орындайтын жұмыстары жатады. Сонымен қатар, оқушылардың жеке жұмысының жоғары түріне олардың өз еркімен жаңа амал-тәсілдер қолданып жасайтын шығармашылық жұмыстары жатады. Оқушылардың жеке тұлғаға бағытталған жұмыстарын тиімді ұйымдастыру сабақ сапасының артуына септігін тигізеді. Жеке жұмыс кезінде оқушылар оқулықпен және дидактикалық материалдармен, түрлі анықтамалық кітаптармен, газет-журналдармен жұмыс істеуге үйрене бастайды. Өздігінен білім алуға талпынады. Жұмысы нәтижелі болса, оқушының пәнге деген қызығушылығы артады. Дидактикалық тұрғыдан дұрыс ұйымдастырылған жұмыс білімді тереңдетуге, толықтыруға, дағды мен іскерлікті қалыптастыруға, танымдық әрекетке қызығуды туғызуға, таным үрдісінің әдіс-тәсілдерін игеруге, танымдық қабілетінің дамуына, адамның дербес жұмыс істеу және ғылыми жұмыстармен айналысуға мүмкіндік жасайды. Жеке тұлғаға бағытталған жұмыстың тәрбиелік жағы да басым. Ол адамның жеке басының қасиеттерінің (мақсат қоюшылық, ізденушілік, қызығу, т.б.) қалыптасуына әсер етеді. Оқу-тәрбие үрдісін даралауда оқушыны жеке тұлға ретінде қабылдау, яғни оқушының өзіндік танымдық іс-әрекетін қалыптастыруға бағыттауға, білім беруде жеке оқытуды дамыту, көзделуі қажет. Осы бағытта оқушыға берілетін жекелей тапсырмалардың, үйренушілік, алгоритмдік, эвристикалық,

шығармашылық деңгеймен, оқушы құбылысты өз бетінше талдай келіп, шағын ғылыми шығармашылық тұрғыдан зерттеу жұмысын жүргізуге баулу. Бұл оқушыға «кішкентай» жаңалық ашқанмен бірдей. Жеке тұлғаға бағытталған жұмыстың негізгі мақсаты – оқушылардың танымдық міндеттерін қалыптастыру, шығармашылық қабілеттері мен қызығуын жетілдіру, білімге құштарлығын ояту. Мұғалім сабақта түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, балалардың ұсыныс-пікірлерін еркін айтқызып, ойларын ұштауға және өздеріне деген сенімін арттыруға мүмкіндік туғызып отыру қажет. Әдіс-тәсілдер арқылы өткізген әрбір сабақ оқушылардың ойлауына және қиялына негізделіп келеді, баланың тереңде жатқан ойын дамытып, оларды сөйлетуге үйретеді. Түрлі әдістемелік тәсілдер пайдалану арқылы қабілеті әртүрлі балалардың ортасынан қабілеті жоғары баланы іздеп, онымен жұмыс жасау, оны жан-жақты тануды ойлап, оқушылардың, шығармашылық деңгейін бақылап отыру әрбір мұғалімнің негізгі міндеті.

Өзгеріске, жаңалыққа толы бүгінгі заман мұғалімге сегіз қырлы бір сырлы ерен қасиет иесі болуды міндеттейді. Ұстаз алдында отырған бірі шапшаң, бірі баяу, енді біреулері төмен қабылдайтын, зейіні, қабілеті, қабылдауы, есте сақтауы әрқилы шәкірттердің жүрегіне жол тауып олардың шығармашылық қабілетін дамыту күрделі құрылым екені даусыз. Егер мұғалім жұмысты дұрыс ұйымдастырса, оқушылардың алдына қойылған мақсат та айқын болса, онда орындалған жеке тұлғаға бағытталған жұмысының сапасы да ойдағыдай болады. Бастауыш сыныптарда оқытудың маңызды мақсаттарының бірі- оқушыларда өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру. Ендеше, бастауыш сыныптардан бастап, оқушылардың өз бетінше жұмыс істей білу іскерліктері де қалыптасуы тиіс. Атап айтсақ: жаңа ұғымды, заңдылықты, ережені түсініп, тұжырымдау, жаңадан өтілген ұғым бойынша өздігінен ой қорыта білу, т.б. Осындай іскерліктерді қалыптастыру – оқу барысында мақсатты түрде ұйымдастырылған жұмыстар және жаттығулар жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

Жеке тұлғаға бағытталған тапсырмаларды тиімді ұйымдастыру сабақ сапасының артуына септігін тигізеді. Теориялық білімнің терең бекіп, жүйелі қалыптасуына жеке тұлғана берілетін тапсырмалар дұрыс таңдап алынып, құрастырылуына байланысты болады. Оқушының өзіндік әрекетінің нәтижесінде оның бойында мынадай қасиеттер қалыптасады: өз бетінше ойлау біліктері мен ізденімпаздылығы; оқуға деген қабілетінің артуы; берілген білімді игеру ғана емес, оны жаңалап және тиімді игеру жолдарын түсіне білу ниеті; жеңілден қиынға қарай қиналмай өтуге

үйренеді; рухани байлығы молаяды; басқа оқушының түсіндірмелеріне сын көзбен қарау; өз ойының дербестігі.

Қорыта келгенде, оқушыны жеке тұлғаға бағытталған тапсырмалар жасауға үйрету негізінде әрбір жеке тұлғаның өзіндік табиғатын қалыптастыру, білімділік деңгейін көтеру болып табылады.

Көрнекті педагог В. А. Сухомлинский: «Сабақ жас өспірімдердің интеллектуалды өмірінде құр ғана сабақ болып қоймас үшін, ол қызықты болуы керек. Осыған қол жеткенде ғана мектеп жасөспірімдер үшін рухани өмірдің тілегін ошағына, мұғалім осы ошақтың құрметті иесі мен сақтаушысына, кітап-мәдениеттің баға жетпес қазынасына айналады» - деп айтқан екен. Олай болса, қызықты сабақтар-мұғалімнің ашқан жаңалығы, өзіндік қолтанбасы, әдістемелік ізденісі, көтерілген белесі, абырой атағы, мақсат-мұраты.

Ұстаз көкейіндегі шәкірттерді өзіне баулып алу үшін «Не істей аламын», «Не істеу керек» – деген сұрақ-сауалнама әрекетке, әрекет нәтижелер жобасына, ал нәтижелер жобасы – практикаға еңгізуге жетелейді. Ал практиканың ақиқат өлшемі-білім сапасы болмақ.

Баяндаманың қорытындысында әр мұғалім өз сабағын жаңаша ұйымдастыруы, оқушының пәнге деген қызығушылығы мен ынтысын арттыруы керектігі жайлы, әр сабаққа дайындық – мұғалімнің ізденісінің нәтижесі, сабақты ыңғайына қарай түрлендіре түссе, әр сабақта жаңа әдіс-тәсілдерді, технологияларды қолданса, сабақтың мазмұны ашылатыны жайлы, өз ісінің шебері ғана жоғары жетістіктерге жететіндігі жайлы өз ойымды ортаға салмақпын.

Жаңа технологиялардың көмегімен оқушылардың білімін жетілдіру мен оқу сапасын арттыруға болады. Қай халықтың, қай ұлттың болсын толығып өсуіне, рухани әрі мәдени дамуына басты ықпал жасайтын тірегі де, түп қазығы да – мектеп.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 **Артықова, Т. М.** Қыстаубаева Ж. Қазақ тілі. Оқыту әдістемесі. – Алматы, 2005.

2 **Бакзыбекова, Н.** Саралап деңгейлеп оқыту технологиясы арқылы оқушылардың білім деңгейін арттыру. – А. : Қазақ тілі, 2007. – № 4., – 16 б.

3 **Қуанышбаева, А.** Жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді пайдалану. – А. : Қазақ тілі : Әдістеме. Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал, 2004. – № 2. – 47 б.

5 **Оралбаева, Н. Жақсылықова, Қ.** Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы, 1996.

ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ– ЗАМАН ТАЛАБЫ

ЖУМАНБАЕВА Р. О.
аға оқытушы, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
АМРИНОВА Ү.
студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ

Латынға көшуді қолдан қиындапта беруді қою керек, ағылшын, француз, неміс тілін меңгерген интернет заманында латын әліпбиіне көшу түк те қиындық тудырмайды»
Мұрат Әуезов

Латын қарпіне көшу ұлтымыздың санасын бұғаудан босатады, түркі және жаһандық әлемімен ықпалдасуға, ертеден қолданған әліпбиімізге қайта оралып, ұлттық санамыздың қайта жаңғыруына жол ашары анық. Тарихқа шолу жасасақ, 1929 жылы 7 тамызда КСРО Орталық Атқару Комитеті мен КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің Президиумы латындандырылған жаңа әліпби – «Біртұтас түркі алфавитін» енгізу туралы қаулы қабылдаған болатын. Латын әліпбиінің негізінде жасалған жазу үлгісі 1929 жылдан 1940 жылға дейін қолданылып, кейін кириллицаға ауыстырылды. 1940 жылғы 13 қарашада «Қазақ жазуын латындандырылған әліпбиден орыс графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру туралы» заң қабылданды [1]. Сондай-ақ, Елбасымыз өзінің 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Мемлекет өз тарапынан мемлекеттік тілдің позициясын нығайту үшін көп жұмыс атқарып келеді. Қазақ тілін кеңінен қолдану жөніндегі кешенді шараларды жүзеге асыруды жалғастыру керек. Жалпы, біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл – ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе.

Қазіргі уақытта, қазақ тілі әр аймақтарда келесі жүйелер Қазақстан Республикасында кирилл жазуы негізінде, ресми түрде Қазақстанның бүкіл жерінде және Моңғолияның Баян-Өлгей аймағында пайдаланылған. Тағы да көршілес Қырғызстан, Ресей, Түрікменстан және Өзбекстан елдерін бірыңғай мекендеген қазақ жұрты пайдаланады, сонымен бірге басқа ыдыраған КСРО республикаларында да пайдаланылып келеді. Сонымен қатар Түркия, Германия, АҚШ, т.б. батыс елдерінде қазақ диаспорасы әртүрлі қалыпты емес латын жазуын пайдаланады [2]. Осылайша, қазақ тілінің әліпбиін өзгерту тарихы негізінен нақты саяси себептермен айқындалып келді. Латынға Түркия 1928 жылы көшсе, Өзбекстан,

Әзірбайжан КСРО ыдырағаннан кейін ауысты. Сол елдердің тәжірибесіне қарасақ, мысалы, Өзбекстан 1928 жылға дейін өзбек тілі, араб әліпбиін қолданған. 1928–40 жылдар аралағында жазулары латын әліпбиі негізінде болған. 1940–1992 жж. кириллица қолданылған. 1993 жылы өзбек тілі қайта латын тіліне көшіп, қазіргі кезге дейін қолданып келеді [3].

Менің ойымша, латын әліпбиіне көшу үлкен стратегиялық маңызға ие. Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ, ХХІ ғасырдағы ғылым және білім беру үрдісінің ерекшеліктеріне байланысты. Әлемдегі ең дамыған ғылыми және әдеби туындылар осы әріптермен жазылатындықтан, жаһандық өркениетке жақындауға зор ықпал етеді. Осы бұлтартпас тұжырымды зиялы қауым өкілдері де қуаттап отыр. Ал ғалымдарымыз осы қаріпті қолдану арқылы әлемдегі ең дамыған өркениетті елдермен тереземізді теңестіре аламыз деген пікір айтып, оның тиімді тұстарын дәлелдеп көрсетуде. Бірақ мұның да кереғар тұстары жоқ емес. Осы әдеби туындыларды осы латын әліпбиімен жазып шығару үшін қаншама қаражат, еңбек және біршама уақыттың керегі анық.

Болашақ ұрпақтың ақпарат алмасу, білім алу, шығармашылықпен айналысу факторы ретінде бұл мәселеге барынша жауапкершілікпен қарауымыз қажет. Бүгінде әлем елдерінің 70 пайызға жуығы латын графикасын қолданады. Қалай болғанда да латын қарпіне көшу – түркі халықтарына ортақ жазу қалыптастыруға, шетелдегі қандас бауырларымыздың шығармаларымен емін-еркін танысуға оң ықпалын тигізетіні анық.

Қазіргі таңда Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың латын әліпбиіне көшу саясатын қолдаймын. Себебі, біріншіден, латын әліпбиіне көшудегі негізгі ұтымдылық – тіл ауыспай, таңбаның ауысуы. Екіншіден, қарапайым тілмен жеткізсем, сөзді немесе дыбысты қалай естісек, жазылуын да солай жазамыз. Қазіргі кезеңде білім саласындағы жаңа реформаның жүзеге асырылуы да, яғни жаңартылған білім мазмұны осы латын әліпбиіне көшуде өз үлесін қосады деген ойдамын. «Егер де саяси шешім табылса, бұл мәселе кедергісіз шешілері анық. Түбі бір дыбыстарды бір әріппен белгілеу арқылы түркі халықтарын түсіністікке бастайтын жол ашылғалы тұр», – деп Мұрат Әуезов ағамызда дәл осындай пікір білдірген болатын.

Ендігі кезекте, ғалымдардың көмегімен қазақ әліпбиінің жаңа графикадағы бірыңғай стандартты нұсқасы қабылданып, әдістемелік жұмыстар жүргізілуі тиіс. Сондай-ақ, жаңа әліпбиді үйрететін сапалы мамандар қатарын көбейтіп, мектептерге арналған оқулықтар жаңадан қаралып, құрастырылуы қажет. Міне, осы мақсатқа қол жеткізу жолында

білікті лингвист-мамандар мен оқытушы-профессорлар өз үлестерін қосуы тиіс. Жас ұрпақ үшін қабылданғалы отырған маңызды шешімге қолдау көрсету, жаһандану заманының талаптарына дайын болу, әлемнің өркениетті жүйесіне ұтымды қосылу әрбір қазақстандықтың болашағы үшін қажет.

Бұл өзекті мәселені қорытындылап айтатын болсақ, бүгінгі таңда қарастырылып отырған латын қарпіне көшу мәселесі заман талабы деп білемін. Қазақстанның дамыған 30 елдің қатарына кіріп, әлемнің ұлы державасына айналуы, Ресейдің ізі қалып қойған бодандығынан біржола құтылудың бірден бір жолы осы. Дей тұра бірден бұны мақұлдап, латын қарпіне көше салу оңай шаруа еместігі айқын. Жоғарыда атап өткендей, барша әдеби туындыларды, елімізде басылып шығарылатын газет-журналдарды да осы жағынан бір ретке келтіру жұмыстары атқарылуы қажет. Мұндай процесс ұзаққа созылып, халықтың латын қарпіне бірден дағдыланып, көз үйретуін тежейтіні де мәлім. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, бұл ұсынылған жағдайға ат үсті қарамай, халық болып, ел болып кіріссек, аталған қиыншылықтардан да құтылытынымыз анық.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 «Қазақстан-2050» стратегиясы.
- 2 Аханов К. Тіл білім інін негіздері. – Алматы, 2011.
- 3 k.wikipedia.org/wiki/Қазақ_әліпбиі.
- 4 «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы.
- 5 kk.wikipedia.org/wiki/Қазақ_тілі_білімі.

А. ТОҚМАҒАМБЕТОВТИҢ ПУБЛИЦИСТИКАСЫНДАҒЫ ПІШІН МЕН МАЗМҰН ҮЙЛЕСІМІ

ЖҮСІПОВ Н. Қ.

ф.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

БЕРГЕНБЕК А.

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Әдебиеттану ғылымына етене жақын публицистикадағы пішін мен мазмұн үйлесімі жайлы сөз етуден бұрын ғылыми тұрғыда анықталған жайларды қарастырған жөн. Пішін мен мазмұн туралы әдебиет теориясын зерттеген З. Қабдоловтың, Қ. Жұмалиевтің, Е. Ысмайыловтың, М. Дүйсеновтің, Я. И. Тимофеевтің, Астаховтың бірқатар еңбектерінде анықтама берілген.

Публицистикадағы пішін мен мазмұнның көрінісін зерттеген В. Здорова, А. П. Горбунов, Г. В. Колосов, В. Ученова және тағы басқа ғалымдардың пікірлері әртүрлі болып келгенімен, ортақ идея – пішін мен мазмұнды біріктіре қарастыруға тоғысады. Қаламгер шығармашылығы көпшілікке арналып, қоғамдық мәнге ие. Сондықтан да онда өзіндік мазмұн, пішін, әдіс болуы заңды. Бұл ерекшелік публицистиканың функцияларымен тығыз байланысты.

Публицистиканы көркем шығарманың бір түрі ретінде және оның теориялық қағидаларын қарастырған ғалым В. Здорова: «Публицистикалық шығарманың мазмұны – автордың қоғамдық өмірге деген көзқарасы мен оның қоғамдық-саяси идеялары, түйген тұжырымы, берген бағасының нәтижесі. Бұл теориялық және практикалық жағынан қажетті түйін болып табылады» [1, 36 б.], – деп атап көрсеткен.

Публицистикалық шығарманың мазмұны өзінде екі элементті: санадан тыс нақты шынайылық, екінші: автордың жеке ой мен пікірі, әлеуметтік позициясын көрсетеді. Қаламгер шығармашылығы ең алдымен фактілердің нақтылығын, шынайылығын зерттеу, нақты түйін жасау, іштей ойлау, қорыту, түсіну, одан кейін барып жазудың көркем құралдарын оның ішінде образдылықты іздеу сияқты ұзақ процестен тұрады. Публицистикалық шығармашылықтың психологиялық жағы: өмірді түсінудегі жеке көзқарасы, шындықты іздеу, белгілі бір тұжырым жасаудан шығарманың пішіні пайда болады, оның жанрлық, композициялық құрылымы, көркем детальдар және т.б. қиындықтарымен ерекшеленеді.

Қаламгердің кез-келген шығарманы жазуда ең алдымен өзіндік тың идеясы мен ойы, түйіні болуы тиіс. Бұл жағдай жанрларға да қатысты. Мәселен, оқиғалы ақпарат пен публицистика негізінен бір-біріне ұқсас келгенімен, екеуі екі түрлі жазылады. Мазмұны да әртүрлі. Оқиғалы ақпараттың мазмұны оқиғаны баяндау, ақпараттың тақырыбы, шартты түрде айтылғанымен, негізгі объектімен түгелдей сәйкес келіп отырады. Публицистикалық және көркем шығарманың тақырыбы алынған объектіні көрсетумен бірге нақты сауал, мәселе төңірегінде өрбиді. Мәселеге қатысты субъективті немесе объективті пікірлер публицистика мазмұнынан айқын көрінуі тиіс. Бұл жазушы шеберлігіне ең қажетті факторлардың бірі.

А.Тоқмағамбетов шығармашылығындағы мазмұнның ерекшелігі қаламгердің негізгі ойында жатыр. Әрбір жаңа ойдың туындауы мен оның жариялануы жазушы шеберлігін аңғартады. Публицистің әрбір мақаласында жаңа ой мен тың идея жатуы тиіс. Бұл қаншалықты қиын болса да, қаламгер өз қызметіне, тіпті өзіне деген құрметпен жаңа ойларды дүниеге әкелуі қажет. А. Тоқмағамбетов публицистикасында замана

шындығын көрсетумен бірге халқымыздың қанына сіңген қасиеттерді жоғары бағалау жиі кездесіп отырса, қоғамның кемшіліктері ұлттық менталитетке жат әрекеттер сын нысанасына алынып, әшкереленеді. Шеберлік хақында айтылған пікірлер көп. Кез-келген қаламгер өзі көрген-білген нәрселерін қойын кітапшаға тізіп, оны жариялауға асығатыны белгілі. Қаламгер публицистикасында тек Сыр бойының ғана емес республикадағы, қала берді халықаралық деңгейдегі жаңалықтар көрініс тапқан. Қоғамдағы оқиғалар мен ақпаратты жазуда журналист жіті бақылаушылық, бағалаушылық, талдаушылық, болжағыштық қасиеттерді меңгеруі тиіс. Дегенмен, оны жеткізуде өзіндік қолтаңбасын танытумен бірге ерекше ойларын да аңғартуы керек.

Газет тілінің көркемдік құралдары туралы еңбек жазған А. П. Горбунов: «Көркемдік – бұл тек пішіннің тартымдылығы немесе біздің эстетикалық қажеттіліктеріміздің құралы ғана емес. Ол мазмұнына нұқсан келтірмей алып тастауға болатын әсемдеуші немесе әрлеуші сөз де бола алмайды. Көркемдік – пішіннің бөлшегі және ол мазмұнмен тығыз байланысты» [1, 16 б.] – деп түйеді. Мазмұн мен форманың өзгеруі бір-бірімен байланыста жүргізіледі. Негізгі ерекшелігі де осы. Көркемдік – өмір құбылыстарын жан-жақты және терең тану мүмкіндігі, әрі өнердің өзіндік ерекшелігі болып табылады.

Өртүрлі тұжырымдағы ғалымдар пікірі мазмұн мен пішінді бір-бірінен ажыратпай қарастыруға келіп тоғысады. «Мазмұн мен пішін – күрделі мәселе, іргелі философиялық ұғым. Мазмұн мен пішін – тек өнерде ғана емес, өмірдегі ақиқат шындықтағы кез-келген затқа және құбылысқа тән нәрсе».

«...Сонда әдеби шығарманың мазмұны – аз эстетикалық идеяның тұрғысынан суреткер таныған ақиқат өмір де, пішіні – осы шындық тұтастырыла жинақталған көркем образдар жүйесі, яки әдеби қаһармандар өмірі екенін түсіну қиын емес» [2, 141-142 б.] – деп тұжырым жасайды академик З. Қабдолов.

Шындығында, мазмұнға қажет сонылық яғни тың идея, тың тақырыпты сөз етумен бірге пішінге қатысты шығарманың сюжеті мен композициясындағы шеберлік шынайы таланттың ғана қолынан туындайды. Мазмұн мен пішін бір-біріне сәйкес келгенде шығарманың қасиеті мен құндылығы арта түспек. Сол арқылы қаламгердің шеберлігін, өмірді танып білу көзқарасын аңғаруға болады. Лев Толстой көркем шығарманың құны мен қасиетін үш түрлі сипатына: «а) мазмұн сонылығына; ә) пішініне немесе өзіміз әдетте көп айтатын, талантқа; б) автордың шығарма предметіне байсалды көзқарасы мен ыстық ықыласына қарап бағалаған» [2, 143 б.]. Осы орайда дарқан талант иесі

А. Тоқмағамбетов публицистикасындағы мазмұн мен пішін үйлесімін ғылыми тұрғыдан қарастырғанда, ең алдымен теориялық тұжырымдарды негіз етіп алмақпыз.

Қаламгердің шынайы деректі жинастыру, сұрыптау, талдау, қорытынды шығару, жариялау секілді шығармашылық процесінде А. Тоқмағамбетов негізгі дерекке сәйкес тың пішін, жаңа мазмұн бере қояды. Ол туралы жазылған естеліктерде осы жағына баса көңіл бөлінеді. Оперативті түрде жариялауға тиіс мақалалар жазушы ойлылығы мен шеберлігінің арқасында оқырман ойын дөп басып жатты.

«А. Тоқмағамбетов жазған шығармалардың басым көпшілігі мазмұн жағынан екі жүйеге бөлінеді: бірі – үгіт-насихат, екіншісі мысқыл-сықақ. Асқардың күштілігі де, осалдығы да осы екі жанрда ғана. Күштілігі – үгіт-насихатын шешен тілмен қыздыра, оқушысын еліктіре жаза біледі, мысқыл-сықақтары да істік, өткір болады» [2].

Қандай жағдайда болмасын алдымен мазмұн пайда болады, содан кейін барып пішін туындайды. Қаламгердің ойына келген мақсатын, мазмұнын айқындағаннан кейін оған лайық пішін іздестіріледі.

Әдебиет теориясын зерттеген академик З. Қабдолов мазмұн мен пішіннің өзара бірлігі туралы түсінікті етіп нақты айтқан. «Мазмұн мен пішін жайын сөз еткенде, ескеретін бір нәрсе – мазмұнға қарағанда, пішіннің өзгерімпаздығы. ...Ескеретін үшінші бір нәрсе – мазмұн мен пішіннің тарихи категория екендігі. Мазмұн мен пішін жайын сөз еткенде, ескеретін тағы бір нәрсе – жаңа мазмұнға жаңа пішін іздеуге әбден болады; бірақ пішін іздеу барда, құр пішінділікке (формализмге) салыну өз алдына басқа.

Әдебиеттегі мазмұн мен пішін дегенді белгілі бір көркем шығармадағы затты деректерге көшірсек, былай болар еді: шығарманың мазмұны – оның ақиқат шындыққа негізделген тақырыбы мен идеясы да, пішіні – әдеби қаһармандардың өзара қарым-қатынасына, тағдыр тартысына негізделген сюжеті, композициясы және жазушының өмірді өнерге айналдырған ең негізгі құралы – суретті сөзі, яки көркем шығарманың тілі» [2, б. 144-146]. Бұл дәл әрі анық берілген анықтама.

Қарымды қаламгер А. Тоқмағамбетов көзге көрінгенді суреттей бермеді, сезімін селт еткізген, ойын мазалаған нәрселерді жазды. Жол жөнекей көргенін іштей ой елегінен өткізіп, қорытып, екшеп берді. Очерктерінде ойлы сөйлем мен терең сырлы табиғат суреттерін беру арқылы терең мағыналы идеясын айта білді. «Өмір ләззаты» атты очеркінде кейіпкер портретін оның өмір жолына шегініс жасау арқылы Керімсалдың жетістікке қалай жеткенін суреттейтін сюжет желісімен

ұтымды берген. Отарба айдаймын деп, әкесі жете алмаған биік шынға баласы талпынып, көп еңбектенудің арқасында жетеді.

Очерктің бар мазмұны арманшыл баланың еңбексүйгіштігі, адалдығы сияқты асыл қасиеттерді биік ұстап көрсету идеясында жатыр. Очерктің пішінінде автор Керімсалды өзге жұмысшылармен қарым-қатынас үстінде, жаңаша мінездеу арқылы еңбекпен шыңдалған ердің бейнесін сомдауға талпынады. «Қазақ әдебиеті» газетінде жарық көрген «Адам мен гүл» атты жолсапар очеркінде автор Кентау қаласының бүгінгі тыныс-тіршілігін көрсетеді. Қаламгердің жоғарыда келтірілген очерктерінде де тарих қойнауынан өзіне қажетті материалдарды жинастырып, тілге тиек еткенін байқадық. Жалпы А. Тоқмағамбетов өткенсіз болашақ жоқ, кешегіңсіз бүгін жоқ идеясын берік ұстанған. Нені жазса да оның тарихына үңілу – қаламгердің шығармашылықтағы өзіндік стилі. Очерк мазмұны мен идеясы Кентау қаласының жарқын келбетін көрсетуде жатыр. Қаламгер кеншілердің еңбегін нақты деректермен суреттейді. Автор очерк соңында ойын түйіндей келіп:

«Осы ғой көгергені көсегенің,
Жиегін гүл көмкеріп көшелердің.
Кентаудың абзал жанды адамдары,
Төсіне бақ өсірді көсе жердің!» [2]

– деген өлең жолдарымен аяқтайды. А. Тоқмағамбетовтің негізгі ойын жинақтап, төрт жол өлеңмен беру тәсілі өзгеге ұқсамайтын ерекше қыры. Қаламгер шалқыған шабытқа ілесіп, бос сөзге әуес емес, нақтылықпен негізгі ойын жинақтап беруге шебер.

Публицистикалық шығарма мазмұнының құрылымы автор үшін жаңа әрі тың деректердің қажеттігі, тіпті фактілер жүйесі, оқиға туралы айтылған нәрлі, жан-жақты пікірлер өлшемді ой, тұжырымды түйін, ұсыныс айтуды талап етеді. Мазмұнның осындай ерекшеліктерін анықтай келіп, пішінді одан бөліп ала алмаймыз. Өйткені, мазмұн пішінсіз, пішін мазмұнсыз өмір сүре алмайды.

Публицистиканың негізгі қызметі – қоғамдық пікірді қалыптастыру және сол арқылы халық санасына әсер ету, бағыт сілтеу болса, публицистикалық туынды қоғамдық пікір мен халық санасына рациональды, эмоциональды құрылымдық элементтері арқылы ықпал етуі қажет. Баспасөз пен публицистиканың теориялық негізін практикада біртуар публицистеріміз көрсетіп кеткен.

Бүгінгі күндері публицистика адамдарға логикалық та, эмоциональды түрде де әсер етеді. Адамдар ішкі және материалдық дүниені сезіне білуге үйренді. Сонымен бірге шындықты көрсететін белгі, сөзге де көңіл бөліп, оған қатысты өзінің ойын да білдіреді. Сөздің құдіреті туралы ғұлама-

ойшылдарымыз талай айтып кеткен. Сөздің көмегімен адамның қимылын бейнелеу арқылы үйлесімді суреттер жасауға болады. Мұндай мүмкіндік адамның табиғи дарыны мен жинақталған тәжірибесіне, сезімталдығына және басқа факторларға байланысты жүзеге асады.

Журналистік ақпарат және публицистика шынайы дерек пен құбылысты бейнелеуде сөздің көмегімен өзіндік әдіс-тәсілдерімен қарапайым эмоцияға әсер етеді. Бұдан басқа эстетикалық тұрғыдан ықпал ету тағы бар. Публицистиканың қоршаған орта мен адамдарға эмоциональды әсер етуінің екі қыры анықталған. Біріншіден, публицистика шығармашылықтың эмоциональды әсер етудегі әмбебап түрі болып саналады. Қарапайым баяндаудан бастап оқиғалы ақпаратты жеткізу, шынайы өмірдегі жаңалықтарға үн қосу, публицистің нақты дерек негізінде қорытынды ой білдіруі мен ықпал етуі, адамды әрекет етуге мәжбүр ететін түрлі жағдайлар публицистикада ғана көрініс табады.

Публицистиканың өзіндік талдаушылық пафосы пен авторлық пікірі, көркем бейнелеудің элементтері, көркемдік сияқты ерекшеліктері журналист шығармашылығындағы – қарапайым ақпаратты хабарлау, озық әдістерімен көрінген белгілі мақалалары, ресми баяндамалар мен құжаттардан жоғары тұрады.

Публицистикадағы эмоциональды түсініктің ауқымы оның көркемдігінен басым, әрі кең. Публицист образға жақындамай-ақ сезімге әсер ете алады. Публицистиканың бұл әдісі көркемдікке қарағанда адамзат сезіміне әсер ету мен ықпал жасаудың тұрақты белгісіндей.

Қоғамдағы болып жатқан оқиғаларға өзіндік пікірін білдіріп, ойын айту публицистің алдына қойған міндеті. Адам сезіміне әсер етуде өнердің ешқандай түріне шек келтірмейтін публицистиканың қасиеті – шынайы өмір мен шындық факті мен оқиға. Өз кезегінде А. Тоқмағамбетов те халық санасына әсер етіп, сезімін селт еткізер дүниелер жаза білді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 **Қабдолов, З.** Әдебиет теориясының негіздері. – Алматы : Мектеп, 1970. – 352 б.
- 2 **Жұмалиев, Қ.** Стиль – өнер ерекшелігі. – Алматы : Мектеп, 1972. – 229 б.
- 3 **Кәкішев, Т.** Қазақ әдебиеті сынының тарихы. – Алматы : Санат, 1994. – 450 б.
- 4 **Қирабаев, С.** Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет. – Алматы : Ғылым, 2001. – 448 б.

СҰЛТАНМАХМҰТ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ РУХАНИЯТТЫЛЫҚ КӨРКЕМДІГІ

ЗЕЙНУЛИНА А. Ф.

ф.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ИБРАЕВА Ә. Т.

п.ғ.м., ПМПИ, Павлодар қ.

XI ғасыр мен XX ғасыр тоғысында әдебиет әлеміне тың ой әкелген бірнеше біртуар тұлғалар бар. Олар шығармаларының тақырыптық маңыздылығымен, көркемдік шешімдерімен, жанрлық ерекшеліктерімен дараланады. Қазақ халқының рухын аспандата келген оптимистік көзқарастағы ақын-жазушылар көшін Сұлтанмахмұт Торайғыров, Мағжан Жұмабаев, Сәбит Дөнентаев, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров сияқты қайраткерлер бастайды.

Сұлтанмахмұт өмір сүрген кезең XX ғасырдың бас кезі – Ресей топырағындағы ең бір дүр сілкіністің, азаттық үшін арпалыстың кезені болды. Бірімен-бірі қабаттасқан үш бірдей төңкеріс патшашылдық биліктің тас-талқанын шығарды. Отаршылдық езгінің әлсіреуі ұлттардың оянуын тездетті. Саяси жағдай ұлттық сананың оянуына себепкер болған төменде айтып кеткен үш төңкеріс, ол Ресейдегі 1905–1907 жылдары және қазақ даласындағы патшаға қарсы 1916 жылғы қозғалыстар, 17-ші жылғы Ақпан төңкерісі.

Ақынның бел шеше жазу ісімен айналысқан кездері де осы бір шытырман жылдар еді. Ол мәдениеті озық елдердің жоғары жетістіктерін уағыздап, жаңалық жаршысы бола білді. Сол себептен ақын «Бүгіндегі жастарға оқу міндет, бар қиындық тек қана ғылым жеңбек» деген үлкен ойдың қажырлы көрінісіндей жыр жолдарын өз оқырмандарына жолдады.

Сұлтанмахмұт Торайғыров қазақ поэзиясына айтарлықтай үлес қосты, оның өлеңдері қазақ әдебиетінің асыл қазынасы енді, бірнеше ұрпақтың игілігіне айналды. Сұлтанмахмұт Торайғыровтың шығармашылығы еркін қоғам туралы асқақ арманға қанық. Оның болашаққа ұмтылған әдеби мұрасы өсіп келе жатқан ұрпақты патриотизм мен Отанға деген махаббатқа тәрбиелеудің адамзаттық мәніне ие.

Ақынның 1912 жылдан бастау алатын шығармашылығының жаңа кезеңінде Абай, Ыбырай негізін қалаған ағартушылыққа бет бұрды, жастарды оқу-білімге шақырды. «Туған айдай болып туып, күнді алуға бел буады», тұрмысты жеңуде жігерленіп, ақиқатты табу жолында талмай ізденуді мұрат тұтады.

Алғашқы үгіт мәндес өлеңдерінен кейін ақын лириканың өрісін кеңейтіп, лирикалық кейіпкердің жан сырын, іс-әрекетін суреттеуге

ұмтылады. Оның жырларынан тағдырға мойынсұнбай, қасарыса алға ұмтылатын, ауыртпалыққа қарсы тұрар өжет мінез көрінеді. Осы кезден бастап ақын шығармаларында ескіні сынау бой көтерді.

Ол қазақ арасында көп кезігетін келенсіз мінездер мен кертартпа әдет-ғұрып салтына қарсы күреседі. Табиғат, махаббат тақырыбына жазған өлеңдерінде ақын адам сезімін қоғамдық көзқараспен, әлеумет өмірімен байланыста қарайды. Ескіге қарсы көзқарас оны қоғамдағы әділетсіздікпен қақтығысқа алып келеді.

Ол өмір шындығын көркем бейнелей келе, қазақ өлеңінің мазмұнын кеңейтті, сырға толы лирикалық жырлар туындатты. Көптеген әңгіме, очерктер, әдеби-сын мақалалар жазды, екі роман («Қамар сұлу», «Кім жазықты?»), төрт поэмасын («Таныстыру»), «Адасқан өмір», «Кедей», «Айтыс») жариялады.

Сұлтанмахмұт Торайғыров «Қамар сұлуда» әйел теңсіздігі мәселесін көтере отырып, дәуір шындығын әлеуметтік тұрғыда талдаса, «Кім жазықты?» романында ауыл өмірінің шындығын жан-жақты суреттей келе, қазақ халқының шаруашылық тұрғыдан дамымағанын, талапсыздық пен шаруаға қырсыздықты, жалқаулықты, алауыздықты сынайды.

Сұлтанмахмұт Торайғыров поэма жанрын жаңа арнада дамытты. Ол сюжетсіз поэмаларында өмірдегі сан түрлі мәселелерді кеңінен қамтып, өршіл ой-түйіндерін бүкпестен, өткір де ашық насихаттауға тырысты. Алғашқы поэмасы «Таныстыруда» Алашорда қозғалысы өкілдерін елге таныту мақсатын көздеді. Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатовтарды таныстырып, олардың «бірі – күн, бірі – шолпан, бірі – ай» екендігін жазады, алаштықтардың қазақ халқының тәуелсіздігі жолындағы еңбектерін саралайды. Алаш өкілдерімен қоса, қазақтың көрнекті тұлғалары Абай мен Шәкәрімді ерекше атап көрсетеді.

«Адасқан өмір», «Кедей» поэмаларының негізгі сарыны қоғамдағы әділетсіздік себептерін ашу, теңдікті іздеу болып табылады. Ақын бұл жайларды қазақ ауылы шеңберінен шығып, капиталистік қоғамға тән мәселелер ретінде қозғайды.

«Адасқан өмір» – Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармашылығының зор табысы болды. Мұнда ақын аз ғұмырында көзімен көріп, ойымен түйген, білім-білігімен таныған тұрмыс өткелдерін өзіне ғана тән асқақ үнмен ашына, ақтара жырлайды. Поэмадың лирикалық кейіпкері түрлі кәсіппен шұғылданса да, ешбірінен қанағат, теңдік таппай, әділетті қоғамды аңсайды. Шығармада ақын түсінігіндегі болашақ жаңа қоғамның бейнесі жасалады. Шығарманың негізгі идеясы адам өмірді өз тілегіне бағындыра алады және соған ұмтылуға тиіс деген оптимистік қорытындыға саяды. Поэмада күрделі философиялық ой-толғамдар басым.

«Кедей» поэмасының бас кейіпкері де өз ортасынан әділдік таппайды, қоғам мен адам арасындағы қайшылықты бітіспес күреске ұластырады. «Айтқыс» поэмасы толық аяқталмаған, онда Торайғыров қала ақыны мен дала ақынын айтыстырып, екі ортаның қайшылықты жақтары мен адамға пайдалы тұстарын қатар алып суреттейді.

«Қазаққа ілгерілеу керек болса, мұны аз қалыпта қалдырмай, көбірек тұрсын, бәріне таныс жетілген жұрттардың қатарына қосу керек; олармен бірге адам баласының жеңіл күн көруіне, тегіс бақытты болуына жол табу керек, іздесіп ат салысу керек... Бізге керегі қайткенде солардың білімін тез үйреніп, қайткенде сол қатарға тез қосылу қамын қылу керек» – деп Жыр сұлтаны Сұлтанмахмұт өзі айтқандай, оның шығармашылық әлемі қазақ ұлтының рухани мәдениеті жоғары болуына ерекше көңіл бөлген, сол жолда ғұмыры аз болса да аянбай еңбек еткен.

Әр ақынның тағдыры әртүрлі жағдайда қалыптасады. Тұқымы топыраққа түсіп, оңай өнім беретін де, талмай ізденіп, қиыншылықпен алыса жүріп шындық жолын табатын да ақындар болады. Сөйте жүріп олар өз тағдырын өзі жасайды. Сұлтанмахмұт осы соңғы жолмен жүрген ақын. Ол өз өмірін өзі, өз өлеңімен жасады. Ақынның шығармашылық жолын қадағалай қарап, өлеңдерінің жазылу ізімен жүрсеніз, бұған көзіңіз әбден жетеді. Сұлтанмахмұт көрген өмір азабы, жоқшылық, жас таланттың соған қарамай ізденіп шарқ ұру іздері – бәрі оның шығармаларында сайрап жатыр. Бұл жағынан оны өмірі мен тағдыры өлеңінде өрілген ақын деп айтуға әбден болады.

Шындықты іздеу жолында талант иесі әлеуметтік-саяси, философиялық әдебиетпен таныса бастайды, жалпы күрес алаңындағы өз орнын табу үшін заманның күрделі мәселелерін шешу керек. Оптимизм мен Отан болашағына деген сенімге толы шығармаларды Торайғыров өмірінің соңғы жылдарында, ауыр індетке шалдыққанда жазды. «Егер де сен өмірінді арманға арнасаң...» Торайғыровтың лирикасы тақырыбы бойынша әр алуан: азаматтық және философиялық өлеңдер бар, махаббат пен табиғат жайлы өлеңдері көп. Алайда, бастапқыда айтылғандай, Сұлтанмахмұт азаматтық ақын болды [1, 389 б.].

Ақынның «Адасқан өмір» пайымдауы бойынша жарық дүниеде себепсіз жарала салған, жоқтан бар болған ештеме жоқ. Жалғанда қанша жан бар? Адам дейсің бе, маймыл дейсің бе? Әлде мал дейсің бе? Не ағаш, не шөп туралы әңгіме қозғап, сұрақ қойсаң да мейлің. Бәрі де белгілі бір себептің жемісі екені дау туғызбайды. Соншалық жан иелерінің ішінде адамның алатын орны бөлек. Табиғатта оның ми күші жетпеген құпия сырлар жылдан-жылға азайып барады. Дүниедегі бар нәрсені түрлі-түрлі түстерге енгізіп, себепті қолдан жасауға да адамның күші жетеді.

Поэма бес тараудан тұрады: «Мен – бала», «Мен – жігіт», «Мен – тоқтадым» «Мен – кәрі», «Мен – өлік». Ақынның ойынша, адамға туғанынан бастап адамгершілік тазалық, таза ой тән. Мұндайда бәрі тең: бай да, кедей де, христиан да, мұсылман да. Адам табиғаты бойынша мейірімді және рақымды, оның бойында керемет қасиеттер көп, алайда бұл оның «дәстүр, құдай, хан және алтын» билігіне түскенге дейін жалғасады [2, 24 б.].

Бұл қазақ ақыны Сұлтанмахмұт ғана емес, жалпы адамзат ұлы гуманистерінің арманы болғанын кім бекер дей алады? Адамзат қоғамының, елдер мен халықтардың тарихы олардың бастарынан кешірген үлкенді-кішілі оқиғалардың жай тізбегі емес, әділдік пен озбырлықтың, адалдық пен арамдықтың күрес тарихы. Озық ойлы, ақ ниетті адамдар жоғарыда Сұлтанмахмұт суреттегендей қоғамды аңсаған. Замандастарын сондай қоғам құруға жан сала шақырған. Бұл жолдың сайрап жатқан даңғыл жол болмағаны, ол жолға түскендердің көп қарсылықтарға кездесіп, көп адасқаны белгілі.

Кезінде көп адамға дұрыс көрінген қоғамдық құрылыс, оның заңдары уақыт талабына жауап бере алмай мансұқ етілген де, басқа бір қоғамдық құрылыс, басқа бір заңдармен ауыстырылған. Өз заманын талмай таразылаған ғұламалар, саясаткерлер, қоғам қайраткерлері жаңа идеялар ұсынған. Олардың ой-пікірлері миллиондардың санасын билеп, әркімнің өз ойы, өз пікірі болып материалдық күшке айналған.

Халықтың жаппай толқу, көтерілістері билеушілердің біреулерін лақтырып, олардың орындарына басқаларын отырғызған. Бір ғажабы, «бұл күнде адасудан көз ашпадым» деп Сұлтанмахмұт айтқандай, адамзат қоғамы қаншама көп ізденсе, соншама көп адасуды бастан кешірген.

Сұлтанмахмұт поэзиясы – ақындық шеберліктің, ұлтжандылықтың, азаматтықтың мектебі. Шынайы ақындарымыздың бәрі де мың бейнелі классиктердің ізбасарлары екені де даусыз. Қайталама басылымы қарымсыз әрі тым сирек, насихатталуы да мардымсыз, зерттелуі ауыз жарытпастай аз болса да Сұлтанмахмұт мұрасына деген халық құштарлығы қашанда биік!

«Жұрттың бақытты болуына себін тигізген адам ғана бақытты адам», – депті Дени Дидро. Олай болса бар өмірін, күш-қайратын, ой-санасын, ақылын, бүкіл талант дүниесі жалынын ақтық демі сөнгенше ел-жұртының бақытты болу жолына себін тигізуге жұмсаған Сұлтанмахмұт тірлігінде қандай бақытты болған десек, енді бүгінгі күнде де, жарқыраған асыл поэзиясы да бүкіл табиғатымен бақытты. Ақын поэзиясы өте өміршең поэзия.

Сұлтанмахмұт егеменді еліміздің тәуелсіздігі, тіл теңдігі, төл өнеркөсіп, Ұлттық қорғаныс тәртізді аса ірі және көкейкесті мәселелерді

сол кезде-ақ – 1919 жылы қозғап, тамаша жырлағанын көреміз. Жиырма жеті жасында дерт мендеп, тағдыр кермесіне ілінген ақын! «Тым болмаса екі жыл тұрмадым, іштегіні түгел жарыққа шығара алмай кетіп барамын», – деп, «Айтысты» төмәмдай алмағанын зор өкініш етіпті.

«Айтыс» С. Торайғыровтың шығармашылық мұрасын әдеби тұрғыдан зерттеу ХХ ғасырдың 30-жылдарынан басталды. Сұлтанмахмұт жайлы алғашқы мақалалардың авторлары І. Жансүгіров, С. Мұқанов, С. Сейфуллин, А. Адалис, И. Маслова, Қ. Дәукенов, С. Айтмұқанов және т.б. болды.

С. Торайғыров қайтыс болғаннан кейін, советтік заманда- 1922 жылы Қазан қаласында белгілі ақын Бернияз Күлеев бастырған «Адасқан өмір» және 1933 жылы Қызылордада шыққан «Сұлтанмахмұт Торайғырұлының толық шығармалар жинағы» кітаптарында жарияланды.

1933 жылы ақын жинағын Жүсіпбек Аймауытов баспаға дайындады. «Сұлтанмахмұт өлген соң (1920 ж.) оның шығармаларын он жыл бойы жинап-теріп, баспаға әзірлеп, өмір тарихын жазған Ж. Аймауытовтың еңбегі айрықша екенін баса айту керек. Жүсіпбек болмаса Торайғыровтың толық жинағының шығуы, оның толық өмір тарихын білуіміз неғайбыл еді», – дейді Қайым Мұхамедханов.

Ақынның 1912 жылдан бастау алатын шығармашылығының жаңа кезеңінде Абай, Ыбырай негізін қалаған ағартушылыққа бет бұрды, жастарды оқу-білімге шақырды. «Туған айдай болып туып, күнді алуға бел буады», тұрмысты женуде жігерленіп, ақиқатты табу жолында талмай ізденуді мұрат тұтады. Алғашқы үгіт мөндес өлеңдерінен кейін ақын лириканың өрісін кеңейтіп, лирикалық кейіпкердің жан сырын, іс-әрекетін суреттеуге ұмтылады. Оның жырларынан тағдырға мойынсұнбай, қасарыса алға ұмтылатын, ауыртпалыққа қарсы тұрар өжет мінез көрінеді. Осы кезден бастап ақын шығармаларында ескіні сынау бой көтерді. Ол қазақ арасында көп кезігетін келеңсіз мінездер мен кертартпа әдет-ғұрып салтына қарсы күреседі. Табиғат, махаббат тақырыбына жазған өлеңдерінде ақын адам сезімін қоғамдық көзқараспен, әлеумет өмірімен байланыста қарайды. Ескіге қарсы көзқарас оны қоғамдағы әділетсіздікпен қақтығысқа алып келеді.

«Айқап» журналында жұмыс істеген жылдары (1913–1914) Торайғыров өлең мен әңгімеден басқа, бірқатар сыни мақалалар жазды (олардың арасындағы ең едәуірлері: «Қазақтың өлең жинақтары жайлы», «Әндер мен оны орындаушылар», «Қазақтарды оқыту жүйесі»), онда оқыту жүйесін жетілдіру қажеттілігі жазылған.

Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармалары – ХХ ғасырдың басындағы қазақ қоғамы шындығын, ондағы жаңашыл ой-пікірдің

дамуын танытатын үлкен белес. Оның ізденістері «шындықтың ауылын іздеумен» байланысты, оның реализмі бұлтақсыз, жалтақсыз айтылған шындыққа, әлеуметтік тіршіліктің шынайы суреттеріне негізделген, оның тенденциясы да сыншыл. «Шәкірт ойы» өлеңінде:

Қараңғы қазақ көгіне,
Өрмелеп шығып күн болам.
Қараңғылықтың кегіне,
Күн болмағанда кім болам.

деп жырлаған ақынның шын мәнінде де, бүгінде қазақ аспанындағы рухани сәуле шашып тұратын ең жарық күндердің бірі болып мәңгілікке қалғанына ешкімнің де таласы жоқ екені анық.

Сұлтанмахмұт өз заманының рухын мейлінше кең көрсете білген классик ақын. Қазақтың классикалық поэзиясының ардақты өкілі. Біз ұлы ақынның есіміне бас иеміз. Осындай дана ақынымыз болғанына мақтанамыз.

Азамат ақын қазақ халқының бақытты, мәдениетті ел болуын өмірлік арман етіп еді. Сол үшін де, ол өзіне «қараңғылықтың көгіне күн болмағанда кім болам» деп өршіл мақсат қойған болатын. Халықтың ғазиз ұлының сол арманы қазір орындалды. Қазақ халқы мәдениетті, азат ел болды.

Сұлтанмахмұттан зор әдеби мұра қалды. Бұл халқымызға қалдырған ақынның аманаты. Сол мұраны қадірлей білуіміз, оның алтын нәрін ала білуіміз керек. Шығармалары халықтың рухани өміріне терең қабысқан ақын мұралары әрбір оқушыға қымбат, әрі сүйікті. Сұлтанмахмұтқа берілген ең үлкен баға да осы. Мұндай сүйіспеншілікке әдебиеттің асқан алыптары ғана ие бола алады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 **Кенжебаев, Б.** «ХХ ғасыр басындағы әдебиет. – Алматы : «Білім».
- 2 **Торайғыров, С.** Екі томдық шығармалар жинағы 1 том. – А. : «Ғылым», 1993.
- 3 **Еспенбетов, А.** «Шәкәрім және Сұлтанмахмұт». – Алматы : «Жібек жолы», 2002.
- 4 **Өтебаев, Е.** Сұлтанмахмұт Торайғыров. //Сарыарқа самалы, 1990.

МӘШҰР-ЖҮСІП АФОРИЗМДЕРІН ПРАГМАТИКАЛЫҚ АСПЕКТ РЕТІНДЕ ЖАРНАМА ІСІНДЕ ҚОЛДАНУ

КУРУМБАЕВА М. Е.

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Тұнып тұрған тарихы бар дархан қазақ даласының бүгінгі келбеті мен жетістеріне салынған іргетас уақытпен тексерілген. Жаны мен тәні туған еліне өмірінің соңғы минуттарына дейін адал еңбек еткен талай тау тұлғалар соның айқын көрсеткіші. Өздерінің дана сөздерімен, ақылымен, нақылымен мұра етіп қалдырған талай рухани дүние қазіргі озық отыздықтың қатарына бет алған Қазақ еліне әлі күнге дейін жол сермеп келеді. Ұлтымыздың әдеби өміріне өшпестей із қалдырған дара жандардың бірі жерлесіміз Мәшһүр-Жүсіп Көпеев. Бұл кісінің артында қалған еңбегі әлі күнге дейін өзекті. Отандық ақын-жазушылардың стиліне, мәтінді өрнектеуге, әсірелеуге деген Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының ықпалы орасан. Мәселен, кейіпкер тіліндегі көркем сөз мазмұны жағынан ерекше эстетикалық құрылымға ие. Кейіпкер тіліндегі тілдің барлық қабаттары экспрессивтік жүк көтеріп тұрады. Жазушы кейіпкерді суреттеуде оны тартымды етіп беру үшін жеке сөздер мен тұлғаларға әр түрлі стильдік жүк артып жұмсайды. Көркем әдебиетте кейіпкер тілінде қолданылатын сөздер мен сөз оралымдарының стильдік қызметі тіл мамандары мен сөз зергерлерінің назарын ерекше аударып келеді.

Кейіпкер тілі – суреткерлік қасиетке мейлінше бай, образ даралау құралы. Оның экспрессивтілігі (оқырман мен тыңдаушы сезіміне әсер ету қабілеті) мағыналық байлығы мен амал-тәсілдерінің қырынан келіп туады.

Мақал-мәтелдерге үндес, терең мағыналы сөз өрнегін қанатты сөздер немесе афоризмдер дейміз. Мақал-мәтелдерден афоризмдердің айырмашылығы белгілі шығарушысының болуында. Сонымен қатар афоризмдердің бейнелікке емес, ойға құралатынын айта кеткен жөн. Мәшһүр-Жүсіп тілінде осындай ойға құрылған, оқырман көңіліне қонып, жатталып қалуға бейім тұратын, яғни нақыл сөздерге сұранып тұрған ой-тұжырымдар мен ой-толғамдар көптеп кездеседі. Қаламгер кейіпкердің ішкі тебіренісін суреттей отырып, ондай тұжырымдарды кейіпкерге жасатады және авторлық баяндауларда береді.

М.-Ж. Көпейұлы өзінің авторлық баяндауында болсын, немесе кейіпкер тілінде болсын нақыл сөздерді сөз орамына бейнелік, көркемдік нақыш беру мақсатын көздеп пайдаланады. Жазушы афоризмдерді

авторлық баяндауында өмірдің шындығын, халық тұрмысының бар тұлғасын анық, айқын суреттеу мақсатымен жұмсайды. Афоризмдерді тілге тиек етіп сөйлегенде, кейіпкер тілі құлпырып, жанданып шыға келеді. Сондықтан М.-Ж. Көпейұлы шығармаларында афоризмдер көптеп кездеседі. Қаламгер шығармаларындағы «афоризм» деп бағалауға лайық көркем де ойлы тұжырымдардың мол болуы автордың ой түйінінің қуаттылығын, халықтың тіл қазынасын еркін меңгергендігін аңғартып, шағырмалардың танымдық, көркемдік шеберлігін экспрессивті-эмоциялы реңкін арттыра түскенін байқауға болады [1].

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы қолданысындағы афоризмдерді прагматикалық аспектіде қарастырғанда, ақынның коммуникативтік іс-әрекетінде өзінің ниет, пиғылын, аялық білімімен қоса белгілі прагматикалық мақсатқа құрылған ойлау стилі арқылы тілдік таңбаларды таңдай отырып, өз туындысының мағыналық-ақпараттық және эстетикалық мән-мазмұнын ашып бере алатындығына көз жеткізуге болады. Афоризмдер ақынның объективті шындық болмысты қабылдауындағы сезімдік және танымдық іс-әрекетінен туындай келіп, өмір тіршілігінің барлық саласымен ұштасып жататыны анықталды. Осындай афоризмдерінен ақынның өмірлік тәжірибесі, танымдық деңгейдегі қорытынды пайымдары байқалады. Мысалы, *Дүниеде болсаң жақсы, ат қалады, Ұстадан – тат, молдадан хат қалады* («Жақсының аты өлмейді, Ғалымның хаты өлмейді» мақалымен мағыналас афоризмінің ішкі формасынан ақынның өмірінен түйген қорытындысы байқалады); *Тұлкінің құйрығындай бұлаңдатып, Құйрығымен сәлденің тапты малды* (Афоризм адамдардың бейнесін ашудағы экспрессивтік, бағалаушылық қасиет байқалады, яғни жиіркену, жақтырмау мағынасы көрінеді); *Дүние үшін жашның бәрі қайғы жеген немесе Дүние – бір бұлаңдаған қызыл түлкі* (Ақынның эмоционалды күйі афоризм мағынасына бойлай еніп, оқырманын да сондай күйге түсуге уәждейді, адамдарда болатын дүниеқоңыздық сияқты қасиетке баға береді. Дүние үшін қайғыру өмірдегі негізгі ұстаным емес екендігін түсіндіреді, дүние – қолдың кірі, бірде бар, бірде жоқ болатынын бұлаң-бұлаң еткен түлкі жүрісіне балап, халық танымына түсінікті, образды түрде жеткізеді.); *Қызыл жүз құрай болып келді күзге* (Мәтел іспетті бейнелі тіркесінен экспрессивтілік, эмоционалдық байқалады.); *Екі дүние – нұры ғылым, Амалдап ұстамасаң, жойылмағы* (Аталған фразеологиялық оралымнан эмотивтік сема мен бағалаушылық семаның тығыз байланысты екені байқалады. Мұндағы «нұр» лексемасында әрі эмоция, әрі бағалау мәні бар.); *Жатқанмен алтын жерде кір болмайды, Жай тас пен дүрдің құны бір болмайды* (Афоризмнен астарлы ой байқалады. «Алтын»

сөзінен жағымды бағалағыштық коннотация көрінеді және ол «Жай тасқа» жағымсыз бағалағыштық қарама-қарсы мәнде алынып, адамға қатыстырыла айтылғаны айқын). Осы афоризмдерден бағалаушылықты, экспрессивтілікті, эмоционалдықты, ассоциацияны анық байқаймыз [2].

Жоғарыда аталған мәліметтердің барлығы М.-Ж. Көпейұлының қазақ әдебиетінің лексикологиясына деген әсерін көріп отырмыз. Осыншама еңбек бүкіл халқымыздың байлығы. Дегенмен, заман өзгерді. Уақыт өте келе қаншалықты өкінішті болғанымен, бұрынғы кітап беттерін жаңа технологиялар жаулап алуда. Ғаламтор, компьютер, планшет пен электронды оқулық т.т. дәстүрлі оқу құралдарын нарықтан ысырып, тұтынушыға немесе көпшілік халыққа ақпарат алудың жаңа жолдарын, құралдарын ұсынуда. Қазақстан Республикасының статистика Комитеті мәліметтеріне сүйене отырып 2015 жылы бүкіләлемдік ғаламтор жетілісіне шығуға елдегі интернет тұтынушылардың 77 %-ы мүмкіндік алғанын немесе 13 млн адамның кез-келген уақытта ғаламтормен пайдалана алуға мүмкіндігі бар екендігін байқауға болады. Бұның алдындағы деректерге сенсек, 2010, 2011, 2012 және 2015 жылдар арасында ғаламторды пайдалану деңгейі күрт көтеріліп 18 %-ға өскенін аңғарамыз [3].

Ұлттық құндылықты дәріптеу мен өскелең ұрпаққа қолжетімді ету жолында осындай азулы қарсылас тұрғанда жаңа технологияларды оңтайлы пайдалану арқылы ғана қайсы бір нәтижеге қол жеткізуге болатыны айдан анық. Осы ретте Мәшһүр-Жүсіп афоризмдерін прагматикалық аспект ретінде жарнама ісінде қолдану идеясын қарастыруға болады. Қойылған мақсатқа қол жеткізудің әдіс-тәсілдері көп. Алайда соңында пайда болатын материалды максималды түрлі кең аудиторияға ұсыну үшін әмбебап жолды таңдау керек екендігін баса айтқым келеді. 5 жылдай өңірлік телевизия саласында жұмыс істегендіктен бұл саланың қыр-сырын меңгеріп, жаңа технологиялар нақышында ұлттық құндылықты ұсынудың амалын бейнероликтер арқылы жүзеге асыра алатынымды айтқым келеді. Нақтырақ айтқанда, әлеуметтік бейнеролик көмегіне жүгінемін. Мәшһүр-Жүсіп афоризмдері адам баласын дұрыс жолға салып, ақыл үйретіп, оң мен солды ажыратуға үндейді. Қазіргі жарнама ісінде кең көлемде адамдарды қамтитындықтан әлеуметтік бейнероликтердің оң септігін тигізіп, афоризмдердің түпмағынасын өзгеріссіз көрерменге жеткізе алатынына күмәнім жоқ.

2011 жылы otvet.mail.ru сайтында Қазақстандағы әлеуметтік жарнама жайлы жүргізілген сауалнама нәтижесі келесідей: жауапкерлердің 46,15 %-ы әлеуметтік жарнама мемлекеттен тиесілі деңгейде қолдау

көрмейді; 46,15 %-ы әлеуметтік жарнаманың шығармашылық сала үшін қызықсыз екендігін және тек 7,69%-ы Қазақстанда әлеуметтік жарнама бар деп жауап берген[4]. Әлеуметтік жарнаманың елімізде әлі қарқын алмаған бағыттардың бірі екендігі жасырын емес. Алайда қоғамды жанашырлыққа, мейірімділікке, қайырымдылыққа шақыратындықтан әлеуметтік жарнаманың болашағы әлі алда екендігіне сенім мол. Бұл бағытты мықтап қолға алып, бірнеше жыл қатарынан тынымсыз еңбек етіп, шетелдік әріптестерден тәжірибе жинастырып, тырысып көрсек қолдан келмейтін дүние жоқ шығар? Мысалы, континенттің ар жақ жағалауында орналасқан Америка Құрама Штаттарының әлеуметтік жарнаманы қолданып жүргеніне 60 жылдан асып кеткен. Жыл сайын бұл салаға мемлекет қазынасынан миллиондаған доллар қаржы бөлінеді. Не десеніз, әлеуметтік жарнама қоғамды түрлі «дерттерден» сақтануға шақырады. Себебі, дәрігерлер айтпақшы ауруды емдеуден гөрі, алдын-алған жақсы. Қазақ елінде де көпшілікке жария етілмейтін проблемалар бар. Алайда үндемей қойғаннан ештеңе шықпас. Демек, уақытпен тексерілген әдістерді қолдану қажет. Мәшһүр-Жүсіптің философиялық мағынаға толы афоризмдерін осы жолда пайдаланса қандай керемет болар еді. Мысалы, *Дүние – бір бұлақтаған қызыл тұлкі*. Дүниеқорлықтан аулақ жүруге үндеген бұл сөздерге арнайы алдымен бейнеролик түсіруге болады. Сценарий бойынша дәулетті, дүниеқор адамды көрсетіп, байлықтың адамды қалай түзу жолдан тайдарытынын көрсетуге болады. Осы арқылы елде қайыр тілеп, күнін әзер көріп жүрген жандарға қол ұшын созуға үндеуге балады. Осындай мысалдар Мәшһүр-Жүсіптің афоризмдерінде жетерлік.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 **Тұрышев, А. Қ.** Мәшһүр-Жүсіп қысқаша энциклопедиясы (Алаш арыстары) сериясы. – Павлодар: Кереку, 2013, 229 б.
- 2 www.kaznpu.kz/docs/ainur09.doc.
- 3 <http://profit.kz>.
- 4 <https://articlekz.com>.

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ АҒАРТУ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАЛАРЫН ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ БІЛІМ САЛАСЫНДА ҚОЛДАНУ

КУШЕГАЛИНА А. М.
казак тілі және әдебиет пәнінің оқытушысы,
КМҚК «Қостанай құрылыс колледжі», Қостанай қ.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына арналған Жолдауында Қазақстанды жедел әрі жан-жақты жаңартудың негізін қалау мақсатында басты міндеттерді айқындап берді.

Соның ішінде алтыншы міндет-осы заманғы білім беру мен кәсіптік даярлау «парасатты экономиканың» негіздерін қалыптастыру, жаңа технологияларды, идеялар мен көзқарастарды пайдалану, инновациялық экономиканы дамыту-бүгінгі таңда білім беру құрылымының маңызды элементтерінің біріне айналуға дүние жүзінде білім сапасының көлеміне, ойлау деңгейіне байланысты болады.

Осы тұрғыда бүгінгі күні жаңа технологияның тиімді әдіс-тәсілдердің жас ұрпақтың бойына сіңіріп, қоршаған ортаны қорғау арқылы экологиялық тәрбие беру ұстаздардың басты міндеті болып отыр. Ол үшін әрбір ұстаз үнемі шеберлігін арттырып отырмаса, бала білімнің дамуы төмендейді.

Тәуелсіз ел тірегі-білімді, еңбекқор ұрпақ екені даусыз. Білімсіз елдің ертені жоқ екені айдан анық. Елбасы білім беру мәселесін назардан тыс қалдырмайды.

Қазіргі кәсіптік мектеп колледж бітірушіге қояр заман талабы жоғары. Бұл күндері жұмыс берушіге өз ісі маманының білгірі керек. Болашақ маман:

1 Өз бетінше жұмыс істеуге дағдыланған, әр түрлі проблемаларды өздігінен шеше алатын алған білімін пайдалана білетіндер.

2 Шығармашылық пен жаңа жағдайда әрекет ете білетін, жаңа технологияны игеруге қабілетті.

3 Адамдардың әр түрлі топтарымен тиімді қарым-қатынас орната білетін, ұжымда жұмыс істеуге дағдыланған болуы керек.

Атақты ғұлама Әбу Насыр әл-Фарабидің «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне апат әкеледі» [1, 210 б.] – деген сөз бәрімізді қатты ойландыру керек. Ұлттың рухани-экономикалық, әлеуметтік тұрғыда өсіп-жетілуі білімнің мазмұндылығы мен маңызына, оған деген көзқарасқа тікелей қатысты. Ал жеке тұлға қоғам құндылықтарын қалыптастыру барлық кезеңдерде өзекті мәселе болып келгені мәлім. Олай дейтініміз, осы рухани-адамгершілік

құндылықтардың мәні, тәрбиелік маңызы туралы ғұлама, ұлы ағартушы-педагог Ыбырай Алтынсарин өз еңбегінде құнды ой-пікірлерін кейінгі ұрпаққа мұра етіп қалдырған. Ғасырлар қойнауынан жеткен жәдігерлердің өнегелі сипаттарын, тәлімдік тәсілдерін тиімді қолдансақ, ғибраттың нағыз қайнар көзінен сусындаймыз. Ағартушы-жазушымыз-кемеңгер ғұлама ұстаз Ы. Алтынсарин еңбектерінде баланы елін, жерін сүюге, табиғатты аялауға, имандылыққа, әдептілікке, қайраттылыққа, еңбек етуге тәрбиелердің ұлт табиғатына лайық небір тамаша әдістері ұсыналады. Ы. Алтынсарин адам тәрбиесіне зор мән берген.

Мысалы, біздің колледж студенттері алты мамандық бойынша білім берудеміз. Олар: бағдарламашы, сәулет бөлемі, дизайн, электр-газбен пісіруші, есепші-экономист, техник-құрылысшы. Ұстаздар әр сабағында еңбекке, өнергетімді әдіс-тәсілдер арқылы үйретіп, тәрбиелеуде.

Оқушыларға, студенттерге білім беруде, тәрбиелеуде Ыбырай өмірінің, педагогикалық идеяларының өнегелі тәрбие беретін жақтары жеткілікті. Себебі, Ыбырай бүкіл өмірі, еңбектері, негізінен үлгілі-өнегелі адам тәрбиелеу ережесі десе болады. Ыбырай мұрасын мәңгілік өнеге мектебі дейміз. Қазіргі таңда жан аямай кәсіп қырудан безінетін «бейнет көрмей дәулет жоқ екенін» парасаттамайтын, ұрлық пен қулықты қызық көретін жастарды жақсы мінез-құлық пен имандылыққа үйрететін, ел болып ер жетуімізге жол нұсқайтын асыл – Ыбрай мұрасы. Ыбрай шығармаларындағы терең ойды мұғалім өзі терең түсінгенде ғана баламен жүргізілетін білімдік және тәрбиелік істері нәтижелі болмақ.

Қоғамның санасын Ыбырай Алтынсарин педагогикалық жүйемен баяндап эстетикалық таныммен пәлесапалық қағидалармен тұжырымдап отырды. Қазіргі таңда ұстаздың сабағында жаңа технология әдіс-тәсілдері оқушыларды ортамен қарым-қатынас жасай білуге, басқаны тыңдай білуге, топта бір тұжырымға келуге, топ алдында өз ойын еркін айтып қорғай білуге, әдептілікке, жауапкершілікке, өнерге, еңбектенуге үйретеді. Ыбырай ұстазымыздың да ұсынған әдістемесінің негізі осы емес пе.

Білім берудегі демократиялық, ізгілендіру, ынтымақтастық идеясы, мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынасты өзгертті. Мұнда мұғалімнің кәсіби-әдістелік шеберлігінің маңызы зор. Қазіргі жаңалық деп жүрген ынтымастық, ізгілендіру идеясын сол кездің өзінде-ақ Ыбырай Алтынсарин қалыптастырған болатын.

Ыбырай Алтынсариннің ізгі ойлары, талмағы, педагогикалық идеялары көптеп саналады.

Еліміздің үлкен бір проблемасы жастар проблемасы болып есептеледі. Ендеше бүгін алға қойған мақсат Ыбырай Алтынсаринның еңбек, тәртіп, тәрбие идеяларына тоқталып, қазіргі заман талабымен ұштастыру.

Данышпан әр оқушыны біртұтас жасампаз тұлға деп қарайды. Сондықтан жеке адамның бойынан жоғарыда айтылған адамгершілік қасиеттерінің бірі табылса, біртұтас мінез қалыптасады. Бұлар ұстаздардың оқушыларға дұрыс, жүйелі, табанды түсіндірумен, балаға дұрыс талап қоя білулермен жүзеге асырылады және ұзақ уақытты қажет етеді.

Бүкіл адамзат қоғамындағы материалдық және рухани байлықтың бәрі де адам еңбегінің күдіреті арқылы жүзеге асады.

«Еңбек-байлық атаулының негізі. Ол бүкіл адамзат өмірінің бірінші алғы шарты. Адамның өзін жасаған еңбек» – деп Ыбырай Алтынсарин ғылыми түрде тұжырымдап көрсеткен.

Сол адамзат қоғамы тарихымен тығыз бірлік жасап келе жатқан жасампаз тәрбие нысаны-еңбек пен кәсіпке үйрету, оның еңбегін үнемді ету. Өзіміз кәсіби қазақ тілі сабақтарына бағдарлама бойынша тақырыптарды оқытқанда қазақ халқының қолданбалы өнерінің тарихы түрлері жайында мәтіндер құрастырып, орынды пайдаланамын; халқымыздың еңбекке баулу тәсілдеріне назар аударамын; оқудың ұлттық сапасын оятумен бірге ата-бабаларымыздың қонақжайлық, үлкенге ілтипат, кішіге қамқорлық жасау, мейірімділік, еңбекке үйрететін әділ-тәсілдерді қолданамын. Қазақ тілі сабағын үнемі ұлттық педагогикамен ұштасытуды көздеймін.

Ыбырай Алтынсарин мектептегі тәртіпке зор көңіл бөлген «Тәртіптің шындыққа айналауы тәртіптілік сезімін тудырады» – деген ұлы ұстаз. Тәртіп деген педагогикалық ұғымға Ыбырай Алтынсарин терең талдаулар жасайды. Ол бірде тәртіп-тәрбие құралы десе, бірде тәртіп-тәрбиенің нәтижесі деген анықтама береді. Ал бұл халық педагогикасындағы «тәрбие-тәртіптің құлы» деген түсінікке жақын. Сондай-ақ тәртіп оқушының мектеп ережесіне бағына білу мен шын еркіндіктің табиғи бірлігі дегенде де ұлы ұстаз Ыбырай Алтынсарин жазған. Міне, кезінде аса көргендікпен көпшілікке ұсынған осы ұғым тұжырымдары қазір де мұғалімдердің қажетіне жарап жүр.

Еңбекті қадірлеу – оның шығармаларының басты тақырыбы өсиет, өнеге айта отырып, ой саларлықтай салмақ тастады. Адамның мінез-құлқын қалыптастыруда тәрбие рөлінің ерекшелігіне тоқталып, «бағып-қағып үлкен мән бер бала тәрбиесіне» жеміс ағашын өсіруші бағбан еңбегімен парапар. «Дүниедегі жақсы атаулы күннің нұрымен, ананың сүтімен бойымызға дарып, сінеді» – деп тұжырым жасайды.

Ыбырай әңгімелерінің ішіндегі ең бір шоқтығы биік шығармасы – «бай баласы мен жарлы баласы». Қазақ қоғамындағы өмір шындығын, тап жігін аша отырып, ауыр тұрмыстың ыстық қазынасында пісіп, шығып тағдыр тауқыметін көрген кедей баласының еңбек қорлығын баяндайды. Мұғалім өз сабағында осы мәселеге көңіл қойып, үйретудегі мақсат: Асан

мен Үсенге салыстырмалы мінездеме бере отырып, кедей баласының сабырлығы мен көргендігін, еңбекқор өмірге икәмділігін; екіншісінің шыдамсыздығын жинақтай отырып, шығарманың идеялық мазмұнын айқын түсіндіру. «Талаптың пайдасы» деген әңгімесінде Ыбырай Алтынсарин еңбектенсең, талаптансаң, мақсат-мұратына жетерсің-дей келіп осы идеяны ашып көрсетеді. Балаға білім берудегі еңбекке баулудың рөлі өте зор деген ой тастайды. Ыбырай Алтынсарин оқушыларды еңбек арқылы тәрбиелеу, оқыту өз еңбегінің нәтижесін көруге, одан қанағат, ләззат алуға үйретеді, еңбек етіп үйренген адамға білім беру жеңілрек болады деген пікір ұсынады.

Білім мен тәрбие берудегі Ыбырайдың алға қойған мақсаттарына тоқталсақ, жоғарыда айтылғандай: оқушыларға жан-жақты және кең көлемде білім беру; мұғалімнің рөлін жоғары көтеру, оқулықтардың сапасына көңіл аудару; оқу бағдарламаларын үнемі жетілдіріп, толықтырып отыру, оқушылар білімін қосымша материалдармен толықтыру;

Ыбырай Алтынсарин адамгершілікке тәрбиелеу идеясын көтерді, оны шешу жолдарын іздестірді.

Тәрбиенің қазіргі біз пайдаланып жүрген қай саласын алсақ та, Алтынсарин еңбектерін табуға болады.

Білім беру сапасын жақсартудың бірден-бір жолы – жаңа педагогикалық технологияларды қолдану. Мұғалім оқушының табиғи дарын, қабылетін ашу арқылы жас ерекшелігін ескере отырып, технология элементтерін тиімді пайдалану керек бір сабақтың барысында бірнеше технологияны кезекпен тиімді, оқушыны жалықтырмай жүргізуге болады. Сабақ-ұстаздың көп ізденуінен, көп еңбектенуінен туатын педагогикалық шығарма. Кезінде Алтынсарин да мұғалімдерге дәл осындай талап қойған болатын. Бұл Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық идеяларының өміршендігін байқатады. Мұғалімнің беделін көтере отырып, Ыбырай Алтынсарин мұғалімге талап қойған.

Қазіргі оқыту әдістемесінде қолданып жүрген көптеген технологияларда бар. Сын тұрғысынан ойлау, деңгейлеп-саралап оқыту, проблемалық оқу, интерактивті, белсенді оқыту т.б.-қайсысын алсақ та негізінде Ыбырайдың педагогикалық идеялары жатыр деуге болады. Осы жерде «Новое – это хорошо забытое старое» – деген сөзбен келіспеуге болмайды.

Техникалық-кәсіптік білім беруде модульдік оқыту технологиясын өте тиімді екені даусыз.

Сондай-ақ арнаулы пән сабақтарында В. Ф. Шаталовтың технологиясына сай тірек-сызба әдістері тиімді. Мысалы, кәсіби қазақ тілі сабақтарында тірек-сызба арқылы, тірек конспекттерді пайдалану

арқылы рөлдік-ойындар ақылы оқушының сөйлесу мәдениетін дамытуға пікір таластыра білуге үйретемін.

Қазіргі заман талабына сай білім беру жүйесінің тиімділігінің басты көрсеткіші-білім сапасы мұғалімнің негізгі міндеті оқушыны білімге, өз бетінше ізденіске және шығармашылық жұмысқа баулу болып табылатыны бәрімізге белгілі. Елбасының жолдауында «Біз бүкіл елімізде әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметіне қол жеткізуге тиіспіз» делінген.

Қазіргі жас буын жан-жақты терең білімді, саяси-экономикалық сауатты, яғни интеллектуалдық деңгейі жоғары болса, тәуелсіз мемлекетіміздің мықты тірегі болатынына сеніміміз мол.

Ыбырайдың да алға қойған мақсаты қайткен күнде де «қалын елі, қазағым» терезесі тең көсегелі, көргенді мәдениетті, өнері өркендеген ел қатарына қосу болатын. Осы жолда сан кедергілерге кездесіп, «мыңмен жалғыз алысып», аңсаған арманға жету жолында бойдағы бар күш-қайратын, ақыл-парасатын сарп еткен Ыбырай да қалың бұқараның шынайы қамқоршысы бола білді. Ыбырай Алтынсарин идеяларын дамытып, қоғамда пайдалана білу үлкен бір жетістік.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 **Жарықбаев, Қ.** Қазақ ағартушылары жастарды тәрбиелеу туралы. – Алматы, 1965.
- 2 **Адамбаева, С.** Халық даналығы. – Алматы, 1976.
- 3 **Ақылжанов, М.** Қазақ ағартушыларының қоғамдық саяси көзқарастарының қалыптасуы. – Алматы, 1975.
- 4 **Дербісілин, Ә.** Әдебиет туралы толғаныстар. – Алматы : Ғылым, 1990.
- 5 **Кәкішев, Т.** Қазақ әдебиеті сынының тарихы. – Алматы : Санат, 1994.
- 6 **Керімбаев, Н.** Жасымда ғылым бар деп ескермедім. – Алматы : Рауан, 1995.
- 7 **Қирабаев, С.** Бес ғасыр жырлайды 2-Т. – Алматы : Жазушы, 1989.
- 8 **Ламашев, Ә.** Ыбрай Алтынсарин. – Алматы : Ана тілі, 1991.
- 9 **Сыздықов, Ә. Ы.** Алтынсариннің педагогикалық идеялары мен ағартушылық қызметі. – Алматы, 1969.

АСҚАР ТОҚМАҒАМБЕТОВТІҢ САТИРАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ҚҰМАРОВА А. Е.
№ 16 лицей-мектебі, Павлодар қ.
ҚАРЖАСПАЕВА Б. Қ.
Ажы орта мектебі, Павлодар қ.

Қазақ сатирасының кең қанат жайып, дами түсуінде А. Тоқмағамбетов есімі ерекше аталады. Оның шығармашылығының ең бір қомақты саласы – сатиралық туындылары. Қаламгердің рухани бай мұрасы ұрпақ жадында сол күйінде қалары анық.

Ол сатира жанрында құлашын кеңге жая қалам сілтеді. Оны академик-жазушы Ғ. Мүсірепов: «Асқар қазақ әдебиетінде сатиралық жанрды жалғыз сүйреп келеді деуге болады», – деп бағаласа, профессор Е. Ысмайылов: «Асқар ақындығының негізгі бір қыры, бүкіл қазақ поэзиясына елеулі үлес болып қосылатын ерекшелігі – оның сатиралық шығармаларында», – деген тұжырым жасайды. Т. Әлімқұлов: «А. Тоқмағамбетов творчествосының ең ұзақ жасайтыны – сатирасы...», – деген болатын. Ғалым-сыншы Р. Бердібаев: «Бір сатира саласындағы еңбектерінің өзі Асқар Тоқмағамбетовтің атын әдебиет тарихына қосар еді», – десе, Қалтай Мұхамеджанов: «Сатира саласында Асқар мектебі – өз алдына отау, үлгі-үрдісіменен талайға тәрбиеші боп келе жатқан мектеп», – деді. А. Тоқмағамбетов сатирасына өзіндік ой-пікір білдіргендер оның тіл байлығы мен тапқырлығын, таланты мен талғамының биіктігін алдыға тартады.

Сатираның теориясын зерттеушілер оны бірде әдебиетке, бірде публицистикаға жақындатады. Бұдан шығатын қорытынды сатира – әдебиеттің бір тегі, екіншіден, өмірдің жеке елестерін суреттеп берудің әдіс-тәсілі, үшіншіден, әшкерелеуші әдеби шығарма, төртіншіден, көркем әдебиеттің өзіндік түрі. Сатира – көркем-публицистикалық жанрлардың бір түріне жатады. Шынайы өмірден алынған дерекке құрылуы мен нақты адреске, өмірде бар адамдарға арналуы, белгілі бір мезгілде жазылуына қарап оны публицистика жанры деп танымыз.

Қазақ әдебиетінде сатира жанрының теориясын зерттеген ғалым Т. Қожакеев оны шартты түрде үш салаға топтастырады. Сатираның поэзиялық шағын жанрлары (мысал, эпиграмма, пародия, сықақ өлең), сатиралық көркем-публицистикалық жанрлары (фельетон, памфлет), сатираның көркем прозалық жанрлары (сатиралық әңгіме, юморлық әңгіме, сатиралық повесть, сатиралық роман). Бұл жіктелу шартты түрде

ғана болғандықтан, бір туындының өн бойынан бірнеше белгілердің кездесуі танқаларлық жайт емес.

Қаламгердің сатираға келуіне әсер еткен қоғамдағы келеңсіз жайттар десек қателеспейміз. Сатира жанрының теоретигі ғалым Т. Қожакеев қаламгерді бұл салаға әкелген қандай мектеп деген сауалға төмендегідей жауап айтады. «...Оның тума талантына қанат бітірген бірінші мектеп – халқымыздың санаға нұр құяр дарқан ойлы, көз сүріндіріп, көңілге ұялар көркемдікке толы бай ауыз әдебиеті. Ақын ұлттық фольклорды тербеліп өскен бесігім деп білген. Сатира тудыруда келісті үлгі – түр, өрнек-айшықты содан тапқан. Екінші мектеп – оның туған – өскен ортасы, творчестволық айналасы. Ол «тәлімімнің анасы – өмір, өзім өскен орта» деп мойындаған.

Сатирада Асқардың азуын шығарған үшінші мектеп – орыстың классикалық әдебиеті. Ол Пушкиннен бастап, Гоголь, Салтыков-Щедрин, Чехов, Горький, Демьян Бедный, Маяковский, Исаковский, Твардовский – бәрін де ұстаз тұтқан, күдірет көрген. Оның сатира, юморы осылардың дәстүрінде туып, дамыған. Асқар нәр алып, үлгі-өнеге үйренген төртінші мектеп – революцияға дейінгі қазақ әдебиеті. Мұның өкілдерінен Абайды ерекше пір тұтқан» [1].

Қаламгердің сатиралық туындыларында жылдар бойы іздену, түр, форма жағынан даму айқын көрінеді. Оның ең алғашқы «Тоқалдың назы» атты сықақ өлеңі қабырға газетіне жарияланып, оны оқыған Мұхтар Әуезов: «Қара жаяу емес, сықақтың, мысқылдың, керек болса сатираның да ісмері болғалы түр», – деп мақтаған» [1, 31 б.].

1945 жылы «Социалистік Қазақстан» газетінде жарық көрген «Құлқын туралы құпия сыр» фельетонын оқып, тамсанған Мұхтар (М. Әуезов – Г.Ә.) «қырғи тілді ақын» деп бағалайды. Осыдан кейін-ақ қаламгердің сатира жанрында жазылған дүниелері оқырман ойын дөп басып, кейде күдіктенгендер өз-өздерінен ұялып жатады екен. Мұндай мысалдарды А. Тоқмағамбетов жайындағы естеліктерден жиі кездестіреміз. Мәселен: «Тоқмағамбетовтың қаламынан туған семсердей қиып түсер өткір сықақ өлеңдер жалпы жұртқа кеңінен мәлім. Олар халық арасына кең тарап, сахналардан жиі айтылып, уақыт сынынан сүрінбей өтті. Бір ғана «Желіккен жеңгейлер» ойын емес, бойын сылаған, қоғамнан өзін тыс сезінетін кейбір ақсауақ әсемпаздарға шаншудай қадалып, талай жанаяр жалқауларды пайдалы еңбекке қосқанына дау жоқ. «Бір мылжынның баяндамасы», «Мысық пен шыбын», «Жалтақбай», «Майдасыз ірі болмайды», «Ақпарға семірген атжалмандар», «Честное слово» және басқа көптеген сықақтар мен фельетондар күні бүгінге дейін нысанаға дөп тиді» [1] – деп жазса, сатирик Ф. Қабышев сатира сардары жайлы жастық шак

әңгімелерін еске алады. «Үш-төрт адамның басы қосыла қалған жерде, той-томалақта, ойын-сауық сәттерінде көпшілік тіпті езу жиғанды қойды. Бір өлеңді құйқылжыған мақаммен шұбыртып айтады да күледі. «Жұлған әтеш секілденіп қонақтап», «дүриә көйлек киген тоқал қосақтап...» деген тәрізді тосын да қызық сөздерге қоса таныс кісілеріміздің аты-жөндерін естіп қаламыз.

...Кейінірек анығын біліп, әбден түсіндік, сондағы ауыздан-ауызға тарап, үлкен-кіші күліп, қарық болған сол өлең ақын Асқар Тоқмағамбетовтің фельетоны екен. «Социалистік Қазақстан» газетінде жарияланыпты. Ұлан ауданында (Шығыс Қазақстан облысы) әйел тастап, әйел алушылық деген ұшпа дерт пайда болып, біраз алқынып тұрыпты да, белгілі фельетонистің қаламына ілігіпті. «Балалы-шағалы бойдақтардың арасында біздің ауылдан төрт-бес белсенді бар екен де, әлгі күлкі құйынының үйіріліп кеп жетуіне себеп сол екен. Редакцияға жолданған хаттың ізімен келген Асекең ақ-қараны айырып біліп алыпты да, желөкпелердің өкшелеріне сықақ бізін сұғып шоқайтыпты. Әйел тастап, тоқал тізгендер алшандағанды қойып, тіпті үйлерінен шығудан қалды. Күлкі, шіркін, көзге шұқыған соң қалай алшандасын!» [2, 155 б.]. Қаламгер сатирасының уытты тілімен нысанаға дөп тиер дәлдігі турасында да көп айтылған.

А. Тоқмағамбетовтің сатиралық шығармалары қоғамдағы келеңсіз жайларды әшкерелеп, әлеуметтік мәселелерді ашып көрсетуде өткір тіл мен шебер құрылған сөйлемге бай. Оның алғашқы сықақ өлеңдерінен бастап («Тоқалдың назы», «Ту баспақ») соңғы жазылған фельетондарына («Сен салар да, мен салар», «Майға оранған мысалдар») дейін күнделікті тіршілікте кездесіп жататын жемқорлар мен пайдакүнемдерге, сылқымдар мен жалқау желөкпелердің бет-пердесін сыпырып тастай әшкерелейді. Қаламгердің сатиралық мұрасы ұзақ жылдардың жемісі. Еңбексүйгіштігі мен шығармашылықтағы елгезектігінің арқасында өресі биік туындыларды дүниеге әкелу – шын шебердің ғана қолынан келеді. Сондықтан да публицист өмірдің ағымынан ондағы болып жатқан оқиғалардан ешқашан тыс қалмаған. Қайта ол үн қоспаған жаңалықтар кемде-кем.

А. Тоқмағамбетовтің шығармашылығында ерекше орын алатын жанры фельетон. Фельетон жазуда шынайы шеберлігін көрсеткен оның объектіні сын нысанасына алуға әдіс-тәсілдерін арнайы қарастыру қажеттіліктен туындап отыр. Сонау 30-жылдары саяси науқан кезінде қаламгер қаламының ұшына қисық-қыңырлар, жалқаулар мен кертартпалар ілікті. Саяси науқанның әсерімен «шолақ белсенді» атанғандарды қаламгер барынша сынап жазды. Шаруашылықты басқару мен ұйымдастыру кезіндегі жауапсыздықты әшкерелеп, жұмысты

жүргізудің жолдарын қарастырды. «Социалды Қазақстан» газетінің 1933 жылғы 21 маусымдағы санында «Өзімшіл өңеш «шляпі» коммунист» атты фельетоны жарияланған. Қызылорда облысындағы аудандық комитеттің орынбасары Баранцовтың азық-түлік, киім-кешекті жымқырып, одан қалса мектеп оқушыларын жалған ақпаратпен «Жалғыз жол» колхозына аттандырып, екі күн бойы суыққа тондырып, аш қалдырғаны жайлы баяндайды. Баранцовтың әйелі де келіп жатқан дүние-мүлікке ашкөздікпен қарап, жеген үстіне жей түссем деп өршеленеді. Автор бұл қылмыстың бетін ашу үшін нақты деректерге сүйене отырып, Баранцовтың қанша дүниені ұрлағанына дейін баяндайды. Мәселен, Баранцова басын сипады, желкесін қасыды. 2,5 пут тағы ұнды ала жөнелді» [51]. Фельетон соңында автор осындай қылмыс жасаушыларға шара қолданылса деген ұсынысын айтады. Аталмыш басылымның тамыз айындағы санында «Тереңөзектің телпектері» атты фельетон Нарымбетұлы, оған тете Нарбетұлы. . .» жасаған қылмысты оқиғалар туралы баяндалады. Онда «Колхоздастыру кезінде жиылған малды сойып жеп, той-думан ұйымдастырып, байдың қызын күшып, «бақытқа» бөленгендерді күлкі етіп әшкерелейді. Фельетон «Міне, сөйтіп балық басынан шіріп, аудан бастықтан іріп, сырыптан-сырыпқа, былықтан-былыққа белшесінен батып, өлімші жүріс, өгіз аяқ ілбіп басып жүріп жатыр. Тереңөзек ауданы тез тексеріліп, тез жөндеуді тілейді» – деп аяқталады [39].

Публицистикалық белгілермен жазылатын фельетондардың бірнеше түрлері белгілі. Жоғарыда біз қарастырған туындылар фельетон-корреспонденцияға жатады. Фельетон-корреспонденцияның үш белгісі туралы ғалым Т. Қожакеев: «Біріншіден, ол өмірдің жеке бір оперативті, болған оқиға, фактісін алады да, соған талдау жасайды. Екіншіден, фельетон-корреспонденцияда публицистикалық баяндау басым. Онда сюжет бола қоймайды. Тек фактілердің байланысы, оқиғаның жүйесі беріледі. Үшіншіден, фельетон-корреспонденцияда алынып отырған жағымсыз құбылыс сықақтың үнмен, күлкі етіле, әжуа етіле айтылады. Әсірелене, желпіндіре суреттеледі. Оның негізінде оқушыны баурай қоятын ептеген ілініс (интрига) жатады», – деп жазады [2, 118 б.]. Қаламгердің біз сөз еткен туындыларында фельетон-корреспонденцияның аталған үш белгісі де кездеседі. Автор белгілі бір объектінің кемшілігін нақты деректерге сүйене отырып, күлкі әжуа етіп, шара қолдануды талап еткен. Публицистің фельетон жанрына бейімділігі осы жылдардан басталып, нәтижесін көрсеткен.

Қаламгердің әу баста саналы түрде қалам тербеген жанры – фельетон мен сықақ өлең. Оның шығармашылық жолында басқа жанрлармен қоса негізгі сатиралық жанрлардың түрленіп, дамып отырғанын байқаймыз.

Шеберлігін шындай түсу үшін өткір сынға, ащы күлкіге ден қойған А. Тоқмағамбетов туындылары қоғамның ақсап жатқан тұстарына дәп тиіп жатты. Фельетондарының тақырып ауқымы мен көтерген проблемасы өте кең. Бірде жауапсыз жұмысшыларды, бірде жалқауларды, жемқор басшыларды, бірде шашылып жатқан шаруашылықты, театр мәдениетіне қатысты қарапайым мәселелерді де сын нысанасына алды. Қаламгер көзіне түрпідей көрінген кемшілікті сол уақытында сынап-мінеп, мерзімді басылымдарға жариялап отырды. Фельетонның әдеби, көркем, сатиралық, публицистік шығарма екендігі дау туғызбаса керек. Оның нақты анықтамасын ғалым Т. Қожакеев: «...шағын көлемді, публицистикалық үнді, әсерлі тілді, сын-сықаққа бай, күлкілі жайлары бар әдеби көркем шығарма» [2, 128 б.] – деп айқындап көрсеткен.

Жалпы, сатиралық жанрлардың алған тақырыбы мен нысанасына қарай шартты және нақты деп екіге бөлеміз. Нақтылық дегенді бәріміз түсінеміз, яғни дәл анық деректерге сүйеніп, нақты адреске бағытталады. Ал «шарттылықта – оқиғаның болған жері, оның алған мерзімі, қатысқан адамдардың нақты аты-жөні, ел тарихы, жер географиясы дәл көрсетілмейді. Бәрі ойдан шығарылады. Шарттылық әдісі қолданылғанда сықақ шығармаға дау айтатын, сойылын сүйретіп «соғысқа шығатын нақты адресі адам болмайды. Яғни шарттылық шығармаға сыйымдылық береді, әлеуметтік жинақтауға көтерілуге жағдай жасайды» [2, 112-113 б.].

Қаламгердің сатиралық шығармаларында шарттылықты да, нақтылықты да жиі кездестіреміз. Мәселен: «Ханалар ханасы», «Қылмысты қызықтар, қызықты бұзықтар», «Бәсе, енді қашан», «Шымалдық шылғау», «Сорпақбайлығын сонда білдік», «Өзара сынның сойылы», «Азғындар», «Қойдың басы», «Масқара», «Тоқтабайдың тоқтамы», «Айуандық», «Омаровтың өңеші», «Қара пальто», «Жалғыз ағаш» жайында т.с.с. нақты фактілердің негізінде туындаған. Осы орайда қаламгердің фельетон тақырыптарын үйлесімді қоя білетін шеберлігін айта кеткен жөн. Бұл пікірімізді зерттеуші-ғалымдар ойымен сабақтасқандықтан, «фельетонға ат қоюға А. Тоқмағамбетов тым шебер. Ол «Өзара сынның сойылы», «Шоқыдағы ұйқы», «Сүмелек қайнаға», «Күлкын туралы құпия сыр», «Дәндіқара, Дәндіқара салған әнді қара», «Лектор-автомат» деп фельетонның мазмұнына, идеясына лайық күлкіні, қызықты, тартымды аттар тауып ала қояды» [2, 194–195 б.]. Публицистика теориясы мен тәжірибесін зерттеген профессор Т. Амандосов фельетон жанрының ерекшеліктерін саралай келіп, «шартты фельетонның табан тірер ұқсас фактысы, өмірден алынған материалы болуға тиіс. ...Демек, шартты фельетонның материалы да күнделікті өмірден, айналамыздағы кейбір қолайсыз, жағымсыз көріністерден қорығылып, жинақталып алынады»

[2, 194–195 б.], – деген болатын. Қаламгердің шартты фельетондарының өзі кейіпкерлерін адаспай тауып отырған. Әсіресе, әлеуметтік мәселелерді сынаған фельетондарын оқығанда, көпшілік сатириктің кімді меңзеп отырғанын іштей сезген. Тіпті мен туралы жазылмаған ба деп, өз-өзінен қуыстанған қулар, редакцияға хабарласқан кездер де болған екен. Бұл әңгімені А. Тоқмағамбетовтің қаламдас достары жиі еске алып отырады.

А. Тоқмағамбетов жол-жөнекей көрген кемшіліктерін сын садағына іліп алып, сол мезетте сатиралық шығарма жазып, мерзімді басылымдарда жариялаған. Бұл ойымызды профессор Т. Амандосовтың «Асқар фельетондарының көбі автордың өзі көрген болмыс-фактылар әсері, ізі ретінде жазылады, яғни, ол фельетондарды командировкада ел ішінде болғанда өмір-тіршіліктің басы-қасында жүріп жазады» [2, 196 б.], – деген пікірі растай түседі. А. Тоқмағамбетов нысанасына алған кемшілікті жазудың өзіндік пішінін де тез таба қояды. Қаламгердің сатиралық жанрдың барлық түрлеріне қалам сермегенін тағы да айтқан жөн. Жоғарыда келтірілген мысалдарда «Ханалардың ханасы», «Қызықты қызықтар, қызықты бұзықтар» фельетон-шолуға жатса, «Бәсе, енді қашан», «Шымылдық шылғау», «Сорпақбайлығы сонда білдік», «Өзара сынның сойылы», «Жалғыз ағаш» жайында» фельетон-корреспонденцияға, «Масқара» сатиралық шолуға, «Бозбұтақ», «Қара пальто» фельетон-өлеңге, «Айуандық» фельетонның хат түріне жатады.

А. Тоқмағамбетовтің қарымды қаламынан туған сатиралық шығармалар өзінің өткірлігімен, ойып түсер семсердей уытты тілімен ерекшеленеді. Отызыншы жылдары публицист сатираға бейімділігін анық байқатты. Оның сатиралық туындылары нысанасына дөп тиіп, келеңсіз кемшіліктерді жоюға көмектесті. Белгілі сатирик Ғаббас Қабышев: «А. Тоқмағамбетов сатирасы поэзия мен прозаны ең жайлап жатқаны аян. Өміріміздің, тұрмысымыздың сәніне қылықтары теріс келіп қалатын тоғышар атаулыны бастан сипап, арқадан қағып отырып та, немесе жақтан осып, желкеден түйіп те сілейтетін мінезі бар» [2], – деп бағалаған. Қаламгердің отызыншы жылдары жарияланған сатиралық туындыларынан ауыл шаруашылығындағы кемшіліктерді, жалқаулар мен енжарларды, адамгершілік, этика, тәрбие мәселесіне қатысты келеңсіз жайларды айқын көруге болады. Демек, қаламгер заман ағымы мен дәуір үніне құлақ түріп, әр кезеңнің өз проблемасын сөз етіп отырды. «Яғни суреткер сатирасы – өмірмен біте қайнасқан, көркемдік пен мазмұны, шеберлік пен шындықты өмірден тапқан сатира» [2, 67 б.].

А. Тоқмағамбетовтің сатиралық туындылары тақырыптық, сюжеттік желісі, айтар ойы жағынан толымды дүниелер.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 **Қабдолов, З.** Әдебиет теориясының негіздері. – Алматы : Мектеп, 1970. – 352 б.
- 2 **Жұмалиев, Қ.** Стиль – өнер ерекшелігі. – Алматы : Мектеп, 1972. – 229 б.
- 3 **Кәкішев, Т.** Қазақ әдебиеті сынының тарихы. – Алматы : Санат, 1994. – 450 б.
- 4 **Қирабаев, С.** Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет. – Алматы : Ғылым, 2001. – 448 б.

ОРЫС СЫНЫПТАРДА ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА АҚТ-НЫ ҚОЛДАНУ

МАМИЛЯ А. Ш.

казак тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, № 2 Майқайың ЖОББМ,
Баянауыл ауданы, Павлодар облысы

Неліктен өзгеру қажет? Менің пікірімше, бізге өзгеруіміз қажет, себебі әлемдегі барлық адамдардың ішінен – мұғалімдер ғана үзіліссіз оқудың бағасын түсінеді. Қарым-қатынастың маңыздылығын интуициялы түсінгендіктен, басқа балалар үшін істеген істеріміз арқылы өз балаларымызға мұра қылып қалдыруға мүдделі болғандықтан, біз өзгереміз. Оқудың бір жерде тұрмайтынын, өзгерістің болмауы, орудың тоқтағанын білгеннен соң, соны түсінгендіктен біз өзгереміз. Біз дұрыс бірдеңе істеу үшін өзгереміз – себебі ол дұрыс және біз басқаларға үлгі болу қажеттігін түсінеміз, өйткені олардың да дұрыс істегені жөн. Қазіргі кезде мұғалімнің өзгеруі үшін барлық жағдай жасалған. Мысал келтіретін болсақ: үш деңгейлі курстар, семинарлар, шебер класс сағаттары және т.б. Жоғары келтірілгендердің барлығы мұғалімнің толықтай өзгеруіне, инновация енгізуіне, білім сапасының жоғары болуына үлкен дәрежеде ықпал етеді.

Мұғалім неліктен өзгеруі керек?

Менің пікірімше, оқытудың мақсат-міндеттерін, бағасын білгендіктен өзгереді, дұрыс жұмыс істеп, басқаларға үлгі бола білу үшін өзгереді. Қазіргі заман ағымына сай тұлға тәрбиелеу үшін барымызды саламыз, өз білгенімізді бала бойына сіңіріп, жақсы тәрбиеленген, алғыр, белсенді, білімді, жан-жақты, өз білімін өмірде қолдана алатын оқушы тәрбиелеуіміз керек.

«Мектептегі тәжірибе» кезінің өту барысында 1 «В» сыныбын таңдадым, сабаққа дайындағандарда оқу бағдарламасы, интернет жүйесін,

«Мұғалімге нұсқаулық» және коучингтен алған теориялық материалдарды қолдандым. 1-ші сабағымның тақырыбы «Ою». Тобымда 11 оқушы бар. Бұл сыныпта менің алған мәселем – АҚТ мүмкіндіктерін қолдану арқылы 1-ші сынып оқушылардың қазақ тілі сабақтарында тілдік дағдыларды дамыту және сабаққа деген қызығушылықтарын арттыру. Тәжірибелік сабақтарымда осы мәселені шешуге тырыстым. Менің бұл тақырыпты таңдаған себебім: оқушылардың бойында қазақ халқының салт-дәстүрлері жайында білімдерін молайту болды. Яғни, қазақтың оюы, қара домбырасы және халық ауыз әдебиеті үлгісін таныстырып, бұл туралы ақпаратты АҚТ-нің мүмкіндіктерін пайдалана отырып, балаларға жеткізу. Өйткені, күр ертегіні оқып бергеннен немесе домбыра ,ою туралы айтудан гөрі, оның дауысын естіріп, оюды өз қолымен жасап, ертегіні экран бетінен қызықтап көру, менің ойымша, осы жастағы балаларға қызығырақ, әрі жақсырақ меңгеріледі.

Ақпан айының жиырма күні бірінші сабағымды өткіздім. Бірінші сабағымның тақырыбы «Ою» болатын. Сабақтың мақсаты:

Барлық оқушылар: Ою туралы түсінік алады, үлгі бойынша ою жасай алады.

Оқушылардың басым бөлігі: Тірек суреттер бойынша оюдың қалай жасалатынын айтып бере алады.

Кейбір оқушылар: Ою туралы қосымша ақпаратпен бөлісе алады.

Ең алдымен сабағымда ынтымақтастық атмосферасын құру мақсатында «Түймедақ» ойынын ұйымдастырдым. Оқушылар кезекпен шығып, өздері гүлдің бір жапырағын таңдап алады да, сұраққа жауап береді.



Сурет 1 – «Түймедақ» ойыны

Үй жұмысын тексеруде «Түймедақ» ойынын қолдандым. Үй жұмысы өткен сабақтың «Саяхат» деген тақырыбы бойынша сұрақтар жазылған гүлдің күлте жапырақтары алдын ала дайындалған. Әр оқушы тақта алдына шығып ұнаған гүлдің күлте жапырағын таңдап, сұраққа жауап берді. Ойынға барлық сынып оқушылары белсенді атысты.

Бұл әдіс оқушылар үшін жанаша әдіс еді. Бір қызығы дәстүрлі сабақта үй жұмысын тексергенде бастарын төмен түсіріп отыратын оқушылар

бұл сабақта, керісінше, қызығушылық танытып «Түймедақ» ойынына қызығушылық танытты. Қолдарын көтеріп «мен шығайыншы, мұғалім» «мен жауап бериінші» деушілер көп болды. Өзімнің бақылауыма алған А үй жұмысын барынша толық, қатесіз орындап қызыл алмалар жинаса, В-орташа дайындығы бойынша сары алмаларды, ал С оқушының өзі де сөйлемдердегі сөздердің орын тәртібі бойынша ғана қателер жіберіп сары алмалармен бағаланды.

Жаңа сабақты бастауда АҚТ-ні пайдаландым. Қытай ойшылы – Кофуцийдің «Маған айтшы – мен ұмытып қаламын; маған көрсетші – менің есімде қалады; өзіме істеші мен түсінемін» деген нақылын негізге алдым. Мен оқушыларға ою сөзінің мағынасын түсіндіру үшін АҚТ мүмкіндіктерін пайдаландым. Қазақ тұрмысында оюдың алатын орны, сондай-ақ біз оюларды киім үлгілерінде, ыдыстарда, кілемдерде, түрлі әшекейлерде кездестіретініміз туралы ақпаратты АЕТ-дан презентация көрсету арқылы балаларға жеткіздім. Презентация көрсетілу бойында мұғалім презентацияға тоқталып отырды. Әр суретті баяндап отырды. (Оюдың кездесетін орындары. Яғни, өмірде кездесетін заттарды көрсету).

Оқушылар ою туралы өз ойларын айтып жатты. Алдағы дәстүрлі сабақтарда өткізілмеген осындай әдіс оқушыларыма жаңалық болғандықтан, сабаққа деген қызығушылықтарын жауапты жарысып қайтарып жатқандарынан байқадым.

Оқушылар сабақта ою жасады. Ол үшін алдын ала қатты қағаздан дайындалған ою үлгісін жасап алдым. Сабақта оқушылар ақ қағазды екіге бүктеді, содан кейін дайын ою үлгісі бойынша оюды сызып шықты да, оюды қиды. Қағазды ашқанда әдемі ою шыға келді. Содан кейін оюды қалаған түстерімен бояуға тапсырма бердім. Сыныпта оқушылардың жұмысынан көрме ұйымдастырдым.

Бұл тапсырманы балалар өз қолдарымен орындап шықты. Тіпті енжар оқушының өзі бұл тапсырманы орындауға белсенді қатысты. Оқушыларға көбінесе шығармашылық тапсырмалар орындау ұнайтындықтары көзге бірден түсті.



Сурет 2 – Оқушылардың оюды қию

Оқушылардың шаршау, зерігуінің алдын алу мақсатында интербелсенді тақтадан «Көңілді күн» сергіту сәтін қостым. Итербелсенді тақтада көрсетілген биді музыкалық сүйемелдеумен қайталап жасай отыра, оқушылардың көңіл-күйлері көтеріліп, бір серпіліп қалды.

Коучингтерге қатысуға дейін осындай жұппен жұмыстарды өткізбегендіктен үлгерімі төмен, үндемейтін, енжар оқушыларымның сөйлеу, ойлау қабілеттеріне мән бермеппін. Осы АҚТ-дың мүмкіндіктерін пайдаланғаннан кейін байқағаным, көптеген нәрселерді елемей, автоматты түрде сабақ беріп жүргенімді түсіндім. Әр оқушыға жеке тұлға ретінде қарамай, көбінесе белсенділіктері жоғары, өз ойларын еркін жеткізе алатын, жақсы оқитын оқушылармен жұмыс жасап, ал үндемейтін, енжар оқушыларым сол үндемеген күйінде кетіп бара жатқандарына еш көңіл бөлмегенімді енді ғана байқап отырмын. Өзімнің бақылауыма алған оқушысының да өз ойын жеткізе алатындығы оқыту барысында байқалды. Ол оқушым да, менің өзіме көңіл бөліп сөйлегенім, жұптағы оқушылардың оған жауапкершілік артып, онымен ой бөліскені оқушымды ерікті түрде белсендіруге, ашылуға итермелеп жатқанына көз жеткізудемін. Оқушыларымның «Мұғалім, бізде енді әрдайым сабағымыз осылай өте ме?» деген сұрақтарынан оқушыларыма сабақтардың ұнағандығын байқауға болатын еді. Сабақтың қорытынды кезеңінде «Бас бармақ» әдісін қолдандым.

Оқушылар алдарындағы белгілерді көтеру арқылы сабақтың нәтижесін көрдім. Максим «Мен оюды қалай қию керектігін үйрендім. Жанель «Мен оюдың әр түрлі атаулары бар екенін білдім» деп жауап берді. Табыс критерийлері бойынша жиынтық бағаларын жеткізді.

Сабақ басындағы көңіл күйім жоқ деген бір оқушым, енді көңіл күйіміз орташа болды деп, ал көңіл күйлері орташа деп жауап берген төрт оқушымның екеуі «жақсы», қалған екеуі сол қалпы, өзгерген жоқ деп жауап берді. Себебін сұрағанда «тапсырмаларды орындай алмадық, енді біреуі досымен ренжесіп, соны уайымдап, сабаққа толыққанды кірісе алмағандығын» айтып жеткізді.

Мәселені шешу: тапсырмаларды қайта қарастырып, сыныптың деңгейіне қарай өндеу керек.

Мұғалімнің не үйренгендігін талдау.

Сабақты өткізу барысында мен жұпта жұмыс ұйымдастыруды, балаларға бақылауды назар аударып бақылауды үйрендім, атқарған жұмысты талдауға және әрі қарай іс-әрекетті жоспарлауға үйрендім, тап болған қиындықтан шығу жолын таба білдім. Сабақ барысында модульдердің өзара байланысын байқап отыра, жанаша жұмыс істеудің, көп үйренудің маңыздылығын түсіндім. Сұрақ қоюдың әртүрлі техникаларын

және АҚТ мүмкіндіктерін қолдана отырып, оқушылардың тілдік барьерін жоюға, бір-бірімен әңгімелесуге итермелеуге, сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын дамытуға болатынын түсіндім. Ал ол өз кезегінде оқытудың нәтижесін береді. Жұмыс шуын сабақтың бір бөлігі ретінде қабылдауды үйреніп, оқушылардың жауаптарын өзімнің бақылауымда ұстамауға түсіндім. Себебі өзін-өзі реттеуде мұғалім өзінің өзгерістерін байқауы керек. Соның ішінде тәжірибелік сабағымда оқушыларға оқытуда өзгеріс енгізуімен қатар өзімнің де өзгергенімді байқадым.

Оқушылар нені үйренді?

Сабақтағы жұмыс нәтижесінде оқушылар оқу құралдарының таза ұстау ережелерін құрап, танысты, топтық, жұптық бағалауда критерийлерді ұстануға ынталанды (кей жағдайларда). «Табыс критерийлері» бойынша қай деңгейлік тапсырмаларды орындағанын көре алды.

Жұпта жұмыс жасауға, бір-бірін тыңдауға, талдауға, әңгіме жүргізуге, тақырып бойынша өз ойларын білдіруге, өз идеяларын дәлелдеуге, сыни тұрғыдан ойлауға үйренуге ынталанды. Сабақ соңында өз көңіл күйлері қандай екендіктерін бас бармақ арқылы бейнелеуге үйренді. Бағдаршам арқылы бағалауды үйренді.

Сабақта не сәтсіз шықты?

Бірлескен жұмыс барысында талқылауды толықтай жүргізген жоқ. Топтық жұмысқа әлі де толық үйренбеді. Қойылған сұрақтарда сөздік қорының аздығынан толық жауаптарды беруде қиындықтар болды. Үш сабағымнан да ең басты мәселе: тілдік барьер, оқушыларым қазақ тілінде не айтқанымды, тақырыпты түсіндіргенде барлығын түсінеді, тек қазақ тілінде үзік-үзік сөйлемдерді ғана пайдаланды. Амир, Зарина, Арилананың бастамалары әрине жаман емес қазақша сөйлейді, тек өз ойларын емін-еркін жеткізе алмады. Бірақ, алдағы уақытта енжар оқушы болған Эльмира белсенділік танытты. Бұл да жетістік деп есептеймін. Демек, оны мұғалім қызықтыра алды деген сөз.

Сабақтан кейін қандай өзгеріс енгізуім керек?

Оқушылардың тілдік дағдыларын қалыптастыру үшін сұрақтарды қоюға жұмысты жалғастыру, үлгерімі төмен оқушылармен /Абильгазинов Амир, Абильгазинова Зарина / тапсырмаларды ойластыру, оқушылардың өзін-өзі реттелуін дамытуға жағдай жасау үшін жаңа әдіс-тәсілдерді енгізу, оқыту мен оқудағы басқа да жаңа тәсілдерді сабақтарда қолдану. Сынып ішіндегі қарым қатынасты нығайту барысын қолға алу. Психологиялық хал ахуал тудыратын тренингтерді көптеп өткізу. «Түймедақ» ойынын тәжірибемнен кейін де басқа сыныптарда өткізу. Бұл дегеніміз «үнсіз» оқушылар сырт қалып қоймай, психологиялық, эмоциялық салқындылықты жібіту үшін өте қажет болып табылады.

Сабақтың соңында оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау модульдерін есепке ала отыра, тақтаға «Білім ағашын» ілдім. Бұл әдісті қолданудағы мақсатым – оқушылардың бүгінгі сабақ соңындағы көңіл-күйлерін, сабақ бойынша өз ойларын білдірту еді. Оқушылар өздерінің көңіл-күйлері мен сабақ бойынша ойларын алдарындағы алма түстері бойынша көрсетіп тақтада ілулі тұрған «Білім ағашына» жапсырды (5 сурет).

«Қызыл алма» – сабақ өте қызықты болды, маған бәрі ұнады, мен жақсы жұмыс істедім.

«Сары алма» – сабақ ұнады, бірақ мен кейбір жұмыстарда үлгермедім.

«Жолақты алма» – мен бәрін үлгердім, бірақ сабақ қызықты болған жоқ. «Жасыл алма» – маған сабақ ұнаған жоқ, ішім пысты, мен ештеңе істемедім.

«Білім ағашында» көбіне қызыл алмалар және бірен-саран сары алма болды.

Қорыта келе, сабақ барысында қандай жетістіктерге жеттім дейтін болсам, ең алдымен оқушылардың жұппен жұмыс ережелерін сақтауы, үлгерімі жоғары оқушылардың енжар оқушыларды елеп, көмек көрсетуі мені қатты қуантты. Алдағы сабақтарыма қарағанда осы сабағымның сәтті жерлері көбірек. Оқушыларда алғашқы сабақта әр тапсырманы қалай орындау керектігі жөнінде түсінбеушіліктер кездесіп, уақытты кетіріп алған болса, бұл жолы қалай жұмыс істеу керектігін түсіне білді. Сапалы білім алу үшін жұппен жұмыс істегенде ережені сақтау, жұп мүшелерінің сабақ барысында бір-біріне көмек, қолдау көрсету, бірлесе отыра бір мәселені шешу жолдарын таба білуді ескеріп отырды. Сонымен қатар жоғарыда атап өткендей бақылауымдағы оқушымының өзіне деген сенімділігінің өскені оның ашылып сөйлеуінен көрініс тапты.

Бір қарағанда сабақ жақсы деңгейде өткен сияқты. Алайда, бұл сабақта да кедергілер кездесті. Ол кейбір оқушылардың жұп ішінде келісе алмауынан, сұрақтарға жауап қайтара алмай уақытты өткізіп алуынан және тапсырма бойынша өз ойын жеткізе алмауы еді. Бұл кедергілер неліктен болды? Мен барлығын дұрыс ұйымдастырған болып едім ғой? Қай жерін ескермедім? деп өзіме есеп бергенімде жұптағы келіспей қалған оқушыларды тиімді әдіс-тәсілдерді қолдана отыра, ауыстыруға, оқушылардың өз ойларын жеткізе алулары үшін сөздер шаблондарын беруге болатындығын сабақ біткеннен кейін ғана барып ой елегінен өткіздім. Келесі сабағымда осы кедергілердің алдын алу үшін жұптардағы оқушыларын ауыстыруды және тақырып аясында кездесетін арнайы тапсырмаларға сөздер шаблонын дайындап қоюды ойластырамын.

Тізбектелген сабақтар топтамасынан екінші сабақтың рефлексивтік есебі.

Пән: Қазақ тілі

Сынып: 1 «В»

Екінші сабағымның тақырыбы «Мақта қыз бен мысық» ертегісі» болатын.

Сабақтың мақсаты:

Барлық оқушылар орындай алады: Ертегі кейіпкерлерін атай алады, ертегінің басты кейіпкері сүт табу үшін басқа қандай кейіпкерлерге барғанын айта алады.


Оқушылардың басым бөлігі орындай алады: Тақырып бойынша белсенді лексиканы еркін қолдана алады, ертегінің сабақта үйренген бөлігі бойынша кейіпкерлердің рөлін ойнай алады

Кейбір оқушылар орындай алады: Ертегі мазмұның өз сөздерімен айта алады.

Шеңберге тұрып оң жағындағы көршісімен дене мүшелерімен амандасады.

Сыныптағы балаларды түрлі түсті таяқшалар арқылы үш топқа бөлдім.

Интербелсенді тақтадан бейнебаянды, яғни «Мақта қыз бен мысық» ертегісін көрсету арқылы тақырыпқа шықтым.



Сурет 3 – Оқушылардың бейнебаянды көруі.

Оқушылар ертегіні көріп болған соң, олармен кері байланыс орнаттым: Ал балалар, сендер бір тамаша бейнебаян көрдіңдер? Бұл қандай бейнебаян деп ойлайсындар? Ұйықтар алдында ата-аналарың, ата-әжелерің сендерге не айтады? Дұрыс айтасындар балалар, бұл ертегі екен. Енді осы ертегіден қандай таныс сөздер естідіңдер, есімізге түсірейікші қане? Жақсы. Егерде бұл ертегіде бір қыз, мысық, сүт, сиыр болса, онда ертегіміз кім және не туралы деп ойлайсындар? Өте жақсы, бұл ертегі қыз бен мысық туралы екен. Ал қыздың аты (Мақта қыз) екен балалар. Тамаша. Сөйтіп сабағымыздың тақырыбын аштық. Енді бүгінгі сабағымызға

мақсат қояйықшы қанекей. Бүгінгі сабақта сендер ертегі бойынша сөйлем құрастырып, ертегіні өз сөздеріңмен айтып үйренесіңдер.

Ендеше балалар, «Мақта қыз бен мысық» ертегісін толығымен түсіну үшін, ең алдымен сабағымыздың жаңа сөздерімен танысып алайық. Сол себепті ұнтаспадан жаңа сөздерді тыңдап, қайталайық.

1 Көріп, тыңдаған бейнебаян арқылы өздеріне бұрыннан таныс сөздерді атайды:

Қыз, мысық, сүт, сиыр

2 Сабақтың жаңа сөздердерімен ұнтаспадан тыңдай отыра танысады, соңынан қайталап айтады:

Жапырақ – листь, Дән – зерно, Жұмыртқа – яйцо, Сағыз – жевательная резинка, Су – вода.

3 «Пирамида» ішіндегі орыс тілінде жазылған сөздерді аударып отыра, қазақ тілінде сөз тіркестері мен сөйлемдер құрастырды. Бұл тапсырма оқушыларға өте ұнады. Оқушылар тапсырманы жұпта орындады. Оқушылар өз жұптарында берілген сөздерді оқып қана емес, бұл сөздерді аударды. Аударғаннан соң, сөз, сөз тіркесі, сөйлем құрастырды. Сөйлеу дағдысын қалыптастыру үшін бұл әдіс өте қолайлы деп есептеймін.

Кесте 1

моё	лист	я	у нас	чистая
яйцо	зелёный	жевательную резинку	зерно	вода
белое	красивый	люблю	есть	полезная

4 Тақтадағы сюжеттік суреттер бойынша сөйлейді (мынау кім? мынау не? не сұрады? қалай сұрады?). Бұл тапсырманы балалар жақсы орындады. Олар тақтадағы кейіпкерлерді атап шықты, кім кімнен не сұрағанын айтып берді.

Жалпы, бастауыш сынып оқушылары, әсіресе, 1-сынып оқушылары иллюстрация, көрнекілікпен жұмысты ұнатады. Өзім бастауыш сыныппен жұмыс істеу тәжірибем сүйене отырып, осыны байқадым. Сабақта оқушыны ең алдымен, қызықтыру қажет. Егер де, ұстаз оқушының бабын тауып, оның жас ерекшелігін ескерсе, оқушының деңгейіндегі оған ұнайтын тапсырманы ұсынса, әрине, оқушыда белсенділік танытады. Ең бастысы-оқушыны қызықтыру. Оның оқуға деген ынтасы мен қызығушылығын арттыру емес пе? Әсіресе, бірінші сынып оқушысына мән беру керек. Өйткені баланың бойындағы білік пен дағдыларының іргетасы 1-сыныптан бастап қаланады. Ал оны жүзеге асыру үшін АҚТ мүмкіндіктері мен 7 модульді қолдану өте тиімді.

5 «Мәтінді сахналау» әдісін қолдандым. Оқушылар кітапты пайдаланып, тақта алдына шығып, «Мақта қыз бен мысық» ертегісін сахналдады. Рөлдер балалардың қалаулары бойынша бөлінді. Бұл тапсырманың негізгі мақсаты: ең алдымен топтық жұмысқа үйрету және тілдік дағдыларын қалыптастыру болды. Бұл тапсырмада оқушылар енжар оқушылар да белсенділік танытты. Өз рөлдерін жақсы ойнауға тырысты. Бұл шығармашылық тапсырманы орындау арқылы оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтары артқанын байқадым.



Сурет 4

Мұғалімнің не үйренгендігін талдау.

Сабақты өткізу барысында мен жұпта жұмыс ұйымдастыруды, балаларға бақылауды назар аударып бақылауды үйрендім, атқарған жұмысты талдауға және әрі қарай іс-әрекетті жоспарлауға үйрендім, тап болған қиындықтан шығу жолын таба білдім. Сабақ барысында модульдердің өзара байланысын байқап отыра, жаңаша жұмыс істеудің, көп үйренудің маңыздылығын түсіндім. Сұрақ қоюдың әртүрлі техникаларын қолдана отырып, оқушылардың тілдік барьерін жоюға, бір-бірімен әңгімелесуге итермелеуге, сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын дамытуға болатынын түсіндім. Ал ол өз кезегінде оқытудың нәтижесін береді. Себебі өзін-өзі реттеуде мұғалім өзінің өзгерістерін байқауы керек. Соның ішінде тәжірибелік сабағымда оқушыларға оқытуда өзгеріс енгізуімен қатар өзімнің де өзгергенімді байқадым.

Оқушылар нені үйренді? Сабақтағы жұмыс нәтижесінде оқушылар оқу құралдарының таза ұстау ережелерін құрап, танысты, топтық, жұптық бағалауда критерийлерді ұстануға ынталанды (кей жағдайларда). «Табыс критерийлері» бойынша қай деңгейлік тапсырмаларды орындағанын көре алды.

Жұпта жұмыс жасауға, бір-бірін тыңдауға, талдауға, диалогтік әңгіме жүргізуге, тақырып бойынша өз ойларын білдіруге, өз идеяларын дәлелдеуге, сыни тұрғыдан ойлауға үйренуге ынталанды. Сабақ соңында

өз көңіл күйлері қандай екендіктерін смайлик арқылы бейнелеуге үйренді. Бағдаршам арқылы бағалауды үйренді.

Сабақтан кейін қандай өзгеріс енгізуім керек?

Оқушылардың тілдік дағдыларын қалыптастыру үшін сұрақтарды қоюға жұмысты жалғастыру, үлгерімі төмен оқушыларға арналған тапсырмаларды ойластыру, топтық жұмысты ұйымдастыру, оқушылардың өзін-өзі реттелуін дамытуға жағдай жасау үшін жаңа әдіс-тәсілдерді енгізу, оқыту мен оқудағы басқа да жаңа тәсілдерді сабақтарда қолдану. Сынып ішіндегі қарым қатынасты нығайту барысын қолға алу. Психологиялық хал ахуал тудыратын тренингтерді көптеп өткізу. «Өрмекшінің торы» жаттығуын, «Пирамида», «Кофе таяқшалары», «Хикаят картасы» стратегиясын, шығармашылық тапсырмаларды тәжірибемнен кейін де басқа сыныптарда өткізу. Бұл дегеніміз үлгерімі төмен оқушыларды жұмылдыру, психологиялық, эмоциялық салқындылықты жібіту үшін өте қажет болып табылады. Ең бастысы, оқушылардың тілдік дағдыларын дамыту мақсатында бұл жастағы балаларға сай түрлі тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану. Тізбектелген сабақтардағы өзімің қолданған ойындары мен АҚТ-нің мүмкіндіктерін пайдалану бойынша жұмысты жалғастырамын.

ҚАЗАҚ ЕРТЕГІЛЕРІНДЕГІ ӨЛШЕМ, МӨЛШЕР МАҒЫНАЛЫ СӨЗДЕР

МАНЯПОВА Т. К.

ф.ғ.к., доцент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

БОЛАТ А.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Ертеректе Шығыс елдерінде ұзындық өлшемдері ретінде адамның дене бөліктерінің өлшемі негізге алынған. Ол өлшем бірліктерін елі, тұтам, қарыс, сүйем, кез, сай кез, құлаш, шақырым деп атаған.

Халық арасында жиі қолданылатын «бие сауым», «сүт пісірім», «әрі-беріден соң», «қас пен көздің арасында», «қадам», «қарға адым», «батпан», «пұт», «қадақ», «мысқыл» қашықтық өлшемдер мен салмақ өлшемдері – халқымыздың ғасырлардан туындаған күнделікті тұрмыстарында қолданылған бірліктер. Ол өлшем бірліктері бізге қалай жеткен дейсіз ғой? Оның бір себебі халқымыздың асыл қазынасы болып саналатын ертегілер арқылы жеткен. Мен өзімің зерттеу жобамда соған көз жеткіздім. Бұл халықтың күнделікті тұрмысында жиі пайдаланғандығының дәлелі. Енді осы өлшемдердің қазіргі кездегі халықаралық өлшемдермен салыстырғанда қандай дәрежеге ие болатындығын көрелік. Бір ескерерлік

жайт, қазіргі сантиметр, метр, шақырымдар шамалап алынған. Өйткені дене мүшелері арқылы өлшенетін өлшемдер адамның дене бітіміне қарай көрсетілген шамадан әлдеқайда қысқа не ұзын болуы мүмкін.

«**Алтын санаған аштан өледі**» ертегісіне назар аударсақ, «Қай заманда өткені белгісіз, Сағат есімді үрерге иті, сығарға биті жоқ, сіңірі шыққан қу кедей болыпты. Арқасына аяздай батқан жоқшылық ұйықтаса да қыр соңынан қалмаса керек. Түсінде де осы азаптан бас сауғалап қашып келе жатса, алдынан сақалы белуарына түскен аппақ қудай қария шығады.

Жарлының жолын кес-кестеп:

– Оян! – депті. – Өзің жантайған құмайттың оң жағына қарай он қадам жүрсең, ескі жертөленің орны бар. Сол арадағы қираған ошақтың астын сынық сүйемдей қазсаң, Сүлеймен саудагердің былғары сақтияны табылар. Жүрегі алып – ұшып атып тұрған Сағат ұйықтаған жерінен оңға қарай он адым аттайды. Опырылған жертөленің орнына кезігеді [1, 7 б.]

Сақалы белуарына түскен, он қадам, сынық сүйемдей, он адым – ұзындық өлшемдері.

Алтын мүйізді киік ертегісінде: «Бұлдырмерген бойына бар күш – қуатын жинап, қолына жүз құлаш алмас семсер алды да, айдаһар жатқан сайға келеді. Жотаға шықса, боран соғып тұр екен. Желдің қаттылығы сонша, екі таудың бетіндегі тасты ұшырып кетіп жатыр...» [1, 117 б.]

«**Екі қаз бен бір бақа**» ертегісінде мөлшер мағыналы төмендегідей сөздер кездеседі. «Екі қаз құлаштай ұзын шыбық тауып келеді де, бақаға соны дәл ортасынан тістеткізеді [1, 119 б.]»

«**Алдардың шайтандарды алдауы**» аңыз әңгімеде де өлшем мағыналы сөздер бар екенін айта кетуге болады. Түлен, Құлан, Алдар үшеуі жортып жүріп, бір жерге келіп дем алады. Арқалаған бір қап жиһазы бар. ... Инедей жердің тікенінен сақтасын. Бұларды көрсек, көш көрім жерден қашып жүреміз. Кәпірдің бетін аулақ қылсын! – дейді Түлен мен Құлан отырып... [1, 194 б.]

Жүз құлаш, құлаштай – ұзындықты білдіретін өлшем бірлігі. Иық денгейінде кере созылған екі қолдың ұшының арасын құлаш деген. Ол 165–175 см-ге тең.

Бір қап – салмақ-көлем өлшемі, негізінен астық мөлшерін өлшеуге арналған салмақ бірлігі. Кейбір әдебиеттерде қаптың мынадай түрлері де кездеседі: тоқты қап – 3 пұт немесе 48 кг, қой қап – 6 пұт немесе 96 кг, торпақ қап – 9 пұт немесе 144 кг.

Көш көрім жерден – ұзындық өлшемі, жақын жер болуы да мүмкін.

«Бойы бір қарыс, сақалы қырық қарыс» ертегісіне келсек, ...Бай жұмысының түрімен таныстырмақ болып кедей ұлына: бір қара нарым бар, күніне қырық бөшке су ішеді, **қырық арба** құмалақ шығарады. **Қырық**

арба пішен жейді, осыны баға алсаң қызметке аламын, егер бұны атқара алмасаң басын алынады, – дейді. Оны жұрт *«бойы бір қарыс, сақалы қырық қарыс»* деп атайды екен [2, 5 б.].

«Нан батыр» ертегісінде де: «Батыр жалт қараса, бойы бір қарыс, сақалы жеті кез аппақ құдай шал кіріп келеді екен [3, 68 б.].

Қырық бошке , қырық арба – салмақ өлшемі.

Қарыс – бас бармақ пен ортаңғы саусақтың аралығымен өлшенетін ұзындық өлшемі.

Кез – байырғы ұзындық өлшемі. Парсы тілінен аударғанда шынтақтың ұзындығы дегенді білдіреді. Ол 62 см-ге тең. Бұл өлшем бірлігі әр елде, әр заманда түрліше өлшенді, 50 см-ден 95 см-ге дейін болуы да мүмкін. Кез өлшеуіші метрлік жүйе енгенге дейінгі Ресейде қолданылып келген аршыңға тең. Орталық Азия мен Қазақстанда, негізінен, сауда-саттық жұмысында қолданылған. «Кездеме» атауы да осы «кез» ұғымынан шыққан.

«Жақсылық, Жамандық» ертегісінде, «бір сүйем жер» деген сөз арқылы жердің өлшенгенін көреміз [2, 15 б.].

«Жарты төстік» ертегісінде: «...жеті құлаш ақ семсерді жазады... [3, 11 б.]. Семсер ұзындығы құлаш сөзі арқылы өлшенген.

Сүйем жер – бас бармақ пен сүк саусақтың аралығымен өлшенетін өлшем. Сүйем 18 см-ге шамалас.

Құлаш – ұзындықты білдіретін өлшем бірлігі. Иық денгейінде кере созылған екі қолдың ұшының арасын құлаш деген. Ол 165-175 см-ге тең екендігін еске саламыз.

«Керкұла атты Кендебай» ертегісінде: «Алты айдың ішінде алты кез ат болып шығады». «Аузымен құс тістеген» ерен жүйрік болады...

...Қолына *жүз батпан* шоқпарын алған батыр Керкұлаға отырып, дәуге қарай шаба жөнеледі.

Кендебай *алты құлаш* алмас қылышын көлденең ұстай қояды [3, 28 б.].

«Қарлығаш пен дәуіт» ертегісінде мезгіл *«Олар көзді ашып – жұмғаниша қарлығаштың ұясына жетеді»*, – деп беріледі [2, 12 б.].

«Шымшық пен көгершін» атты ертегіні оқу барысында «тал түс» [2, 91 б.] деген мезгіл өлшемін кездестірдік.

Кез – шамамен 70–80 см-ге дәлірек айтқанда 71,12 см-ге тең ұзындық өлшемі. Кез өлшемін сөйлеу тілінде метр деп те атайды.

Батпан – салмақ өлшемі. Бір батпанда 200–300 грамм ауырлық бар. XIX ғасырларда Ташкент, Шымкент қалаларында бір батпан 10,5 пұт, яғни 171,99 кг, әулиеатада 12 пұтқа тең келген, яғни – 196,56 кг-ды құрайды.

Тал түс – күннің тас төбеге келуі, яғни, мысалы, қазықтың көлеңкесі оның дәл түбіне түсуі.

Көзді ашып-жұмғаниша – тез, жылдам, лезде деген мағынадағы уақыт өлшемі.

«Тотан батыр» ертегісінде түс мезгілі: «Сәске түстен асқанда кемпірдің қарасын көреді», – түрінде берілген [3, 57 б.].

Сәске түс – шаңқай түс мезгілі немесе күннің қиғаш 45 градуспен түсуі, яғни, мысалы, қазықтың өзінің биіктігі мен көлеңкесінің ұзындығы теңескен кез.

«Жеті өнерпаз» ертегісінде «Бұлардың алтыншысы жол болжағыш екен, оқу оқып көзін сипаса, *бір күндік жерден* жол көреді екен» [2, 31 б.].

Күндік жерден – 24 сағат, уақыт өлшемі.

«Ақ тышқан мен нәресте» ертегісінде, «Ақ тышқан әйелдің қасынан бір сәтте де айырылмапты» [2].

Бір сәтте – қас-қағым сәт, уақыт өлшемі.

«Керкұла атты Кендебай» ертегісінде *көзді ашып – жұмғаниша, айлық жер, түн ортасы, таң алдында* деген мезгіл өлшемдері бар [3, 28 б.].

Көзді ашып – жұмғаниша – жылдам, тез. Уақыт мөлшері.

Айлық жер – уақыт өлшемі. Ат жүрісімен, шамамен, 28–30 күндік жер.

Түн ортасы – уақыт өлшемі, түнгі сағат 12.

Таң алдында – күннің ұясынан шығар алдындағы мезгіл.

«Тотан батыр» ертегісінде: «Хандығының көлемі жеті айшылық жол көрінеді», – [3, 57].

Айшылық жол – алыс жол, қашықтықты білдіреді.

«Жезтырнақтың көзін жойған батырлар» ертегісінде ат басындай алтын, қой басындай күміс деген жолдарды кездестіреміз [3, 83 б.]. Қазақ халқы төрт түлік малмен байланыстыра өлшем жасаған. Салмақты «ат, қой» салмағымен, басымен салыстырып өлшеген.

Ат басындай алтын – дәстүрлі өлшем атауы.

«Жарты төстік» ертегісінен мысал алсақ, Жарты Төстік дәудің қасына жақын келіп *ат басындай* шоқпармен басынан бір қояды... [3, 11 б.].

Ат басындай алтын – дәстүрлі өлшем атауы, салмақ өлшемі.

«Бір үзім нан» ертегісінде: «Ал кедей болса, бір көмеш нанын қойнына салып, ол да ағаштың басына көтеріледі. Су тасқыны он бес күнге созылады. Бір күні қарны ашқан бай кедейге:

– Әй, кедей, мына бір кесек алтынды ал да, маған бір үзім нан бер, – дейді.

– Жоқ, алтынын өзіне, нан бере алмаймын, – деп жауап қайтарады кедей [1, 12 б.].

Бір көмеш – көлем, салмақ мөлшері.

Бір үзім – нанның кішкене бір жұқа бөлігі, салмақ мөлшері.

«Кім күшті?»

Алты **батпан** ауырды

Арқалаған күштімін.

Жеті батпан ауырды,

Желкелеген күштімін, – деген екен құмырсқа [2, 11 б.].

Батпан – бір батпанда 100 кг ауырлық болады, салмақ өлшемі.

«Бұл не қылған батпан құйрық...»:

Бір мезгілде төңкеріліп жатқан қайдың тегенедей батпан құйрығына тап болады. Қуанғаннан қасқырдың екі көзі сексеуілдің шоғындай жайнап кетеді [2, 47 б.].

Батпан – бір батпанда 100 кг ауырлық болады, салмақ өлшемі.

«Бір пұт мақта ауыр ма, темір ауыр ма?»

Қожанасыр бір күні шәкіртінен:

Бір пұт мақта ауыр ма немесе темір ауыр ма? – деп сұрапты [2, 169 б.].

Бір пұт – салмағы 16 кг тең ауырлық, салмақ өлшемі.

«Тотан батыр» ертегісі:

Жерден бір уыс топырақты ала салып, кемпірді қуып жетеді де:

Әй, кемпір! – деп дауыстайды [3, 57 б.].

Бір уыс – қолдың алақанын ұстағандағы сыйымдылық өлшемі.

«Екі қазбен бір бақа» ертегісі:

Бұл аз ғана көлшік, суы тізеден келеді [2, 119 б.].

Тізеден – тереңдік мөлшері.

«Ер төстік» ертегісі:

Бір қыстық азығын алып, кемпірі мен Ерназар үйінде қалыпты [4, 1 б.].

Бір қыстық – мерзім мөлшері.

Садақ тартып үйренеді, тартқан садағын тоғыз қабат кетпеннен өткізеді [4, 1 б.].

Тоғыз қабат – көлемді, қалыңдықты білдіріп тұр.

Ертеден қара кешке бүйтіп жар қуалап, торғай атқанша, тентіреп жүрген сегіз ағанды тауып алсаң болмай ма? [4, 3 б.].

Ертеден қара кешке – уақыт өлшемі.

Шалқұйрықтың құйрығына қазандай қара тас орала кетеді [4, 4 б.].

Қазандай – салмақ-көлем мөлшері.

Темірханның елі жеті айлық жол екен [4, 4 б.].

Жеті айлық – уақыт мөлшері.

Ер Төстік жолдастарымен көзді ашып жұмғанша Темірханның ауылына жетіп келеді. [4, 6 б.].

Көзді ашып жұмғанша – жылдам, тез, лезде. Уақыт мөлшері.

«Алтын сақа» ертегісінде: **Ат басындай** алтын берейін, қоя бер, – дейді.

Ат басындай – үлкен, көлемді зат ұғымында. Дәстүрлі халық өлшемі.

Қазақтың мол байлығының бірі – ертегілер. Ертегілер тек қиял әлеміне жетектеп қоймайды, ұлттың өткені мен танымынан хабар береді. Ертегілерден ұлттың рухани танымын көреміз. Ата – бабамыздан қалған шұрайлы тіл байлығымыздың мәнін түсініп, қолданысқа түсірсек тіліміздің мәртебесі асқақттыны сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Әжемнің ертегілері. – Алматы : «Аруна» баспасы, 2005. – 72 б.
- 2 Қазақ ертегілері. – Алматы : «Балауса», 2000. – 227 б.
- 3 Қазақ ертегілері. – Шымкент, 1998. – 103 б.
- 4 Қазақ ертегілері. – Алматы : «Алматы кітап», 2012. – 272 б.
- 5 **Сыдықов, Т.** Жаңарған жанр-жалғасқан дәстүр // Фольклор шындығы.
- 6 **Әуезов, М. О.** Әдебиет туралы. – Алматы : Санат, 1997. – 293 б.
- 7 **Сейфуллин, С.** Шығармалары. 6 т. – А., 1964.
- 8 **Қасқабасов, С.** Жаназық. – Астана : Аударма, 2002. – 584 б.
- 9 **Ғабдуллин, М.** Қазақ фольклористикасы. – Алматы, 1972. – 208 б.
- 10 **Байтұрсынов, А.** Әдебиет танытқыш. – Алматы : Алаш, 2003. – 407 б.

АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАТИВТІ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІНЕ ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

МАТАЙБАЕВА Ж. С.

қазақ тілі және әдебиет пән мұғалімі, № 6 ЖОББМ, Павлодар қ.

Қазіргі заманауи білім беру жүйесіне технологияларды енгізу күннен-күнге басты талапқа айналып, осы әдістерді жетілдіре түсу қажеттілігі күшейіп келеді. Елбасымыз Н. Назарбаев айтқандай: «Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» сөздерін ұстана отырып, сабақ беруде қазіргі заман талабына сай ақпараттық технологияларды

қолданамын. Қазіргі білім берудің жаңа жүйесінің жасалынуы, білім мазмұны мен әдіс-тәсілдерінің жаңаруы бәсекелестікке қабілеті мол, шығармашылық бағытта еңбектенетін, ой қабілетімен ерекшеленетін азаматты тәрбиелеуді көздейді.

Сапалы білім – ел болашағын айқындайтын басты көрсеткіш болып табылады. Бүгін мектеп партасында отырған оқушыларымыз ертең ел тағдырын шешетін азаматтар. Олардың сапалы білім алуын бүгін қамтамасыз ету – мұғалімнің басты міндеті.

Жаңа технологияның басты мақсаттарының бірі – баланы оқыта отырып, ой еркіндігін, белсенділігін, ізденімпаздығын қалыптастыру, өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру.

Сонда бала өзі ізденуші, бір-біріне үйретуші, ал мұғалім бағыт беруші, нұсқаушы. Бұл тәсілдің басқа технологиялардан ерекшелігі жеті модуль арқылы іске асады.

Әйгілі зерттеуші Л. С. Выготскийдің «Дәстүрлі оқыту-бала дамуына тек қондырғы болып, дамуға стихиялы әсер етсе, яғни, «дамудың соңында жүрсе», жаңаша оқыту-«дамытуды өзімен бірге ала жүреді» – деген болатын. Сондықтан тек дәстүрлі оқытумен шектеліп қалмай, мұғалім әрқашан ізденісте болып, өзіне және шәкірттеріне тиімді жақтарын қарастырып отыруы тиіс.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияға интернет, теледидар, электрондық поштаны жатқызуға болады. Мұғалім ақпараттық коммуникациялық технологиялар арқылы оқушылармен байланысын жеке-дара жақындаса алатындай жолмен жүргізуге мүмкіндік алады. Мультмедия кабинетінде электрондық оқулықпен сабақ берудің тиімділігі көп:

1 Мұғалім оқушы білімін бағалауды компьютерге жүктейді. Бұл бағалау көрсеткіштерінің нақты, дәл болуын қамтамасыз етеді.

2 Оқушы жеке жұмыс жасайды.

3 Мұғалім сыныптағы оқушылардың жағдайын толық көріп, әрбір оқушының қабілетіне қарай онымен жеке жұмыс жасауға мүмкіндігі ашылады.

Сонымен қатар, пәндерді оқыту әдістемесіне интернет жүйесін қосу сапалы білімнің қайнар көзі болар еді. Интернет жүйесі арқылы оқыту оқушылардың өзара ақпарат алмасуын мүмкін етеді, танымдық қызметін арттырады, білім алуға қызығушылық өсіп, өз бетінше ізденуге ұмтылдырады. Оқушылардың мұндай қабілеттерін ашып, танымдық іс-әрекетін қалыптастыратын әрине, мұғалім екені даусыз. Оқытудың бұл жүйелерінде мұғалім тек басшылық жасайды, әрі ұйымдастырушы, бағыттаушы ролінде болады.

Оқытудың жаңа ақпараттық-коммуникативті технологияларын меңгеру – қазіргі заман талабы. ХХІ ғасыр – ақпараттық технология ғасыры. Қазіргі қоғамдағы білім жүйесін дамытуды ақпараттық- коммуникативті технологиялардың маңызы зор. Білім беруді ақпараттандыру және пәндерді ғылыми-технологиялық негізде оқыту мақсаттары алға қойылуда.

Қазіргі таңда елімізде білім беру жүйесінде жаңашылдық қатарына ақпараттық кеңістікті құру енгізілді. Ақпараттандыру жағдайында оқушылар меңгеруге тиісті білім, білік, дағдының көлемі күннен күнге артып, мазмұны өзгеріп отыр. Білім беру саласында ақпараттық-коммуникативті технологияларды пайдалану арқылы білімнің сапасын арттыру, білім беру үрдісін модернизациялаудың тиімді тәсілдері пайдаланылуды және одан әрі жетілдіруде.

Білім – болашақ бағдары, кез-келген маман даярлайтын оқу орынның басты міндеттерінің бірі – жеке тұлғаның күзиреттілігін дамыту. Құзырет – оқушының жеке және қоғам талаптарын қанағаттандыру мақсатындағы табысты іс-әрекетіне қажетті білім дайындығына әлеуметтік тапсырыс. Құзыреттілік – оқушының әрекет тәсілдерін жан-жақты игеруінен көрінетін білім нәтижесі. Ақпараттық құзыреттілік – бұл жеке тұлғаның әртүрлі ақпаратты қабылдау, табу, сақтау, оны жүзеге асыру және ақпараттық – коммуникативті технологияның мүмкіндіктерін жан-жақты қолдану қабілеті. Оқушылардың түпкілікті құзыреттіліктері – білім берудің жаңа нәтижелері. Құзыреттілікті оқушының пән бойынша игерген білім, білігінің жинағы деп қабылдауға келмейді. Ол – оқу нәтижесінде өзгермелі жағдайда меңгерген білім, білік, дағдыны тәжірибеде қолдана алу қабілеті болып табылатын жаңа сапа.

Ақпараттық құзыреттілікті қалыптастырудың басты мақсаты – оқушыларды ақпаратты беру, түрлендіру және оны қолдану білімдерімен қаруландыру, олардың компьютерлік технологияны өз қызметтеріне еркін, тиімді пайдалана алу қабілеттерін қалыптастыру.

Ақпараттық-коммуникативті технология жағдайындағы жалпы оқыту үрдісінің функциялары: оқыту, тәрбиелеу, дамыту, ақпараттық болжамдау және шығармашылық қабілеттерін дамытумен анықталады.

Ақпараттық-коммуникативті технологияны оқу-тәрбие үрдісіне енгізуде мұғалім алдына жаңа бағыттағы мақсаттар қойылады:

- өз пәні бойынша оқу-әдістемелік электронды кешендер құру, әдістемелік пәндік Web-сайттар ашу;
- жалпы компьютерлік желілерде пайдалану;
- бағдарламалау ортасында инновациялық әдістерді пайдаланып, бағдарламалық сайттар, құралдар жасау (мультмедиялық технологиялар);

– қашықтықтан оқыту (Internet желісі) барысында өздігінен қосымша білім алуды қамтамасыз ету.

Интерактивтік оқыту технологиясы – бұл ұжымдық, өзін-өзі толықтыратын, барлық қатысушылардың өзара әрекетіне негізделген, оқу процесіне оқушының қатыспай қалуы мүмкін болмайтын оқытту процесін ұйымдастыру.

Интерактивтік оқыту – бұл, ең алдымен оқушы мен мұғалімнің қарым-қатынасы тікелей жүзеге асатын сұхбаттасып оқыту болып табылады.

Заман ағымына сай күнделікті сабаққа компьютер, электрондық оқулық, интерактивті тақта қолдану жақсы нәтиже беруде. Білім беру жүйесі электрондық байланыс, ақпарат алмасу, интернет, электрондық пошта, On-line сабақтар арқылы іске асырылуда.

Бүгінгі күні инновациялық әдістер мен ақпараттық технологиялар қолдану арқылы оқушының ойлау қабілетін арттырып, ізденушілігін дамытып, қызығушылығын тудыру, белсенділігін арттырудың ең негізгі мақсат болып айқындалады.

Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырудың тиімді жолы – интерактивті тақтаның көмегімен өткізілген сабақтар. Сабақтарда арнайы флипчарттар дайындалып, үй тапсырмасын тексеру, жаңа тақырыпты ашуда, бекіту сұрақтарына әр түрлі тапсырмалар дайындалынады. Тапсырмаларды орындалу барысында оқушылардың ынтасы артып, сабаққа белсене қатысып отырады.

Презентациялық технологиялар. Бұл технология, бір жағынан, оқушыларға жаңа материалдарды (иллюстрациялар, фотографиялар, бейнелік, дидактикалық материалдар, т.с.с.) көрнекі түрде көрсету құралы болатын болса, екінші жағынан, мұғалімдерге осы материалдарды дайындауды және оны қолдану үрдісін де жеңілдетеді. Алдын ала жүргізілген презентациялар технологиясын пайдалану балалардың оқуға деген ынталылығын арттырып, сабақтың қызықты өтуін қамтамасыз етіп, оған дайындалу мерзімін қысқартады. Көптеген сабақтар Power Point бағдарламасында жасалады. Сонымен қатар, компьютерді пайдалана отырып, оқушы өз бетімен ізденіп жұмыс істеуге, шығармашылығын дамыту мақсатында мұғалімнен алған тапсырмалар бойынша әртүрлі слайдтық презентациялар жасап, сабаққа дайындала алады. «Мақал-мәтелдер», «Жұмбақтар» т.б. өз беттерімен жасаған презентациялары оқушылардың өзіндік іс-әрекетке деген белсенділігін арттырады.

Тест тәсілін қолдануды жүзеге асыру үшін жан-жақты ойластырып, әдістемелік нұсқаулар, әдістемелер болуы қажет. Компьютер көмегімен тестік бақылау өткізуге болады. Компьютер бір мерзімде топтың, не сыныптың білімін тексеруге мүмкіндік береді. Әсіресе тест сұрақтарын

орындау кезінде тиімді әдіс болып саналады. Мысалы, тақырыптар бойынша тест сұрақтары компьютерге енгізілген, сол бойынша өткен материалдарды оқушылар есіне түсіруге болады.

Ақпараттық технологиялардың оқу үрдісінде қолданылуы оқушылардың мүмкіндіктерін кеңейтеді. Ақпараттық технологияның міндеті – оқушыларды білімге қызығушылығын, ізденушілікке баулу. Заман талабына сай сабақта қолданылатын электрондық байланыс оқушылардың қызығушылығын арттырып, зейін қойып тыңдаумен қатар, түсінбей қалған сәттерін қайталап көруге, тыңдауға және алған мағлұматтарды нақтылауға мүмкіндік береді. Өз сабағымда оқушыларды шығармашылыққа жұмылдырып, электронды оқулықты пайдаланамын.

Тіл білімі саласындағы мәліметтер мөлшері, кез-келген басқа саладағы секілді күннен күнге көбейіп жатыр. Бүгінгі таңда біз желінің көмегімен мәліметтерді іздеуді, өңдеуді, сақтауды және жүзеге асыруымыз ыңғайлы, сенімді және тез болып табылады. Интернет желісінде ұстаздарға, оқушыларға арналған әртүрлі сайттар мөлшері күннен күнге көбеюде. Интернет сайттары бойынша пән мұғалімі оқушылармен жұмыс істеуге қолданылатын мәліметтерді пайдаланып, өзін-өзі жетілдіруіне мүмкіндігі мол. Сіз өзіңізге қажет мәліметті тергенде интернеттегі іздеуші машина енгізген сөзіңіз бойынша көптеген әр түрлі мәліметті береді. Білімді интернет жүйесінде игерудің тиімділігі – оқушыны сабаққа қызықтыра білудің бір түрі. Қорыта айтқанда, электронды оқулықтар мен интерактивті тақтаны өз дәрежесінде қолдануды үйренген оқушылар пәнге деген құштарлығы артады. Мұғалімнің ақпараттық мәдениеті – өмір бойы жаңалық іздеп, оны табу. Ізденіс – мұғалім өмірінің өзегі. Міне, ақпарат кеңістігін терең меңгерген мұғалім өзінің ақпараттық мәдениетінің биіктігімен, жан-жақтылығымен, кәсіби шеберлігімен, іскерлігімен ерекшеленетіндігін өмірдің өзі дәлелдеп отыр.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 «Болашаққа іргесін бірге қалаймыз». Н. Ә. Назарбаевтың халыққа жолдауы 2011 ж.

2 Қазақстан Республикасының білім туралы заңы.

3 **Жантелова, К.** Қазақ тілін ақпараттық технологиялар жүйесімен үйрету. // Қазақстан мектебі. – № 3. – 2013. – 21 б.

4 **Нұрмағамбетова, Ә. М.** Ақпараттық-коммуникативтік технологияны оқу үрдісінде пайдалану. // Педагогикалық альманах. – № 3–4. – 2010. – 64 б.

5 **Ғабитқызы, А.** Кәсіби құзыреттілік және жаңа ақпараттық технологиялар. // Қазақстан мектебі. – № 11. – 2012. – 5 б.

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН – ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМЫНЫҢ НЕГІЗІН САЛУШЫ

МОЛДАТАЕВА А. С.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы,
КМҚК «Қостанай құрылыс колледжі», Қостанай қ.

Туған халқына еңбек еткен қазақ ағартушыларының бірі – Ыбырай Алтынсарин. Ыбырай Алтынсарин – қазақ даласында білім беру ісімен кәсіпті түрде айналысқан алғашқы мамандардың бірі. Ол қазақ халқының тұңғыш мұғалім – педагогы және қоғам қайраткері. ХІХ-шы ғасырдың аяғында халықтың рухани дамып, басқалармен терезесі тең болуының негізгі факторы білім екендігіне көзі жетіп, оны іс жүзінде ұйымдастыруға белсене араласты. ХІХ-шы ғасырдың екінші жартысында қазақ даласында тұңғыш мектеп ашып, білім нәрін сеуіп, қараңғылықтың түндігін түрген ағартушының еңбегі туралы сол кездегі басылымдарда ләм-мим деп ауыз ашқан да ешкім болмайды. Ұлы ағартушы өмірден өткен соң 34 жылдан кейін ғана, 1923 жылы «Шолпан» журналының 6-7-8 сандарында Мұхтар Әуезов «Ыбырай Алтынсарин» деген мақала жазды.

Мектеп ісінде Алтынсарин бірінші кезеге мұғалімді қойды. Ол жөнінде өзі былай дейді: «Халық мектебі үшін басты тұлға – мұғалім, ең тамаша деген педагогикалық басшылық, ең жомарт деген мемлекеттік жарлықта, тыңғылықты педагогикалық бақылау да онымен теңесе алмайды». Білім беру ісі жаңа жанданып келе жатқан қазақ даласы үшін оның пікірінше, мұғалімнің маңызы ерекше жоғары, сондықтан да ол «жақсы мұғалімді дүниедегінің барлығынан жоғары бағалаймын» деген еді [1, 3 б.].

Ы. Алтынсариннің ағартушылық ой-пікірлерінің біртіндеп іске асуына оның Торғайда облыстық мектеп инспекторы болып тағайындалуы (1879) және бұл қызметті өмірінің соңғы минутына дейін үздіксіз он жыл табандылықпен еңбек етуі көп пайдасын тигізді. Ыбырайдың оқу-ағарту ісіндегі тағы бір жаңалығы – қазақ жастарына кәсіби мамандық беру мәселесін қолға алу болады. Ол Торғайда, Қарабұтақта қолөнер училищесін, Қостанайда ауыл шаруашылығы училищесін ашып, қазақ жастарынан қажетті маман кадрлар даярлау ісіне зор мән берді. Торғайда тұңғыш ашылған осы қолөнер мектебінің жұмысын алға бастыру онайға соқпағаны түсінікті. Қолөнер мектебі ашылғаннан кейін де тыным таппай, ондағы оқу-тәрбие жұмысын қадағалап, ақыл-кеңесін беріп отырған [2, 5 б.]. Дереккөздерге сүйенсек, инспектор Алтынсариннің өзі бас болып, қолөнер училищесін бітіргендерді сынақтан өткізіп, мамандықтарына сәйкес куәліктерін тапсырған. Қазір айтылып жүрген

ой-пікірлердің кезінде Ыбырай данамыздың аузынан шыққанына төңті боласың. Солардың бірін ғана, яғни «қазақ халқының ақыл-ойы мен экономикасының дами беруіне көмектесе алатын адамдар қажет» деген сөздерінен (жақын досы, әріптесі В. В. Катаринскийге 1888 ж. 28 ақпанда жазған хатынан) ой өрбітіп көрелік. Иә, бұл сөздерді айтқалы да ғасырдан астам уақыт өтті, заман өзгерді, өзгермеген ілім-білімнің маңызы, бағасы ғана. Мәңгілік мәнді құндылық – білімнің Ы. Алтынсарин кезіндегі басты миссиясы – халықтың көзін ашып, хат таныту еді. Сондай-ақ ұлы ағартушы сөзінің астарында экономиканы дамытуға ықпал етер кәсіптік білімге жол ашуды меңзеу жатқанын түйсіну қиын емес. Шүкір, еліміз әлдеқашан сауаттанды, кәсіптік білім беру саласы да жан-жақты дамытты. Ол Ырғызда қазақ қыздарына арнап интернаты бар мектеп аштырды. Мұның өзі қазақ халқының өмірінде орасан зор маңызы бар тарихи уақиға еді. Ы. Алтынсарин патша әкімшілігінен Торғай облысының барлық уездерінде қыздар училищесін ашуды өтінді. Соның нәтижесінде Торғайда (1891), Қостанайда (1893), Ақтөбеде (1896) қыздар училищелері ашылды. Ыбырай өзінің өмірін оқытушылық, ағартушылық жолына жұмсады [3, 12 б.].

Ол қазақ сахарасында тұңғыш рет ана тілінде дүние тану мектебін ашып, оның тұңғыш мұғалімі болды, қазақ тілінде әліппе жазды, алғаш рет ана тілінде оқулық – хрестоматия шығарды. Ы. Алтынсарин қазақ шәкірттерінің таным-түсінігіне лайықты оқу-әдістемелік құралдар жазу мәселесімен де жемісті шұғылданды. Ол орыс-қазақ училищелеріне К. Д. Ушинскийдің «Балалар дүниесі», Л. Н. Толстойдың «Әліппе және оқу кітабын», Б. Ф. Бунаковтың «Әліппе мен оқу кітабын», Тихомировтың «Грамматиканың элементарлық курсы» оқу құралы ретінде ұсына отырып, кейін солардың үлгісімен өзі де «Қазақ хрестоматиясы», «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» атты екі оқу құралын бастырып шығарды. Хрестоматияға Ыбырай, біріншіден, қазақ халқының ертегілерін, аңыз-әңгімелерін тандап, талғап енгізуге зер салса, екіншіден, өзінің дидактикалық ақыл-нақыл түрінде жазылған қысқа әңгімелерін енгізді, үшіншіден, К. Д. Ушинский, Л. Н. Толстой, Паульсон, И. А. Крыловтардың тәлімдік мәні зор шығармаларын аударып кіргізді. Ол өзінің хрестоматияға енгізген әдеби шығармаларының бәрін негізгі педагогтық ісімен тығыз байланыстыра білді. Яғни хрестоматияға енгізген материалдарды іріктеуде, біріншіден, әр халықтың тұрмыс-тіршілігі мен салт-дәстүрлерінен хабардар ету принципін, екіншіден, оқытуларды адалдыққа, қайырымдылыққа, еңбекке, ұқыптылыққа, тапқырлыққа тәрбиелеу, адамгершілік жақсы қасиеттерді олардың бойына таратуды көздеді. Үшіншіден, жастардың әсіресе бастауыш

сынып оқушыларының түсінігіне жеңіл, тілі жатық әңгімелерді іріктеп, тандап беруге тырысты.

Б. Алтынсарин бір өзі екі бірдей бағытта тер төкті. Бір жағынан, мектептерді тікелей ашу жұмысымен айналысты. Екіншіден, оқу бағдарламасының нақты мағынасы, жұмыс жоспарының мәні төңірегінде көп ізденістер жасады, оқу методикалық құралдар дайындады. Ол адамды еркін ойлауға жол ашатын, дүниетаным аясын кеңейтетін пәндерге назар аударды. Тарих, география, табиғаттану сабақтарына ерекше көңіл бөлді. Орыс қазақ мектептеріне ұсынған кітаптардың арасында «Зоология», «Минералогияның қысқаша курсы», «Ботаника», «Табиғаттану тарихының оқу атласы», «Элементарлық физика» сияқты жаратылыстануға арналған көрнекті еңбектері бар. Әрине, грамматика, әдебиеттік оқу, тарихи хрестоматия да оның назарынан тыс қалған жоқ. Ерекше назар аударатын жағдай, Б. Алтынсарин сабақ кезінде білім алу мен сабақтан тыс уақытта білім алуды ұштастыруды ұсынды. Сабақтан тыс уақытта оқуға табиғат туралы және химиялық әңгімелерді, сонымен қатар аса маңызды жаңалықтар туралы материалды пайдалануға кеңес берді. Бұл жерде педагог-ғалым баланы бір жақты ақпаратпен жалықтырмай, оның қызығуын әрдайым қоздырып, туындатып, жандырып отыру қажеттігін атап көрсетті [4, 6 б.].

Ыбырай Алтынсарин өзінің педагогикалық ұйымдастырушылық әрекетінде бірнеше маңызды принциптермен әдістерге сүйенді. Біріншіден, білім беруді әліппеден бастауды ұсынды. Әліппе дегеніміз – білімнің ең қарапайым сатысы, оны аттап кетуге болмайды. Екіншіден, білім беру жүйелік әр уақытта сақталуы қажет, әркімнің өзі білгенінше сабақ өткізуіне болмайды. Кез келген пәнді оқытуды белгілі бір жүйе, қабылданған стандарт болуы қазір де аса маңызды талап. Үшіншіден, білім беру ісіне теориялық баяндау мен нақты іс-тәжірибе бірін-бірі толықтыруына аса үлкен мән берген. Төртіншіден, білім берудегі этникалық ерекшеліктерге мән берді. Бесіншіден, білім беруде баланың жыныстық қасиеттерін де есепке алу қажеттігіне ұсынды. Отбасында, қоғамда қыз бала мен ер баланың өзіндік орны мен ерекшеліктері бар. Алтыншыдан, Б. Алтынсарин білім беру процесінің ізгілікті сипатын анықтайды. Білім адамды рухани байытады, жанын жадыратады, жақсылыққа жетелейді, көңілін көтереді, рухын нығайтады, жігерін күшейтеді.

Б. Алтынсарин 1886 жылы «Қазақтың болыстық мектептері туралы записка» деген еңбегінде Торғай облысындағы мектептердің жағдайын сараптай отырып: «...отырықшы халықтармен сыбайлас болып отырған қазақ халқының арасында өзінің көрші тілін білуге, олардың жазуын үйренуге ұмтылушылық күшейіп келеді, өйткені, біріншіден,

олардың қазіргі экономикалық және саяси жағдайының өзі аяқтарын аттап басқан сайын дерлік, мысалы, орыс тілін, орыс жазуын білуді қажет деп отыр; екіншіден бұл халық өзінің табиғи жаратылысында әр нәрсені білуге құмар және ұғымпаз зерек халық» деп жаза отырып, осы табиғи мүмкіндіктерді дамытып, оны халықтың игілігін арттыруға тиімді пайдалануға жағдай жасау қажеттілігін ескертеді. Б. Алтынсарин «Қазақ мектептерінде орыс тілін оқыту» жөніндегі оқу құралына өзінің негізгі идеяларын баяндаған. Б. Алтынсарин өмір сүрген уақытта орыс тілін ғылым мен білімге ұмтылу үшін үйрену қажеттігі алдыңғы қатарға шықты [5, 11 б.]. Кеңес дәуірінде қазақ балаларының көбі орыс тілін еркін меңгеріп, қос тілді тұлғаларға айналды. Қазақстан ұстанып отырған тіл саясатының мәні осында. Тілді жақсы білу – толеранттылық мәдениетін қалыптастыруға негіз болатын маңызды фактор. Республикада бірнеше тілдерді еркін меңгерген азаматтардың саны көбейіп келеді. Бұл қазақ халқының менталитетінен заңды туындайды.

Қорытындылай келе ұлы-ағартушымыз Б. Алтынсариннің мұраларын зерттеу жайы туралы көптеген белгілі ақын – жазушыларымызға тоқтала кетсем. Белгілі ғалым Қ. Жұмағұлов «Қазақ халқының ұлы демократ ағартушылары» атты еңбегінде Б. Алтынсариннің ағартушылық қызметіне, өлеңдерінің тілі мен құрылысына ғылыми талдау жасады. Көрнекті Ыбырайтанушы ғалымдардың бірі – Ә. Дербісалин зерттеулері Б. Алтынсариннің ұлы педагог, ағартушы және жазушылық қырын аша түседі. Ыбырайдың қазақ халқының рухани болмысын аздырмау жолында арыстанша арпалысқан әрекетін, оның қайраткерлік тұлғасын ашатын мол мұрасын – іс-жазбалары мен хаттарынан көреміз. Ұлы ағартушы туралы келесі зертеулердің бірі – ақын, филолог ғалым Б. Ысқақовтың «Ағартушы. Демократ. Ғалым» атты мақаласы. Мұнда автор ағартушының өмірімен шығармашылығын тілге тиек ете отырып, оның маман даярлау және мектептанудың өзекті мәселелерін өз заманында-ақ жете түсіне біліп, жетілдіру жолдарын ұсынған ағартушы екендігі талданған. Белгілі ғалым Ә. Сыдықовтың «Алтынсариннің педагогикалық көзқарастары» атты еңбегі – ұлттық педагогиканың дамуына өзіндік үлес қосқан қомақты зерттеу. Ол ағартушының «Қырғыз хрестоматиясын» бастауыш ғылыми білім берудің энциклопедиясы деп бағалайды. Ә. Сыдықовтың аталмыш еңбегі Б. Алтынсаринді әрі әдіске, әрі мектептегі тәрбие ісі мен мектеп кітапханаларын ұйымдастырудың, оқулықтану мен мектептанудың негізін қалаушы ретінде танытады. А. Ф. Эфировтың «Өмірі мен педагогикалық қызметі» атты көлемде мақаласында Б. Алтынсарин ашқан Орынбордағы мектептердің мақсаты, ондағы оқу-тәрбие жұмыстары, ағартушының қызметтері, педагогикалық көзқарастары, шығарған

оқулықтары кеңінен таралған. Әдебиет зерттеушісі, филолог ғалым С. Әсіпов «Ұлы ұстаз» мақаласында оның ағартушылық, педагогикалық еңбегіне тоқталып, кітапхана ісінің негізін қалаушы екендігін ерекше атап өтеді. С. Ешімхановтың «Ұстаздан ұлағат, ұлыдан өнеге» атты мақаласы Ы. Алтынсариннің мектептер жанынан физика, химия кабинеттерін ашып, дала балаларын алғаш рет барометр, микраскоп, электромагнит, телеграфтың жұмыс істейтін иоделдерімен, ғажайып шам, әр түрлі коллекциялармен таныстырған ғалым ретінде танытуымен ерекшеленеді. Оның ағартушылық, педагогтық көзқарасы негізінен, орыс педагогтарының ықпалымен қалыптасты және қазақ халқының ұлттық тәрбиесінің негізіне сүйеніп жүргізді. Халық педагогикасының адамгершілікті, үлкенді сыйлауы, еңбекке, өнерге үйретуді уағыздаған негізгі қағидаларын жақсы біліп, оны басқа халықтардың оза ой-пікірлерімен толықтырып дамытты. Ол елін надандыққа қамап отырған феодалдық-патриархалдық, рушылық қоғамның керітартпа жақтары мен патша үкіметінің отаршылдық саясатын сынай отырып, туған халқының келешегіне зор сеніммен қарады. Осы айтылғандардың бәрінен түйетініміз: Ыбырай Алтынсарин – қазақ жеріндегі кәсіптік білім беру ісінің негізін қалаған аса ардақты тұлға, табанды қайраткер. Қалай болған күнде де, Ыбырай бабамыз көзін тапқан кәсіптік білімнің бүгінде кеңге қанат жайғаны мәлім. Ұлы ағартушымыз Ы. Алтынсарин негізін қалаған кәсіптік білім беру ісі бүгінде лайықты жалғасын тауып, жандана түсуде. Қазақстан Республикасының елбасы Н. Ә. Назарбаев 2010 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында: «Кәсіптік және техникалық білім беру кәсіби стандарттарға негізделіп, қатаң түрде экономиканың қажеттіліктерімен өзара байланыстырылуы керек», – деп атап көрсетті.

Ыбырай өз замандас отандастарының ағартушылық ой-пікірлерін қуаттап, қазақ жерінде оқу-білімнің шам-шырағын жақты, педагогтық-демократиялық көзқарастың негізін салды. Өз заманының озық ойлы азаматы болды. Ыбырай Алтынсарин бастауыш мектеп педагогикасы мен әдістемесінің негізін қалаған тұңғыш әдіскер-ғалым, кіші жастағы балалар психологиясына жетік педагог-маман, бастауыш мектеп оқулықтарының, әдістемелік құралдардың авторы. Сонымен қатар Ыбырай жастарды оқуға білім алуға үндесе, екінші жағынан, оқу, өнер, ғылым-білімге оның жалпы халық үшін керектігіне мән бермейтін ескі көзқарасқа соққы береді. Келешекке сенімі мол Ыбырай өмірі көркі, болашақтың иесі-жастар деп ұқты. Бүгінгі өміріміз көрсетіп отырғандай, Ыбырай Алтынсарин негізін қалап берген білім беру жүйеміздің ақыры жаман болған жоқ. Соңғы жылдары қазақ тілінің мәртебесі өсіп, оның әрекет ету аясы кеңейді. Бұған басты себеп – қазақ тілінде білім беру

кеңістігінің ұлғайып, сапалы оқулықтардың көбеюі. Ы. Алтынсаринның XIX ғасырдың аяғында өзінің педагогикалық қызметінде ұстанған негізгі принциптері ХХІ ғасырға аяқ басқан, бәсекеге қабілетті 50 елдің қосылуға ұмтылыс жасап отырған Қазақстанның қазіргі рухани – мәдени дамуында өзінің өзектілігін жоғалтқан жоқ. Керісінше, олар уақыт өткен сайын жаңа серпінге ие болып, дами түсуде. Бұл ғылым мен білім дамуындағы сабақтастықты және дәстүр тұрақтылығын тағы да дәлелдей түсуде. XIX ғасырда халқын заман көшінен қалдырмауға тырысып, далаға білім нәрін сепкен Ыбырайға өз қазағының арасында өмір сүру оңайға түспеді. Орыстың озық білімімен сусындаған, өз халқының маржанын көкірегіне жиган заңғар тұлғаны айналасындағылардың барлығы бірдей түсіне алған жоқ. Өзі өмір сүрген ортасында онымен білімі, ой-өрісі жағынан таразысы тең адамдардың көп болмауы Ыбырай трагедиясының бірі деуге болады. Абай айтқандай «көппен жалғыз алысты». Мүлгіген далаға озық жұрттардан келген жаңалықтың өзі бірден сіңіп кеткен еді, сондықтан Ыбырайға кездескен кедергі де аз болған жоқ. Далаға келген мектеп, орысша білім сол дәуір деңгейі үшін найзағайдың отындай әсер етті. Бірақ сананы өзгерту уақытты керек етті. Ыбырай Тобыл өзенінің жағасында, Қостанай қаласынан 7 шақырым жердегі қыстауында 1889 жылы 17 шілдеде ауырып қайтыс болды. Қорыта келгенде, Ыбырай Алтынсариннің әмбебап тұлғасын тану ұлттық дамуымызды танумен, білімділіктен кәсіби шеберлікке талап қылумен, іскерліктен мәдениетке ұмтылуымызбен, еуразиялық және әлемдік кеңістікке үйлесіп, орнықты мойындалуымызбен байланысты бола бермек. Ыбырай Алтынсарин-нағыз халықшы жазушы ағартушы ақын, өмір шындығын озық идея тұрғысынан таныта білген тамаша қаламгер. Ең бастысы Ыбырай Алтынсарин-педагог, халық ағарту ісінің ұйымдастырушысы. Егемен еліміздің өркениеттілікке жету жолында Ыбырай Алтынсариннің де үлесі бар екенін біліп, айта жүретін жаңа буын жастар бар деп сенім артамыз.

Қазақтың оқу-ағарту саласының апостолы Ыбырай Алтынсарин мұраларын жеріне жеткізе зерттеп, оны ұстаздардың ұлы ұстазы деп әркез әспеттеп отыру – бәріміздің абыройлы борышымыз. ...«Туған елге пайдалы іске қолдан келгенінше үлес қосу-әрқайсымыздың міндетіміз», – деп кеткен көреген ғұламаның сөзі де, ісі де әрқайсымызды өмірге құлшындырып, жаңа ғасырлардан жалғасын таба берсе керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 «Ы. Алтынсарин тағылымы». – Алматы, 1991.
- 2 «Қостанай таңы» газеті. – № 90. – 2009.
- 3 «Қазақстан жоғары мектебі» журналы. – № 1. – 2007.

- 4 «Қостанай таңы» газеті. – № 88. – 2009.
- 5 «Білім» журналы. – № 2. – Алматы, 2008.
- 6 «Қостанай таңы» газеті. – № 89. – 2009.
- 7 Республикалық басылым: «Егемен Қазақстан». – 2009.
- 8 «Саясат» журналы. – № 6. – Алматы, 2005.
- 9 «Қазақстан жоғары мектебі». – № 3. – Алматы, 2005.
- 10 «Білім» журналы. – № 1. – Алматы, 2009.
- 11 «Б.Алтынсарин». – Алматы, 2007.

СӘКЕН ЖҮНІСОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ДӘСТҮР МЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ

ТАУТИНА Б. А.

аға оқытушы, **Б. Алтынсарин** атындағы АрқМПИ, Арқалық к.
ҚАЙЫРБЕК М. Т.

Б. Алтынсарин атындағы АрқМПИ, Арқалық к.

Қазақ әдебиетінде өзіне ғана тән талантты шығармашылығымен, кең тынысты суреткерлігімен танылып, қайталана бермес бірегей туындылар берген қаламгерлер шоғырында Сәкен Жүнісовтың алатын орны ерекше. Өзінің алғашқы кесек туындысы «Жапандағы жалғыз үй» романымен, одан кейін жазған басқа да әңгіме повестерімен, драмалық шығармаларымен ол қалам қарымы қуатты суреткер есебінде әдебиет тарихына енді [1, 576 б.]. Шығармаларының ішіндегі оқырманды баурап алған, ерекше шабыт беретін туындысы екі томдық тарихи романы – «Ақан сері». Сәкен Жүнісовтың Ақан сері романының жазылуы жайлы белгілі қаламгер өз сөзінде Төлеген Қажыбай «Бұл тақырыпқа Сәкен Жүнісовтың баруы кездейсоқтық па, әлде көбіміз біле бермейтін заңдылық бар ма деген сауалдарға жауап іздеп көрелікші. Меніңше, заңдылық бар, бұл заңдылық Сәкеннің ішкі творчествалық таным түйсігімен Ақанға біртабан жақын характерлі үйлесімділігі дер едім» деген болса, кезінде заңғар жазушымыз Ғабит Мүсірепов Сәкенге «Мен «Ақан сері Ақтоқты» пьесасын жаздым, енді бұл тақырыпты сен жалғастырып, Ақан серіні жазсаң қайтеді» деген көрінеді [2, 12 б.]. Автордың Ақан сері бейнесін бейнелеудегі ұстанған бағыты аса мығым. Ақан серінің жеке бастың тұрмыс тауқыметін қатты тартқанымен, оның ісі, ой арманы мен өмірге деген талпынысы, құштарлығы, өнері, туған елінің, қадірлі халқының бостандығы, бақыты жолындағы ұлық күресіне бағышталған. Сәкен Жүнісов Ақан образын бедерлегенде, сол ақынның қоғамдағы тарихи көрсетіп қана қоймай, сол заман шындығымен, терең ұштастыра білген. Шығарманың басты

идеясы- «мыңмен жалғыз алысқан» Ақан серінің заман соққысынан жеңілгенімен, оның рухы жеңіліс таппайтындығында. Оның өнері өлмейді, халқымызбен бірге жасай береді. Жазушы тілінің байлығы мен көңілге қонымды ашықтығы осы Ақан сері диалогиясында айрықша көзге түседі. Ол сөйлем құрауда тіл байлығын өлшеп - пішіп, жалаң түрде қолданбай, бар ой-пікірін бір арнаға лықсыта төгіп, мазмұнның ішкі астарын беру арқылы екінші, үшінші мағынада шығарып отырады. «Ақынның өмірі – ертегі өмір. Судай сұлу, желдей екпінді, жалпақ жұртқа жат, жұмбақ өмір» [3, 200], – деп ақын Мағжан Жұмабаев айтқандай, Ақан өмірінің жұмбақ сыры көп адамдардың көңілін аударып, қызықтырған. Енді осы жұмбақ адамның бейнесін қара сөзбен сомдау арқылы Сәкен Жүнісов қазақ әдебиетіне кемелді, кең ауқымды, терең тамырлы туындының дүниеге әкелді. Сәкен Жүнісов – талғампаз жазушы. Ол оқиға біткенді тізбелеп, баяндап беруді мақсат тұтпайды. Қаламгер таңдаған әрекет те, деталь да типтік құбылыстарды терең ашуға көмектеседі [1, 589 б.]. Қандай өнерлі адам болмасын Ақандай серінің өлендерімен, әндерінен керемет шабыт алады осы орайда Ақан жайлы әдебиетіміздің жанашыр азаматтарының өзіндік ой-пікірлері бар. Мысал келтіретін болсақ ақын, фольклортанушы, этнограф Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы «Ақан сері – заманының сұңқары, қызыл тілдің ділмәрі, жігіттің құлшы жібегі, сөздің ағытылған тиегі» деп сипаттап кеткен. Ал, Кәкімбек Салықов болса, «Ақан сері дегенде Сырымбет, Құлагер елестейді, дарқан дарынды ақын, композитор, үздік әнші, асқақ азамат, ел мұңын жырлаған өзгеге ұқсас өнері де, өмірі де қазақ халқының мақтанышына айналды. Адам баласында сирек кездесетін сан қырлы дүлдүл бекзаттылықтың не екенін танып кетті». Бұл шығармада жазушының қаншалықты көп еңбектеніп, тер төгуімен қатар, үлкен қызығушылықпен жазып шыққаны қатты байқалады. Кез-келген адам шығарманы оқып отырғанда керемет әсерге бөленіп, өткен ғасырдың қаншама естеліктері мен шындықтарын айқын көре отыра Ақан сері туралы оның өмір сүрген ортасы жайлы сан түрлі ойлар түйеді.

«Тұсында сері болсын, пері болсын,

Ұнайды өмірімен Ақан маған.

Керексіз кісі болған ол заманға,

Қайткенмен бір жұмбақ сыр бар Ақанда.

Тегінде тегін бе екен Ақан сері,

Бұл да бір емес пе екен елдің ері?

Өз ұлын, өз ерлерін ескермесе,

Ел тегі алсын қайдан кемеңгерді» – деп Ілияс ақын жырлағандай Ақанның өмірі қандай қиын болса, сондай бізге беймәлім сыр жатыр. Ақан сері қазақтың бағына біткен асыл перзенті. Атығай-қарауылға,

бүкіл Көкшетау өңіріне аты жайылған аңшы, саятшы сері жігіт, өз жанынан шығарып айтатын әнші, суырыпсалма ақын барша жұрттың еркесі Қорамсаның Ақаны. Ақан дегенде Көкше өңірі, Арқа жері көз алдымызға елестейді. Өзінің әсем әнімен, тамаша дауысымен, керемет ақындық өнерімен бар жанды өзіне баурап алатын серінің қазақ даласының қай баласы болмасын сүйсіне тындайтын. «Ақан қайда?» «Мына дауыс Ақандыкі ғой», «Біз тамақ іше келді дейсің бе?» дескен ауыл жастары болсын қариялары болсын осылай Ақанды іздейтін. Ақан қай ауылда болмасын – Ақан. Еңкейген кәріден, еңбектеген балаға дейін біледі. «Ақан келді ауылға» дегенді жұрт естігенде көрінген той-томалаққа еліге бермейтін кәрі құртандарға дейін жалғыз атына міне салып асыға келіп жататын [4, 53]. Әсіресе, Құлагермен Ақан келе жатыр дегенді естіген бүкіл жұрт шулап жолын тосып, үлкен сүйіспеншілікпен күтіп алатын. Ақан ел аралап, серілік құрып, үнемі достарын ертіп, жұртты шаттыққа бөлейтін. Сегіз қырлы бір сырлы жігіт Ақан мен деген мықты, өнерлі жігіттерді ертіп, жолға сапарға шығатын. Серімен оның жолдастарының мінген аттарына дейін жүйрік, киген киімдері жинақы, әсем, жүріс-тұрыстарының өзі жұрт қызығарлық болатын. Сұлу киім, жүйрік ат, алғыр бүркіт Ақанда болады. Біріне бедеу мінгізіп, біріне бұлде кигізіп дегендей, 15-20 жігітті өзі тәрбиелеп, нөкер қылып алады. Жүргенде сол жігіттердің алдында қолбасындай оқшау отырады. Біресе боз атқа мініп, ақ киінген. Біресе қара атқа мініп, қара киген. Басында- бұлғақтаған үкі, қолында - домбыра, аузында – ән... Жігіттердің бәрі балуан, бәрі әнші. Бірақ Ақанның әні өзгеше. Даланы күңіретіп, Ақан ән шырқаса, би билігін, кемпір өрнегін, сұлу кестесін қойып, аңырып тындай қалады. Қалың қарауылдың қара көздері «Ақанның әні-ай!» деп деп күрсінеді. Сүймесе сері дер ме еді, қалың қарауыл Ақанға сері деп лақап ат береді. Ақан сері-ойын-сауықтың, той-думанның гүлі. Әрі шешен, әрі тапқыр, әрі кесіп айтатын турашыл сері жігіт – қасиетті, таза, сап мөлдір махаббаттың, шынай әсемдіктің, бұла сезімнің жыршысы. Сырты оюлы, іші оюлы, нәзік әшекейлер мен сипаттауларға негізделген иірім-толқындары ерекше нақышты, кестелі толғауларды шығарушы [2, 195 б.].

Сері өзінің жанына ең жақын, адал достарын ертеді. Соның бірі Ақанның қасынан бір елі қалмайтын, қалжыңқой досы – Шәкей еді. «Шәкей шынында да әнші, әсіресе домбырашы жігіт. Ақанға еріп, ел аралағаннан бері әнге де, күйге де бұрынғыдай салғырт қарамай, жанға қорек, елге керек өнер деп ұға бастаған» [4, 54 б.].

Иә, әлбетте солай болмақ. Ақан сері өзінің серіктеріне өнердің қадірлі, қасиетті екенін, ән шығарып айтқан соң, ол елге жайылып таралған соң, оны қалай болса солай айтпау керек оны нақышына келтіріп, бар жан-

дүниесімен беріліп, орындау керектігін үнемі достарына ұғындырып, ескертіп отыратын. Міне, сондықтан да Шәкей өзінің орындап жүрген ән мен күйіне басқаша бір көзқараспен қарайтын. Шәкей қандай отырыста болмасын, жұртты күлдіріп, көңілді, қылжақбас мінезімен барлығын баурап алатын. Қандай ән айтса да жеңіл, күлдіргі әндер айтып, өзіне жараса кететін. Бір отырыста «Ақанның «Қыз сипаты» деген өлеңін маңындағы қыздарды қабағымен, иегімен ымдай отырып, айтып біразына тидіріп, одан соң «Ағаш аяққа» басты. «Ала жаздай нәр татпай іздегенім қыз болды ойбай, қыз болды-ай!» деп ойбайын салып, өтірік жылап, көзіне жас алғанда үйдің ішін қыран-топан күлкі кернеп кетті. Енді бір кезде «Өлеңді жатып та айтам, тұрып та айтам, тым еріліп, есіріп алғанымда жорғалап құйрықпенен жүріп те айтам» деп құлағын, құйқасын қимылдатып, отырғандардың ара-арасымен босағаға қарай жорғалағанда қыздар, кемпірлер тырақайлап қашып, жастар ішек-сілелері қатып, күлкіге батты» [1, 54 б.]. Шәкей серінің досы ғана емес, сонымен жанашыры, қандай жағдай болмасын Серінің үнемі қолдап-қолпаштайтын жанның бірі. Ақан Ұрқияны алып қашып кеткенде, оған көмектесіп, бар жақсылығын жасайды. Оны біз мына жерінен байқаймыз. Ақан Ұрқияны алып жігіттерімен үңгірге қашады, сол сәтте Шәкей серінің анасына барып, ел жұртта не жаңалық болып жатыр екен деп білуге кетеді. Жағдайды барлап қайтқан Шәкейден Сері және жігіттері суық хабар әкеледі-ау деп күтеді. Ал, Шәкей болса

«Өйдөйт дерсің, өздерің тіпті жұмақтың төрінде отырғандайсыңдар ғой, түф дүниенің рахаты осында ғой» – деп, үңгірге көңілді кіріп, елден суық хабар әкелгенін мүлдем білдірмейді. Сөйтіп Ұрқияға «–Оу, Ұрқия, көтер көне басынды, өз қолыңмен жай қане дастарханды асынды», – тақпақтап, қоржын ішінен мол базарлық шығарады [4, 185 б.]. Мол олжамен келген Шәкей дорбасынан неше түрлі тағамдарды шығарып, көңілсіз отырған Ұрқия мен Ақанды көңілдерін көтеріп тастайды. Ақан досының мінезін аңғарып, қияметтің қыл көпірінен де бірге өтуге даяр адал серігінің сөзі мен ақжарқын мінезін сырттай қызықтап отырады. Ақтоқтыны қимай жүрген Ақанның мінезін байқаған жолдасы серіге сырттай қарындасы Ұрқияны лайықтайды. Міне енді жарасымды жұп екенін сезген Шәкей алып қашуға көмектеседі. Шәкей қандай жағдай болмасын кез-келген жолмен қыбын тауып шығып кететін.

Ақанның Шәкей сияқты домбырашы әнді орындағанда сазына келтіріп, керемет орындайтын әнші жолдасы – Сұлтамұрат еді. Ақанның «Майда қоңыр», «Жігіттің падишасы Әмір Темірді» ширатып, толқытып айтқанда санқылдаған ұранды дауысы ағаш үйді жаңғыртып жіберетін» [4, 49 б.]. Бұрын Сұлтамұраттың атын естігенмен, өзін көрмеген,

дауысын естімегендер бағана «Ақанның қасында жүретін әнші жігіт дегенде, қазанның түп күйесіндей қара жігітті қорашсынып, осы ма мақтап жүргендері деп іштей мысқылдай қараған, сырты қара болса да іші толған өнер екенін қайдан білсін. Сұлтамұраттың әніне риза болған Ақан бірде: Шіркін-ай, тосын көрген баласының, жүрек қабы жарылатын жүзінді теріс қаратып қойып, бал татыған әнін ді тындай берер ме еді» деп еркелете күліпті. Ақан етінің қаралығын кетірем деп Сұлтамұратты Сарыкөлге апарып, үш иіс сабынмен жуыпты деген құрдасының да қалжыны елге аңыз боп тараған. Ақан бар жолдастарын өзіне жақын тартқанымен, Сұлтамұратқа деген пейілі ерекше болатын. Ол да Ақан сияқты атақты серіге еріп, ел аралап, жұрт танып жүрген еді. Бірақ анасының мезгілсіз қайтыс болуы, жып-жылы ұясын суық азынаған үйге айналдырып жібереді. Ақан достарымен сауық құрып жүрсе де Сұлтамұраттың үйленбей жүргенін ойлайтын. Бұдан төрт-бес жыл бұрын Ақан Бәтжанмен Ожымбайды Құлагердің бәйгесінен қалың беріп, үйлендірген. Ал Сұлтамұрат ше анасы қайтқалы бері, күн көріс үшін ел аралап, ән айтып жүргенін естіп Серінің жаны ашып, Сұлтамұратты іздей береді. Алайда, Сұлтамұрат Қадишамен көңіл қосады. Әрине бұл Ақан үшін және жолдастары үшін тосын жаңалық болғанымен барлығы қуанып, жақын достары бақыт тілеген. Ақанның ең асыл жанашыр достары – Шәкей, Сұлтамұрат болса, осылардың қатарына Қадиша да бар еді. «Қадиша-Тастанның кіші тоқалы жасы жиырма алтыға жаңа келген жас келіншек. Осы үйдегі Ақтоқтыдан кейінгі әйел жынысының көріктісі. Басына тартқан жеңіл ақ жібек шалысы болмаса, ауыл үй қыздарының бірі деп ойлайтындай. Әлі уылжыған жас, үлбіреп тұр» [3, 47 б.]. Қадиша Сері екеуінің арасында болған жастық албырттық сезімге қарамастан, Ақанға Ақтоқтымен кездесуге көмектеседі. Қадиша талай жыл Тастан байдың тоқалы емес, күніндей болып, отымен кіріп, күлімен шығады. Бейшара әйелді отырса опақ тұрса сопақ етіп жер жебіріне жетіп, күн көрсетпейді. Осындай қорлықтар көрген Қадиша ойламаған жерден Сұлтамұратқа жолығады. Ақан серіге Сұлтамұратпен Қадишаның көңіл қосқандары әрине таңқалдыртты, дейтұрғанмен Сері екеуі үшін қатты қуанышты еді.

Ақан серінің жанашыр достарынан бөлек осы шығармада барлығының өсегін елге жеткізіп, жұртты жаңалықпен, әзіл-қалжыңға қарық қылатын кейіпкер ол – Су Құсайын. Құсайын жасынан өке-шешеден жетім қалып, жоқшылық тауқыметін тартқан жетім бала байлардың қойын бағып, қозысын жайып, күнелткен. Жігіт болып есейгенше осы кәсібін талшық етіп, мінезі момын қойшының бойындағы бір қасиеті аса ертегішіл. Ертегінің неше атасын біледі. Келе-келе өзі де жанынан шығарып, әңгіме де айтуға дағдылана бастаған. Әңгімесі әрі қызық, әрі

шылғи өтірік. Қызық өтірік айтатын тазша бала құсап, қисынын келтіріп соғатын Құсайынды жұрт аузын ашып, көзін жұмып тындайды. Ел содан бері, бұрын да өтірік әңгімелер айтатын Құсайынды «Су Құсайын» деп атап кеткен. Су Құсайынды Ақан Ақтоқтыға алып қашатынын айтып, оған ескертсін деп жібереді. Су Құсайын болса, Ақтоқтының жездесімен апасының үйіне келіп, бүкіл елдің жаңалығын айтып, жұртты қызықтырып қояды. Артынан жездесі Еркімбай Ақтоқтыны таң атпай еліне жеткізіп, беруді ойлайды осыны естісімен Құсайын Ақанға естіртемін деп алып-ұша жөнеледі « Ойбай, жеген етке, ұйқыға мәз болып, аузымды ашып, бетімен жатыр екем ғой, енді қалай ұлгердім» деген Су Құсайын ояңандай жалма-жан атып тұрады. Ақан серіге көмектесемін деп, Жалмұқанның тұсағына түсіп қалады. Әрине бұлай болар деп ойламаған еді. Шығармада фольклорлық дәстүрде бейнеленген қу тілді, жалғыз аяқ жарлы Су Құсайын тамаша жарасқан траги-комедиялық образ болып шыққан. Су Құсайынның характері осы тәрізді образ қазақ топырағына баяғы бір мал баққан көне заманнан бермен қараай бауыр басып, ұлт бойына етене сіңген типтік бейне екенін аңғару қиын емес. Автордың ұтқаны- әрбір қылығы кісі көңілін қытықтап күлкі шақырып тұратын осы бір тумысынан берекесіз траги-комедиялық бейнені шынайы бере білгенінде [1, 590 б.]. Ақан қоғамнан шеттетіліп, туыс-туғандарынан айрылып, тіпті бауырларымен де жүз шайысқан кезде сақау баласы Ыбанды алып әкесінен қалған қыстауда өмір сүреді. Сол кезде осы Су Құсайын екі аптадай қастарында болады. Бірақ, үнемі ауыл аралап, ел үстінен күн көріп үйренген ол Ақанмен қоштасып кетіп қалады.

Қай кейіпкерді алып қарасақ та серіге жанашыр, үнемі көмек қолын созуға даяр тұратындарын, өнер десе ішкен асын жерге қоятын жандар екенін байқаймыз. Кейіпкерлердің драмалық, психологиялық күйлері мен әрекет –амалдарының философиялық иірімдері үндесе келіп, Ақан серінің тұлғасын көтере түскен. Туындыда қатыгез уақытта ғұмыр кешкен қазақ қауымының дәулеті шалқыған мырзалары, зиялы азаматтары, ақын, әншілерінің қиын-қыстау тағдыры жан-жақты ашылады. Осындай қым-қиғаш оқиғалар желісінде Ақан достарынан ажырап, жалғыз қалады.

Қорыта келгенде, Сәкен Жүнісов – ұлттық прозамыздың драматургиямыздың байрағын желбіретіп, оқырманына сүбелі-сүбелі шығармалар берген қазақтың қабырғалы қаламгерлерінің бірі. Ол замана шындығын өз шығармаларында шынайы көркемдікпен бейнелеу шеберлігімен әдебиет тарихында өз орнын алады [1, 606 б.].

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақ әдебиетінің тарихы (10 томдық). 9- том. – Алматы, 2005.

- 2 Негимов, С. Шығармалар жинағы. – Астана : Фолиант, 2015.
 3 Жұмабаев, М. Шығармалар жинағы. 3 том. – 2008.
 4 Жүнісов, С. Ақан сері, 1 том. – Алматы, 1981.

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ КАТАРСИС

ТАУТИНА Б. А.

аға оқытушы, **Ы. Алтынсарин атындағы АрқМПИ**, Арқалық к.
МҰХАМБЕТКЕРЕЕВА Г. І.
 студент, **Ы. Алтынсарин атындағы АрқМПИ**, Арқалық к.

Жалпы катарсис ұғымы сонау антика заманынан бастауын алған. Бұл ұғым тек әдебиетпен ғана емес, психология, философия сынды ғылымдармен де тығыз байланысты. Бұл ұғымға алғаш рет анықтама беріп кеткен Аристотель, ол катаристі «трагедиялық тазару» деп түсінген. Бірақ осы тазарудың түсінігі жайлы көптеген зерттеуші ғалымдардың зерттеулерінде қарастырылған. Осыған мысал келтіретін болсақ, Антика заманының философиясында көп кездесетін ұғымның бірі және сол заманнан бастауын алады. Соған дәлел ретінде А. Ф. Лосевтің «История Античной эстетики» деген жоғары классикалық кітабында тазару ұғымына мынандай тұжырым келтірілген «Здесь особенно важно понимание у Платона синтеза страдания и удовольствия в трагедии, куда нужно отнести и платоновское учение об очищении. В общем виде проблема очищения у Платона рассмотрена нами» [1, 70 б.]. Яғни Платонда катарсисти қарастырып, бұл проблематиканы зерттеген. Осы тұжырым бойынша Аристотельден кейінгі катарсисти қарастырушы Платон екенін көре аламыз. Ал Аристотельдік болжам бойынша тазару көп жағдайда эстетикалық ұстанымда жүзеге асады.

Орыс әдебиеті классиктерінен Чеховты, Толстойды мысалға келтіре аламыз. Және осы өнерді жан күйзелісі ретінде пайымдаған Л. С. Выготский: «Өнерді сезім арқылы қабылдаған кезде одан алатын әсер мен түйсіну елеске айналады, бірақ бұл көңіл күй сонымен аяқталмайды, сондықтан да өнер психологиясын кәдімгі эстетикалық толғанысқа түсіретін тараудан бастамау керек, керісінше екі үлкен проблемадан – сезім мен әсерелей елестетуді талдаудан тарату керек. Тіпті, былай деп тура айтуға да болады, өнер психологиясын дұрыс түсіну – осы екі түйсіктің тоғысуынан басталады, өнерді түсіндіруге тырысқан психологиялық жүйелердің дені тұтастай алғанда, сезіну мен түсінудің аражігін ажыратуға тікелей қатысты» [2, 309 б.]. Сонда сол өнер арқылы адам жаны тазарып,

тыныштық табатынын көре аламыз. Ал енді осы катарсис ұғымының қазақ әдебиетіндегі орнын көрсетсек.

Әрине, катарсис сөзінің біздің қазақ даласына қай ғасырда келгені белгісіз, ол Абайдың заманы ма, әлде одан да әрі ме ол жағы жұмбақ, бірақ ол да біздің сөз әдебиетімізде өз орнын тапты. Қазақ менталитетімен де, дінімен де, ділімен де қатар ұштасты.

Біздің прозада бұл ұғымнан кенде қалмады. Біздің аға толқын жазушыларымызда бұл феноменді өздерінің шығармаларында дәлелдеп көрсетті. Дала философиясының, дала психологиясының трагедиялық тазаруын жазды. Енді сол тазарудың әдебиетіміздегі орнын анықтап кетсек. Әдебиетіміздің озық үлгісінде тазару мәселесі көптеп қарастырылмағанымен, төл туындыларымызда жазылып та, анықталып та жүр. Бұл жұмысымызда қазақ жазушыларының шығармаларындағы қайғы-мұннан арылтатын ұғымды қарастырамыз. «Көркем шығарма арқылы адам жанын осыншама күйзеліске түсірген талант – дүние жүзінде бірен-саран. Ол Шекспирдің «Гамлеті», Гетенің «Фаусты», Достоевскийдің «Ағайынды Карамазовтары». Әзірше өнерді катарсис ретінде зерттеген психологтардың негізі ұстанарлары осылар. Бұған, әрине, Құнанбай образы да қосылады. Бірақ, оны тиянақтай тұжырымдаған қазақ психологы Мұхтардың көзі тірісінде болған жоқ. Түбі болуы тиіс. Болады да. Онсыз, Әуезовтың творчестволық қайшылыққа толы коллизиясы да ашылмайды» [2, 310 б.]. Тағы да көзімізді жеткізген қазақ әдебиеттану ғылымына сүбелі үлесін қосып жүрген әдебиеттанушы ғалым Тұрсын Жұртбайдың пікірі. Әлем әдебиетінің озық үлгілерінде кездесетін катарсис қазақ прозасында да шет қалмаған. Терен философиялық ұғымда біздің прозада қолданысқа ие. Оны Мұхтар Әуезовте қолданған. Қазақтың ұлы жазушыларының бірі – Мұхтар Әуезовте өз еңбектерінде кеңінен қолданып, жан күйзелісін анықтап, оған атау беріп, шығармаларында көрсетіп кетті. Классикалық әдебиетімізде және қазіргі қазақ әдебиетімізде де бар. Қазіргі әдебиеттің түрлі жанрында жазатын жазушыларымызда да катарсис кездеседі.

Аристотельдің кезінен келе жатқан тазаруды бүгінгі прозаиктерімізде шет қалдырып жатқан жоқ. Кейіпкелер нарықтық заманның баға жетпес уақытында күнәдан арылуда. Сол себепті оқырман қауымға ой салып, күнәдан құтылудың жолын сілтейтіндей. Ондай шығармаларымызда көптеп кездеседі. Жазушылар қазіргі қазақ оқырмандарын ой салып, рухани тыныштыққа бағыт-бағдар беретін заманға жеттік. Енді қазіргі прозамыздағы катарсистиң орнын, қолданылуын, мақсатын талдай кетсек. Осы талдауымызда Дидахмет Әшімханұлының, Асқар Алтайдың шығармаларын зерттеу объектісі ретінде алып отырмыз. Басты кейіпкердің

көтерген жүгін бір мезетте жоқ қылып, оны ауыр ой түгіл жан азабынан құтқаратын шығармалар көп. Олардың бірі бәрімізге белгілі жазушы Дидахмет Әшімханұлының «Зауал» әңгімесіндегі басты кейіпкер Кемелдің аңшылық, саятшылық өмірінің соны тек қана трагедиямен аяқталмай, басты кейіпкерге қателігін түсіндіріп кеткендей жағдайда аяқталуының өзі керемет. Кемел ес білгелі аңшылықпен күн кешкен саятшы еді. Көбіне суыр сында аңдарды аулайтын, соларды азық қылып күн кешетін. Аң аулау ата кәсібі болатын, өйткені үйдегі бес баласын асыраудың қамы еді. Сол күні аңшылыққа жаңа бет бұрып келе жатқан інісі Кәрім екеуі саятшылық құрған еді. Кәрім үлгі алып жүрген ағасының жауыз екеніне сол кезде куә болды, өйткені шырылдап жатқан суырларға жанашарлық танытпады, шырылдап жатқан табиғаттың ерке жануарларына аямады. «Өстіп келе жатқада, табан тіреген бір тасы төңкеріліп түсті де, тасыр – тұсыр домалай жөнелді. Бұдан соң ақтық рет ащы айқайлағанын біледі...» [3, 15 б.]. Өзі жасаған жамандықтың ендігі құрбаны – өзі болды. Табиғаттың заңын арқар бейнесінде көреміз, себебі ол арқарды қуалаймын деп жүріп, күздан құлап кетті. Өлшеулі ғұмырында өз тағдырын өзі шешті. Ар азабымен, жан азабымен, өткен күндер елесімен алысты. Әділетсіз емес, әділетті жаза. Жауыздықты жауыз жазасын өтесін, өлімнің дәмін татсын, жалғыздық та, күз басында шарасыз, мүсәпір күйде ойлансын дегендей... Сонда тіршілік атаулының барлығы үйлесімділікте өмір сүрмесе, қайғы артынан қайғы туындауы шарт. Автор кейіпкердің өлімі арқылы сол қиянатты тазартып, адам мен қоғам арасындағы тепе-теңдікті қайтіп орнатқан. Ал бұл трагедиялық катарсис арқылы әр нәрсенің өзіндік орнымен, мәнін көрсетіп тұр. Оны автор шығарманың басты мақсаты ретінде алған. Дидахмет Әшімханұлының осы әңгімесі де қазіргі қазақ прозасында осы катарсис терминнің бар екендігін дәлелдеп тұрғандай, сол себепті де біздің әдебиетімізде де өз орнын тауып, әлі күнге дейін шебер қолданылуда.

Келесі қарастыратын шығармамыз жазушы Асқар Алтайдың «Қара бура» әңгімесіндегі тәлкекке түскен түрлі тағдырлардың бір арнаға тоғысуы. Ескендердің өмірінде түрлі жайт та, қабырғасын қайыстырар қиындықта көп болды. Өмірінің жарық жұлдызы, өмірінің мәні – Ақнәр болатын. Сонау қаһарлы жылдардағы уәделесіп шарасыз Ақнәрді әйелдікке алды. Ол кезде Ақнәр уыздай жас еді, әкесі де билікпен қуғындалып жатқан кезде жалғыз үміті – Ескендір еді, сондықтан да қаһарлы жылдардың ызғарынан құтылу үшін Ескендірге тұрмысқа шықты. Өмір атты мұхитта өз жолын таба аламай жүзген кеме болатын. Ескі жараның жазылмағандығы ма, жаңа өмірге үйренісе алмады. Бойына бала біткенде Ескендірдің жүрегін әжелік махаббат кернегенде, Ақнәр аналық махаббатты да, бақытты да сезінбеді, тек айналасын қоршаған

жалғыздықты сезінетін. Осы шақтағы өмірі ешқандай әсер етпейтін, сол себепті де құрсағындағы сәбиді де елемеді. Шексіз үмітін сөндірді, өмірдің ғажайыбына, дүниенің керемітіне сене алмады. Ақнәрда жалғыз қара бура секілді өзін жұбайлық өмірде жалғыз сезінді, әлемде жалғыз сезінді өзінің жалғыздығымен өзі арпалысты. Қара бура да Ескендірдің малы. Оның сыңарын кәмпеске кезінде Ресейге жіберген. Содан бері қара бура сыңарын іздеп қаңғырып кетеді.

Өзінің өмірінде ең бір ауыр шешімге келді. Жан забына шыдамады. Жалғыздыққа шыдамады. Қуғын-сүргін жылдарындағы ойрандалған тағы бір отбасының тағдыры болатын. Ақнәр өке амандығы үшін түйеші Ескендірге тұрмысқа шықты, алайда бақытты бола алмады. Сонда бұл жайға еріксіз бұғауланған Ақнәр күнәлі ме, әлде жүректі жылыта алмаған Ескендір ме? «Құр жүгірісті қойып, орқаш-орқаш қабырға жартастың етегін ал Ақнәрді іздеуге көшкен. Кешікпей бар шындықтың басынан шығып, бар сұмдықтың үстінен түсті... Тіл-аузы байланып, жерде жатқан жандарға қаранып, ары-берлі ақ будың ішінде жүре берді. Екеуі де бір-бірінен алыс жатқан жоқ. Әлдебір аппақ алаңқайлы қарға түсіпті. Айналасы киіз үйдің орнындай жерде қандағы шашырамаған жер қалмапты. Бейшара, Ақнәр қарның күз басынан құлап келе жатқанда сойдиган сояу тастардың бірі ілсе керек, нәрестені ақтарып түсіріпті! Баланың жолдасы әйел мен баланың ортасында қалыпты да, алты-жеті айлық аппақ ұл жатырдан ақтарылған қалпында бір жеріне сызат түспей жатыр. Қайран Ақнәр, соншама биіктен құлап, томпиған қарны жарылып, бар қаны қотарыла ақтарылып жатса да, көпке дейін жан тәсілім ете алмай, бір орында ұршықша иіріле аунай жанталасыпты... Қайран, нағыз ер туар ару-ай! Ару Ақнәр!» [4, 16 б.]. Дәл осылай Ескендірде Ақнәрді жоқтаған еді. Бақытты жұбайлық өмірде, бақытты ана да бола алмай қыршынан қиылған жас өмір. Уылжыған жас қыздың сол зұлмат жылдардың тағдырын ойрандағаны аздай ең қиын шешімге әкеліп соқтырды. Өлі жарық дүниенің ағы мен қарасында көрмеген періште сәбиінде аямады, әлде өзі секілді басында билігі жоқ адам аты болмағанын қаламады ма? Осы сауалдардың барлығы жауапсыз қалған болатын. Сол жауапсыз сұрақтардың бір ғана жауабы – өлім, шешімі – өлім.

Автор өлім арқылы қоғамды ауыр құрсаудан бір сәтке болсын тазартуға тырысты. Жалғыз шешім өмір мен өлім арасындағы қазықты көрсете отырып. Сонда шығармадағы кейіпкерлерді жан азабынан, күнәдан, өмір қиындығынан осылайша құтқарды. Ал, сәбиді... Бәлкім, өзі сияқты бейбақты өмірге әкелгісі келмеді ме, әлде сүймейтін жаннан ұрпақ сүйгісі келмеді ме? Оның жауабын өзі білетін.

Сонда адам атаулы барлық күнә мен қайғыны өлімнен іздейтіні хақ, бірақ сол күнәлар жуып шайылды ма? Мәселе сонда...

Асқар Алтайдың керемет туындыларының бірі «Көзімнің қарасы». Бұл әңгімеде сұлу да, сымбатты қазақ қызының замануи тағдыры. Ол үшін бәлкі махаббат, ал әкесі үшін – сатқындық, өз ұлтына деген опасыздық. Қазіргі қоғамның ең келелі, ұлт тағдыры үшін маңызды мәселенің бірі шығарма арқуына негіз болды. Жазушы осы қоғамымыздағы өзекті мәселені көрсету арқылы бір сәтке болсын ауыр ойлар құрсауынан шығаруға тырысқандай. Заман талабына сай баламды ешкімнен кем өсірмеймін деген ата-ана перзентіне көңіл бөлмей, қоғамның тәрбиелеуіне жол ашты. Оқиға желісі қазақы тәрбиені көрген, оқыған отбасында өрбиді. Рамазан ақша қамымен Кавказ асып кетті. Көп ақшаның буына егіде үйренді. Оның жұмысының бірі Дағыстандағы жанкештілерді даярлықтан өткізу болатын, дәрігерлік кәсібінде сырт айналды. Өмірінің көп бөлігін Кавказдың тау – таусын мекендеумен, жас жігіттерге соғыс қимылын үйретумен күн кешті. Әскерде бірге болған досы Махмұт әскери іске епсек Рамазанды өз қол астына алды. Содан бастап Рамазан қу дүниенің соңынан ерді. Отбасын кейде айлап көрмейтін. Өміріндегі маңызды деген нәрселерден шет қалды. «–Көке, – деді жасы жиырманың ішіндегі бойжеткен, - қазір өмір өзгерген... Сіз түкте түсінбейсіз?

Қарашығым-ау! – деді еңгезердей азамат. – Түсінбейтін мына мен бе? Сен не деп отырсың? Махмұт, мына қыз не дейді? Анадан айтқан сөзім далаға кетіпті ғой... Қарғам-ау, не деп отырсың? Білемісің?!

Кеше...Кеше екенбіз, – деді Махмұт жағын қышырлата жанып. – Менің қызым болса...» [5, 155 б.]. Өзге емес өзінің қателігі еді. Жан дегенде жалғыз қызына махаббатын бар болмысын көрсететін, ол дегенде Рамазанның жаны бөлек болатын. «Тұқылын сілекейін сөндіріп, сол қолындағы Самалының «аманатын» ашты. Санасы сенбесе де, жүрегі дүрсілдеп, Самалына деген әлдебір үмітпен бір жапырақ қағаздың шетін жырты.

«Көке,кешір! (Үміті сенімге ұласты) Кешіріші, «Қарашығынды!» Менің аяғым ауыр... Сіз «қытай» десеніз де, мен осы дүнген дігітінің қолынан ұстадым. (Бәрі бітті! Ай-ай, басым-ай! Бұл маған жіберген Алланың жазасы...) Сіздің осы сөздерді оқығанда, қандай күйді бастан кешетінінізді түсінемін. Кешір, көке! Кешіріңізші!

Көке,менің өмірімде болаты бір-ақ рет болатын қуаныш қой... Тойға қайтсеніз де келіңіз! Тойымыз қазанның 10 күні.

Көке, бұл менің – аманатым... Сау болыңыз! Самал.

P.S. Университеттен бір жылға «академ» алдым» [5, 160 б.]. Соңғы үмітін өшірді, әкенің перзенті дегендегі сенмін ақтамады. Мұны Рамазанда

байқады. Сан ойларды арқалап, қарашығының қуанышты күнінде қасында болмақшы болған әкенің байқағаны мынау. Қызының шарасыздығына налыды, бейкүнә, пәк қызының біреуге тәуелділігін сезінді. Алматыға той-салтанатын келген әкесінің тілегі көпшілік күткендей болмады. «– Қош, қарашығым! – деді микрофонмен естіртіп. – Кешіріңіздер мені! Қош! Сөйтті де қолындағы кара микрофонды үстел үстіне қойды. Самал сонда ғана көздерінен жас ыршып, әкесіне қарай қарады. Әкесі болса, оң қолын қойнына салды да, қысқа қоңыр былғары күртенің ішінен тапаншаны суырып алды. Ол қайтып бір ауыз сөзге келместен сілтідей тынған жұрт алдынд басып-басып қалды» [5, 164 б.]. Қарашығын өзі жазалады, қолын қанға бояды, бауыр еті баласын осылайша жазым етті. Осылай ел алдында маскара қылған қызының абыройына да, текті ұлттың ары санаған аруларының басқа ұлтқа телмірткен соқыр сеніміне де нүкте қойды. Автор кейіпкердің ішін мүжіген ойларын, тапталған намыс бір оқпен шешу арқылы әкені де, қызды да ра азабынан құтқарып тұр.

Өзі арылмас ауыр күнәға батқан әке, ар алдында таза еді. Бұл әрине, автордың ойы. Жұрт қалай қабылдайды, ол оқырман еншісінде.

Қазіргі таңдағы көпеген мәселелер әдеби шығармаларда көрініс табуға және осы катарсисті қолдану арқылы қоғамды бір сәтке болсын тазартуда. Қазақ шығармаларындағы катарсис мәселесінің көтерілуі туралы іздену барысында, жоғарыда аталған шығармалар – күнәдан арылу, тазару ұғымдарын айқындап тұрғандай болды. Және Антика заманын бастауын алған катарсис ұғымы қазақ прозасында да ойып тұрып орын алды. Ендігі кезекте қазіргі прозамыздың керемет туындыларында әлі де қозғалатын өзекті мәселесіне айналатынына сеніміміз көміл.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Лосаев. Истории античной эстетики. – Москва, 1987.
- 2 **Жұртбай, Т.** Бесігінді аяла. Астана : Фолиант, 2002.
- 3 **Әшімханұлы, Д.** Сары самауыр. Рарирет, 2006.
- 4 **Алтай, А.** Қыр мен қала әңгімелері. – Алматы : Санат, 1998.
- 5 **Алтай, А.** Киллер сауысқан. – Арда, 2013.

ҚАЗІРГІ ПОЭЗИЯДАҒЫ ӨЛШЕМДЕРДІҢ ЖАҢА САБАҚТАСТЫҒЫ

ҮСЕН А. Ә.

ф.ғ.к., профессор, Л. Гумилев атындағы ЕҰУ,
Астана қ.

Қазіргі қазақ өлеңінде Қасым Аманжоловтың он буынды өлең өлшемі дәстүр дәрежесіне көтеріліп, қазақ поэзиясында жаппай үрдіс алып, құрылымдық жүйе ретінде кең қолданысқа енді. Қазіргі поэзияның көрнекті өкілдері Ұ. Есдәулет, Б. Қошым-Ноғай, Е. Раушанов, Г. Салықбай өлеңдерінде Қасымның он буынды өлшем мен жеті-сегіз буынды өлшемдер сабақтастығына құрылған ырғақтық-интонациялық жүйесі үлкен орын алған. Г. Салықбай өлеңдеріндегі төменгі шумақтар соның айғағы.

Жылады жаздың жапырақтары,
Құлады бірі шашыма.
Адамның көп қой ақымақтары,
Мен емес, соңы, басы да... [1, 53 б.]

Бұл шумақтарда он және сегіз буынды ырғақтық бірліктердің келісті, еркін, толқынды үйлесімін көруге болады. Е. Раушановтың алғашқы кезең ізденісін «Ақ жанбыр» және «Мен осынау жүрегіммен», «Солмашы, жауқазыным», «Дария жақтан көтерілгенде» өлеңдерімен бастайды. Бұл өлеңдерде он және сегіз буынды ырғақтар өзара шалыс ұйқаспен, жүйелі алмасып толқынды әуенмен тербеледі.

Жайсаң көктемнің жаршылары ма?
Жүзеді бұлттар төбемде.
Мандай төседім тамшыларына,
Сүйеніп тұрмын еменге [1, 62 б.]

Он және сегіз, он және жеті буынды өлшемдер сабақтастығы Ұлықбек Есдәулет шығармашылығынан да ырғақтық-интонациялық жүйе ретінде арақидік көрініп қалады. «Грамматика» өлеңінде он бір буынды өлшем мен жеті-сегіз буынды өлшемдер сабақтастығына құрылған шумақтар ұшырасады. Байбота Қошым Ноғай өлеңдерінің де көпшілігі осы сабақтастық арқылы өріліп, келісті, толқынды мәнер тудырады. Ақын Байбота сабақтастықтағы өлшемдерді түрлендіріп, он бір және тоғыз буынды өлшемдердің арасын жалғап, тұтас ырғақтық-интонациялық жүйе жасайды.

Қарғам менің, // қараңғы түн // жамылып,
Мен саған // сырымды // ақтардым

Дүрсілінен // жүректің мың // жаңылып,
Жырладым // мұның // бақтардың [2, 53 б.]

Алғашқы шумақта он бір буынды өлшемнің 4+4+3 өрнегі мен 3+3+3 тоғыз буынды өлшем өрнегінің сабақтастығына құрылған. Шумақтағы 1–2, 3–4 тармақтар бір ырғақтық-интонациялық бірлік қана емес, күрделі синтаксистік, семантикалық құрылым да. Бұл ырғақ сабақтастығынан туындайтын мәнер салмақты, толқынды болғанмен, 10–7 буынды өлшемдер сабақтастығынан туындайтын мәнердей келісті емес. Ал келесі шумақта он бір буынды өлшем 4+3+4 өрнегімен көрінгенде интонация ауырлап, келісімсіз шығады. Енді тағы бір өлеңінде ұзынды-қысқалы сабақтастықтардың аса күрделі түрін жасауға талпынады. Бұл өлеңнің екі шумақпен шектеліп, екі шумақтың бірі-біріне ұқсамайтын жүйе болып құрылуына қарап оны ақынның тәжірибелік шығармасы болар деген ой келеді.

Алыпсатар шашып кеткен бір сомдықтай жапырақ
Жаяулардың соқпағына қонды кеп;
Көкте күн түр бақылап,
Тамып түсе жаздап өзі көз жасындай мөлдіреп [2, 113 б.]

Өлең шумағының ырғақ жүйесі – 4+4+4+3 он бес буынды, 4+4+3 он бір буынды, 4+3 жеті буынды, 4+4+4+3 он бес буынды өлшемдерге негізделеді. Мұндай ұзынды-қысқалы өлшемдер сабақтастығы қазақ поэзиясына ежелден, батырлар жырынан тән үлгі. Ақын өзге тұтас ақындар секілді олардың жүйелі үлгісін жасауға ұмтылған талпынысы сәтті шықпағанға ұқсайды.

Ақын Б. Беделханда дербес ырғақтық-синтаксистік және семантикалық біртұтас құрылымдарды тасымалдауы арқылы өзгеше ырғақтық-интонациялық жүйе жасаудың тың үлгілері көп. Бақыттың түрленуші өлшем ретінде көп пайдаланатын өлшемі – он үш буынды.

Арманнан // (3)
Адасып қалып, // ақ сайтанменен // алданған, (13)
Басымыздағы // бақты үзіп алған // жандармыз (13)
Жақсылық // іздеп // жалғаннан. (8)

Ақын он үш буынды өлшемдерді түрлендіру арқылы өлең интонациясын құнарландырады. Шумақтарда өзара ұйқасушы дыбыстық үндестіктердің барлығы үш буынды болғандықтан өлең интонациясы шымыр, толқынды және келісті. «Түсімде» өлеңінде он үш буынды өлшемдердің 3-10-13-8 ырғақ жүйесін жасайды.

Түсімде
Күллі күрсінистердің ішінде,

Күсни-хат жазып құлазып отыр екенмін.

Кұсаға күпті пішінде [3, 28 б.].

«Түсімде» өлеңінде ақын ойының барлығын түсінде көргендей етіп құрып, болашақты барлап бағады. Тас құдайларға табынып, мүсінге айналған адамдар, ішіндегісін айта алмай тілін тістеген өзегі өртенген қалпын, бір уыс топырақ таба алмай, ауасы да, суы да, өлуге у да жоқ бетон қалаларды көрсету арқылы адамзаттың алдағы күндеріне сәуегейлік айтқандай. Мұнда біртұтас ырғақтық-синтаксистің құрылымды 3-10 буынды тармақтарға тасымалдау құбылысы ішкі ұйқас арқылы жасалады. Үш буынды түсімде деген бунақ соңғы ішінде деген сөзбен ұйқасып, тұтас құрылым екіге жіктеледі.

Он үш буынды өлшем сегіз және бес буынды өлшемдерге ажыратылып, екі тармаққа тасымалданып берілуі Ұ.Есдәулет шығармаларынан да үлкен орын алған үрдіс.

Даланы // көр де // бізді көр – (8)

Телқонырдаймыз, (5)

Ешқашан біздер // түмсықты // желге бұрмаймыз. (13)

Ал келесі шумақта он үш буынды ырғақтық-синтаксистік құрылым бес және сегіз буынды болып тасымалданады. Бұл ақынның өлеңнің мазмұндық ерекшелігіне орай ерекше логикалық екпін түсетін сөздерді екшеп көрсеткені болса керек.

Бетеге, жусан – (5)

жауығып, // тиісер елміз, (8)

бағымыз біздің (5)

жусаған, // күйсегеніміз. (8)

Бұл шумақта он үш буынды өлшем 5-3-5 болып үш тармаққа тасымалданады. Он үш буынды құрылым мазмұндық тұрғыдан біртұтас болғанмен, интонациялық, экспрессивтік тұрғыдан біртектес емес. Бұл ақынның әжуа тудыру тұрғысынан табылған сәтті шешімі. «Тамаша нағыз» деген сөздерге ойдың, шумақтың экспрессивті-эмоционалды екпіні түскен. Сондықтан тасымалданған бунақтар тұтас құрылымның бір бөлшегі ғана емес, ырғақтық-эмоционалдық жүйені түрлендіретін жеке құрылымдар, яғни цезуралар болып табылады.

Қазіргі қазақ өлеңінде жиі қолданылатын сабақтастықтар қатарына тоғыз буынды өлшем мен алты буынды өлшемнің сабақтастығы енеді. Гүлнәр Салықбайдың «Жан кетті жоғары» өлеңінде осы өлшемдер біртұтас жүйеге еніп, толқынды, келісті салмақты мәнерге негіз болады.

Жан кетті // жоғары

Беймәлім // айналып // соғары.

Төменде // адастым,

Тамыры // қажады // ағыштын.

Сонда да // келмейді // жақ ашқым...

Өзіме...// өзіме // обалым. [1, 184 б.]

Келесі шумақтарда олардың сабақтасуы өзгеше позицияда көрінеді. Сондай-ақ дербес алты буынды, тоғыз буынды құрылымды ақын ішкі мазмұндық жүйенің тербелісіне қарай жіктерге бөліп, оларды тасымалдап, түрлі тармақтарға қондырып, шумақтың интонациясын құнарландыра түседі.

Ақын Ұ. Есдәулет «Ескі қаламен қоштасу» өлеңінің ырғақтық-интонациялық негізін 1–2 тармақта тоғыз буынды, ал 3–4 тармақтарда алты буынды өлшемдер құрайды. Тоғыз буынды өлшем өрнегі – 3+3+3 болса, алты буынды өлшем кестесі – 3+3. Лирикалық кейіпкердің қоштасу сәтіндегі монтаны мұны соңғы алты буынды тармақтарда терендей түсуін ырғақтық-интонациялық өрісін өзгерту арқылы көрсетеді.

Бақытты сәттей боп қас-қағым,

Алматым, сенде өтті жас шағым.

Ұмытпас мені де,

Медеуім, Тастағым.

Ал Гүлнәр Салықбайдың келесі бір өлеңінде тоғыз буынды өлшемнің 4+4+1 өрнегін жасау арқылы өз өлеңінің ойы мен сезіміне үйлес өрнек табады. «Айналамда аңыраған жел» деген өлеңінің негізі тоғыз буынды өлшемнің аса сирек кездесетін өрнегі – 4+4+1.

Мені ұшырған // бақыт, әлде // сор

Тоқтата алмай // ешбір темір // ор

Құлау үшін // кетіп барам – көр... [1, 86 б.]

Ақын талданған өлеңде тоғыз буынды өлшемнің 4+5 өрнегін бес буынды бунақты 4+1 етіп жіктеу арқылы, семантикалық бірліктерді осылай құру арқылы жаңа ырғақ жүйесін жасаған. Мұнда соңғы бір буынды сөздерге ерекше логикалық екпін түсіп, оқшау айтылады. Дауыс ырғағындағы мұндай көтеріңкі леп өлеңнің ішкі сезім-түйсігінен тамыр тартып отыр. Жел – өл – кел, сор – тор – көр, құн – шын – түн деген үш шумақтың ұйқас негіздері болатын сөздердің семантикалық, эмоционалдық салмағы күшті. Ырғақты 4+1 етіп құруы, яғни сабақтасушы бунақтардың арасындағы буын сандарының айырмашылығының күшті сезілуі интонацияны шарт үзіп, кілт тоқтатқандай әсер етіп, соңғы бір буынды сөздің оқшаулығы ерекше сезіледі. Ол лирикалық кейіпкердің жүрегіндегі ашу, ыза, реніш сияқты сезімдер арпалысын дәл жеткізуге орайлас құрылған. Айтатын ойды аз сөзбен, қажетті эмоциялық күймен, өзіндік қайталанбас мәнерімен жеткізу бұл Гүлнәр өлеңдерінің «мінезі».

Ішкі ұйқастар арқылы өлшемдердің ырғақ жүйесін түрлендіріп, ұйқасушы сөздерді жеке тармақтарға тасымалдау құбылысы алғаш

Шәкәрімнің «Бұл ән» өлеңінен көрінген-ді. Ал қазіргі поэзияда ол құбылыс денгейінен үрдіс дәрежесіне көтеріліп, барлық ақындардың шығармаларынан көрініс тауып, дәстүр болып бекінді. Осындай үрдісті әр түрлі өлшемдерге қатысты жандандырып қолданатын шебер ақындардың қатарында Г. Салықбайдың орны ерекше. Оның жоғарыда талданған өлеңінен өзге «Тереземді жаңбыр қақты», «Жүректің сөзі», «Сезім жоқ», «Кеш» деген өлеңдерінде бір-біріне ұқсатпай жасалған осы құбылыстарды көруге болады. Оның ішінде ырғақтық-интонациялық жүйесі ең күрделісі – «Кеш» өлеңі.

Кеш.

Дүние – бос,

Жып-жылы жүрегімді мұзға тастадың,

Және қашпадың.

– Өш !

Хош [1, 118 б.].

Гүлнәр өлеңінде Шәкәрім өлеңінен көрі еркіндік байқалады. Жеке тармақтарға орныққан сөздер бір дербес құрылымның бөлшегі емес, өздері жеке құрылым. Бірінші шумақта негізгі мазмұндық жүкті айқындайтын 2-3-4 тармақтардағы семантикалық құрылымдарда суынған сезім туралы айтылып, қоштасса, келесі шумақта қайта жанданған сезім 2-3-4 тармақтардағы семантикалық бірліктерден көрінеді. «Өш», «Хош» деген қоштасу сөздерімен басталған сөнген сезім драмасы келесі шумақта қайта үмітке жалғанған

«– Бір, екі, үш, төрт, бес, Алақаныңды тос» деген сөздермен, сәтті шешіледі.

Тереземді жаңбыр қақты,

Сен емес,

Өткеншек күн әнді ұрлапты,

сені емес.

Бақыт ана басын бұрып біз жаққа,

Көкке асылған бесігіне бөлемес [1, 49 б.].

Үш тармаққа жіктелген бірінші құрылым дәстүрлі он бір буынды өлшемнің 4+4+3 өрнегі. 2,3,4 құрылым да осы өрнекке негізделген. «Сен емес», «Сені емес» деген тіркестерді дербестеу үшін 4+4 бөлшегін ұйқастыру арқылы жіктеп отыр. Лирикалық кейіпкердің жан дүниесінің драмасы Сенге логикалық екпін сала отырып, ырғақтық-интонациялық екпін де түсірген. Қазіргі поэзияда кең жайылған үрдіс – дәстүрлі өлшемдерді бірнешеге бөлшектеп олардың ішкі мүмкіндігін кеңінен ашу.

Жүректің сөзі жыртылып, (8)

қалтанда кетер, (5)

Біреулер (3)

мені күлкі ғып (5)

талтандап өтер... (5)

Он үш буынды ырғақтық-синтаксистік құрылымдар екіге және үшке жіктелген. Осы екі бірліктің алғашқы жарты бөлшектері болып табылатын 1–4 тармақтардың өзара ұйқасуы олардың екінші жартысымен байланысын әлсіретіп, дербестігін күшейте түседі. Ал екі құрылымның үшке жіктелуі, яғни біреулер сөзін жеке тармақ етіп дербестеу ырғақтық қажеттіліктен емес, логикалық қажеттіліктен туған автордың өз шешімі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 **Салықбай Гүлнәр.** Дүниенің тарлығына мен кінәлі емеспін // Қазақ әдебиеті, 2003. – № 18. – 12 б.

2 **Қошым-Ноғай Байбога.** Тәңір таразысы. Өлеңдер, балладалар, рубаилар, сонеттер. – Алматы : Жазушы, 2005. – 437 б.

3 **Беделханұлы, Б.** Көкемарал. Өлеңдер. – А. : Елорда, 2001. – 88 б.

4 **Есдәулет, Ұ.** Екі томдық таңдамалы шығармалар. – Алматы : Жазушы, 2006. – 356 б.

ИАЛОГ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ

ХАЛЕЛОВА А. Б.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы, Орал қ.

*Әңгімелесу оқушылардың оқуының
ажырамас бөлшегі болып табылады*
Мерсер



Сурет 1

Мектептегі сабақ беру әдістемесіндегі диалогтік оқытудың маңызы үлкен. Диалог – ғылымда танымдық процестің іздеген нәтижеге әр түрлі, бірақ бір-бірімен жарыспайтын көзқарастар, қатынастар, бағыттардың өзара байланысты жолымен жүзеге асырылатын прогрессивтік дамуының түрі ретінде көрінеді. Сабақ барысында оқушы мен оқушы, мұғалім мен оқушы арасында жүргізілген диалог оқушылардың қызығушылығын, танымын арттырады. Мерсер мен Литлтон (2007) өз еңбектерінде айтып кеткендей, диалог сабақта оқушылардың қызығушылығын арттыру мен қатар олардың білім деңгейінің өсуіне үлес қосатынын атап көрсетті. Выготскийдің білім беру моделі оқушының диалог құру нәтижесінде білім алады деп жорамалдаған, демек оқушылардың көбірек білетін сыныптастары мен мұғалімдермен жүргізілген диалог болған жағдайда ғана, білім беру жеңіл болады. Талданатын идеялар оқушы түсінігінің нақты бөлігі болғанымен, жақын арада даму аймағы аясында қарастырылғандықтан білім беру табысты болмақ, деп көрсетті.



Сурет 2

Диалогты оқытуды тандаудағы себебім – менің пәнім қазақ тілі және әдебиеті болғандықтан баланың сөйлеу тіліне көп көңіл бөлу және баланы сыни тұрғыдан ойлауға үйретудің бірден-бір тиімді тәсілі деп ойлаймын.



Сурет 3

Бұрынғы дәстүрлі әдістерде диалог көбіне мұғалім мен оқушы арасында өтіледі және бірнеше ғана оқушы арасында диалог өтілетін, онда да диалогқа оқушыларды тандап шығарылатын, сондықтан оқушылар ашылып ойындағысын нақты сұрай алмай, тұйықталып қалатын. Ал курстан кейін сабақтарымда жұптық жұмыс ретінде алынған диалог топ ішіндегі барлық оқушы мен оқушы арасында өтіп, оны топ ішінде талқылап отыру оқушының ойын кеңейтіп, тілін дамытып отырды. Сонымен қатар сыни тұрғыда еркін ойлау қабілетін кеңейте отырып, еркін сөйлеуге ықпал етеді. Курста оқып келген мұғалімдердің сабағына қатыстым. Олардың оқушыларға диалог құрған кезде қандай жұмыс жасап жатқанын көргім келді. Сол мақсатпен сабақтарына қатысқанымда менде кездесетін проблема оларда да кездесіп жатқандығы байқалды. Сабақтан кейін бәріміз бірлесе отырып, сабағымызды талдау барысында диалогты оқытуды жақсарту үшін не істеуіміз керек деген сұраққа сабағымызда күнделікті диалогты пайдалану арқылы және баланы сабақта да, сабақтан тыс кезінде сөйлескен кезде де сыни тұрғыда ойлауына ықпал ететіндей сұрақтар қойып отыру керек деген ойға келіп тоқтадық.

Сұрақ қою маңызды дағдылардың бірі болып табылады, себебі сұрақ дұрыс қойылған жағдайда сабақ берудің тиімді құралына айналады және де оқушылардың білім алуына қолдау көрсетіп, оны жақсарту және кеңейте алады.

Қазірдің өзінде сыныптағы оқушылардың бірлескен сұхбаты үлкен пайда келтіретіндігін көрсететін жеткілікті дәлелдер бар. Олар:

– Оқушылардың тақырып бойынша өз ойларын білдіруіне, түсіндіруіне мүмкіндік береді;

– Басқа адамдарда түрлі ойлардың болатындығын оқушылардың түсінулеріне көмектеседі;

– Оқушылардың өз идеяларын дәлелдеуіне көмектеседі;

– Мұғалімдерге оқушыларға білім беру барысында олардың оқушылары қандай деңгейде екендігін түсінуге көмектеседі [МАН, 38, 39 б.].

Сұрақ қою маңызды дағдылардың бірі болып табылады, себебі сұрақ дұрыс қойылған жағдайда сабақ берудің тиімді құралына айналады және де оқушылардың білім алуына қолдау көрсетіп, оны жақсарту және кеңейте алады.

Диалогтық оқыту мәселесін осы уақытқа дейін бірнеше педагог ғалымдар зерттеп келген. Атап айтсақ, бразилиялық педагог Фриери, орыс педагогы Выготский, француз педагогы Дьюи. Фриери, әр адам оқу процесіне сыни тұрғыда қатысып, басқа адамдармен диалогтық қатысуға қабілетті екендігіне негізделген білім теориясын әзірлеген. Фриери, мұғалімнің міндеті-оқушының білімін толтыру, көбейту тенденциясымен емес, білімді тауып, дамыту арқылы тереңдетуге бағытталған көзқараспен оқушылармен диалогқа түсу, деп санайды. Фриери Выготский мен Дьюидің теорияларын анықтап, зерттеп, дамыта келе назарын ондағы үрдісі мен ол үрдістегі мұғалімге бағыттамай, негізінен оқушыларға бағыттады. Дьюи тәжірибе бір қалыпта тұрақты болмауға тиіс дейді; ол үнемі өзгеріп, бұрын болғанға сүйене отырып, ары қарай өсу үшін нақты әлеуеті болуға тиіс. Ол мұғалімнің қызметі басқа кәсіптерге қарағанда, көрегендікті көбірек талап етеді деп айтқан.

Атақты педагогтардың зерттеу жұмыстарына сүйене келе, сабақ жоспарын құру барысында аталмыш диалогтық оқыту бағытын кеңінен қолдануға тырыстым. Яғни, сабақтың басынан бастап аяғына дейін сауалдар арқылы оқушылардың тілдік барьерін азайтуға жұмыс жасадым. Сыныптың білім деңгейін анықтауда, алдыңғы сабақтарды қайталауда және негізгі бөлімде диалогтық оқыту бағыты пайдаланылды. Осы жерде сөйлеу мәдениеті туралы айтып кеткім келеді. Диалогтың ары қарай жалғасын табуы немесе таппауы сөйлеушілердің әңгімелесу барысында «егер де, ойлаймын, мен есептеймін, бірақ сіз ойламайсыз ба, сонымен сіз айтасыз ба, иә, бірақ, сіз қайдан білесіз және мүмкін» деген сияқты және де басқа осы тәрізді мәдени лингвистикалық сөз мәнерлерін қолдануына көп байланысты деп ойлаймын. Мұғалім оқушыларға тек теориялық немесе практикалық білім беріп қана қоймай, олардың мәдениетті сөйлеу нақыштарына да назар аударулары керек сияқты. Осы әрекеттер үрдіске айналғанда барып сыныптағы өзара әрекеттесу процесі толық ынтымақтастықта дамиды деп санаймын.

Ғылыми зерттеу нәтижелері сабақта диалогтік оқытудың маңызды рөл атқаратынын көрсетті.

Арнайы зерттеушілер диалог сабақта оқушылардың қызығушылығын арттырумен қатар олардың білім деңгейлерін өсіруге үлес қосатынын атап көрсеткен. Зерттеулерде ересектермен қарым-қатынас пен достарымен бірігіп жүргізілген жұмыстың нәтижесі балалардың оқуына және коллективті дамуына әсер ететінін көрсетеді. Оқушының білім алуын қолдау үшін сұрақ қоюдың түрткі болуы, сынақтан өткізу және қайта бағыттау сияқты әртүрлі техникаларын пайдалануға болады. Түрткі болу дегеніміз сұрақтар бірінші жауап алу үшін және оқушының жауабын түзетуге көмектесу үшін қажет.

Сынақтан өткізу дегеніміз сынақтан өткізуге арналған сұрақтар оқушыларға анағұрлым толық жауап беруге, өз ойларын анық білдіруге, өз идеяларын дамытуға көмектесетіндей етіп құрылуы қажет.

Қайта бағыттау дегеніміз сұрақты басқа оқушыларға қайта бағыттау болып табылады. Мысалы «Көмектесе алатындар бар ма?» Білім беруді тәсілмен дамытудағы сұрақтардың маңызын қарастыратын болсақ, сұрақ қою арқылы мұғалім:

– Оқушыларды тақырып бойынша және сындарлы сөйлеуге ынталандырады;

– Оқушылардың шынайы қызығушылығы мен сезімдерін анықтайды;

– Білімге құштарлықты дамытады және зерттеуге ынталандырады;

– Оқушыларға білімін қалыптастыруға және вербалдандыруға көмектеседі;

– Оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауына ықпал етеді;

– Оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауына көмектеседі;

– Оқушылардың бір-бірінен үйренуіне, басқа оқушылардың идеяларын құрметтеуіне және бағалауына ықпал етеді;

– Әңгімелесу мен ой елегінен өткізу көмегімен ойын жинақтауға көмек береді, іс-әрекеттерін тереңдетеді және шоғырландырады;

– Білім беруді қиындататын қиындықтар мен түсінбестіктерді анықтайды;

Бұл пікірлердің шындыққа жанасып жатқандығын менің тәжірибемде көзім жетті. Себебі, оқушыларымның топтық, жеке, жұптық жұмыстарды атқару барысында және өзімнің ашық, жабық сұрақтарыма жауап беру нәтижесінде диалогтік әрекет сабақтың үстінде бірнеше рет іске асырылып отырды. Менің пайымдауымша диалогтық оқыту әрбір мұғалімнің барлық сабағында жүзеге асырылып жатады. Яғни, ашығын айтсақ, мұғалім өз сабағына қатысып отырған оқушыны жансыз бейне ретінде қарамай, оқушының ойымен санасуға және ойын ашық түрде жеткізе білуге мүмкіндік берсе, диалогтық оқыту осы жерде көрініс табады. Жана сабақты игеру мақсатында оқушылар жазған сұрақтарына оқулықты

пайдалана отырып, жауаптар жазды. Топтар өздерінде туындаған сұрақтарды диалогтық оқыту арқылы басқа топтарға қоя отырып түсіндірмелер жүргізді. Мұғалімнің түсіндірмесіне қарағанда оқушы мен оқушы арасындағы диалогтық оқыту қызықты болады. Себебі оқушы өз құрдастары арасында өз ойларын ашық, әрі түсінбеген сұрақтарын еркін қояды. Топтық тапсырмалар орындауда оқушылар оқулықтағы тапсырмаларды шығарып қана қоймай, бір-біріне сұрақтар қоя отырып, диалогтық қарым-қатынас жасады. Сабақтарымда жұпқа берілген тапсырмада да диалогтік оқыту көрініс тапты, себебі әрбір жұптағы оқушы сұраққа қалай жауап беру керектігін сыныптасымен ақылдасып, парақты толтырып отырды. Құнды сұрақтар қойып, қасындағы сыныптастарынан, басқа оқушылардан жауап алып жатқандығын көріп, топ ішінде тұлғааралық байланыс орнаумен қатар, диалогтік оқыту жүзеге асырылып жатқанын көрдім. Әрбір оқушының бойында белсенділік, қызығушылық, бәсекелестік сияқты қабілеттер көрініп, оқушылар бір-бірлерімен жақсы қарым-қатынас жасады. Барлық сабақтарымда диалогтық оқыту көрініс тауып жатыр. Алдағы уақытта оқушыларды ашық сұрақтар, құнды пікірлер, идеялар айтуға дағдыландырып, болашақта қиналмауына себепші боламын. Диалогтік оқытуды ұйымдастыру проблемалық, ақпараттық және түсіндірмелі, иллюстративті мазмұнда және репродуктивті және шығармашылық тапсырмалармен келетінін білдім. Мұнда шығармашылық негізге құрылған тапсырма бірнеше шағын тапсырмаларға бөлінді. Жұмыстың бұл түрі барлық оқушылардың белсенділікпен іс-әрекетте болуына жағдай туғызды.

Сабақтарымда жаңа әдіс тәсілдерді қолданып, топтастырып, формативті бағалау түрлерін қолданып, ашық сұрақтар қоюға дағдыландырып оқушылардың қызығушылығын ояттым.

Сұрақ қою маңызды дағдылардың бірі болып табылады, себебі сұрақ дұрыс қойылған жағдайда сабақ берудің тиімді құралына айналады және де оқушылардың оқуына қолдау көрсетіп, оны жақсарту және кеңейте алады. Оқушылардың тақырыпты түсінуіне қол жекізу үшін мұғалімдер қолданатын сұрақтардың екі түрі: төмен дәрежелі және жоғары дәрежелі сұрақтар кең қолданады деген пікір бар. Олар жаттап алуға бағытталған және де оған берілген жауап (дұрыс немесе дұрыс емес деп) бағаланады. Ал жоғары дәрежелі сұрақтар айтылғанда, оқушылар ақпаратты белгілі бір жолдармен қолдануға, қайта құруға, кеңейтуге, бағалауға және кеңейтуге тиіс болады. Сұрақтарды оқушылардың білім алу қабілеттеріне сәйкес болатындай етіп құру қажет.

Әңгіме – дебат

- ой-пікірлерде үлкен алшақтық болдады және ір қайсысы өз пікірлерінде қалады;
- ресурстарды біріктіруге бағытталған аздан талпыныс жасалады;
- қарым-қатынас көбіне «Иә, бұл солай», «Жоқ, олай емес» деген бағытта жүзеге асады;
- орта бірлесуден гөрі, көбіне бәсекелестікке бағытталған.

Ресурс

Сұрақ қою маңызды дағдылардың бірі болып табылады, себебі сұрақ дұрыс қойылған жағдайда сабақ берудің тиімді құралына айналады және де оқушылардың оқуына қолдау көрсетіп, оны жақсарту және кеңейте алады. Оқушылардың тақырыпты түсінуіне қол жекізу үшін мұғалімдер қолданатын сұрақтардың екі түрі: төмен дәрежелі және жоғары дәрежелі сұрақтар кең қолданады деген пікір бар. Олар жаттап алуға бағытталған және де оған берілген жауап (дұрыс немесе дұрыс емес деп) бағаланады. Ал жоғары дәрежелі сұрақтар айтылғанда, оқушылар ақпаратты белгілі бір жолдармен қолдануға, қайта құруға, кеңейтуге, бағалауға және кеңейтуге тиіс болады. Сұрақтарды оқушылардың білім алу қабілеттеріне сәйкес болатындай етіп құру қажет.

Кумулятивтік әңгіме

- айтылған пікірлермен тыңдаушылардың әрқайсысы механикалық түрде келісе беруі;
- әңгіме білім алмасу мақсатында жүргізілгенімен, оған қатысушылардың өзгелер ұсынған қандай да болсын идеяларды төзімдікпен тыңдауы;
- идея қайталанады және жасалынады, бірақ үнемі мұқият бағалана бермейді.

Ресурс

Сұрақ қою маңызды дағдылардың бірі болып табылады, себебі сұрақ дұрыс қойылған жағдайда сабақ берудің тиімді құралына айналады және де оқушылардың оқуына қолдау көрсетіп, оны жақсарту және кеңейте алады. Оқушылардың тақырыпты түсінуіне қол жекізу үшін мұғалімдер қолданатын сұрақтардың екі түрі: төмен дәрежелі және жоғары дәрежелі сұрақтар кең қолданады деген пікір бар. Олар жаттап алуға бағытталған және де оған берілген жауап (дұрыс немесе дұрыс емес деп) бағаланады. Ал жоғары дәрежелі сұрақтар айтылғанда, оқушылар ақпаратты белгілі бір жолдармен қолдануға, қайта құруға, кеңейтуге, бағалауға және кеңейтуге тиіс болады. Сұрақтарды оқушылардың білім алу қабілеттеріне сәйкес болатындай етіп құру қажет.

Зерттеушілік әңгіме жүргізілу үстінде

- әркім ақылға қонымды әңгіме ұсынады;
- әркімнің идеясы пайдалы ретінде бағаланғанымен, мұқият бағалау жүргізіледі;
- қатысушылар бір-біріне сұрақ қояды;
- қатысушылар сұрақ қояды және айтқандарын дәлелдейді, осылайша әңгімеде дәлелдеме көрінеді;
- топтағы қатысушылар келісімге жетуге тырысады (олар келісімге келуі де, келмеуі де мүмкін, ең бастысы-келісімге ұмтылуы).

Дәстүрлі сабақтағы диалогтік қарым-қатынас Топтық жұмыстағы диалогтік қарым-қатынас «Шынжыр», «Сұрақтар шеңбері», «Он сұрақ», «Сұрақтарды ұстап ал» әдістерін, оқушылардың бір біріне ашық сұрақтар қоюы арқылы сабақтарымда барынша ашық сұрақтар пайдалануға тырысамын. Нәтижесінде:

Зерттеу алдында оқушылар ашық сұрақтарды бір-біріне қою деңгейі төмен, ал сабақтардан кейін алдеқайда нәтиже болды. Келесі графиктен «А», «В», «С» деңгейдегі оқушылардың зерттеушілік дағдыларын өсуі көрініп тұр. Сонда, егер мұғалім сабақты дұрыс және тиімді тәсілдерімен ұйымдастырса, онда әртүрлі деңгейдегі оқушылардың көп деген дағдылары арта түсетінін мәлім.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Мұғалімге арналған нұсқаулық. – 2012.
- 2 «Қазақстан мұғалімі» республикалық журнал. – № 3. – 2012.
- 3 «Қазақстан тарихы» республикалық әдістемелік журналы. – № 3. – 2013.

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ «МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМІН» ӨЛЕҢІНІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

ШАЙМЕРДЕН Н. Ж.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, № 2 Майқайың ЖОББМ,
Баянауыл ауданы, Павлодар облысы
БАКЕЛОВА А. Б.

№ 2 Майқайың ЖОББМ, Баянауыл ауданы, Павлодар облысы

Қазақтың аса дарынды ақиық ақыны Мағжан Жұмабаевтың өмірден өз орнын анық тауып, артына өшпес мол мұра қалдырғанын анық білеміз. Мағжан баршамызға ұлтшыл ақын екені аян. Жастарға арналған өлеңдері де біршама. Ақынның «Мен жастарға сенемін» өлеңінде нағыз қазақ

жастарының қандай болу керектігін, түр-тұлғасын айқын суреттегені байқалады. Сондықтан Мағжанның «Мен жастарға сенемін» өлеңін оқи отыра, жастарымыздың басты қасиеттерін қазіргі кезімен, сол кездерін ашығырақ таныстыруды жөн көрдім.

Басты мәселе: жастардың бойындағы сенімсіздік. Бірте-бірте адами қасиеттерінің көрінбей, сирек кездесе бастағандығы. Өз еліне деген құрметтің жоғала бастауы.

Зерттеу болжамы: Егер біз Мағжан Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемін» атты өлеңін насихаттап, жастардың рух, жігерін көтеріп, әр тілге аударып қазақ ұл-қыздарының болмыс бітімін өзге елдерге де паш етіп, қазақ жастарының бойындағы қасиеттерін биік қоя отырып, қазақ жастарының өз еліне деген сүйіспеншілігіне, елінің үмітін ақтауға жетелеуге жол ашар едік.

Зерттеудің әдісі-тәсілдері: Берілген материалдарды жинақтап, топтап, бір-бірімен салыстыру арқылы өзіндік ой топшылау.

Мағжан Жұмабаев қазақтың аса дарынды ақиық ақыны. Мағжан Жұмабаев поэзия әлеміндегі қайталанбас жарық жұлдыз, қайталанбас құбылыс. Оның қуатты бойға жігер, жүрекке от беретін рухты үні, ізденістері мен жанашылдығы қазақ әдебиетін 20-шы ғасырдың басында-ақ Еуропа, орыс әдебиетінің биік деңгейіне көтереді». Өлеңді музыкаға айналдырған, дыбыстан сурет тұрғызған, жаңа өлшеулеп шығарған Мағжанның осындай қасиеттерін, ішкі шығармашылық күдіретін бірден байқаймыз.

Тасқыны қатты, тегеуріні берік ұлттық сезім селі ширатыла ширғып барып, екпінін баспаған күйі түркішілдік арнасына құйылды. Халық өлеңдерінің мазмұнынмен бірге оның ырғақ үйлесімін, ішкі рухын, әуезділік әсемдігін жанымен қабылдаған ақын кейде ән күйі ғана түсіндіріп алатын сезімдерді сөзбен жеткізеді. Мағжанның ақындық ерекшелігі де, бөлкім осы болар.

Қалай дегенде де, Мағжан өзіне дейінгіге де, кейінгіге де ұқсамайды, өзіндік қолтаңбасы бар ақын. Ол өмірдегі біртұтас құбылыс, көрініс ретінде, ал адамды сол ұлы табиғаттың, жаратылыстың бір туындысы, бөлшегі ретінде қабылдайды. Құбылыстың мәнін кең көлемде, жалпыға бірдей қалыпта тани білу үшін ол, алдымен, не нәрсенің болса да мән мазмұнын бағдарлап, ішкі астарына үңілді. Мағжанды қай тұстан алсақ та, ол нағыз-сыршыл, толғағыш, суретші, сөз ұстасы!

Ақын өзін немесе өзінің лирикалық кейіпкерін ғана емес, айналасындағы жастарды да «арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты» қалыпта көргісі келеді. Халқының болашағы үшін күресетін негізгі күш-жастар. Олай болса, өмір бойы «алаш» ұранын көтеріп кеткен Мағжан үшін жастардың

тәрбиесінің, қайраттылығының орны бөлек. Өз өлеңінде ол жастарға үлкен үмітпен қарайды. Жастардың бойынан қыранның қанатындай күштілікті, таза жүрек пен ер мінезді, туған жерге деген шексіз махаббатты көреді. Соған мақтанады. Шабыттана жырлайды. «Мен жастарға сенемін» деп асқақтай сөйлейді.

Бірақ біз жастар осы ақын ойын ақтап жүрміз ба? – деген сұрақ көкейде тұрады. Өлеңдегі қайраттылық, рух-жігер, табандылық, әділеттілік, бәрі-бәрі тәрбиеден бастау алады. Тәрбиелілікті көрсетеді. Әрине, ондай тәрбиені біз басты ата-анадан, ортамыздан және осы өлеңнен аламыз.

Көздерінде от ойнар,
Сөздерінде жалын бар,
Жаннан қымбат оларға ар,

Мен жастарға сенмін! – деп жастарды намыстылыққа, қыздарымызды атақ-абыройларына дақ түсірмеуге шақырады. Жастарды ақиқаттың ауылынан алшақтатпай, ар намысын бірінші орынға қоюға үндейді. Намыс – адам тұлғасының күзетшісі. Мағжан да әділетсіздікке қарсы шығып, ар-намысын алға қойып өмірден озбады ма... Сондықтан осындай Мағжан салып кеткен өлең жолына жастарды бағыттау үшін тәрбие керек. Сонда ғана сенім ақталып, білім парасатына сай, жастарымызға елдің ары мен намысын таптатпауға, болашақтың тізгінін жастарға сеніп

Алаш атын аспанға
Шығарар олар бір танда

Мен жастарға сенемін – деп Мағжанның өлеңін өмірлік ұран қылып, бойымызға сіңірет едік..

Сәбит Мұқановтың «...Мағжанның ақындығын қозғауға екінші себеп Міржақып болуы керек» деген негізсіз емес. Себебі Мағжан мен Міржақыптың да ойы бір жерден шығады. Мәселен, Мағжан өз өлеңін де жастарға үміт артып, жастардың болмысын сипаттаса, Міржақып «Жастарға» өлеңін де жастарды оянуға, халыққа қамқоршы басшы болуға шақырады. Міржақыптың

Найзаменен түртсе де,
Жатырсың, қазақ, оянбай.
Мұнша қалың ұйқыны

Бердің бізге, ой, Алла-ай! – деп жастарды сол кезде оянуға үгіттеп, білімділікке шақырып, сенімсіз кейіп танытса, Мағжанның ойы жастардың бейнесін.

Жас қырандар-балапан,
Жайып қанат ұмтылған.
Көздегені көк аспан.

Мен жастарға сенемін-деп сипаттап, бойларын енді-енді тіктеп, бойына қуат жинап қолы жетпес аспанға ұмтылғаның, сенімділігің көрсетеді. Ақын ойы екі тарапта тұрса да, бір-бірінің ойы бір жерден шығып қалатын өлең жолдары бар. Сөзім дәлелді болу үшін Мағжан Жұмабаевтың «Қасиетті тілектер – Мен жастарға сенемін!» деген өлең жолыннан үзінді жастарға сеніп үміт артатынын айқын көрсетіп тұр. Ал, Міржақып Дулатұлы өлеңінде де

Етемін үміт жастардан,

Жаңа гүл бақша ашқандай – деп жастарға үміт арту, екі ақынның да ойын бір жерден шығарып тұр.

Міржақыптың Жастарға өлеңінен тағы бір үзінді
Халыққа, жастар, басшы бол!

Қараңғыда жетектеп.

Терең судан өтер ме,

Мың қойды серке бастамай – дегені жастарды әділ басшы болуға, елдің басына күн туғанда алып жығарардай жастарды, іздейді, күтеді, өз заманында болмаған талпынысты кейінгі жастар, біздерден күтеді. Енді Мағжан өлеңін алсақ

Қажу бар ма тұлпарға,
Талу бар ма сұңқарға,
Иман күшті оларда,

Мен жастарға сенемін – деп Міржақып ойындай басшылыққа керек мінезді, имандылықты алға қойған. Мағжан да, Міржақып та айтқан жалындап тұрған жастар жоқ емес, бар «әттегені-айы» жастарымыз да сенімсіздік басым. Сол тұрғыда жастарды жігерлендіруіміз қажет.

Жастар жалын жүректі, өршіл намысты,

биік рухты болса, ол елдің еңсесі биік болады – деп кемеңгер басшымыз Н. Ә. Назарбаев айтқандай бүгінгі жастар бұрынғылармен салыстырғанда өзгешелеу. Олардың ой-өрісі, талпынысы, сауық-сайран құруы, былай айтқанда адами құндылықтары бөлектеу. Бірақ жастар жалпы адамзаттың мәңгілік рухани – адамгершілік құндылықтарында бар екенін естен шығармаулары қажет. Онсыз жастар толыққанды қалыптаса алмайды. Жастардың санасымен тұлғасының қалыптасуына әсер ететін жағдаяттар мол. Айталық ол ата-анасы, өмір сүріп отырған ортасы.....

Жастардың тұлғалық сипаты жас кезінен бастап қалыптасады. Мысалы, жас сәби табиғатынан таза пәк, бұл жастардың әді өмірден әлі ештеңе көрмеген, көңілге түймеген шағы. Міне дәл осы кезде ата-анасының тәрбиесін, білім беру мекемелеріндегі мұғалімдердің балабақшадан бастап бірте-бірте рухани адамгершілік құндылықтарды Отанына деген сүйіспеншілікті намыстылық пен қайраттылықты бойына

жинату – маңызды іс. Жастар бойындағы қайрат, жігер сенімділік Мағжан өлеңінде айтылғандай,

«Жұмсақ мінез жібектер.

Сүттей таза жүректер.

Қасиетті тілектер –

Мен жастарға сенемін!» – дегендей жастар бойында қасиеттер әлі де сақталғанына сенімдімін.

Мағжан поэзиясы – қазақ ұлтының мұрасы.

Қазақ поэзия әлемінде айырықша із қалдырған, өзіндік үлкен өнер, ұшқыр қиялға толы өлең дүниесін кейінгі ұрпаққа аманат етіп қалдырған ақын – Мағжан Жұмабаев.

XX ғасырдың бас кезіндегі шытырман оқиғалардың бәріне Мағжан Жұмабаев куә болды. Олардың бәріне ой елегінен, өлең өрнегінен өткізіп отырды. Қай кезде болса да ақын үлкен ой, ойлану, толғану үстінде жүрді.

Мағжан үшін ең негізгі мәселе-қазақ елі жерінің тағдыры ақын түсінігінде бөз-баяғы жүдеу қалпында. Қазан төңкерісінің даңғазы ұраны мен жалған насихатына ақын иланбады. Сондықтан да ақын ендігі үміті мен арманын жастарға артады

Арыстандай айбатты,

Жолбарыстай қайратты,

Қырандай күшті қанатты,

Мен жастарға сенемін! – деп басталатын өлеңінде ақын, өзінің ертеңінен үміт үзбейтіндігін, бүгінгі кеткен есені, ұтылысты ертең-ақ «көздерінде от ойнаған, ар-намысты жандарынан да қымбат көретін» жастар қайратылығына көміл сенеді. Жастардан күткен үміті ақталып келе жатыр деген ойдамыз.

Бүгінгі ұрпақ үшін Мағжан, жастарға артар үміті мәңгілік қазақ елінің өркендеуі, жастардың қолында деген.

Отансүйгіштік рухты Мағжан ағамыздың поэзиясы әрдайым сөнбес...

ӘДЕБИЕТТЕР

1 «Аңыз адам». – № 1. – 2012 ж.

2 Мағжан Жұмабаев. «Сүй жан сәулем». – Атамұра.

3 Егемен Қазақстан. – № 43. – 2014.

4 Президент және Халық. – № 50. – 2013.

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ ӨУЕН

ШАЛАБАЕВА А. А.

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ЖҮСІП Қ. П.

ғылыми жетекші, ф.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Ақынның азаматтық тұлғасын оның шығармаларының азаматтық үні ғана таныта алмақ, яғни поэзиядағы азаматтық өуен де ең алдымен ақынның азаматтық тұлғасына байланысты өрбиді екен. Әр ақынның шығармашылық өнеріндегі азаматтық өуеннің басты-басты белгілерін оның туындыларының тақырыптық-идеялық мақсат-мұраттарына қарай ажыратқан зерттеуші: «Қазақ ақындарының соңғы кезде жазылған өлеңдерінде бұл тақырыпты (ақынның азаматтық кейпін танытатын тақырыптың бірі – отан, туған ел, халық – С. Қирабаев.) жырлаудағы жақсы дәстүрлерімізді жалғастырып, жаңа ізденістерге барып жүргенін байқатады» [1, 33 б.], – дейді.

Поэзиядағы азаматтық көзқарас – шынайы өмірдегі барлық адамдардың жан әлеміндегі бұлқыныстарды, талпыныстарды танытады. Әрбір саналы адамның өзін қоршаған қоғамдық-әлеуметтік ортадағы өмір қозғалысындағы оқиғаларға, жаңалықтарға, өзіндік үлестерін қосатыны мәлім.

Осы тұрғыда Тыныштықбек Әбдікәкімовтың мына бір өлең жолдарына назар аударайық:

Мен бейшара Даламның айтқан сырын,

пенделердің тіліне аударамын!

Ей, Уақыт, сөз берме,

Берсең маған

Ұлып шыққан ойлардың кезегін бер! [2, 20 б].

Тыныштықбек өлеңі өзі жазып отырмағандай, тек Даланың сырлы жырын жүрегімен тындап, жанарына көшіріп, қағаз бетіне түсіргендей.

Т.Әбдікәкімов нені айтып, нені жазса да тыңнан жол салуға шебер. Оған айсыз түнде даласы мен дарыны адастырмайтын, жалғызсыратпайтын жансерік. Ақын арманы – табиғаттың қаз қалпында сақталуын аңсау.

Көлдерімді, шіркін-ай, сақтап қалсам,

Көздерімнің мөлдірін берсем де мен! [2, 22 б].

Көзін берсе де көлін сақтап қалуды армандаған ақын сөзінің ақиқаттығына сенесің. Ақынның азаматтық сөздері бүгінгі табиғатты қорғау, экология сияқты көкейкесті мәселелерді қозғайды.

Қайдасың сен, бауырым – қоңыр тауым?!

Қайдасың, самал жел – қарындасым?!

Қайнамайды мендегі қалайша қан:
 (Қаңтарда да көрмедім балауса қар!)
 Көз алдымда барасын сен үзіліп,
 Көде мұртты Далам-ай, селеу сақал!
 Түсіндіре алар ма мұны ғалым,
 Түйсіктердің сайраған тілі қане?
 Көрсетпеші, бұралқы итке айналып,
 Ағысы жоқ арнаның ұлығаны!...
 Тонауменен, Далам-ай, күн кештің-ау
 Тоғайлардан томарлар ғана қалған!...
 ...Жарасынан жанымның дірдек қағып,
 Дірдек қағып, қып-қызыл жыр ағады... [2, 23 б].

Ұлттық рухтың бір символы қазақ поэзиясында Дала болып келген. Осы даланың табиғатын сорлы халге душар болғанын бейнелейді. Тоналған табиғат, күйкі тірлік құрбаны болып кеткен адамдарды көрген ақын сан қилы ой жетегіне ілеседі. Заман дамыған сайын адамдардың әлеуметтік жағдайы да өзгереді. Адамдар неғұрлым бай-қуатты өмір сүргісі келеді. Олардың осы жолдағы тірлігі өзінің қоршаған ортасына да әсер етпей қоймайды. Әсіресе, бұл тірлік табиғат-анаға қатты әсер ететіні сөзсіз. Табиғаттағы әрбір нәрсе бір-бірімен тұтас гармонияда болады. Оның бір бөлшегі қозғалса, басқалары да өзгеріске түсетіні ғылыми түрде дәлелденген және бұл – бүгінгі таңдағы өте көкейкесті мәселе. Ақын осы мәселелерді терең толғаныспен тебірене жырлайды. Ақын «қоңыр тауым қайдасын» дейді. Ал жоғалған қоңыр тау сол өлкенің самал желінің жоғалуына, қыстың көзі қырауда қардың жаумауына, кезінде арнасынан тасып, буырқанып ағатын өзеннің бұралқы итше бұраландауына әсер етіп отырғанына жан-айқайын қосады. Қолынан келер шара жоқтығына налып, «жаралы жанынан тек дірдек қаққан жыр ағызады». Осы жан күйзелісін ешбір ғалым түсіндіріп бере алмайды, оны ешкім емдеп бере алмайды деген толғанысын білдіреді.

Тағдырына тақсырет тап болды ма,
 Сыртында – шөл, жұртым-ай, ішінде – шер?!
 ...Неге, неге, мына жұрт салғырт, керен?
 Ойлай білер ұлдары мәңгүрттенген... [2, 27 б].

Қазіргі келеңсіздіктердің әрекеттік, нәтижелік тұрғыдағы бет-бейнесіне тән теріс сипатты эволюция техногенді, индустриялық қоғам салтындағы өрескел ілгерілеумен сабақтас екендігіне ақындық наразылығын білдіреді. Қулық пен айла анағұрлым жінішкеріп, жүзіктің көзінен өтердей қалыпқа түсуі этногенетикалық дағдылардың жаһандық ықпалмен тоғысуынан туған жағымсыз құбылыстарға мегзейді.

Ұлттық намыс, ел болашағы туралы толғаныстан туған мұндай әрі мұңды, әрі жігерінді қамшылайтын қайсар жырлар Тыныштықбек талантына тәнті етері сөзсіз.

Мысалы, «Қайран» өлеңінде Абайдан мұра болған сыншылдық дәстүрмен қазақ мінезін егжей-тегжейлі сөз етеді. Бұл өлең ұлт мінезінің жағымсыз жақтарын сынаумен ғана емес, олардың ұлы тағдырына тигізген әсерін қоса жырлайды.

Мен – қазақпын,
 Зарығымда қан жылап,
 Суқанымда сүт күлген!...
 Мен – қазақпын,
 Делебемнен селебем,
 Кезенемнен кебенегім бар!
 Мен – қазақпын,
 Дәтім кәлимадан да ауыр
 Зәрем жаһаннамнан да терең.

Осы жолдардан жұртым деп сокқан жүрек, ұлтына деген ақын махаббаты айқын көрінеді.

Қазақ халқы бодандық шырмауында екі жарым ғасырдан астам уақыт болғанын білеміз. Ұзақ уақыт бойы бодандықта болуымыздың себебі қанымызға сіңген момындығымызда жатқандай. Момындықты әр ақын әр қалай жырлайды. Мәселен, Т. Әбдікәкімов бір өлеңінде:

Жаратқанға сенгендей өздері тым аңғал-ақ,
 Мал баққан боп жүр әлі, маңдай тері сорғалап,-десе,
 енді мына өлеңінде:
 Қоңыр тірлік...
 Көншір ме көңіл оған?
 Мосы ілінген мойнына,
 Мөрлі маңдай момындығың
 Сор болды-ау маңыраған [2, 29 б].

Қоңыр тірлік – момын тірлік. «Қойдан қоңыр» деген жуастықты білдіретін халық теңеуі бар. Ақынның бұл тірлікке көңілі толмайды, себебі өз тірлігі емес. Момындықты маңдайына әлдекім «мөр» ғып басқан. Мына өлеңдегі «момын», ойымызша, қазақтың нақ бейнесі.

Кеулемей ме жегідей жанды шүбә?
 Өз тірлігі өзіне мәнді шығар...
 Өмір бақи келеді мал соңында,
 Қаланы да оллаһи көргісі бар!
 Кеңесері кемпірі...
 Керқасқасы,

Жауыр болған міністен ол да бүгін!
Тағы да сол таныс таң, жолдас інір
Жалғыз сыйлық ғұмырын қабылдамай,
Қырсығар да тұншығар көңіл талай.
Әлем қанша құбылып үлгерсе де,
Ата жолын тым қуғыш момындар-ай [2, 23 б.].
Момындық салғырттыққа, мәңгүрттікке апаратын мінез екенін меңзейді.

Азаттық үшін өз жанын құрбан ететін түркілік тегімізді барынша мол жырлаған ақын М. Жұмабаев еді:

Тұранда түрік ойнаған ұсап отқа,
Түріктен басқа от болып жан туып па?
Көк түрік енші алып тарасқанда

Қазақта қара шаңырақ қалған жоқ па?-деп түркілердің бойындағыдай оттай ыстық қуаттың басқада жоқ екенін, түркілердің қара шаңырағы қазақ екенін айтады. Осы қуатты негізімізден үзіліп қалғанымыз жайлы Т.Әбдікәкімов:

Ұлттық рухтың бір символы қазақ поэзиясында Дала болып келген. Бұған мысал ретінде І. Жансүгіровтің «Дала» поэмасын алуға болады. Қазіргі қазақ ақындарында Дала тақырыбы лепірме шалқулар, пафос арқылы емес, шынайы суреттеу жолымен ашылады.

Сөз сүйегін өлшеме мұнды өлшегін,
Ой көп, кобыз ділімнің түртер ішегін.
Сары дала дөңбекшіп Күн астында,
Сайтан – соғым сорады бұлт емшегін [2, 21 б].

Дала – Тыныштықбекте әрқашан адам бейнесінде. Дала – Тыныштықбек үшін, ең бірінші, өзі туған Шыңғыстау. Семей даласының ядролық алаң полигоны болғаны белгілі.

Күн кірпігін ашқанда, тақыр Дала көрінген,
Қалаға да сол тақыр қорқынышты өлімнен.
Қасқыр да жоқ ол жақта,
Арқар да жоқ. Құрыған.

Тек иттері мияулап, мысықтары ұлыған.
Жер төсіне сол жақта Атом сынақ қаққан-ды
Мекендейтін халқы да қара халық ақ қанды [2, 76 б].

Осы жолдардан бүкіл қазақ халқына, жеріне жасалған үлкен қиямет – Семей ядролық полигонының зардабын байқаймыз. Табиғатқа, адамзатқа ядролық полигонмен бірге келген тауқымет, дерт бар бұл жолдарда.

Қазақстанның тәуелсіздік алуына байланысты қазіргі қазақ поэзиясында алдыңғы буын ақындары тоталитарлық тәртіп қысымымен айта алмаған тақырыптық желілер бой көтерді.

Ұлттық мүддені, ұлттық намыс, ұлттық мінез, ұлттық рухты жырлау азаматтықтың басты белгісі деп білеміз.

Әрбір ақын өз болмысы арқылы өзін қоршаған ортаны түйсіндіре алатынын аңдауымыз керек. Ақын сыртқы әлемнің күрделі белгілерін өз бойына жинаған ішкі әлем құбылысы арқылы поэзияны тудырады. Ал, сол поэзиялық туындыда ақын арқылы ұлттық рух пен болмыс көрінеді. Әрбір ақын жалаң тұлға емес, күрделі әлем екенін сезіну үшін оның шығармашылық әлеміне ой жүгірту қажеттігін ескерсек, ақын Т. Әбдікәкімов поэзиясындағы ұлттық сипатты айқындау ақынның бір кезең поэзиясындағы жаңашылдығын, өзіндік стилін таныту үшін қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 **Қирабаев, С.** Ақынның азаматтық тұлғасы / С. Қирабаев. – Алматы : Ғылым, 1987.

2 **Әбдікәкімов, Т.** Ақшам хаттары / Т. Әбдікәкімов. – Алматы : Жалын, 1993. – 128 б.

7.2 Орыс филологиясы

7.2 Русская филология

ТВОРЧЕСТВО Б. АКУНИНА И «МАССОВАЯ ЛИТЕРАТУРА» РУБЕЖА XX–XXI ВЕКОВ

ИСИНА Н. У.

к.ф.н., доцент, ЕНУ имени Л. Н. Гумилева, г. Астана

КИМ Ж.

магистрант, ЕНУ имени Л. Н. Гумилева, г. Астана

Термин «массовая литература» в современном литературоведении употребляется внескольких значениях. В более широком смысле под ним подразумевается та литература, которая не получила высокой оценки художественно образованной публики, либо вызвала негативное отношение, либо осталась незамеченной, не оцененной.

Но наиболее распространенным является представление о массовой литературе как литературном «ниже». Подобная трактовка восходит к классицистически ориентированным теориям, к нормативным

поэтикам, которые резко противопоставляли жанры высокие, серьёзные, канонические и низкие, смеховые, неканонические. Другими словами, под «массовой литературой» подразумеваются художественные произведения, рассчитанные на читателей, не приобщённых к художественной культуре, невзыскательных, не обладающих развитым вкусом, не способных по достоинству оценивать произведения. Само понятие «массовая литература» появилось впервые на рубеже XIX–XX веков и явилось следствием глубоких социально-политических, экономических и культурных перемен. Массой в этом случае становится народ-толпа, лишённая каких-либо личностных характеристик. Частью массы является «всякий и каждый, кто ни в добре, ни в зле не мерит себя особой мерой, а ощущает таким же, «как все», и не только не удручен, но доволен собственной неотличимостью» [1, с. 128-129, 310]. Это, так называемое, «массовое общество» создаётся в индустриальную эпоху, и его отличительной особенностью становится стремление к тотальной унификации базовых ценностей. В таком обществе появляются свои способы функционирования культуры: произведения искусства и культуры, литературные в том числе, перестают считаться чем-то, доступным и понятным только «высшему», «элитарному» человеку – они масштабируются и превращаются в массово производимый продукт. И массовая литература своей задачей ставит удовлетворение требований и вкусов массового общества.

По определению теоретика литературы Ю. М. Лотмана, «литература масс» – понятие исключительно социологическое, определяющееся не структурой текста, не набором определённых характеристик течения литературного процесса, а его функцией в обществе. Иными словами, такая литература попадает в ряд «массовой» из-за отношения читателей-потребителей к тексту, меняется его функция, меняется его ценность.

Таким образом, именно будущий читатель становится определяющим звеном в написании литературного произведения. Однако это далеко не нововведение литературы постмодернизма. Понятие «адресат» было введено в категорию литературоведческих терминов ещё в 1920-е годы. Уже тогда оно противопоставлялось понятию «реальный читатель». То есть автор всегда, создавая произведение, имеет некоего «безмолвного собеседника», на которого он ориентируется.

В «Словаре литературоведческих терминов» представлено следующее определение термина: «массовая литература» – это 1) вся не получившая высокой эстетической оценки литература (малозначительное явление в национальной культуре и литературе); 2) множество популярных произведений, рассчитанных на читателей с нетребовательным литературным вкусом, не приобщённых к высшим достижениям

художественной культуры, так называемая «формульная литература», жанровая форма которой строго регламентируется с точки зрения сюжета, его основных перипетий, действующих лиц, языка, манеры повествования и даже объема (любовный роман, детектив, вестерн и пр.) [2, с. 127-128].

В зарубежном литературоведении предпринимаются попытки характеристики «массовой литературы» как явления, обладающего позитивными свойствами. К примеру, американский ученый Дж. Кавелти утверждает, что «массовая литература» не только имеет право на существование, но и обладает преимуществами перед признанными шедеврами словесного искусства. Массовую литературу американский ученый характеризует как формульную, тяготеющую к стереотипам, которые воплощают глубокие смыслы. Эта литература выражает переживания человека, отвечая потребности большинства людей уйти от жизни с её однообразием, скукой и повседневной серостью – потребности в образах упорядоченного бытия и, главное, в развлечении. Эти читательские запросы удовлетворяются путем насыщения произведений мотивами «опасности страха, насилия, секса». Таким образом, возвышая «массовую литературу» Дж. Кавелти подчеркивает, что основу её составляют «базовые модели» сознания, присущие всем людям [2, с. 131].

Борис Акунин – литературный псевдоним историка, переводчика, востоковеда Григория Чхартишвили. Это своего рода уникальный проект, продуманный от псевдонима автора, который имеет свой особый смысл (акунин – с японского «злодей») до его различных литературных серий.

Автор серии романов «Приключения Эраста Фандорина», серии «Провинциальный детектив» («Приключения сестры Пелагеи»), «Жанры» и др. Произведения Б. Акунина можно с полным правом отнести к «массовой литературе». И первым признаком следует назвать широкий читательский интерес. Книги писателя настолько популярны, что они выходят за рамки литературного чтения и становятся объектом кинематографии: «Азазель», «Турецкий гамбит», «Пелагея и белый бульдог», «Статский советник», «Шпион».

В то же время произведения Б. Акунина рассчитаны не на «массового» читателя. Писатель ведет своеобразный диалог с читателем, включаясь в игру с классикой. Произведения автора являют собой своеобразную реконструкцию классических текстов. Аллюзии, реминисценции, отсылки к произведениям мировой классики – характерная черта литературы постмодернизма. Интертекстуальность, многослойность текстов Б. Акунина требуют от читателя глубокого знания в области мировой и русской классики.

Романы Б. Акунина написаны преимущественно в жанре детектива, но опять-таки это не тот классический детектив, какой был у Ж. Сименона, Э. По, А. Кристи и др. Сохраняя основные жанровые свойства, акунинский детектив все более тяготеет к элитарной, интеллектуальной прозе. Автор сам обозначивает свой «многосерийный» детектив как осознанный литературный проект, используя при этом очень «громкое» определение, объединяющее все его романы «фандоринского цикла»: «Все жанры классического криминального романа в литературном проекте Б. Акунина «Приключения Эраста Фандорина». Каждый отдельная серия маркирована, автором ей предписывается очень узкий детективный жанроуказывающий тип: «Азазель» – «конспирологический детектив», «Турецкий гамбит» – «шпионский детектив», «Левиафан» – «герметический детектив», «Смерть Ахиллеса» – «детектив о наемном убийце», «Особые поручения» – «повесть о мошеннике и повесть о маньяке», «Статский советник» – политический детектив», «Коронация, или Последний из романов» – «великосветский детектив»... Акунин как будто создаёт свою собственную классификацию жанров, и, думается, имеет на это право.

Подобная практика определять жанр собственного сочинения восходит к русской классике (Н. В. Гоголь назвал «Мертвые души» поэмой). Аналогичная тенденция наметилась и в современной литературе. К примеру, казахстанский прозаик Д. Накипов определил «Круг пепла» как роман интенций.

Современные исследователи творчества Б. Акунина также предпринимают попытки классификации жанровых разновидностей романов писателя. Согласно их классификации, в творчестве писателя выделяются исторический детектив, мистический детектив, приключенческий детектив.

Циклизация – характерная черта массовой литературы. Романы Б. Акунина также объединены в циклы. К примеру, «фандоринский цикл» романов объединяет произведения с главным героем – Фандориным. Увлекательный сюжет, загадочные герои и запутанные события – всё это присуще классическим детективам и детективным романам Б. Акунина. Традиции классической литературы в соединении с эстетикой постмодернизма создают тот эффект, который позволяет поставить произведения писателя в разряд шедевров современного искусства слова.

Таким образом, подводя итоги нашего исследования, отметим, что в романах Б. Акунина явно присутствуют характерные признаки мировой литературной классики. Вместе с тем в них наметились новые тенденции, восходящие к традициям постмодернизма. Можно утверждать,

что творчество Б. Акунина сформировалось в русле постмодернизма и выражает его эстетику.

Безусловно, отношение к творчеству Б. Акунина разноречивое, а оценка современников неоднозначна. Например, исследователь творчества писателя Валерий Подорогов статье «Биографический проект в короткой истории высказывает очень интересную мысль: «Чхартишвили, воспользовавшись тем, что у нас имеется (русской литературой XIX–начала XX веков во всем спектре, от великих классиков до бульварных «книжек-копеек»), потрудились и добились результата. Был установлен стандарт, ниже которого вменяемым литераторам опускаться неприлично» [3]. Аналогичную точку зрения выражает критик Евгения Пугачёва, называя произведения Б. Акунина «литературой для думающего, но массового читателя» [4].

Наиболее объективная и разносторонняя оценка творчества Б. Акунина содержится в исследованиях современных ученых. В этом ряду особо следует отметить научные доклады Сафроновой Е. В. «Эрасто-сан». К вопросу о возможности существования образа «положительно прекрасного человека» в современной русской литературе», Савельевой В. «Союз нерушимый вербального и визуального в романе «Ф. М.» [5, с. 51-61, 111-118], где глубоко и содержательно исследуются жанровые аспекты творчества Акунина.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Ортега-и-Гассет. Восстание масс. (Перевод А. М. Гелескула), 1991: 310; 128–129. [Интернет-ресурс] <http://lib.ru/FILOSOF/ORTEGA/ortega15.txt>
- 2 Хализев В.Е. Теория литературы. Учеб. 2-е изд. М.: Высш.шк., 2000, 398 с.
- 3 Подорога В. Биографический проект в короткой истории. Художественный журнал 45 изд., 2002. [Интернет-ресурс] <http://xz.gif.ru/numbers/45/podoroga>.
- 4 Брылёва Я. Борис АКУНИН: гений беллетристики по фамилии Чхартишвили. Респектабельная газета «Конкурент», 12 апреля 2007 г.
- 5 Весь мир театр? Весь мир – литература! Б. Акунин глазами заинтересованных читателей. Коллективная монография. М.: Буки Веди, 2016, 51-61, 111-118.

НАУЧНО-ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ХУДОЖЕСТВЕННОГО ПЕРЕВОДА

ЛАТЫПОВА З. Х.

к.ф.н., доцент, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

КУШПЕСОВА Г. С.

магистрант, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

В научной и критической литературе отмечается, что перевод издавна привлекал внимание писателей, критиков и ученых, вызывая разнообразные принципиальные соображения, вылившиеся в целые нормативные переводческие концепции.

Проблема художественного перевода, как особого вида творческой деятельности, вызывает живой теоретический интерес. В русской переводческой теории с самого начала считается возможным и интенсивно осуществляется на практике перевод поэзии стихами, что, как известно, становится традицией русской школы поэтического перевода. Идет борьба с дословным и вольными видами перевода за собственно перевод.

Зарождение советской теории художественного перевода можно датировать 1919 годом, временем издания брошюры под редакцией Ф. Батюшкова «Принципы художественного перевода», служившей научно-теоретической основой для переводческой деятельности. Ею руководствуются во всей последующей истории перевода художественной литературы. Однако, в работах Ф. Батюшкова, К. Чуковского и Н. Гумилева, включенных в пособие, не встречается термин «теория перевода» и не формируются теоретические задачи научного изучения перевода, кроме того, статья Н. Гумилева «Переводы стихотворные» дает лишь лаконичный свод нормативных указаний. Автор констатирует о существовании трех способов переводить стихи. При первом, переводчик пользуется случайно пришедшим ему в голову размером и сочетанием рифм, своим собственным словарем, часто чуждым автору, по личному усмотрению. Удлиняет, то сокращает подлинник и называет такой перевод любительским. При втором способе, переводчик поступает так же и приводит теоретическое оправдание своему поступку, уверяя, что если бы переводимый поэт писал по-русски, он писал бы именно так. Еще некоторые думают, что можно заменить один размер другим, отказаться от рифмы, вводить новые образы. И, наконец, Н. Гумилев переходит к своим «заповедям», то есть к тому, что же необходимо соблюдать при поэтическом переводе [1, с. 12].

Говоря о несостоятельности указанных способов, Н. Гумилев заостряет свое внимание на строгих правилах перевода поэзии, которые можно отнести, как нам кажется, рекомендациям, данным переводчику поэзии, не учитывая своеобразных отличительных черт между оригиналом и переводом стихотворного произведения.

Особенно продуктивными на наш взгляд, являются статьи Ю. Тынянова «О развитии художественной литературы», А. Федорова «Проблема стихотворного перевода», К. Чуковского «О принципах художественного перевода». Взгляды К. Чуковского отражают вопросы многообразия форм, методов и средств перевода, действительных возможностей в передаче подлинника, закономерностей отклонений от оригинала, исторических условий в формировании понятия «точного» перевода. Общим для названных работ является серьезное теоретическое содержание и отчетливо выраженный научный характер.

Коренной перелом в развитии теоретических взглядов на перевод происходит к 20-30 годам XX века. Применительно к переводу художественной литературы начинают говорить о новой науке или новой научной дисциплине – теории перевода, о чем свидетельствуют вышеприведенные работы ученых.

Теория перевода, как и советская школа художественного перевода, возникает из практики культурного строительства послереволюционных лет. Безусловно, она была связана с деятельностью издательства «Всемирная литература», созданной в 1919 году под руководством М. Горького, осуществившего перелом в работе переводчиков, в требованиях к переводам, в принципах их издания.

Многие из переводов читатель получил благодаря этому издательству. Они отличались для своего времени чрезвычайной добросовестностью в передаче смыслового содержания подлинника и вниманием к его формальным особенностям. Однако и эти переводы не были свободны от дословности, а форма оригинала воспроизводилась кое-где чрезвычайно прямолинейно. Хотя случаи академического формализма и буквализма в переводах 30-х годов не были единственными, все же они ни в какой мере не представляли господствующей переводческой тенденции. В целом культура перевода поднималась тогда на более высокий уровень.

Установление понятия «теория перевода», имеющее синонимы «наука о переводе», «переводоведение» означает, что существование новой отрасли науки стало действительностью. Начинается новый этап в движении переводческой мысли, продолжает развиваться теория художественного перевода.

Из теоретических и практических работ времен 30-х годов, содержащих наиболее богатый фактический материал о развитии перевода в западной Европе и в России, обзор основной литературы и разносторонний анализ проблемы художественного перевода, можно назвать «Проблемы художественного перевода» М. Алексеева, по мнению которого, «перевод, как одно из орудий культуры, неизбежен и необходим [2, с. 163].

Формулировка А. Смирнова: «Адекватным мы должны признать такой перевод, в котором переданы все намерения автора (как продуманные им, так и бессознательные) в смысле определенного идейно-эмоционального художественного воздействия на читателя, с соблюдением по мере возможности [путем точных эквивалентов или удовлетворительных субститутов (подстановок)] всех применяемых автором ресурсов образности, колорита, ритма и т.п.; последние должны рассматриваться, однако, не как самоцель, а только как средство для достижения общего эффекта. Несомненно, что при этом приходится жертвовать, выбирая менее существенные элементы» [3, с. 116]. Данная формулировка содержит обстоятельный перечень признаков адекватности. По всей вероятности «жертвы», о которых говорит автор, вовсе не противоречат принципу полноценности, так как известно, что мастерство перевода предусматривает для более близкого соответствия оригиналу и некоторые жертвы языкового характера (слово, словосочетание, фразеологический оборот и т.п.).

Сочетание системных задач по развитию бизнеса, конкурентного рынка, который создал основу, базу самообеспечения товарами, услугами и рабочими местами, а через развитую конкуренцию – постоянное обновление и качественное воспроизводство экономики, должно сочетаться с планомерной работой государства по привлечению технологических инвестиций в приоритетные отрасли. При этом строительство новой экономики должно учитывать новые реалии и, прежде всего, снизившийся из-за падения курса рубля и высокой инфляции внутренний спрос.

«Новая экономика», как один из этапов развития экономики, требует высокие профессионально-квалификационные требования к работникам, изменяя содержание и состав их интересов в направлении роста мотивации в социальных, интеллектуально-культурных ценностях. Происходит изменение в таких качествах работника, как социальная ответственность, терпимость, социальная самодостаточность. Происходят изменения в социальной структуре общества, рождается новый класс – класс работников интеллектуалов. Благодаря доминированию интеллектуальных видов деятельности происходит трансформация структуры форм собственности, появляются ее новые объекты, а также изменяется отношение по поводу способов ее реализации. Особенность присвоения интеллектуального продукта проявляется в ослаблении борьбы за полное отчуждение, в

образовании условий для свободного развития человека непосредственно в процессе производства. Главным становится не владение информацией, а ее рациональное использование.

Формирование «новой экономики» сопутствует изменению характера организации экономической системы, а именно, объектов и видов конкуренции, форм взаимодействия субъектов экономических отношений. В конкурентной борьбе теряют свою приоритетность такие объекты, как производственные ресурсы, вещественные товары, уровень на национальном рынке. Инновационная форма конкуренции не выражается лишь в ценовых и качественных характеристиках продукта, но и повышении эффективности самого производственного процесса, в широком внедрении НИОКР.

Трансформация роли традиционных факторов производства в условиях «новой экономики» и возникновение новой формы капитала определили изменение приоритетного вида активов компании. Теперь ими станут нематериальные активы, патенты, лицензии, производственная информация. Вследствие чего рыночная стоимость компании в «новой экономике» направлена на максимизацию будущего, а не текущего дохода, что приводит к изменению механизма капитализации компании – переходу от финансово-инвестиционной модели развития, когда стоимость компании на фондовом рынке измеряется исходя из ожиданий будущей прибыли, к интеллектуально-инновационной, предопределяемой эффективностью нематериальных активов. Отсюда следует вывод о том, что стоимость бизнеса в «новой экономике» зависит прежде всего от части товаров повышенной наукоемкости, их качества и степени уникальности.

В условиях трансформации «новой экономики» основным производственным ресурсом становится невещественный капитал. Происходит изменение в доминирующей форме собственности: возникает переход от крупной корпоративной и индивидуальной собственности к корпоративно-конкурентной и частно-государственной собственности. Собственники вещественного и финансового капитала «уходят на второй план». Их место занимают носители новых конструктивных идей и благ. Доминирующей формой труда, на смену наемному работнику, становится равноправный участник мобильных ассоциаций товаропроизводителей. Организация экономического пространства происходит в социально-регулируемом рынке. Характер развития экономики становится устойчивым планово-рыночным, также взаимодействия продавца и потребителя происходит при согласованно-динамическом спросе и предложении.

Рост динамичности и социальной многоаспектности субъектов «новой экономики» определяют объективные условия для последующего развития неформальных институтов и отношений. Пребывая в состоянии повышенной мобильности, субъекты экономических отношений постоянно двигаются от одной функционально-профессиональной группе к другой. При этом, если возникают проблемы в области неоднозначной трактовки неформальных правил, и как следствие, – появление противоречий в сфере тех или иных социальных групп.

Эволюция неформального сектора экономики при отсутствии определенной регламентации и взаимоотношений хозяйствующих субъектов помогает усилению «стихийной самоорганизации», однако также наблюдается усиление процессов организационного межсубъектного взаимодействия. Возникают новейшие формы и методы взаимодействия, а именно, конкурентный характер взаимодействия субъектов экономики, проявляющиеся не только в области конкурирующих фирм, но и непосредственно при взаимодействии продавца и покупателя.

Так как специфика социально-экономических отношений раскрывается через интересы определенных личностей, которые отражают социальные потребности, то каждой группе отношений свойственны функции субъекта и объекта управления. Каждый субъект автономно, но по координированию с остальными определяет свои цели, создавая определенные условия для их достижения, приобретая при этом относительную свободу поведения в границах общей цели. Принятие решений при этом совершается как выбор из созданных субъектом альтернатив. Организация производства на принципе гармоничного взаимодействия их элементов придает системе особые свойства, содействует росту результативности управления социальными ресурсами и постоянства системы в целом.

Несомненно, что формирование «новой экономики», создает новый способ организации социально-экономической системы, образованной на экономике «конструктивного интеллекта», актуализирует необходимость развития новой экономической политики. Так, в частности, особенностью государственной экономической политики развитых стран является близкое переплетение социальных и экономических процессов, что отображает объективную их взаимообусловленность в развитии хозяйственных систем. При этом наилучшее соотношение между экономическими и социальными параметрами политики исследователями обусловлено на основе исследования процесса общественного воспроизводства, совершающегося в масштабах надлежащей макроэкономической системы.

В обстоятельствах формирования «новой экономики» инновационный вид экономического формирования полагает восстановление фазы производства в процессе расширенного общественного производства на базе научно-технических новшеств. В итоге главным источником является развитие производства на базе науки и инноваций, которое имеет бесспорную социальную направленность в силу того, что предполагает многостороннее формирование личности, повышение квалификации и творческих способностей субъектов создания и реализации научно-технических нововведений. Вопросы социального развития в условиях становления экономики являются не только результатом, но и фактором экономического развития.

Таким образом, вывод о том, что «новая экономика» – это особая ступень экономической эволюции, которая сопровождается возникновением качественно нового социально-экономического уклада и преобразованием интеллектуального капитала в преобладающую форму.

ЛИТЕРАТУРА

1 «Қазақстан Республикасының үдемелі Индустриялық-инновациялық дамуы жөніндегі 2015–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны бекіту туралы» Қазақстан Республикасы президентінің жарлығы.

2 Трошина, Е. В., Осипов, А. Э. особенности преобразования социально-экономических отношений в условиях формирования «новой экономики»//фундаментальные исследования. – 2015. – № 2–16. – С. 3589–3592.

СҰЛТАНМАХМҰТ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ПӘЛСАПАЛЫҚ ДҮНИЕТАНЫМ

ЖҰМАТАЕВА Е.

п.ғ.д., профессор, Ж. Аймауытов атындағы этнопедагогика және білімденудің инновациялық технологиялары ҒПО-ның директоры,
С. Торайғыров атындағы ПМУ, г. Павлодар

БЕИСОВА А. Е.

ғылыми қызметкер, Ж. Аймауытов атындағы этнопедагогика және білімденудің инновациялық технологиялары ҒПО, С. Торайғыров атындағы ПМУ,
г. Павлодар

С. Торайғыров шығармашылығын басқа ақын-жыраулармен саралап қарасақ, ұстанымы мен пәлсапалық толғамдары дербес екеніне ешбір жан күмән келтірмес. Ақынның шығармашылығын оқымай-ақ, сырттай

көз жүгірткеннің өзінде заманға қатысты мәселелердің беті ашылып отырады. Нақтылап айтсақ, «Кім жазықты?», «Адақандар», «Айтыс», «Таныстыру» секілді шығармаларының атауларының өзінен ақынның нені меңзеп тұрғанын аңғару оңай. Көбінесе, филолог-зерттеушілердің назарынан тыс қалатын әңгімелерінің өзінде еліне деген жан-жүрегінің сүйіспеншілігін ашы ой-түйіндерімен білдіретіні байқалады. Мәселен, «Зарландым» әңгімесінің жанрлық ерекшелігіне кіріспе сөзін айтып өтіп, тура бидей шындықтың бетін ашып береді. Бұл ойымызды С.Торайғырдың өзінің ой өрнегімен келтіріп көрелік:

«Роман деуге болады мұның өзі,
Фельетон тәртібің ше әрбір сөзі.
Құрылған надандарға мысал-айна
Не шара соқыр болса көңіл көзі» [1].

Ұсынылған жолдардан ұғарымыз «Көңіл көзі» деген тіркестің метонимия болып тұрғаны айқын, бірақ біздер бұл тіркесті жеке бөліп алсақ, ой тұтастығына, ақынның тақырыпқа сай ұстанымына нұсқан келері даусыз. Сол себепті тұтас алып талдасақ, ақынның шерлі жүрегінің шырылы көпшілік қауымның көңілі білім мен ғылым деңгейімен бағаланып, олардың көңіл көзінің соқыр екені адам сипатында өріліп тұр. Сөйтіп бұл тұтастайын кейіптеуге жатады. Біздер филология тұрғысындағы бұндай теориялық талдауымызды сөздің, сөз тіркесінің, жалпы өлең сарынының не туралы айтылып тұрғанын студенттерге аңғарту үшін әзірлейміз. Ақын оқырманның осындай сөз басымен үмсындырып, қызықтырып, өзінің көкейіндегі халықтың қандай күйге душар болғанына уәж айтуы қайталанбас сөз өнерінің қуатын аңғартады. Ақын өзінің авторлық позициясында қазақ балаларының үш түрлі жолда болатынын жіктеп береді:

Біріншісі: жасынан бір ауыз ғылым оқымаған, әліпті таяқ деп те білмейтін, айуан секілді ішіп-жеп, мал бағып, өсек аңдып, айтуға ауыз шошитын неше түрлі бұзық мінездерменен қараңғылықта күнін өткізіп барады.

Екіншісі: бұрынғы аян молда, надан қожа ишандардың жолымен кетіп, атсаң оқ, айтса сөз өтпейтін миларын шатастырған қияли болады.

Үшіншісі: - біздер. Біздер-дағы сахардағы өмір өткізген қазақтың көк өрім қыршын жастарымыз. Ең әуелі бұрынғы атақты молда, аруақты қожалардан оқып, кішкенебізге әліп үсүн ән (әріп үйретудің бір тәсілі) «кесік бас», «тақи ғажап» (татар тіліндегі кітаптардың аттары) секілді пайдасыз кітаптардың санын түзетсе алмай, миымыз шіріп, алтыннан аяулы асыл өміріміздің ең қымбатты уақытын босқа кетіріп, әбден

шатасқан едік. Сол уақытта ілгері басқан аяғымыз кейін кетіп, оқығымыз келмей, есалаң кісідей не ғып, не қойғанымызды да аңғармап едік.

Аталған үш түрлі балалардың өсіп келе жатқанын С. Торайғыр сол ХХ ғасырдың бас кезінде айтып өтсе, ол мәселеден әлі де болсын айықпай отырғанымызды жасыру біздер үшін үлкен күнә дер едік. Осы үш түрлі мазмұнға тікелей тура мағына беру артық. Себебі бұл ұстанымды автор үлкен пәлсапалық ой-тұжырыммен саралап тұр. Алдыңғы екі жолға түспеу үшін бірталай ғұламалар С. Торайғырдан да бұрын айтып кеткені белгілі. Мәселен, Абай Құнанбайұлының «Ғылым таппай мақтанба» өлеңіндегі «Талапқа, Енбекке, Терен ойға, Қанағатқа, Рахымға» қас жау өсек, өтірік, еріншек, мақтаншақ, бекер мал шашпақ» екеніне барлық оқушы жастардың білім мазмұнында өріс алып жүргені ақиқат. Бірақ өкінішке орай, бала жүрек пен қабылдаған білім есейгеннен кейін өмір кәдесіне инструменттік дәрежеде қолқабыс тигізбейді.

Міне, осындай өнімсіз «білім» алуға қарсылық білдірген ақынның даналық ой-тұжырымы арқылы біздер оның көрегендігін аңғарамыз.

Бүгінгі таңда «Мәдени мұра» көзіне айналған баяғы құндылықтардың озықтығы жайлы да автор ерекше ой білдіреді:

«Баяғы қазекеннің түзулікті, һәм түзулік айтқан кісіні жек көріп, ынтымақ-бірлікке келмей қалшып қалатындығы бұрыннан-ақ әркімге мәлім ғой, бұлар тән-жандарын сарып қылып, халықты ұйқыдан оятып, түзулікке шақырып, тәртіпке салуға қандай қызықтырып, жақсылыққа сүйреп уағыздаса да, туғаннан бері ата мирасындай болып сүйегіне сіңіп, көңіліне орналасып қалған надандық шіркін жуық маңда жақсылық сөзді естірте қоя ма? Не қылса да, мыңнан біреу болмаса түсіне алмаған, жазаласа дұшпан тұтып, сөз жүргізіп, өсектей бастаған. Сол себепті тәртіпті программ түзелмеген болса да, барлық иждаһатын сарып қылып, қандай ауыр машақтарға шыдап, мүмкін қатал тәртіптен, шамасы келгенше пайдасын тигізуден жалықпай, аз да болса ғылым-өнер тарата бастады».

Автор бұндай білім мен ғылым жиоға кеселдік келтірер саңылау сезімнің жауы соқыр сезім (Ж. Аймауытов тілімен) екенін ашық айтып тұр. Сол кезден бері бүгінгі үшінші мыңжылдық кезінде де жаппай сөз ұғарлық дәрежеге жетуімізге күмәннің болуына әлі күнге дейін «қазақ тілі» жайлы жарнаманың жүргізілуі дер едік. Автор бұндай тұжырымды өрнек сөзінің қорытынды түйінін өзі береді:

4 ...бізге жолыққан апаттың түсі суық, рақымы жоқ, ыңғайлы тым жамандау, ақыры қорқыныштырақ көріне береді.

Құрметті білім, өнер иесі, жаны бір, қаны бір, қаны бір туысқандарым! ...кемшілік, қоршылықта болып, қараңғылықтан (метонимия) шыға

алмайтындығымыздың себептерін көрсетіп, сандалып тұрғанда, тым болмаса, қапымызды шығарып зорланып қалайық та!

Жоғарыда келтірілген талдаулардан шығарар қорытындымыз «қараңғылық» деген сөздің қарымы айрықша. Бұл арада автор білімге, сауаттылыққа қатысты «қараңғылықты» айтып тұрған жоқ, замана пәлсапасын ұғар түйсіктің жетесіздігін меңзеп тұр.

С. Торайғырдың бұл әңгімесіндегі «біздер» есімдігінің рөлі мүлдем басқаша. Замана ағымына 1) ден қоятын надандықтан күн сайын қашатын, 2) әрбір сөзді ұғарлық зейіні бар, 3) надандықтан болған ұлы апаттардан сақтайтын ғылым, 4) өнер үйренетін, 5) адамды күнде халқымызға һәм мемлекетімізге пайдалы адам болатын, 6) болашаққа зор үмітпенен қарайтын таудай талабы бар біздер бармыз дейді. Қарап отырсақ, бүгінгі жоғары оқу орнындағы оқытушы-профессорлардың оқыту іс-әрекетін интерактивпен өткізудің амал-тәсілдерін ақын өзінің осы әңгімесінің құрымына негіздеген сияқты сезінесің. Диалог, полилогты бір өзінің атынан келтіріп отырған өнер иесінің шеберлігіне таң қаласың.

Әңгіменің бірінші бөлімінде идеясы аталған талдауда толық қамтылды. Ал екінші бөлімінде автор өзінің атынан, өз өмірін баяндап отырғандай көрінгенмен, жалшылық, көптік мағына аңғарылып тұр. Оны мына бір алгоритмдерден байқаймыз:

1 Біздерді оқытуға ата, ағаларымыздың ықылас-ниеттері түзелген жоқ. Олардың бізді оқытуға ықыласы жоқтығын мынадан білеміз: біздерді ең әуелі оқуға бергенде молдаға өздері апарып тастамайды. Бірақ бізге айтатыны мынау:

...шырағым, күн жылыда, жұмыс болған уақытта, анда-санда ғана барып сабақ алып жүр. Әзір малға қарап жатқан жоқсын жұмыс реті келгенде, бармай да жүрерсің.

2 Әкең қайда десе, үйде жоқ, сондай жұмысқа кетті де.

3 Оқитын болсаң шығынданып кітап алмай-ақ, осындағы барын оқып бітірсең де жетер... бас-аяғы жоқ, арасынан көгерген иісі кеудемізді ататын, қырық бөлек жазба кітап арқалатып кітап береді.

Үшінші бөлімде полилог тағы жалғасын табады:

1 ...киімін жыртқаннан да мектеп көргені жақсы ғой деп, сізге әкеліп отырмын.

2 Молда: өзінің білген шамасынша, әуелі зәрулігі болған «иман да әдеп, дін үкімдерін» үйрететін һәм зейінін ашып, ақыл беретін, ұғынуына қолайлы, заманына лайықты бұл уақытта пайдалы кітаптар көп. Соларды оқыту керек.

1 Баланың әкесі: Ой тәңір-ау! Жас балалардың осындайы бар. Біздің бала кітап талғамайды. Сәндемей-ақ оқыта бер. Пайдасыз болса, бұрынғы

қожекемдер білмей оқытып па? Болмаса, кітабыңызды кірлемес, жыртпас, оқып беруге беріңіз.

Түсінбегені:

– Ойбай, мына заманақырдың молдасы қалай еді?

Осындай «біздер» деген атаудың ішінде неше түрлі ата-ана кейпі диалог пен полилогқа қатысып, оқуға деген баланың еңсесі үй іші, отбасынан басылып, алға ұмтылысқа жолдың жабылуын байқатады. Бүгінгі ата-аналардың арасында да балаға деген сынаржақтық қараушылықтың түп тамыры осыдан екені бірден танылып-ақ тұр. Қорытындысын ақынның өзі құрастырып береді: «Бұл адам суретті жарықтықтарға жасаған өзі ынсап беріп, түзулікке салсын деуден басқа айтар сөзіміз аз секілді» [1, 123 б.]. Бұл әңгіме 1912 жылы жазылған. Қарап отырсақ, оқыту процесін шебер ұстаздардай әңгіме жанры арқылы талдап, өзінің ілгерішіл ой-тұжырымдарын сөз күдіретімен кестелеп келтіріп тұрғаны байқалды. Нәтижесінде, С. Торайғыр «Қазақ ішінде оқыту жолы қалай?» деген түйіндемесіндегі іс-әрекет бүгінгі интерактивті оқытуға сәйкес келеді. Мұнда әр оқушыны бір-бір деңгейлікпен қабылдауға негіздеме жасалады. Бұл ой-пікірімізді дәлелдеу үшін төмендегі түзілімді келтіріп өтелік:

1 Ұстаз жаңа жолдың жарып салма, жарық ойлы, ғылым, педагогиканы оқудай ағызатын, азуы алты қарыс атактылары болсын.

2 Бірінің баласы жүйрік, бірінікі жорға, бірінікі шабан. Бәрінің бастарын қосып ұстаймын десек, істің түбі жаманға айналатын болған соң амалың бар ма? Себебі: бір тәртіпше бірінші бөлімнің балаларын ата-анасының разы болмағандығынан, я бір уақытта жиналмағандығынан екі-үш бөлім қылып оқытуға тура келеді. Олай болғанда әрбір бөлім басына күніне екі мезгіл оқытқанда ең азы үш түрлі сабақ үйретуге керек. Бөлім басы үш сабақтан күніне жеті бөлімге 21 сабақ болады. 21 сабақты жақсылап үйретуге 21 сағат керек. Міне, сонда мейлің бұлбұл бол, мейлің дүлдүл бол, 21 сағаттың жартысы 10 сағат оқытатын шамаң бар ма? Жок. Оған сен де, балалар да, мырзаң да шыдамайды. Алдыңа келген баланы қуып жеңілейтуге шамаң тағы жоқ, онда мүлдем қаражүз атанып елден қуыласың, әрі жөндеп оқытуға шамаң келмесе, әрі шамаңның жоқтығын айтсаң, бұ күнің өзіңе көп болатын болса, «күл болмасаң, бұл бол» деп тез-тез суылдатып бірін-біріне тіркеп, ескі ку мүйіздердің ар жағында су мүйіз болмағанда қайтесің? Және сенде ұят деген нәрсе тағы бар, ол сенің бұл ісіңе разы болып тыныштық бере қоя ма?! Өз ісіңнен өз ісің жиіркеніп балалардың алдында кісі өлтіріп қылмысты кісі болған секілді амалсыз байлауда тұрғандай болып отырмайсың ба? Әрине солай. Менің түсінуімше қазақ ішіне оқудың таралмауы, таралса да ілгері баспауының

бірінші себебі: молдалардың үйрете білмегендігінен емес, үйрету тізгінінің қолдарына берілмей, осындай бәлелерге ұшырауларынан деп білемін.

Қорыта келгенде, деңгейлікке саралап оқыту мәселесінің қиындығын ашып, оның көп баланы бір сыныпқа қамап оқыту тұрғысында мәнінің жоқтығын айтып өтеді. Бұл мәселе бүгінгі күні де шешімін толық тапты дей алмаймыз. Одан құтылудың бір амалы – тек интерактивті тақта арқылы интерактивті технология екені өз-өзінен түсінікті.

Интерактивті технологияның бүгінгі таңда ролі зор. Ретроқағидамен зердеден өткізсек, С. Торайғыровтай болашақ ұрпақ қамын ойлаған ақын өзінің шығармаларымен бүгінгіге кеңес бергенін байқап отырмыз. «Бірінің баласы жүйрік, бірінікі жорға, бірінікі шабан» - деген деңгейліктер жіктемесі бүгінгі модернизация тілінде «қайталаным, эвристикалық, шығармашылық» сияқты деңгейліктерге жіктелетінін ескереміз.

«Кім жазықты», «Адасқан өмір» сияқты шығармаларының идеялары пәлсапалық мәнде жазылғаны бүгінде біздерге жаңалық емес. Қазіргі адамдарымыз өз-өзін тануға ерекше маңыз беруде. Бұл идея аталған екі шығармада айқын суреттеледі.

Мәселен, «Адасқан өмір» шығармасында жас нәресте жазу түспеген ақ қағаздай таза екенін айта отырып, оның мынандай пәк сезімін алгоритмге түсіреді:

– ұжмақ періштесі, көңілі таза, қастықты білмейді, көңілі хош, алдау, күндеу, айла не білмейді, жүрегімде түкпір жоқ сүюден бос т.б.

Екінші бөлімде жігіттің сипаты:

(15, 30 арасындағы жігіт)

1 Толған мақсат, толған таңдау;

2 Көзі нұрлы, ақ меруерт – бүтін тісі;

3 Шашы қара сүмбілдей, бойы түзу;

4 Сәуле шашып тұрады жастық пішін.

Түйіні:

«Мен емес, тәнім тірі, жаным өлік,

Ірі мақсат болмаса, ұсақ іске,

Неге мен алданайын уақыт бөліп».

Кәсіп іздеудегі адамның адасу үдерісін ақын алдымен 1) Әкім болудан бастайды да оның жалғасы мынандай түзілім құрайды: 2) діни өкіл; 3) әскер басы. Бұл қызметтерден лирикалық кейіпкердің бас тарту себептері:

«Әкіммін, құдайшылмын, әскермін деп,

Еңбексіз еңбекшіні жалмау болмас...

Бір тілім нан алуға байды мақтап,

Жалынып тұс-тұсынан андау болмас».

Үшінші бөлімде «Мен тоқтадым» (30-дан 60-қа дейін).

Лирикалық кейіпкердің ішкі толғаныс-реніші:

«Ақ ниет, адал ойлар түкке тұрмай,

Барады ешкім оған мойнын бұрмай,

Әділдік орнамасқа көзім жетті,

Дүниеден ет жейтұғын ауыз құрымай».

Ізінше ол бұл ізгі ойдан тайып, мынандай ішкі өзгерістерге бер бұрады:

«Соғұрлым сағындырып әділдікті,

Соғұрлым көбейтпей ме өш пен қасын?

Әділ болып байқадым, не өндірдім?

Бұл басым залым болып бір байқасын!»

Көріп отырғанымыздай, С. Торайғыров ХХ ғасырдың басында өмір сүргендіктен қазақ халқының бұрынғы мәртебесінде өзгерістер болып, рухани-ұлттық құндылықтар келмеске кетіп, адамдардың қияли бас кешу сәтін өзінің шығармаларында сол құбылыстың бір көрінісі адамның өмір сүріп жатқан қоғамында әділет жоқ болса, ол өрісте өзіне ынғайлы орын таба алмауын осы адасу үдерісі арқылы білдіріп тұр.

Сәбиліктен, жігіттік, жігіттіктен тоқталу кезеңі, тоқталу кезеңінен көрілік, көріліктен өлік секілді сатылау тұрғысындағы адамның ой-өрісінің іштей өрлеуі болғанымен, сыртқы ортада оған қолдау жоқтығын аталған дәйектілікпен өрілген поэтикалық жолдардан аңғарамыз.

IV бөлімдегі «Мен көрі» кезеңінде автор лирикалық кейіпкердің тән қуатының тозу, құлдырау қалпын суггестивпен бернелеуі байқалады. Оны мына бір үзінді арқылы дәйектейміз:

«Бұл күнде ұйқы – тамақ, қайғы – жолдас,

Мұндай өмір ешкімге қызық болмас.

Мен үмітсіз хәм менен жұрт та үмітсіз,

Сөйлеспейді дегендей: «мынау оңбас»..

«Соны істеп кеттім ғой» деп медеу қылар,

Адамдыққа еш нәрсе бергенім жоқ.

Бұл кезімде құрметтеп мені елерлік...

Жұрт үшін еткен қызмет, еңбегім жоқ.

«Өлмей жасап тұрса екен» дейтұғын жұрт!

Дәрежеге еңбек қып келгенім жоқ».

Аталып өткен ішкі құсалықты Абай Құнанбайұлының мына бір философиялық ұстанымымен түсіндіруге болады:

«Егер тән жанға үй болса, ол – хайуан,

Жан тәнге үй болса ол – көмалат,

Ал жан және тән екеуі қатарынан адамның көзі жұмылғанша, үзіліссіз өркендеу, өрлеуде болса, ол - кемел».

Абай Құнанбайұлының көрсетілген формуласына С. Торайғыровтың:

«Тым болмаса, қалмады-ау ешбір ісім,

Мені айтып, жұрт сағынып, шөлдегендей».

V бөлімінде «Мен өлік» сипатын автор философиялық пайыммен ой өрнегін түзеді:

Не болар топырағы жүрегімнің –

Тірліктегі ұясы тілегімнің?

Не болар бәрін көрген көз топырағым,

Топырағы миымның, білегімнің.

Тозған жердің атомы күлдей ұшып,

Жүргенде әлдеқайда барып түсіп,

Жаралатын жаңа жер, жаңа күнде,

Жан бітер ме мақұлық боп, тамақ ішіп...

Ойымызды жинақтасақ, С. Торайғыров шығармаларында адамның нәпсісі басымдықта келсе, ол өз мақсатына жете алмайды дегенді аңғартады. Ол нәпсіге күш беріп тұрған көлеңкелі мінез – қорқақтық, шешім қабылдауда сенімсіздік, жігер-табандылықтың жоқтығы дастанның барлық құрылымынан байқалады.

Бұндай көлеңкелі мінездің болу себептерін автор қоғамдағы әділдіктің болмауы деген қорытындымен түйіндейді.

«Адаққан өмір» әр адамда кездеспеуі үшін осындай дастанды көкейкесті мәселе ретінде жазған С. Торайғыров – қазақ елінің мәңгілік болуына үлес қосқан ғұлама ақын.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Торайғыров, С. 2 томдық шығармалар жинағы. 2 Т. – Алматы : Ғылым, 1993. – 200 б.

2 **Аймауытов, Ж., Әуезов, М.** Абайдан соңғы ақындар: (М. Жұмабаев, А. Байтұрсынов, С. Торайғыровтар туралы/дайын. Р. Сарғожин// Қазақ әдебиеті. – 1990. – 10 тамыз)

3 **Дүйсенбаев, Б.** Сұлтанмахмұт Торайғыров. – А. : Қазақстан, 1967. – 113 б.

4 **Жұмалиев, Қ., Қирабаев, С.** Қазақ әдебиеті: 10-шы кл. арн. оқулық. – А., 1982. – 206 б.

5 **Кенжебаев, Б.** Асау Жүрек: Деректі Әңгімелер, мақалалар, зерттеулер. – А. : Рауан, 1995. – 16 б.

6 Оқулық. – А., 1982. – 206 б.

ЗНАЧИМОСТЬ ЭТИКО-ДЕОНТОЛОГИЧЕСКОЙ ПОДГОТОВКИ БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ В СОВРЕМЕННОМ ОБЩЕСТВЕ

КАСЕНОВ Х. Н.

докторант PhD, ЕНУ имени Л. Н. Гумилева, г. Астана

В Государственной программе развития образования и науки на 2016–2019 годы, утвержденной Президентом Республики Казахстан Н. А. Назарбаевым, одной из целью развития высшего и послевузовского образования является «вовлечение молодежи, обучающейся в вузах в укрепление духовно-нравственных ценностей Общенациональной патриотической идеи «Мәңгілік Ел» и культуры здорового образа жизни». В данном разделе говорится, что «позитивное развитие студентов вузов предусматривает комплекс мер, включающих вовлечение студентов в общественную жизнь, развитие жизненно важных навыков, необходимых для перехода от обучения к продуктивной занятости, воспитание толерантности, умения жить в социуме в согласии в условиях межконфессионального и этнического разнообразия» [1].

В современных реалиях развития социокультурной жизни нашего общества, а также системы высшего образования в Республике Казахстан необходимы кардинальные изменения в духовно-психологическом облике будущих специалистов с опорой на нравственно-этические основания деятельности.

Исследования в данной области говорят о том, что помимо профессиональной подготовки высшее образование должно систематически и разносторонне пропагандировать фундаментальные нравственные ценности, пояснять их смысл и их действенность в профессиональной деятельности. При этом «нравственное и этическое содержание должно проникать в самые разные части учебного плана», так как именно этическое воспитание представляет собой один из важнейших элементов в формировании личности будущего специалиста. На основе общей этической культуры личности должна сформироваться профессиональная этико-деонтологическая культура педагога.

В этой связи обращение к проблеме развития у будущих педагогов этико-деонтологической готовности является одной из важнейших стратегий развития педагогической науки.

Термин «деонтология» был введен в научный оборот в начале XIX века английским философом И. Бентамом для обозначения науки о профессиональном поведении человека. Основание деонтологии – принцип пользы, по которому поступок является заслуживающим или не

заслуживающим одобрения в зависимости от увеличения или уменьшения «суммы общественного счастья» [2, с. 626]. Осмысление теоретических положений деонтологии позволяет сделать вывод о том, что современному обществу необходим педагог, имеющий не только фундаментальное научное образование, внутреннюю культуру, но и сформированное чувство профессионального долга. Сознание своего долга определяет поведение педагога, выбор определенных норм морали, позиционирование ценностей, которым он следует в повседневной практической деятельности. В данном контексте обращает на себя внимание проблема, связанная с этико-деонтологической неготовностью будущих педагогов к работе.

Так, М. Гунзенхаузер в своей работе «Активный/Этичный профессионал: Образец для ответственного педагога» (The Active/Ethical Professional: A Framework for Responsible Educators) приводит следующие три принципа профессионализма для педагогов:

1) как профессионал, педагог имеет возможность выражать независимые верования о значении и ценности образования. Другими словами, профессиональный педагог понимает философию образования и вовлекает других, у которых могут быть различные идеи о значении и ценности образования.

2) Как профессионал, педагог имеет возможность осуществлять этическое и профессиональное суждение. Педагог в состоянии все время развивать этическое и профессиональное суждение в течение всей его карьеры и в его различных видах ответственности. Далее, профессиональное суждение охватывает позиции педагогов всюду вокруг образовательного сектора. Активный/этичный профессионализм применим педагогам, школьным лидерам, различным Советам по образованию, педагогам, выпускнику и административным органам.

3) Как профессионал, педагог имеет возможность признавать и сопротивляться возможности выполнить нормализацию на самом себе, студентах и коллегах. Чтобы действовать этически, педагогу необходимо понимать, как и почему его работа должна на некотором уровне быть стойкой [3, с. 126–127].

Сознание своего долга определяет поведение специалиста, выбор определенных норм морали, позиционирование ценностей, которым он следует в повседневной практической деятельности. В данном контексте обращает на себя внимание проблема, связанная с деонтологической неготовностью будущих педагогов к работе. Как отмечает В. А. Григорьева-Голубева, специфика педагогической деятельности состоит в том, что результат ее всегда есть следствие совместной деятельности педагога и воспитанников. При соблюдении субъект-

субъектной позиции как основы общения устанавливается межличностный контакт, в ходе которого происходит воздействие одного субъекта на другого, а значит происходит обмен ценностными установками и в этом случае педагог транслирует воспитаннику свою систему ценностей. Ценности, являясь переработанным в сознании людей ориентиром движения, направляют людей на деятельность, определяют их поступки. Индивидуальное самосознание педагога становится важнейшим условием профессионального самоопределения воспитанника [4, с. 276].

Низкая профессиональная культура педагогов, отсутствие педагогического такта и невыполнение своего профессионального долга, незнание индивидуальных особенностей подростков, усугубляют возникающие трудности в системе «ребенок-общество». Между тем именно детям необходима реальная поддержка в решении возникающих проблем и трудностей в современном обществе. Позицию активного посредника в системе «ребенок-общество» должны занять педагоги, способные реализовать свои профессиональные функции посредством эффективной системы общения и творческой деятельности, направленной на трансляцию гуманистической системы ценностей. Подчеркнем и тот факт, что педагогическая профессия предполагает деятельность в системе «человек-человек», в которой ведущее место должны занимать этико-деонтологические аспекты, поскольку для данного вида профессий предметом трудовой деятельности выступает сама человеческая личность. Такие виды профессиональной деятельности являются областями существования и развития гуманистических ценностей. Именно здесь реализуются ценности альтруизма и творчества, которые придают смысл данной деятельности [5, с. 39–48].

Этико-деонтологическая готовность педагога представляет собой социально-педагогическое образование, формируемое в учебном заведении. По своей сущности она представляет собой результат нравственно-ориентированной подготовки учителя через требования профессионально-педагогического долга и проявляется в поведении и профессиональной деятельности.

В условиях совершенствования кадровой политики в Республике Казахстан проблема формирования и развития этико-деонтологической готовности будущих педагогов в системе вузовского обучения становится особенно актуальной. Воспитание этико-деонтологической направленности сознания у студентов-педагогов является универсальным средством обеспечения высококачественного профессионального образования, которое приведет к долгосрочному экономическому росту, создаст базу для будущих научных и технологических прорывов,

повысит качество жизни граждан страны, укрепит социальную основу государства, будет способствовать формированию интеллектуальной нации, функционировать как мощное профилактическое средство в борьбе с коррупцией.

ЛИТЕРАТУРА

1 Государственная программа развития образования и науки Республики Казахстан на 2016-2019 годы//утверждена Указом Президента Республики Казахстан от 1 марта 2016 года, № 205.

2 **Микешина, Л. А.** «Деонтология, или наука о морали» // Новая философская энциклопедия: в 4 т. / Ин-т философии РАН; Нац. обществ.-науч. фонд; Предс. научно-ред. совета В. С. Стёпин. – М. : Мысль, 2000–2001. – ISBN 5-244-00961-3. 2-е изд., испр. и допол. – М. : Мысль, 2010. – ISBN 978-5-244-01115-9. – с. 626.

4 **Gunzenhauser, M. G.** The Active/Ethical Professional: A Framework for Responsible Educators. – London, New York : Continuum, 2012.

5 **Григорьева-Голубева, В. А.** Проблемы становления системы гуманистических ценностей в современном образовании. – СПб. : Изд-во С.-Петербур. ун-та, 2002. – 276 с.

6 **Максимова, Н. А.** Становление системы деонтологических ценностей у студентов педагогического колледжа. //Вестник Ленинградского государственного университета им. А. С. Пушкина. – 2012. – Т. 3. – № 4. – С. 39–48.

ҚАЗАҚСТАНДА ДӘСТҮРЛІ ЕМЕС ДІНИ ҰЙЫМДАРДЫҢ ТАРАЛУЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК АСПЕКТІЛЕРІ

НАЗАРБЕК Ж. А.
әлеуметтану магистрі, Алматы қ.

Дін қазіргі таңда рухани жаңғырудың өзегі ретінде өте маңызды әлеуметтік институт. Ол қоғамдағы әртүрлі әлеуметтік топтардың мүдделерін білдіретін саяси күштермен ықпалдаса отырып, бүгінгі қоғамдық дамудың барысына барынша әсер етіп келеді.

Қазақстан Республикасында тәуелсіздіктің бірінші күнінен бастап, демократиялық қоғамның басты құндылығы адам құқықтары мен бостандықтары қамтамасыз ету іске асырыла бастады, соның ішінде әрбір адамның дін таңдауда еркіндігі жарияланды, әртүрлі діндерге қатысты мемлекет бейтарап саясат жүргізіп отырды. Қоғамның демократиялануы,

мемлекет пен діни қауымдастықтар арасындағы жаңа қарым-қатынастар діни саладағы елеулі өзгерістерге алып келді. Нәтижесінде халықтың дінге деген жалпы қызығушылығы арта бастады, елдегі діни ұйымдар белсенді іс-әрекетке көшті, көптеген жаңа қозғалыстар, соның ішінде Қазақстан үшін дәстүрлі емес діни бірлестіктер пайда болды.

Еліміздегі дәстүрлі діндер – ислам және православие өз қызметін белсенді жүргізіп келеді. Сонымен бірге басым көпшілігі батыстан келген дәстүрлі емес діни ұйымдар да Қазақстан аумағында өздерінің діни ілімдерін кеңінен тарату және бекіту жолында белсенді қызмет жүргізе бастады. Дәстүрлі емес діни ұйымдардың қызметіне баға беру өте күрделі. Дегенмен, әлемдік тәжірибе бойынша көптеген елдерде дәстүрлі емес діни ұйымдардың тіркелуіне уақытша шектеулер енгізіліп отырғанын атап өтуге болады. Сонымен қатар дәстүрлі емес діни ұйымдардың бірқатары өздері орналасқан елдің Конституциясы мен заңдарына қайшы келетін қызметі үшін мемлекеттік органдардың да, қауымдастықтың да тарапынан қатты сынға алынып отырғандығы, тіпті тыйым салынатыны белгілі.

Дәстүрлі емес діни ұйымдардың идеологиялық және басқа да жұмыстарының нысанына жастар алынатындығы жиі кездесетін жағдай. Жастар әлеуметтік-демографиялық топ ретінде өзіндік, соның ішінде рухани сипаттағы ерекшеліктерге ие. Көпшілік өмірдің рухани негіздерін іздеу, өмір сүрудің мән-мағынасы туралы сұрақтарға жауап іздеу жолында дінге келеді. «Соңғы кездері біз қандай да бір діннің тереніне бойламай, діндердің ізгілігіне, шынайылығы мен жалпыға ортақ басқа да қырларына дендеп енбей жатып діндарлықтың сәнге айналғанын көріп отырмыз. Адамдарды қандай да бір дінді қабылдауға мәжбүрлеуге болмайды. Сондықтан жастарға ерекше назар аудару қажет», - деп Елбасы Н. Ә. Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясында сөйлеген сөзінде айтып өтті [1, 2 б.].

Жекелеген дәстүрлі емес діни бірлестіктер мен олардың тарапынан жүргізілетін құқыққа қайшы іс-әрекеттердің ерекшеліктері туралы сөз қозғаудан бұрын «діни бірлестік» деген ұғымға және олардың түрлеріне қатысты сипаттамасын берген дұрыс.

Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңына сәйкес, діни бірлестік – Қазақстан Республикасы азаматтарының өз мүдделерінің ортақтығы негізінде рухани қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте біріккен ерікті бірлестік [2].

Әлемдік діндер бейбітшілікке және зорлықтан бас тартуға шақырады деген тұжырымды ұстанғанымызбен барлық конфессияларда секталық және қауіпті экстремистік топтар пайда болатынын ескергеніміз жөн.

Дәстүрлі емес діндерге салыстырмалы түрде жаңадан пайда болған (ХІХ немесе ХХ ғғ.), ешқандай этносқа қатысы жоқ ағымдар жатқызылады. Олардың діни ілімі нақты мемлекет немесе халық тарихымен терең байланыспайды. Кейбір діни ағымдар өздерін саналы түрде мемлекет пен қоғамда басым діндерге қарсы қояды. Көп тараған пікірлер бойынша, дәстүрлі емес культтердің догматтары канондық догматтарға қайшы болып келеді. Еліміздегі дәстүрлі емес ағымдардың пайда болуын ғалымдар шартты түрде екі кезеңге бөледі.

Бірінші кезең, ХХ ғ. 30–50 жылдары. Осы кездері Қазақстан территориясына дін ұстанушылар қоныстандырылды, олардың ішінде «Иегова Куәгерлері», «Жетінші күн адвентисттері», елуіншілердің түрлі бағыттары және өзге конфессиялар өкілдері болды. Осы кезден Кеңес үкіметінің ыдырауына дейін атеисттік идеология жетекшілерінің түрлі қуғындарына қарамастан, олар өз діни сенімдерін жоғалтпады.

Екінші кезең, 1980 жылдардың соңынан қазіргі кезге дейін жалғасуда. Кеңестік идеологияның орнына түрлі ағымдар келіп, олардың кейбіреулерін ұстану (мәселен, оккультизм) сәнге де айналған кездер болды. Осы тұста діни ағымдардың ең көп шоғырланған жерлері үлкен қалалар болды.

«Кришна санасы қоғамы», «Виссарион шіркеуі», «Трансценденталді медитация», «Бірігу шіркеуі» секілді ұйымдар өздері туралы белсенді түрде жариялай бастады. Баспа беттеріндегі жарияланымдар арқасында сатаналықтар мен неогілдік ағымдар кеңінен танымал бола бастады.

1990 ж. басында Батыста кең таралған бірақ қазақ жерінде бұрын болмаған протестанттық шіркеулердің саны күрт көбейді. Олардың белсенді миссионерлік қызметтері өз діни сенімдерінің (ең алдымен харизматтық, пресвитериандық, методисттік, евангельдік) арттарынан ерушілер санын көбейтті.

Ал, жаңа дәстүрлі емес діндерге келетін болсақ, олар да экстремизмнен сақтандырылмаған. Оларды өзгеше айтқанда деструктивті деп атауы бекер емес, өйткені оларда конструктивті, позитивті, гуманистік бастама жоқ. Бұл культтік құрылымдар діни мақсаттарды жариялай отырып өздерін дәстүрлі конфессиялардан ажыратады. Олар Шығыс пен Батыстың діни дәстүрлерінен синтез жасайды.

Қазақстанға соңғы жиырма жыл ішінде исламдық сипаттағы экстремистік ағымдармен қатар, әртүрлі конфессионалды бағыттағы жаңа дәстүрлі емес діни қозғалыстар (деструктивті, тоталитарлы культтер) көптеп еніп кетті. Олардың өздерін ерекше көрсеткен кезі ХХ ғ. 90 жылдардан бастап шетелдік миссионерлердің белсенді қызметтерінің арқасында ориенталистік бағыттағы (кришнаиттер, бахаи қауымы,

«Трансцендентальная медитация», т.б.) ілімдер мен протестанттықтың харизматтық тармақтары, «Иегова Куәгерлері», «Саентология» және басқаларының әсерлері байқала бастады.

Отандық ғалым Г. Ж. Жұманованың пікірінше «коммунистік идеологияның күйреуінен кейін орын алған діни қайта өрлеудің, жаңа діни немесе жалған діни қозғалыстардың пайда болуына әкелгенін естен шығармауымыз қажет. Себебі, осы дәстүрлі емес діни қозғалыстардың негізінде жалған пайғамбарлар және жаңа шыққан мессиялардың діни білім беруді және оқуды, жаңа ақиқат пен шындықты насихаттайтын, өзгертетін, сақтап қалуға тырысатын т.б. жалған ілім жатыр. Жаңа діни қозғалыстар, әдетте, әртүрлі қоғамдық бірлестіктердің, қауымдастықтардың, қайырымдылық қорларының, университеттердің, ағылшын тілі курстарының, психологиялық тренингілер мен сауықтыру орталықтарының атын жамылып әрекет жасайды. Олар өздерінің іс-әрекетін бүркемелеп, алдына қойған шынайы мақсаттарын жасырады» [3, 32–34 б.].

Қазақстанда және бүкіл кеңестік кезеңнен кейінгі кеңістікте тоталитарлық режим кезінде репрессияға ұшыраған діндер құқығын қайта қалпына келтіру үрдісі кеңінен таралғандығын ескерген жөн. Қазіргі кездегі тоталитарлық секталар – адамзат жанын құтқаруға мүдделі емес авторитарлық ұйымдар. Оларды біздің еліміздегі діни экстремизм мәселелеріне тікелей байланысты деуге негіз бар.

Себебі, экстремистік идеялардың пайда болуына алып келетін ортаның бірі ауыл халқының өмір сүру деңгейінің төмендігі болып табылады, осыған байланысты табыс көзін іздеу үшін көбісінің қалаға қоныс аударуы, белгілі мамандық иесі және білімі болмай, тұрмыстық жағынан теңсіздікке ұшырап, нәтижесінде діни экстремизмді насихаттаушылардың объектісіне айналады. Құрастырылған идеологиялық жұмыс әсер етудің мақсаттық топтарын жіктеу бойынша жүргізіледі, болып жатқан оқиғаларға дұрыс әрекет етуге және сәйкесінше әлеуметтік жүріс-тұрыс түрін қолдануға жол бермейтін әлеуметтік әдепсіздік пайдаланылады.

Сонымен қатар, әлеуметтік әдепсіздік жекелеген жағдайларда зұлматқа, алдамшылыққа алып келетін жақсы реттелген механизм көмегімен қасақана қолданылады (біздің қоғамда ата-анасы діни фанатиктер болып табылатын өз балаларына жедел медициналық көмек көрсетуден бас тартып, балалары қайтыс болған оқиғалар кездеседі).

Қазіргі таңда діни экстремизмді дамыту факторларының бірі – бұл діни сауатсыздық. Ал, сауатсыздық заманауи адамға діни дүние-мүлікті сауатты ажырата білу үшін маңызды.

М. Я. Яхъяев экстремизмнің әлеуметтік-экономикалық тамырының негізгі дереккөздері ретінде келесілерді атап көрсетеді: қоғамды дамыту негізінің құндылықтарын ауыстыру; идеологияны бірлестірудің болмауы; дағдарыспен күшейтілген қиын шешілетін әлеуметтік мәселелер; жемқорлық – өкіметке қарсы бағытталған кез келген әрекеттерді туындататын және растайтын негізгі факторы ретінде; халықтың жалпы мәдени деңгейінің төмендеуі, сансыз «фобиялар»: исламдық фобия және басқа болып табылады; қоғамның байлар және кедейлер болып әлеуметтік бөлінуінің артуы, халықты рухани бағыттан адастыру, діндер мен конфессиялар арасындағы бітпес қарама-қайшылықтар [4].

Бүгінгі күні Қазақстанда дәстүрлі емес исламдық бағыттағы әртүрлі ағымдар, салынып отырған тыйымдарға қарамастан өз жұмысын жалғастырып келеді. Дәстүрлі ислам концепциясын қалыптастыру барысында бұл ағымдардың кері және деструктивті әсері тиетіні анық. Солардың ішінде елімізде таралып, өз жақтастарын тауып, кейін әрекеттеріне шектеу қойылған «Хизб-ут Тахрир», «Таблиғи Жамағат» және «ат-Такфир уәл-Хиджра» ұйымдары. Белгілі уақытқа дейін бұл ұйымдар мұсылман қауымының сыртында көпшілікке беймәлім болды. Оның себебі бұл ұйымдар өздерінің нақты сипатын жасырын түрде ұстанып келді.

Діни қозғалыстардың адам денсаулығына келтіретін қаупі оның адам психикасына жасайтын ықпалынан көрінеді. Адам психикалық дабылдардың әсерінен өз көзқарастарын, пікірлерін, сезімдері мен мақсаттарын басқаша түрде қайтадан құрады.

Психологтардың пайымдауынша, жалған діни қауымның шырмауына түсіп, ықпалына ерген адам өзін кінәлі сезініп, әлденеге мазасызданған, топқа тәуелді, жапанда жалғыз қалғандай кейіпте болады. Сондай-ақ, қоғамда өзін-өзі орнықтырудан, өзін-өзі тұрақтандырудан, қажеттілік алдындағы қорқыныштар, қандай-да бір өзгерістерден, өзіне сенбеуден туындайды.

Дәстүрлі емес діни ағымды жақтаушылар өзбетінше шешім қабылдау және сыни пікірлер айтып, өз көзқарасын білдіру қабілетін мүлдем жоғалтады. Оның соңы өзіне-өзі қол жұмсап, зорлық жасауға бейімділік сияқты қасиеттерге әкеліп соғуы мүмкін. Мұндай психикалық әсер ету немесе адамды мәңгіртке айналдыру, бағдарлау, адамдардың «миын айналдыру», қоғамдық сананы басқарып, жетекшілік ету жаңа діни ұйымды басқарудың әдісі және ұйымға билікті жүзеге асырудың тәсілі болып саналады. Түңілгендік, шарасыздық, мазасыздықты басынан кешірген кез келген адам дәстүрлі емес діни ағымдардың потенциалды құрбаны болуы мүмкін.

Діни қозғалыстар іс-әрекетінің адамның өміріне, денсаулығына келтіретін қаупі жалған сауықтыру, жалған медициналық ілімдер арқылы, оккультті, эзотерикалық жолдар арқылы жүзеге асырылады. Атап айтсақ, күн сәулесімен емдеуді насихаттайтын «Аллы-аят», сонымен қатар рұқсат қағазы немесе тиісті медициналық білімі жоқ болса да емшілікпен айналысатын «Ата жолы», «Ақ жол», «Иегова куәгерлерінің» сенушілері қан құйғызудан, отанды қорғаудан бас тартса, «сатанистер» ритуалдық өлтіру тәжірибесін қолданады.

Осы орайда Қазақстан аумағында дәстүрлі емес діни ұйымдардың таралуының келесі себептерін көрсетуге болады. Сенім мен сенімсіздік аралығында күмәнданушы «дін төңірегіндегі» тұрғындар санының едәуір көп болуы. Ондай адамдар дәстүрлі емес діндердің миссионерлері үшін қолайлы жағдай тудырады. Сонымен қатар, бұқаралық діни сауатсыздық, дәстүрлі діни сенімінің немесе білімнің жоқтығы. Бұл қазіргі діни жағдайда адамдардың бағыт-бағдарын бұрмалауға және оларды діни насихат жүргізуде ыңғайлы нысанаға алуға мүмкіндіктер тудырып береді. Қүйзеліске түскен адамдардың, мәселесін шеше алмай жүрген жандардың жанынан жылдам табылатын дәстүрлі емес жаңа діни ағымдар жеңіл жол көрсетіп, жауабын өзі көрсеткен діннен іздеуді ұсынумен ерекшеленеді.

Дәстүрлі емес діндерді ұстанушылар өз миссионерлік қызметін белсенді атқарады. Олар түрлі жағдайларға икемделіп, елдегі әртүрлі топтардың психологиялық ерекшеліктерін ескере әрекет ете алады. Олар жастарға, олардың ауыспалы талаптары мен талғамдарына баса назар аударады. Осы мәселе төңірегінде отандық ғалымдардың ғылыми-зерттеулеріне көз жүгіртсек «дәстүрлі емес діндер тарапынан жастарды өздеріне тарту үшін қазіргі психологиялық технологиялар қолданылатынын, діни ағымдардың уағыздаушыларының психологиялық дайындығы жоғары екендігін атап көрсетеді» [5, 30 б.].

Қазақстан Республикасында конфессияаралық байланыстар бір мағыналы сипатта әсер етуде. Бір мезгілде дифференциацияның кері үдерісі байқалады: әрбір дін өзінің ерекшелігін, қайталанбауын сақтап қалуға тырысып, өз ізбасарларының санын көбейту үшін жұмысын белсенді жүргізе бастады, кейбір жағдайда бұл үдерістер діндер арасындағы өз табынушылары үшін бәсекелестікке, тіптен қарама-қайшылыққа да алып келу қауіптері аңғарыла бастады. Осы орайда мемлекеттің дін саласындағы байыпты саясаты, мәселенің өршіп кетуіне тосқауыл болып отырды. Дегенмен діни саладағы орын алған үрдістерінің кейбір жақтары, жеке тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің тұрақты дамуына кері әсер ету көріністері айқындала бастады.

Қазіргі таңда, дәстүрлі емес діни ұйымдардың қайырымдылық қызметтері келесі формаларда жүзеге асырылуда: жағдайлары нашар жанұяларға киім және азық-түлік беру, әлеуметтік қамтамасыз етілмеген қоғам мүшелеріне әсіресе қараусыз қалған балалар мен қарттарға әртүрлі көмек көрсету, емдеу орталықтарының медициналық құрал-жабдықтармен және дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ету, сонымен қатар мүгедек жандарға арналған арнайы интернат үйлерін жабдықтау, әртүрлі жағдайларда зардап шеккен жергілікті тұрғындарға көмек жасау. Осы жерде ескере кететін мәселе, еліміздегі батыстан келген шетелдік діни ағымдардың біразы АҚШ, Канада, Оңтүстік Корея сияқты елдерден тікелей қаржыландырады.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, келесідей қорытынды шығаруға болады. Әртүрлі дәстүрлі емес діни ұйымдарға күштеп тартудың психологиялық әдістерін қолданатын қауіпті тренингтер, семинарлар, біліктілікті арттыру курстары және т.б. көптеген әлеуметтік-психологиялық қатерлер бүгінгі қоғамның жаппай көрінісіне айналып отыр. Қоғам деңгейіндегі психологиялық қауіпсіздік ұлттық қауіпсіздіктің басты сипаты. Сондықтан, жас ұрпақтың өнегелілік тәрбиесіне басты назар аудару; ғаламтор арналарында дәстүрлі емес діни ағымдарды маскаралайтын, олардың беделін түсіретін жағымсыз айғақтарды кеңінен тарату; дәстүрлі емес діни ағымдардың жетегінде кетпеуді жете түсіндіре алатын білікті психолог және дінтану саласындағы (әсіресе қазақ тілді) мамандарды көптеп дайындау қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Назарбаев, Н. Ә. Қазақстан халқы Ассамблеясының XV-ші сессиясында сөйлеген сөзі // Егемен Қазақстан. – 27.10.2009. – 2 б.
- 2 «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазанындағы №483-IV Заңы // Егемен Қазақстан, – № 497-500 (26892). – 15.10.2011
- 3 Жұманова, Г. Ж. Жаңа діни ұйымдардың деструктивті мәні // Ақиқат. – 2010. – № 6. – 32-34 б.
- 4 Яхьяев, М. Я. Социально-экономические корни экстремизма // <http://www.ekstremizm.ru/>
- 5 Курганская, В. Д., Дунаев, В. Ю., Косиченко, А. Г., Подопригра, Р. А., Садовская, Е. Ю., Чупрынина, И. Ю. Влияние религиозных организаций на молодежь в Казахстане (Научно-исследовательский отчет). – Алматы: Центр гуманитарных исследований. – 2003. – 30 с.

МЕЖЭТНИЧЕСКИЕ БРАКИ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН (НА ПРИМЕРЕ ПАВЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТИ)

САЛИМОВА Р. С.
магистрант, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар
БЕГИМТАЕВ А. И.
к.полит.н., доцент, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

В Казахстане, как и во многих странах с полиэтническим населением, смешанные браки стали распространенным явлением. Раньше такие браки в основном встречались среди европейского населения страны, однако впоследствии они стали встречаться и среди коренного населения.

Смешанным или межэтническим считается брак, в котором супруги принадлежат к разным этносам. Межэтнический брак часто употребляется как синоним межрасового, межнационального, межкультурного, этнически смешанного брака.

Как известно, со второй половины XIX столетия на территорию Казахстана шло массовое переселение казачества и русско-украинско-белорусского крестьянства, немецких колонистов. После установления советской власти в Казахстане процесс миграции еще больше усилился. В результате осуществления различных социально-экономических преобразований, вплоть до насильственных, а также массовой гибели казахского населения от голода в 1930–1933 гг. в республике образовался значительный дефицит трудовых ресурсов, который возмещали за счет пришлого населения. Данные миграционные процессы оказали непосредственное влияние на заключение смешанных браков.

Следует отметить, что на формирование полиэтнического населения республики также повлияла массовая насильственная депортация с 1937 по 1944 годы. В числе депортированных народов были корейцы с Дальнего Востока, курды из Закавказья, поляки и украинцы из Западной Украины и Белоруссии, немцы и калмыки из Поволжья, крымские татары из Крыма, чеченцы и ингуши, карачаевцы и балкарцы с Кавказа. Еще большее влияние на формирование полиэтнического населения республики оказало освоение целинных и залежных земель в северных областях республики в 1950-е годы, а также интенсивное строительство промышленных предприятий в Западном, Центральном и Восточном Казахстане в 1950–1970-е годы. Все эти события сопровождалось смешением молодежи различных национальностей, прибывавшей из различных районов РСФСР, Украины и других республик, вследствие чего заключались смешанные браки. [1]

Согласно данным переписи 1970 года в Республике Казахстан межэтнические браки составляли 20,6 %, в 1979 году – 21,5 %, в 1989 – 23,9 %. Практически в советские годы наблюдалась тенденция увеличения доли таких браков, иными словами, в 1989 году каждая четвертая семья в Республике состояла из представителей разных этносов [2, 71].

Вопросы межнациональных браков вызывают интерес у исследователей различных отраслей наук. Так, например, работа Д. Горенбурга, изданная в 2006 году, переосмысливает роль межэтнических браков в советской культуре и социально-экономическом развитии. В статье автор рассматривает влияние межэтнических браков на национальную самоидентификацию [3, 145].

В исследовании Калышева рассматриваются смешанные браки в сельском Казахстане, но только между казахами и русскими. Автор показывает, что, по состоянию на конец 1980-х, браки между казахами и русскими, несмотря на общее возрастание показателя, являются довольно редким явлением и встречаются до 10 раз реже, чем можно было бы ожидать, исходя из этнического состава населения, в то время как браки русских с украинцами и немцами распространены даже чаще ожидаемых показателей [4, 71].

Из статей, посвященных относительно малочисленным диаспорам Казахстана, следует отметить работу Н. Ем и С. Эпштейна о матримональном поведении корейцев после депортации и до 1965 года, а также о связи поведения с изменением социального статуса [5, 133].

Межэтнические браки – явление, которое идет из глубины веков и встречается в той или иной форме у любого народа. Что касается многонациональных государств, каким является Казахстан, то такие явления закономерны.

Согласно статистике, за текущий 2017 год было зарегистрировано 4769 случаев регистрации брака лиц казахской национальности с представителями других национальностей. Из них 2587 случаев жених – казах, невеста – лицо другой национальности, 2185 случаев невеста – казашка, жених – лицо другой национальности. Также согласно данным чаще всего лицо казахской национальности заключают браки с представителями следующих национальностей: русской (1788), татарской (445), уйгурской (386), узбекской (378), корейской (333) [6].

В Казахстане, где супруга другого этноса, а супруг титульной принадлежности, возникает меньше проблем, чем когда наоборот. В основном супруги принимают культуру и вероисповедание стороны супруга и дети не теряют этнической идентичности, чем в семьях, когда

женщина принадлежит титульному этносу, а мужчина – другому. В связи с этим могут возникнуть противоречия. Создавая семью, один из супругов принимает религию другого, но не всегда меняет ее сам.

Будущая жизнь и деятельность человека во многом определяется тем, в какой семье рос ребенок, какая атмосфера царил в ней, какими были ценностные установки этой семьи. Хорошо известен тот факт, что именно в семье происходит социализация индивида. Для этнически смешанной семьи очень важна функция социализации ребенка, так как в подобных семьях почти всегда стоит вопрос выбора языка, культуры, национальной идентичности. В нашей стране при национальном самоопределении дети, как правило, выбирают национальность родителя, в чьей национальной среде они выросли (как правило, отца).

Смешанная семья представляет собой полиэтническую среду, в которой на микроуровне формируется культура межэтнического общения, и детям, выросшим в подобной семье, легче вступать в контакты с представителями других этносов, чем детям из однонациональных семей. По мнению Сауле Уалиевой, кандидата исторических наук из Усть-Каменогорска, дети в смешанных семьях вырастают толерантными, они видят культуру разных народов на бытовом уровне. По статистике, раньше мужчины-казахи женились на представительницах другой национальности чаще, чем девушки брали себе мужей. В казахских семьях это воспринималось нормально, ведь мужчина приводит в свой дом невесту [7].

С целью выяснения отношения к межэтническим бракам на современном этапе в январе-феврале 2015 г. в г. Павлодаре и области было проведено социологическое исследование. Для сбора первичной социологической информации применялся метод стандартизированного раздаточного анкетирования. Опрос состоял из следующих этапов: построение выборки, разработка вопросов, составление анкеты, сбор данных, их анализ и интерпретация. Согласно полученным результатам 53 % опрошенных считают, что при создании семьи этническая принадлежность не имеет никакого значения, 33 % опрошенных предпочли бы, что его избранник относился к своей этнической группе. 9 % респондентов затруднились ответить. 5 % опрошенных считают межэтнический брак не желательным. При выборе будущего супруга/супруги большинство опрошенных руководствуется исключительно своим личным мнением – 58 %. Совмещают мнения 22 % опрошенных. Руководствуются мнением родных и близких 12 % респондентов. 8 % опрошенных затруднились ответить на вопрос. Приоритетом в создании семьи большинство опрошенных считает любовь – 66 %, традиции –

20 % опрошенных. 6 % опрошенных отметили, что создавать семью нужно по расчету. 5 % в создании семьи видят необходимость, 3 % опрошенных отметили, что не хотят создавать семью. Исходя из данного исследования можно сделать вывод, что семейные ценности и брак по-прежнему являются одним из главных жизненных принципов [8].

В этнически смешанных семьях воспитываются черты интернационализма, атмосфера в подобных семьях больше способствует выработке толерантности и чувства гражданственности в самосознании детей из смешанных браков, что, несомненно, отражается на состоянии межэтнических отношений и способствует формированию здорового гражданского общества. Разнообразие типов семей способствует культивированию открытой межкультурной коммуникации индивидов с целью лучшего понимания культур и взглядов других людей.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Национально-смешанные браки в Казахстане. – <http://www.kazportal.kz>
- 2 **Умбеталиева, Т. Б.** В Казахстане растет количество межнациональных браков // «Время», 19 июля 2012 г.
- 3 **Gorenburg, D.** Rethinking interethnic marriage in the Soviet Union// Post-Soviet Affairs. – 2006. – Т. 22. №.2.
- 4 **Калышев, А. Б.** Межнациональные браки в сельских районах Казахстана: По данным Павлодарской области. 1966–1979 гг. // Советская этнография 1984. – № 2.
- 5 **Yem, N., Epstein, S. J.** Social Change and Marriage Patterns among Koryo Saram 1937-1965 // Seol Journal of Korean Studies. – 2015. – Т. 28. – № 2.
- 6 <http://www.tengrinews.kz>
- 7 **Козмец, Е.** Межэтнические браки. Если любить-так странами. - <http://www.caravan.kz>
- 8 **Асылханова, Г.** Роль межэтнических браков в укреплении казахстанской идентичности в современном Казахстане//<http://www.group-global.org>.

КОНЦЕПЦИЯ КАДРОВОГО ПОТЕНЦИАЛА В УСЛОВИЯХ ИННОВАЦИОННОЙ ЭКОНОМИКИ

САНАЛИЕВА Л. К.
докторант, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

Развитие отношений на предприятиях требует разработки концепции кадрового потенциала экономики. Автор считает, что кадровый потенциал следует рассмотреть как социальную и экономическую категорию которая объединяет в себя важные элементы как «трудовые ресурсы», «рабочая сила», «трудовой потенциал», «кадры».

Кадры характеризуются количественными и качественными показателями, характеризуют возрастной состав, квалифицированную структуру, также уровень профессиональной подготовки. От вида трудовой деятельности и характера выполняемых работ функция кадры делится на 5 основных критерий: рабочие, служащие, научные кадры, кадры специалистов, кадры руководителей.

Перечисленные категории составляют понятие на основе первого главного признака кадров – наличия специальной профессиональной подготовки. В экономическом термине категория «кадры» дают разностороннее определения. В экономическом энциклопедическом словаре, «кадры» – это основной состав квалифицированного работника предприятия, государственных учреждений, общественных организаций.

В определении кадров, как квалифицированных работников, очевидна его тавтологичность. Здесь говорится о квалифицированной рабочей силе, а не о квалифицированных кадрах. Основанием для отнесения работника к кадрам является наличие у него более или менее продолжительной профессиональной подготовки. В последние годы ряд авторов значительно сужает этот критерий и в кадровый состав включает в основном работников управления. На данный момент определения категории «кадры» не может считаться комплексным, потому как не учитывает основные категории работников, в том числе производственный потенциал. В то же время, наряду со специальной профессиональной подготовкой, основным характерным качеством кадров должно являться активное участие работников в основной хозяйственной деятельности предприятия, их включение в списочный состав. Следовательно, категория «кадры» представляет не потенциальный, а реальный контингент занятых, что позволяет разрабатывать конкретный механизм управления ими, учитывать профессиональный состав работников, их деловые и личные качества.

Анализируя категории, связанные с трудовыми возможностями населения, необходимо рассматривать категории «рабочая сила», «трудовые ресурсы», «кадры», не как порядковые, а представленные в единой иерархической системе. В результате проявляется диалектическая целостная связь в понятии «рабочая сила» – «трудовые ресурсы» (региона) – «кадры» (отрасли), что способствует выработке единого решения теоретических и методологических вопросов, касающихся данных категорий.

Трудовые ресурсы переходят в новую экономическую форму – кадры отрасли, предприятия, которые активно включатся в процессе производства, отражают конкретные производственные отношения между отдельными индивидами, группами внутри данного коллектива.

Существуют различия в понятии «кадры» и «кадровый потенциал». Если «кадры» – это работники, занятые в отрасли и выполняющие определенные функции, то «кадровый потенциал» намного больше количественного, так как он включает и тех работников, которые по уровню образования и квалификации подготовлены к выполнению определенных функций, но в силу различных причин не заняты в отрасли (например, специалисты, занятые на рабочих местах, специалисты - женщины, находящиеся в декретном отпуске и другие).

Понятие «кадровый потенциал» включает профессиональную и квалификационную сторону трудового потенциала и характеризует объем общих и специальных знаний, трудовых навыков и умений, обуславливающие профессиональные качества трудового потенциала. «Кадровый потенциал» является частью «трудового потенциала» и может быть разделен на достигнутый и перспективный.

В категории «кадровый потенциал» воспроизводится соотношение между достигнутым уровнем профессионально-квалификационной структуры совокупного работника и теми нераскрытыми задатками и способностями личности, профессиональными качествами работника. Кадровый потенциал всегда выступает в определенной социальной форме и во многих случаях зависит от степени зрелости производственных отношений, экономико-социальной защищенности кадров, уровня организации производства и управления. В нем проявляются все стороны производственных отношений, которые органически связаны и взаимодействуют, и отношение собственности на средства производства определяет социальный характер кооперации труда в структуре кадрового потенциала, общественные формы ее организации.

Основу кадрового потенциала составляют специалисты различного профиля, руководители и менеджеры государственных и коллективных

предприятий, товариществ, акционерных обществ, фермерских хозяйств, управленческие кадры. Переход на новые условия хозяйствования и развитие демократических начал управления в трудовом коллективе существенно изменили содержание деятельности руководителя, хотя в целом сущность труда осталась неизменной.

В условиях перехода к инновационной экономике суть кадрового преобразования связана с разработкой принципиально новых концептуальных положений кадровых обеспечений, критериев и принципов формирования профессионально-квалифицированной структуры совокупного работника, методологии оценки деятельности кадровой службы, целевых программ использования трудового и творческого потенциала кадров. Без наработки указанных положений образовательный комплекс может значительно отстать от динамичных преобразований в технике и технологии и стать катализатором множества негативных явлений, таких, например, как дефицит высококвалифицированной рабочей силы при одновременной технологической и структурной безработице.

Концепция кадрового обеспечения предполагает формирование различных моделей кадрового обеспечения при разных условиях управления и производства, проведение научно-исследовательских работ по всем направлениям кадрового обеспечения с разработкой конкретных проектов преобразований, их экспериментальной проверки, оценкой ресурсов, необходимых для реализации этих проектов.

При этом к числу важнейших факторов, которые в ближайшей и долгосрочной перспективе окажут значительное влияние на формирование кадровой потребности следует отнести следующее:

- рост темпов научно-технического прогресса, всесторонняя компьютеризация, изменения в технологии производства и переработки продукции;
- включение предприятий Казахстана в систему международного разделения труда;
- повышение общественного престижа высококвалифицированного труда в сфере образования и производства;
- отнесение системы подготовки кадров к числу приоритетных сфер в инвестиционной политике государства;
- осложнение экологической ситуации в основных отраслях экономики;
- требования к технологиям и стандартам, качества, применяемым в производственных отраслях;
- кардинальное улучшение социально-экономических условий жизни;

– развитие социальной инфраструктуры, повышение жизненного уровня работников.

В результате действия отмеченных факторов определяющими в формировании кадровой потребности станут качественные параметры трудовых ресурсов, сбалансированность спроса и предложения кадров различных профессий и специальностей. Переход организаций на рыночные условия, развитие многообразных форм собственности, демократизация общественной жизни потребует работников с высоким уровнем социально-психологической, экологической, правовой, экологической и компьютерной культуры, четким пониманием основных аспектов организации и функционирования систем управления, умением прогнозировать и оценивать возможный экономический результат принимаемых решений и планируемых работ. Все указанное можно достичь при выработке единой государственной кадровой политики, осуществление которой долгие годы была затруднена ведомственной разобщенностью учебных заведений, готовящих кадров, недостаточным бюджетным финансированием и его распыленностью. Следствием этого стало крайне неудовлетворительное состояние материально-технической базы, значительное отставание технической обеспеченности учебного процесса от уровня оснащенности производства и снижение качества подготовки специалистов. И чтобы преодолеть указанные негативные процессы необходимо формирование единого образовательного комплекса, стратегической задачей которой должен стать создание системы непрерывного образования кадров. Будущий вид их деятельности должен определять характер подготовки, что порождает необходимость перехода к ступенчатой или же циклической системе подготовки кадров, которая редполагает развитие системы непрерывного образования на принципах динамизма, вариантности, разнообразия организационных форм.

По нашему мнению, к основным направлениям развития системы непрерывного профессионального образования следует отнести :

- завершенность образования на каждом уровне профессиональной подготовки;
- единство, обеспеченное взаимосвязью и преемственностью всех ступеней и звеньев профессионального образования;
- адаптивность к общественным потребностям и личным интересам работников предприятий, равные для каждого возможности включения в систему непрерывного профессионального образования;

– широкое использование в подготовке и переподготовке кадров средств массовой информации, практики проведения конференции, семинаров по обмену опытом.

В зарубежной практике кадровой работы, также как в отечественной имеются разнообразные методики по оценке различных аспектов деятельности управления руководителей (экономических результатов, должностного потенциала, стилей управления, качеств личности и т. д.). Основная доля указанных методик основывается на использовании слоенных психодиагностических процедур и специального (часто зарубежного) инструментария, знаний и опыта многих узких специалистов, что по существу лишает возможности участия рядовых членов предприятий в реальном выборе руководителей. Кроме этого, многообразные методики, осуществляя, как правило, углубленную оценку отдельных сторон руководящей и управленческой деятельности, способностей, знаний, навыков руководителя, требуют использования научного труда специалистов очень высокой квалификации. Словом, для получения целостного «портрета» изучаемого руководителя требуются не только систематизация и обобщение результатов исследований узких специалистов, но и оценки членов трудового коллектива.

Из сказанного возникает реальная потребность в разработке методики, позволяющей с одной стороны дать стабильную возможность членам коллектива реализовать свое право на оценку деятельности организации, с другой – выразить свое конституционное право в какой-то форме на участие в управлении организации. То есть в рыночных условиях координирования созрела объективная потребность в одновременном применении оценок как коллектива, так и специальных процедур психологов, социологов, специализирующихся на кадровой работе. Только такой подход позволит избежать многих экономических и управленческих просчетов и личных травм неправильно подобранных кадров в различных аспектах организации.

Основой всех современных развитых государств является инновационная экономика. Важнейшим элементом ее конкурентоспособности и развития является интенсивная интеллектуальная деятельность, прежде всего в области науки и техники. Соответственно одним из фундаментальных вопросов современного общества является вопрос об отношении к интеллектуальному труду, правовому механизму использования результатов такого труда и регулирования возникающих при этом правоотношений.

Современные достижения в области технологии и организации производства и снижение роли физического труда в массовом

производстве товаров народного потребления позволяют говорить о производстве как о материальном копировании, многократном повторении объекта промышленной собственности, который является итогом, результатом интеллектуальной деятельности. Естественно, что такой итог умственного труда (далее – интеллектуальный результат, продукт) как объект для многократного материального воплощения имеет большую ценность, чем любая из его копий, и вопросы вычленения, определения и оценки отдельных результатов умственной деятельности становятся определяющими для становления и функционирования конкурентоспособных кадров и конкурентоспособной экономики.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Под ред. С. А. Лебедева. – Философия науки. – 2004
- 2 Формирование интеллектуального потенциала нации в условиях высшей школы: Сб.науч.тр. – Алматы : Изд-во «Ұлағат» КазНПУ имени Абая, 2012. – 336 с.

«ДІНИ-САЯСИ ЭКСТРЕМИЗМ» ҰҒЫМЫ ТУРАЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК-САЯСИ ДИСКУРС

САТЫПАЛДИЕВ А. Е.
магистрант, ҚР ҰҚК Академиясы, Алматы қ.

Қазақстан егеменді, тәуелсіз мемлекет ретінде өмір сүріп келе жатқанына жиырма жылдан астам уақыт болды. Осы жылдар аралығында біздің қоғамымыздың барлық салаларында дерлік терең, түбегейлі өзгерістер орын алды. Қазақстан ел болып, еңсесін көтерді. Халықаралық деңгейде өзінің бәсекелес болуға қабілеттілігін көрсетіп келеді. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында адамдардың ой-санасында әлеуметтік-экономикалық мәселелер бірінші орынға шығып, рухани құндылықтардың кешеуілдегені байқалды. Қоғамда пайда болған осы рухани күйзеліс орнын басқа елдерден келген әртүрлі діни идеялар толтыруға әрекеттенді. Республика көлемінде бұрын таныс емес «жаңа діндердің» пайда бола бастауы – елдің діни өміріндегі жаңа құбылыс болды. Дінсіз мемлекет идеясын ұстанған елдің тығырықта тұрғанын ұтымды пайдаланған келімсек діни ағымдар өздерінің тамырларын теренге жіберіп үлгерді. Бұл діни идеялардың Қазақстан халықтарының рухани сезімдерімен үйлесетіндері де, үйлеспейтіндері де бар.

Қазіргі замандағы адамзатты толғандырып отырған бір мәселе барша елдерді жайлай бастаған экстремизм болып отыр. Грек тілінен аударғанда «экстремизм» термині сөзбе-сөз (лат. extremus-шеткі) шектен тыс көзқарастар мен әрекеттерді ұстану, қоғамдағы тәртіп пен нормаларды жокқа шығару ретінде анықталады [1, 787 б.]. Экстремизм бұл әр уақытта әр қалай көрініс беретін өте күрделі құбылыс. Экстремизм жалпы түрде ешбір мөлшерді, тәртіпті мойындамайтын, өзінің шектен шыққан пікірі мен іс-әрекеттері арқылы ерекшеленген адамдарды білдіреді. Саяси ортада пайда болған экстремизм – «саяси экстремизм», діни ортада пайда болған экстремизм – «діни экстремизм» деп аталады. Ал діни-саяси экстремизм болса, әртүрлі діни пікірлерге негізделгеніне қарамай, олардың іс-әрекеттері қылмыстық істер кодексінің баптарына сәйкес келеді. Яғни, «діни-саяси экстремизм» – діттеген саяси мақсаттарына қол жеткізу үшін, дінді қалқан ете отырып әрекет етуші, дінге ешқандай қатысы жоқ іс-қимыл.

Әлемде орын алып отырған осы құбылысқа байланысты ешбір елде ғылыми тұрғыдан сараптама жасап, оның пайда болуы мен дамуының негізгі себептерін ашып, шындық айтылмады. Ақпараттық кеңістікте бұл құбылысқа бір жақты тек саяси баға беріліп, үстемдік етіп отырған билеуші топтың тұжырымы мен пікірі ғана айтылады. Барлық елдердің осындай бағыт ұстауының басты себебі қазіргі замандағы қоғам өмірінің шектен тыс саясаттануына байланысты және осы әлемдік саясаттанудың өзі үстемдік жүргізіп отырған бір философиялық бағыттың шеңберінен аса алмауында. Ал, осы саясаттанған әлемдік қоғам ұстамының қалыптасуына бір ғана философияның идеологиялық үстемдік жүргізіп отыруы (бәсекелестік болмау) адамзаттың даму келешегіне көптеген қайшылықтар әкеліп, адамзатты рухани дағдарысқа әкелетіні заңды құбылыс. Өйткені, әлемдік қоғамның дамуы адамдардың білімдерінің жетілуі мен олардың өсу психологиясына тікелей байланысты болуы табиғи заңдылық. Адамдар табиғаттың бір бөлшегі болғандықтан олардың (әлемдегі халықтардың) еркін өсіп, табиғи кеңістікте ғасырлар бойы даму заңдылығына байланысты алуан түрлі психологиялық мінез-құлқы, көзқарастары қалыптасқан және этникалық топтардың қалыптасудағы бұл құбылыс табиғи даму заңдылығына сәйкес ерекшеленіп отырады.

Экстремизмнің бірінші белгісі адамның надандыққа, көрсоқырлыққа негізделген өз көзқарасы, пікірінің орындалуын табанды түрде талап етуі. Мұндай адамдар басқа көпшіліктің қажеттіліктері мен шынайы жағдайын түсінбейді немесе түсінгісі келмейді. Олар, жөн білетін, дұрыс бағыт көрсете алатын адамдардың ешқайсысын мойындамайды. Өзіне сын көзбен қарау деген түсінік олар үшін жат. Олардың түсінігінде тек олар

ғана тура жолда, басқаның барлығы да адасушылар. Яғни экстремизм қоғамдағы тәртіп пен нормаларды жоққа шығаратын құбылыс ретінде анықталады. Осындай кері әрекеттерді жақтап, теріс көзқарастарды қолданғандар экстремистер болып табылады.

Экстремистердің пайда болуының екінші себебі, олардың ешбір қажеті болмаса да әр істе шектен тыс шығып кетуге бейім тұруы. Басқаларды да осыған итермелейді. Нәтижесінде адамдар арасындағы қалыпты қарым-қатынас бұзылып, қоғамдағы үйлесімді тіршілік арнасынан ауытқып, әлеуметтік толқулардың тууына себеп болады. Экстремистік көріністің үшінші түрі, сырт көзге байқалмайтын, адамдарға деген күдік пен сенімсіздіктен туады. Күдікшіл адамдардың басқалар туралы жаман ойлайтын себебі, оның санасы басқаларды өзіне жау көреді. Яғни, бір адам, екінші бір адам жайында бір нәрсе айтқан болса, онда ол өзі жайында не жақсы, не жаман нәрсені айтқан болып шығады. Жалпылама алынған «Кінәсі дәлелденбеген – кінәсіз» деген қағидаға қарсы келіп, экстремистер басқаны жылдам кінәлай отырып, тез үкім шығарады. Олар адамға қай уақытта күдікпен қараса, сол сәтте сол адам кінәлі болып шыға келеді. Неге күдіктенгенін талдап жатпайды, «ол кінәлі» деген қорытындыға келеді.

Біздің елімізде экстремизм мен терроризмнің пайда болуына әсер ететін себептер мен шарттар жойылған жоқ, ал бұл мәселенің шешілмеуі конституциялық құрылымға нақты қауіп туғызады, үлкен және кіші әлеуметтік топтармен мемлекетті басқарудың тұрақтылығын бұзуға, едәуір модальды, қаржылай және материалды шығындарға әкеліп соғады, қоғамды тұрақсыздандырады (әсіресе, экстремистік және террористік акциялар маңызды саяси оқиғалар кезінде жасалса: сайлау, саяси, ұлттық немесе діни бағыттағы әлеуметтік даулар, көрші елдермен қарым-қатынастың өршігуі және т.б.), әлеуметтік және ұлтаралық қақтығыстарға себеп болады.

Ғалымдар көбінесе экстремизмді рационалдық және иррационал, қисынды түрде қиындау түсіндірілетін және қылмыстық актілер деп түсіндіреді. Бұл орайда, Қазақстан Республикасының «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 1-бабындағы 5-тармақта аталмыш ұғым былайша тұжырымдалған. «Экстремизм – жеке және (немесе) заңды тұлғаның, жеке және (немесе) заңды тұлғалар бірлестігінің белгіленген тәртіппен экстремистік деп танылған ұйымдардың атынан іс-әрекеттер ұйымдастыруы және (немесе) жасауы» [2, 3 б.].

Анықтама қысқа, әрі жинақы мазмұнда берілгенімен ең алдымен, экстремизмнің субъектілері ретінде жеке тұлға мен заңды тұлғалар, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалар бірлестіктерін де қамтиды. Алайда,

Қазақстандық ғалым А. Д. Дарменов ұлттық заңдағы «экстремизм» анықтамасы сәтсіз жасалғанын, әрі өзіндік пікірі бойынша «экстремизм» әлеуметтік құбылыс екендігін, яғни ол құбылыс «ұйымдастыру және (немесе) жасаумен» шектелмейтінін ескертеді. Автор «экстремизм» және «экстремистік іс-әрекеттер» деген ұғымдардың еш шатастырмауын, біріншісі әлеуметтік-саяси деңгейдегі ұғымды білдіретіндігін, ал екіншісі осы бірінші ұғымға қатыссыз кез келген субъектілердің шеткі көріністі қылықтарымен сипатталатындығын, сондықтан да олардың бір-біріне «ұштастырылмауын» [3, 22 б.] атап өтеді. Ол аталмыш заңның 1-бабының 5-тармағына мынадай мазмұнда өзгерту енгізуді ұсынады: «экстремизм – қоғам мен мемлекет үшін жоғары дәрежедегі қоғамдық қауіп пен кең көлемдегі салдарды иемденетін, шеткі тәсіл мен құралдар арқылы мақсаттары мен міндеттеріне жетуге бағытталған, белгілі идеологиясы бар әлеуметтік-саяси құбылыс».

Өз тарапымыздан автордың жоғарыда атап өткен ұғымдарды шатастырмау жөніндегі пікіріне қосыламыз. Дегенмен де, аталған құбылысты құбылыс етіп көрсететін екі құрамдас бөлік бар. Ең бірінші құрамдас бөлігі ол – экстремистік іс-әрекеттерді дайындауға, оқытуға және жүзеге асыруға түрткі болатын сылтаулардың жиынтығы, яғни экстремизмнің идеологиялық негіздері болса, екінші құрамдас бөлігі – әлбетте, экстремистік іс-әрекеттердің өзі.

В. Устиновтің пікіріне сүйенсек, «экстремизм, түрлі шеткі нысандардағы саяси күрестің жиынтығын көрсететін әлеуметтік-саяси құбылыс және сондай нысандардың бірі – террористік болып табылады» [4, 34 б.]. Бұл автор мен А. Д. Дарменовтің анықтамаларынан байқағанымыздай, «әлеуметтік-саяси құбылыс» шешуші термин болып саналады. Бірақ та оны саяси экстремизмді тек осы құбылыс контекстінде түсінген біржақты көзқарастың қалыптасуына әкеліп соғатыны белгілі. Сондықтан оны объективті жағдайға сәйкес «саяси-құқықтық және әлеуметтік-психологиялық құбылыс» ретінде қарастыру (талдау) қажет. Өйткені, экстремизм, кешенді түрде саралайтын болсақ, қоғамның саяси-құқықтық және әлеуметтік-психологиялық жақтарын түйреп өтеді, өзінің рационалдық және иррационалдық түрлерімен және саяси, ұлттық, этникалық, діни, қылмыстық-экстремистік бағыттағы ұйымдармен тығыз. Демек, аталмыш қырлар анықтама мазмұнында анық көрініс тауып жатса, онда экстремизмнің әмбебап сипаттағы құбылыс екендігіне көз жеткіземіз.

Ресейлік ғалым Р. М. Узденов «экстремизм» ұғымына анықтаманы мынандай мазмұнда беруді жөн көреді: «экстремизм – бұл қандай да бір қоғамдық қатынастар аясындағы тәртіпті экстремистердің қабылдауымен, белгілі бір нәтижелерге жету мақсатында белгілі

көзқарастар, дүниетанымдар, сенімдер, салтқа енген жүйеге сәйкес жүзеге асқан, қоғамға қауіпті, қылмыстық жазаланатын іс-әрекеттердің жиынтығымен көрінетін әлеуметтік келеңсіздеу құбылысы» [5, 8 б.].

Соңғы онжылдықта Орталық Азия елдері бұрын беймәлім болған, соның ішінде экстремизм мен терроризмнің көптеген мәселелеріне тап болды. Батыста және Таяу Шығыста экстремизм саяси үдерістің бөлігі болғаны бұрыннан белгілі. Соңғы жылдары еліміздің кейбір аймақтарында этносаралық және конфессияаралық даулармен, әртүрлі сепаратистік қозғалыстармен байланысы бар экстремистік іс-әрекеттің әр алуандылығы көбейе түсті. Экстремизмнің сан түрлі аспектілерін (әлеуметтік, саяси, құқықтық, психологиялық және басқа да) зерделеу зерттеушілердің алдына экстремизмнің нақты мағынасын және осы құбылыстың Орта-Азиялық аймақтағы ерекшеліктерін анықтау мақсатын қойып отыр. Мәселенің дұрыс қойылуы, кейбір зерттеушілердің өз талдауларында Таяу Шығыстағы жағдайлардың ұқсастығын келтірумен маңызды, бұл біздің көзқарасымызша мүлде нақты және дәлелді емес. Алайда кейбір ұқсас тұстарын, атап айтқанда экстремистік топтардың құрылымында бар екендігін жоққа шығаруға болмайды.

Әр нақты қоғам және мемлекет үшін экстремизм мен терроризмнің пайда болу себептері бірқатар субъективті және объективті жағдайларға байланысты әртүрлі болуы мүмкін.

Діни экстремизм әрқашан экстремистік іс-әрекеттің басқа түрлерімен – саяси, ұлтшылдық – әртүрлі саяси күштердің нақты мақсаттарына жету барысында идеологиялық және ұйымдастырушылық көмек ретінде тығыз байланыста болады. Экстремистік іс-әрекет формалары бойынша шектеу – саяси, ұлтшылдық, діни – шартты болып келеді, өйткені олар іс жүзінде нақты түрінде өте сирек кездеседі. Сондықтан соңғы кезде ғылыми басылымдарда этно-діни, діни-саяси экстремизм деген ұғымдарға жиі жүгінеді.

Қазіргі уақытта ең даулы және ең жиі қолданылатын «діни-саяси экстремизм» ұғымы дәлелдеуді қажет ететіні анық. Алайда, діни-саяси экстремизмнің анықтамасын ғылыми-тәжірибеде қолдану бойынша зерттеушілердің бірізді пікірлері жоқ. Көптеген сарапшылардың ойынша, қазіргі кезде белсенді қолданылатын діни экстремизмнің анықтамасы көп жағдайда мәселенің шынайы мазмұнын көрсетпейді. Сонымен қатар, мәселенің мәнін аса нақты көрсететін анықтаманы табуда теоретикалық және тәжірибелік мүлде бар.

Ең алдымен, діни экстремизмнің жалпы тұжырымдауында дін саласында көрініс табатын, экстремизмді анықтауға болатындығын атап өту қажет. Сондай-ақ, діни-саяси экстремизм, оның таза күйі, яғни тек дін

саласында ғана пайда болуы сирек құбылыс болып табылады. Діни-саяси экстремизм ұғымының астарында келесідей экстремистік көріністерді жиі аңғаруға болады, олардың дінмен байланысы жоқ, бірақ социумның саяси аясында жүргізіледі.

Діни-саяси экстремизмнің әрекеттері көбіне мемлекеттің құрамын күшпен өзгертуге немесе үкіметті басып алуға бағытталады. Қауіпті жағдайға айналған осындай әрекеттерді іске асыру, көбіне қарулы топтар құрып, өзара өшіктіру әдістерін қолдану арқылы дін мен ұлттық қайшылықтарды қоздырумен, сондай-ақ адам құқығын жаппай бұзумен қатар жүреді.

Мұндай шектен шыққан экстремизм әртүрлі мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігіне нұқсан келтіріп қана қоймай, дін арқылы жағдайдың ушығуына да себепкер болуда. Экстремистер қай діннің атынан белсенділік танытса, бәрінен де көп зиян шегетін сол дін. Саяси экстремизм тек саяси мүддені ғана көздейді. Олар адамдардың дінге деген құрметі мен сенімін өз мақсаттарына кеңінен пайдалана отырып, дін үшін әрекет етіп жүргендей көрінуге тырысады.

Ойымызды қорытындылайтын болсақ, ең алдымен діни экстремизмді саяси мінездің түрі ретінде анықтаған дұрыс болады деп пайымдайды, өйткені ол қоғамда қабылданған ұстанымдар мен ережелерді жекеленген тұлғалар мен топтар тарапынан радикал әрекеттерді жоққа шығарудың бір нысаны болып табылады. Осыған байланысты мемлекеттік билік тарапынан ол ықпал етудің (ұстап тұру, коррекциялау немесе басып тастау) басты нысандарының бірі болады, көптеген жағдайда күш қолдану әдісі арқылы жүзеге асырылады. Ол үшін саяси сипаттама себептерін талдау қажет: нақты субъектінің, индивид немесе топтың әлемге көзқарасы және әлемдегі өз орны, қалай жағдайды іштей құрастырады, қандай талаптары, мақсаттары және құндылықты бағдарлары бар, қабылдау, ойлау, эмоциялық ерекшеліктері және т.б. Ғылымда саяси сипаттама түсінігіне сан түрлі ұғым қалыптасқан, дегенмен саяси сипаттама мазмұны мен сипаты субъектінің түріне, оның іс-қимыл себептеріне, мақсаттарына жету құралдарына, іс-әрекет жасалатын әлеуметтік ортаның жағдайына, сондай-ақ ықпал ету нысанының түріне байланысты. Сондықтан, діни-саяси экстремизмді экстремизмнің басқа түрлерінен дифференциялау мақсатында, келесі ерекше сипаттағы белгілерді ұсынамыз:

– «діни-саяси экстремизм – бұл мемлекеттік құрылысты күштеп өзгертуге немесе өкіметті күштеп басып алуға, мемлекеттің аймақтық тұтастығын және егемендігін бұзуға бағытталған қызмет болып табылғандықтан, экстремизмнің басқа түрлерінен ерекшеленеді;

– «діни-саяси экстремизм» – діни жорамалдармен және ұрандармен дәлелденген немесе бүркемеленген, құқыққа қарсы саяси қызметтің бір түрі болып табылатынын ескеруіміз қажет;

– өз мақсаттарына жетуде күресудің күштік әдістерінің басым болуы – діни-саяси экстремизмге тән сипат. Осы белгі бойынша діни-саяси экстремизмді діни, экономикалық, рухани және экологиялық экстремизмнен ажыратуға болады. Сонымен қатар, саяси-діни экстремизмнің әртүрлі бағыттарының бар екендігін атап өту қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 **Ожегов, С. И.** Словарь русского языка. – М. : Русский язык, 1987. – 797 с.

2 Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының Заңы. Қазақстан Республикасының Парламентінің Жаршысы. – 2005. – № 5 (2438). – 12 б.

3 **Дарменов, А. Д.** Криминологические аспекты борьбы с экстремизмом в Республике Казахстан: дисс. канд. юрид. наук. – Алматы, 2006. – 212 с.

4 **Устинов, В. В.** Экстремизм и терроризм. Проблемы разграничения и классификации // Российская юстиция. – М. : Юридическая литература, 2002. – № 5. – С. 34–36.

5 **Узденов, Р. М.** Экстремизм: криминологические и уголовно-правовые проблемы противодействия: автореф. канд. юрид. наук. – М. : 2008. – 29 с.

ҰЛТТЫҚ АСПАПТАР ОРКЕСТРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ ТАРИХИ МӘДЕНИ АСПЕКТІЛЕРІ

СОЛТАНОВА З. А.

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Кез келген ұлттың өзіндік кескін-келбеті мен болмыс-бітімін айқындайтын ұғым – оның өзіне тән ұлттық мәдениеті мен өнері. Күй өнері – қазақ жанының ғасырлар көшінде шаң баспаған сырлы айнасы, халық рухының бағзы заманнан тіл қатқан тірі куәгері.

Қай халық болсын өзінің ұлттық өнері мен дәстүрін аса бір ыждағаттылықпен дамытуға тырысады, оны жаңа дәуір, жаңа заман әкелген жаңалықтармен сабақтастыра отырып байытады. Қазақ музыка творчествосын байырғы негізгі түрлері халық әндері,

эпостық шығарма, аспаптық музыка болды. Ән-күйді қазақтың халық шығармашылығының шыңы деуге болады. Оның тамаша үлгілері, көрнекті халық композиторларының асқақ туындылары ұлттық классикалық музыканың негізін қалады. Ал халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан фольклорлық мұрасы қазіргі профессионалдық музыка салаларының дамуына тікелей зор ықпалын тигізіп отыр [1].

Көптеген ғасырлардан бастау алып, біздің дәуірімізге дейін жеткен кең қолданыстағы аспаптар – қара қобызымыз бен домбыра екендігі қай қазаққа болса да мәлім. Сонау ерте замандардан жоғалып кетуге дейін барған көне аспаптарды дүниеге қайта келтіріп, жаңғыртқан музыка зерттеушісі, ғалым Б. Сарыбаевтың (1927–1984) бұл салада сіңірген еңбегі біз үшін баға жетпес бай мұра болып саналады. Ал қазақтың ұлттық кәсіби музыкасының жазба дәстүрінің гүлденіп, қалыптасуындағы ғалым, музыкатанушы А. Қ. Жұбановтың (1906–1968) еңбегін ерекше атап өтуге болады [3].

XX ғасырдың 1930-шы жылдары баршамызға белгілі – ұлттық өнерімізде үлкен өзгерістер бола бастады. Бас қалаларда музыка мектептерінің іргетасы қаланып, театр, филармония, консерватория ашылуға алғы шарттар қалыптасты. Жаңа қоғамның саяси және әлеуметтік өзгерістерімен байланысты, елімізде халық аспаптар оркестрі құрыла бастады.

Ұлттық оркестрдің негізін қалаушы, көркемдік жетекшісі және алғашқы дирижёры, академик, өнертану ғылымының докторы, ҚазССР-ның халық әртісі, профессор Ахмет Жұбанов болды. Ол музыка мәдениеті тарихына тұңғыш ұлттық композитор ретінде еніп, қазақ халқының қазіргі заманғы кәсіби музыкасының негізін қалаған аға буын өкілдерінің бірі, ұлт аспаптар оркестрінің алғашқы ұйымдастырушысы, көркемдік жетекшісі және тұңғыш дирижеры болды. Оның ұйымдастыруымен құрылған оркестрдің өмірге келуі қазақ аспаптық музыка өнеріне өлшеусіз өзгерістер енгізіп, кәсіби биік деңгейге көтерілуіне аса зор ықпалын тигізді. А. Жұбанов домбыра мен қобызды тарту өнерінің тек ұлттық шеңберде қалып қоймай, еуропалық мәдениеттің жақсы жақтарын бойына сіңіріп, жан-жақты жетілуіне ықпал етіп, дәстүрлі музыка қызметінің жаңа түрлерінің пайда болуына жол ашты [2].

Бүкіл әлемде қазақ ұлттық музыкалық өнерінің ұйытқысы болған Құрманғазы атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық ұлттық аспаптар оркестріне бүгінгі таңда 80 жыл толып отыр.

Бұл оркестр Қазақстанның аспаптық музыкалық өнер тарихында бірегей әрі тұңғыш оркестр. Ол бүкіл әлемге қазақ халқының музыкалық өнерін, бірегей қазақ музыкалық аспаптарын және дала әуенімен

сұлулығын танытқан оркестр ғана емес, сонымен қатар, еліміздің әр өңірінде ұлт аспаптар оркестрлерінің құрыла бастауына мұрындық болған қуатты күш.

Қазақ ұлт аспаптар оркестрінің тарихи тамыры 1934 жылдың 23 сәуір күнінің ҚазССР Ағарту халкомы № 425 бұйрығы бойынша Ахмет Жұбанов оркестрдің дирижері мен көркем жетекшісі болып тағайындалған кезден бастау алады.

Домбыра ансамблі 1934 жылдың 1 маусымында халық өнерінің қайраткерлерімен бірге өткізілген I Бүкілқазақстандық слетінде өзінің бірінші өнер жолын бастады. Оркестрдің триумфалды қойылымдары 1936 және 1958 жылдары КСРО Одағының Үлкен театрында 2-ші қазақ өнерінің онкүндігінің қорытынды концертінде өтті. 1953 жылы Бухарестте (Румыниялық халықтық республика) Шамгон Қажығалиевтың жетекшілігімен бұл оркестр демократиялық жастар және студенттердің Бүкіләлемдік IV фестивалінің лауреаты атанды және алтын медалмен марапатталды [2].

1944 жылы құрылғанына 10 жыл толуына орай оркестрге әйгілі күйші Құрманғазы аты берілді, 1967 жылы – «ҚР еңбек сіңірген ұжымы» құрметті атақ ұсынылды, 1978 жылы – Академиялық оркестр атанып, ал 1984 жылы оркестр «Халық достығы» орденімен марапатталды [2].

Әр жылдары оркестр құрамында қазақ өнерінің әйгілі музыканттары – оркестр шежіресінде есімдері алтын әріптермен жазылған орындаушылар мен дирижерлер еңбек етті. Солардың ішінде ерекше орынға, күмәнсіз, оркестрдің ұйымдастырушысы, бірінші көркемдік жетекшісі, бас дирижері – Қазақстанның халық әртісі, композиторы, академик, Ахмет Қуанұлы Жұбанов ие. Оның дирижерлік орнын басқан КСРО халық әртісі, мемлекеттік премиялардың лауреаты, «Отан» орденінің иегері, профессор Шамгон Қажығалиев болды.

Қазіргі таңда әйгілі оркестр ұжымында шамамен 80-ге жуық өнерлі музыкант еңбек етуде, солардың ішінде жас өнерлі дирижер Арман Жүдебаев бар. Осы өнерпаздардың әрқайсысы Қазақстанды әр түрлі сайыстарда ұлттық өнер қырынан жан-жақты таныта алатын дәрежеде. Оркестрдің репертуарлық қорында 4000-нан аса туынды бар [2].

Тәуелсіздік жылдарындағы жеткен жетістіктері орасан зор. 2006 жылы оркестрдің негізін салған Ахмет Жұбановтың 100 жылдық мерейтойына арналған Парижде ЮНЕСКО штаб-пәтерінің Үлкен Залында, Европа, Америка, Қытай Халық Республикасы, Қазақстан және БҰҰ елдерінің ірі қалаларында болған гастрольдік концерттер бергені ұлтымызға мақтаныш.

Қазақ музыкалық Олимпінің шыңында тұрған әйгілі күйші Құрманғазы атындағы ұлт аспаптар оркестрі әрқашан ұлттық мәдениет

пен дәстүрлі музыкамыздың тұнық бастауларын ұмытпай, салт-дәстүрін жалғастыра отырып, жаңа өнер жетістіктеріне жете бермек. Аталмыш өнер ұжымының табыстары аймақтардағы ұлттық оркестрлердің дамуына он ықпалын тигізетіні анық.

Бұл дәстүр жалғастығы мүмкіндіктерінің зор екендігін көрсетеді.

Қазіргі таңда жас ұрпаққа өнегелі тәрбие беру ісі – Елбасымыз «Рухани жаңғыру – болашаққа бағдар» мақаласында атап көрсеткендей, аса маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Ұлттық тәлім-тәрбиенің негізгі бөлігі – дәстүрлі өнер мен мәдениеттің озық үлгілері. Рүстембек Омаров атындағы қазақ ұлт аспаптар оркестрінің жас ұрпақты өсемдікті түсініп, ұға білуге және олардың дүниетанымының қалыптасып дамуы жолында атқарар қызметі зор.

Облыс орталықтарында жергілікті ұлт-аспаптар оркестрлері мен ансамбльдердің жұмысы өңір тұрғындарын өсемдік әлеміне жетелеп, оларға эстетикалық тәлім берудің бірден-бір тиімді тәсілі. Сондықтан да облыстық аймақтарда оркестрлер мен ансамбльдерді батыл түрде ұйымдастырып, оларды өңірдің мәдени өмірінде кеңінен пайдалану қажеттігі туындады. Осы мақсатты жүзеге асыру бағытында 2007 жылы «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында, Естай атындағы қалалық мәдениет сарайында «Қазақ ұлт аспаптар оркестрі» құрылды. Сол кездегі Павлодар қаласы мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Секербек Жабықбаев пен қалалық мәдениет сарайының директоры Ляна Лагуванованың басшылығымен іске асқан ұйымдастыру жұмыстары жемісін берді. Өнер ұжымы құрылған күнінен бастап, қазақ халқының төл музыкалық туындыларымен қатар, шет елдердің талай классикалық шығармаларын репертуарына арқау етіп, өнер айдынында желкен керіп келе жатқанынан 10 жыл.

Бірінші дирижері Сарбаров Бақыт Сарбарұлы болды. Оркестрдің алғашқы құрамына – С. Мақышева, С. Бейсенов, А. Петрушкина, О. Булгакина, Н. Джулий, Д. Бакужина, С. Никитенко, Л. Әлкенев, Р. Тезекбаева, А. Әубәкіров, А. Сәнкебаева, Ж. Бейсекеева, Г. Ақатаев, Б. Найманбаев, А. Бектұрова және т.б. ұлттық аспаптарда ойнайтын музыка мамандары енді.

2007 жылдың шілде айынан бастап оркестрдің бас дирижері әрі көркемдік жетекшісі болып ҚР Мәдениет қайраткері Кәрімов Талғат Баритұлы қызмет етуде.

2012 жылы қазақ ұлт аспаптар оркестрі Иса Байзақов атындағы облыстық филармония құрамына алынып, Иса Байзақов атындағы облыстық филармония қазақ ұлт аспаптар оркестрі атауын иеленді. Содан бергі уақытта қалалық, облыстық, республикалық, мемлекеттік,

халықаралық деңгейдегі мерекелік іс-шараларда өнер көрсетіп, «Алғыс хат», «Мадақтама», құрмет грамотысы сынды мәртебеге ие болды.

2015 – Республикалық «Білім және Мәдениет» телеарнасының арнайы жобасы «Ғасырлар пернесі» бағдарламасының түсіріліміне қатыста (Алматы қ);

Қазіргі таңда оркестрдің құрамында 46 адам бар. Бас дирижер әрі көркемдік жетекшісі, ҚР Мәдениет қайраткері Талғат Кәрімов, музыка өңдеуші ҚР Мәдениет қайраткері Асан Әбдікәрімовтің еңбегі ерекше. Оркестр солистері ҚР Мәдениет қайраткерлері Талжібек Атамбек, Күлжан Қайырбек, республикалық, халықаралық конкурстардың лауреаттары Нұржан Сарқамбаев пен Олеся Скорикова [4].

Тәуелсіз еліміздің музыкалық мәдениетіне еркін қадам басып, өзіндік үні, өзіндік тілімен танылып, әртүрлі жанрларда өзіндік қолтаңбасын қалдырып жүрген Рүстембек Омаров атындағы ұлт аспаптар оркестрі өзіне лайықтап жазылған туындыларды, капелла, жеке ән, аспаптық музыка, марш, поэма сияқты шығармалармен қатар жеке ұлттық аспаптарға түсірілген тартымды туындыларды орындап жүр.

Оркестр жұмысын ұйымдастыру кезеңінде қойылатын басты талап – репертуар таңдау екені анық. Оркестрдің ойналатын репертуарына шығармашылық тұрғыдан келіп, оның идеялық-эстетикалық мәнін, көркемдік ерекшелігін дұрыс ашып таныта білгенде ғана, өнерпаздар музыканы терең сезініп, дұрыс түсіне білу қабілетін дамытып, дүние танымы кеңейе түседі. Репертуар іріктеуде бірімен-бірі тығыз байланысты екі мәселеге көңіл аударған жөн [5].

Олардың бірі – оркестрде ойналатын музыкалық шығарманың мазмұны мен көркемдік ерекшелігі. Бұған репертуардың жан-жақталығы саяды. Онда қазақ халқының ән-күйінен бастап, композиторлардың шығармалары, туысқан республика және орыс, дүние жүзі классиктерінің туындылары кеңінен қамтылып, ал іріктелген шығармалар тақырыбы, құрылысы, тілі, жанрлық ерекшелігі жағынан жан-жақты болып келуі тиіс. Екінші оркестр құрамының тұрақтылығы. Ол көбінесе жетекшіге де байланысты. Оркестр жетекшісі – үлкен тұлға. Ол музыканттардың көркемдік танымын, қабілетін, зейін-сезімін, психологиялық ерекшеліктерін байқап, соған сәйкес түрлі амал, әдіс-тәсілдерді пайдалануға тиіс [5].

Жоғарыда жазылған пікірге сүйенер болсақ, Р. Омаров атындағы ұлт аспаптар оркестрінің репертуарында әйгілі күйшілердің, халық әнші-композиторларының шығармалары бар. Сонымен қатар оркестрге лайықталған шет елдік танымал туындылар да ойналады. Атап айтқанда, бұл оркестрдің репертуарында – Құрманғазы, Тәттімбет, Махамбет, Жаяу Мұса, Естай Беркімбаев, Дина Нұрпейісова, Нұрғиса Тілендиев,

Әсет Бейсеуовтің шығармаларымен қатар, Е. Брусиловскийдің «Исаның желдірмесі» поэмасы, жергілікті композиторларымыз А.Құрманәлиев пен осы оркестрдің әртісі, белгілі сазгер А. Әбдікәрімовтің «Еске алу» туындысы, Ж. Мұхтаровтың «Ұлы Дала Елі» күйі орындалады. Әрине, күйші Динаның, Мұрат Өскенбаевтың қолынан күй алған Рүстембек Омаровқа арнап жазылған Л. Шаргородский мен С.Шабельский өңдеген Сейтектің күйі «Тойбастар» да – өнер ұжымының көпшілікке ұсынып жүрген классикалық туынды. «Тойбастар» шығармасы әлі күнге домбырашылардың репертуарынан түскен емес. Осы шығарманың үлгісінде еліміздің кәсіби композиторлары домбыраға арнап күрделі шығармалар жазу үстінде [5].

Ал Р. Омаровтың төл туындысы «Жастық шақ» күйі оркестрдің ажары саналады. Бұл туындыны оркестрдің бас дирижері, ҚР Мәдениет қайраткері Талғат Кәрімов оркестрге арнайы лайықтап түсірді.

Айта кетейік, осы күй алғаш рет 2017 жылы 9 сәуірде оркестрдің 10 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған «Жастық шақ» концертінде ойналды.

Жаңа дәуір жаңа туындыларды талап етеді. Професионалдық музыканың бұрын-соңды халқымызға белгісіз жанрлық түрлері, орындаушы коллективтер, вокалдық өншілік мектеп, хор айту мәдениеті, музыкатану саласын қалыптастырды. Бұл салалардың барлығы халық мұрасынан нәр алып қалыптасып, дамығанын естен шығармауымыз тиіс [1].

Сондықтан да Павлодар ұлт аспаптар оркестрінің жеке репертуарын қалыптастыруы қыруар еңбекті қажет еткені сөзсіз. Өйткені, оркестр құрамындағы жекелеген аспаптарға арнайы партитура жазу керек болады. Мәселен, бір ғана прима қобызы төңірегінде әнгіме өрбітсек, ең алғашқы ұлт аспаптар оркестрі құрылған шақтағы қиындықтарды еске алуға тура келеді.

Құрманғазы атындағы ұлттық аспаптар оркестрі құрылған шақта, қобызға арналған бірде-бір оқу құрал немесе арнайы шығармалар жоқ еді. Осы аспапқа арналған алғашқы шығармаларды Қазақстан композиторлары А. Жұбанов, М. Төлебаев, Л. Хамиди, Е. Брусиловский, С. И. Шабельский жазды. Жаңа үш ішекті қобызға арналған ұлттық классикалық шығармаларды жоғары кәсіби шеберлікпен бірінші болып ойнаған қобызшы – Фатима Балғаева болды [5].

Өнер сахнасында жүргеніне 10 жылдың жүзі болған өнер ұжымының күй қоржыны мәнді де мағыналы музыка мен құнды күйлерге толық екені даусыз.

Өнердің қай саласы болмасын, өзіне жанпидалықпен берілген, бітім-болмысы мен бойындағы барын сарқып ұсынған талантты жанды қастерлейді. Сондай дарын иесі ғана өнердің өзіне деген сенімін, махаббатын жаулап алады.

Қазіргі таңда Павлодар өңірінің дәстүрлі музыка айдынында еркін жүзіп жүрген, өнерге шынайы болмысымен берілген Т. Кәрімов – шебер жетекші, дарынды дирижер, оркестратор.

Оркестр көптеген облыстық, республикалық, халықаралық байқаулардың лауреаты және осы деңгейдегі іс-шаралардың тұрақты қатысушысы болып табылады.

Мәселен, 2016 жылы Ақтөбе қаласында өткен «Жұбанов көктемі 2016» аспаптар оркестрлері және ансамбльдерінің Халықаралық фестивалінде Уфа қаласы, Қырғызстан, Түркия, Эстония, Татарстан мемлекеттерінен және біздің республикамыздың әр облысынан келген 11 оркестрдің ішінен үздік шығып, 1-орын иеленген. Бұл өнер ұжымының орындаушылық шеберлігін, репертуар таңдаудағы биік талғамын танытады [6].

2017 жылы сәуір айында Иса Байзақов атындағы облыстық филармония ұлт аспаптар оркестріне қазақ өнерінің алтын қазынасын көнеріп бара жатқан жерінен жаңғыртқан, күй өнерінің дамуына үлкен үлес қосқан, әйгілі күй дүлдідерінің шығармаларының ұмыт қалмауына аса зор еңбек сіңірген, талай-талай тарлан музыкатанушыларды тамсандырған талант иесі, Қазақ КСР-нің халық әртісі, Құрманғазы атындағы ұлт аспаптар оркестрінің күйші-домбырашысы – Рүстембек Омаровтың аты берілді.

Осы ретте Рүстембек Омаров жайлы дерек бере кеткеніміз жөн болар.

Қазақ КСР халық әртісі, күйші-домбырашы Рүстембек Бейсенұлы Омаров – 1919 жылы Павлодар облысы Шарбақты ауылында дүниеге келген. Р. Омаров домбыра тартуды әкесі Бейсеннен үйренген. Ол – Оқап, Лұқпан, Қалилар жеткізген Құрманғазы мектебінің негізінде орындалатын күйлерді кейінгі буынға өз бояуымен насихаттаған өнерпаз. Рүстембек Бейсенұлы өнер жолын Семей қаласындағы балалар үйінің шағын сахнасынан бастады. Жас баланың табиғи дарындылығы мен алғырлығын байқаған Ахмет Жұбанов атақты домбырашылар – Оқап Қабиғожин мен Қали Жантілеуовке баланы баулуға тапсырады. Кейін, 1934 жылы А. Жұбановтың жетекшілігімен құрылған халық аспаптар оркестрінде домбырашы, бұдан соң домбыра тобының концертмейстері және жеке домбырашы қызметін атқарады.

Ал 1937–39 жылы қазіргі Санкт-Петербург қаласындағы музыкалық училищеде оқиды [7].

Өзінің орындаушылық шеберлігін жетілдіріп, Дина және Оқап Қабиғожиндардан Құрманғазы күйлерін, Қали Жантілеуовтен Мәменнің күйлерін, Жәлекеш Айпақовтан Қазанғап күйлерін, Әбікен Хасеновтен Тәттімбет күйлерін тартуды үйренеді.

Кәсіби білім алу үшін Ленинград консерваториясының училищесіне орыс ұлт аспаптар бөліміне оқуға түседі. Алайда 1939 жылы Кеңес әскерінің қатарына шақырылып, Финляндия, Латвия елдерін қорғау шайқастарына қатысқан. Кейін әскери бөлімдері қоршауда қалып, Рүстембек Омаров тұтқынға алынады. Ұлы Отан соғысы жеңіспен аяқталғаннан соң, тұтқыннан босатылып, елге оралады. Бұдан кейін ол Ахмет Жұбановтың қолдауымен Алматы консерваториясына оқуға түсіп, 1951 жылы тәмамдады [8].

Майданнан оралған соң, 1946 жылы Алматы консерваториясында білім алды. Бұдан кейінгі шығармашылық қызметін ұстаз ретінде консерваторияда, домбырашы ретінде Құрманғазы атындағы халық аспаптар оркестрінде қатар жүргізді.

Рүстембек Бейсенұлы орындаушылықпен бірге ұстаздық етті. Атақты Әзидолла Ескалиев, Боздақ Рзаханов, Рысбай Ғабдиев, Қаршыға Ахмедияров сынды көптеген күйші-домбырашыларды тәрбиеледі. Р. Омаров қазақ халқының күй мұрасын, әсіресе, Құрманғазы күйлерін, оның орындаушылық дәстүрін жетік меңгерді.

Домбырашының орындау мәнерін Ахмет Жұбанов өте жоғары бағалап, өзінің «Ғасырлар пернесі» атты еңбегінде: «Рүстембек күйді «шегелеп», шапшаң, жай келетін буындарын бәрін де тастай түйіп, екпінін ауыстырмайды. Орташа ұзындықтағы саусақтарымен бір нотаны жаза баспай, бәрін де өз орнында етіп орындайды» деп жазған. Рүстембек Омаровтың орындауындағы халық күйі «Ақсақ құлан», Құрманғазының «Ақсақ киік», «Жима», «Машина», «Қызық қайын», «Серпер», Динаның «Байжұма», Кәуеннің «Сәнау», Абылдың «Нарату» күйлерінің нұсқалары кең таралып, домбырашылардың репертуарына енді. Сондай-ақ, Омаровтың орындауындағы Тәттімбеттің «Сылқылдақ» және «Саржайлау» күйлерінің нұсқалары әлі күнге дейін ұлт аспаптар оркестрімен орындалып келеді [8].

Көп жылғы еңбегі арқасында Қазақстанның халық әртісі атағын иеленді (1976). Ол 1988 жылы дүниеден озды.

Өнердің, музыканың, оның ішінде қазақ халқының күмбірлеген күйлерінің мәртебесі қашан да биік болып қала берері хақ. Әрине, ұлттық өнер халықтың құнды мұрасы, ғұмыр шежіресі. Рүстембек Омаров бүгінге жеткізіп, ізбасарларына аманаттап қалдырған күй өнері оның есімін алған ұлт аспаптар оркестрі тұрған кезде жойылмақ емес. Он жылдық тарихы бар

өнер ұжымының жанды тебіренер жанды музыкасы мәңгілік сарынға ұласып, ұлттық өн мен күйдің маңыздылығын паш етіп, ғасырды ғасырға жалғап келе жатқан ірі шығармаларды жаңғырта береріне сенімдіміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 **Ахметова, М.** Өн өнері және уақыт. – Алматы : Өнер, 1993. – 5–17 б.
- 2 **Мүсіреп Еркебұлан.** Әлемге әйгілі оркестр – Алматы : Елнұр, 2005. – 144 б.
- 3 **Үсенов Е.** Домбыра мен фортепианоға арналған шығармалар. – Алматы. 1999.
- 4 **Сая Молдайып.** Сөнбес нұр // Сарыарқа самалы/. – 11.04.2017. 8-б.
- 5 **Калия Уразалиева,** өнертану ғылымының кандидаты, ҚазҰОУ доценті., Қобызшы Фатима Балғаева // «Ақиқат» журналы., 05.10.2012.
- 6 **Қарлығаш Хашымқызы.** Оркестр жеңіспен оралды. // Сарыарқа самалы. - 28.04.2017 20-бет.
- 7 **Тауқызы С., Омаров Р.** Лайықты // Сарыарқа самалы. - 25.02.2017. – 15-бет.
- 8 **Арынова, Ә.** Қазақ ұлттық өнер университетінің магистранты, Нұргүл Шаймардан, Иса Байзақов атындағы Павлодар облыстық филармониясының Қазақ ұлт аспаптар оркестрінің артисі., Алғашқы кәсіби домбырашы // Сарыарқа самалы. – 06.04.2017. – 8 б.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАНЫҢ ТҰЛҒА РЕТІНДЕ ҚАЛЫПТАСУЫНА ЗАТТЫҚ ДАМУЫ ОРТАНЫҢ ӘСЕРІ

ТЕМИРХАНОВА Қ. Ш.

п.ғ.м., Ы. Алтынсарин атындағы АрқМПИ, Арқалық қ.

ҚАРА Ә. Б.

п.ғ.м., Ы. Алтынсарин атындағы АрқМПИ, Арқалық қ.

Мектепке дейінгі балалардың тұлға ретінде дамуына әсер ететін негізгі құралдардың бірі – орта. Орта бала үшін жаңа білім мен әлеуметтік тәжірибенің көзі. Кеңестік педагогика мен психологияда «Орта» термині өткен ғасырдың XX сыншы жылдары пайда болды. «Заттық орта педагогикасы» (С. Т. Шацкий), «баланың әлеуметтік ортасы» (П. П. Блонский), «қоршаған орта» А. С. Макаренко. Сол уақыттағы зерттеулер барысында педагогтың негізгі объектісі бала, бірақ, оның сапалық қасиеттері немесе оның өзін-өзі ұстауы емес, оның өмір сүру ортасы, ондағы заттар, адамдар, тұлғааралық қарым-қатынастар, іс-әрекеттер баяндалады. Психологтардың

(Л. С. Выготский, Д. Б. Эльконин, А. Н. Леонтьев, С. Л. Рубинштейн және т.б.) деректерінше, орта адам дамуының күшті факторы болып табылады, адамды қоршаған кеңістік, индивидтің дамуы мен ісінің тікелей белсенділік аймағы деп қарастырылады.

Психологиялық-педагогикалық сөздіктерде орта ұғымына мынадай анықтамалар берілген. Орта-адамды қоршап тұрған және онымен тұлға ретінде өзара ықпалдастықта болатын жағдайлардың жиыны. Орта ішкі және сыртқы болып бөлінеді. Физикалық және әлеуметтік. Ішкі орта адамның ішкі күйімен анықталады және жеке тұлғаның түрлі жүйелерінің өзара тәуелділігінде көрінеді. П. И. Пидкасистый тұлғаның ортамен өзара әрекетінде оның өзгерістері ортаның өзгерістеріне тәуелді екендігін, тәрбие үрдісінде ескеруді талап ететіндей қайшылықтар туғызатынын атап көрсеткен. Дамытушы орта дегеніміз не? Осы ұғымның мазмұнын ашатын болсақ.

В. А. Петровскийдің анықтамасы бойынша дамытушы орта – арнайы ұйымдастырылған баланың өздігінен білім алуына және дамуына жағымды әсер етуге бағытталған баланы қоршаған кеңістік.

М. Н. Полякова дамытушы орта – табиғи, өте жайлы, ыңғайлы, тиімді ұйымдастырылған, әртүрлі сенсорлық қоздырғыш және ойын материалдармен толтырылған жағдай деп көрсетеді. Дамытушылық заттық орта деп С. Л. Новоселова – бұл баланың рухани және физикалық бейнесінің даму мазмұнын функционалды модельдейтін іс-әрекетінің материалдық объектілер жүйесі. Байытылған орта баланың түрлі іс-әрекетін қамтамасыз етудің әлеуметтік және табиғи құралдарының бірлігін көздейді. Бұл ортаның негізгі элементтеріне С. Л. Новоселова архитектуралық-ландшафтық және табиғи-экологиялық объектілерді, көркемдік студияларды, ойын, спорттық алаңдарды және олардың жабдықтарын, баланың бойына сай конструкторларды, ойыншықтардың тақырыптық жиынтықтарын, құралдарды, оқыту мен тәрбиелеудің аудиовизуалдық және ақпараттық құралдарын жатқызады.

Р. Б. Стеркина баланы дамыту ортасын материалдық-гигиеналық, эстетикалық, эргономикалық (эргономика-адам іс-әрекетін затта жобалауды қамтамасыз ететін және оның функционалдық қасиеттері туралы ғылым) кешені ретінде қарастырады. Эргономиканың деректерінің негізінде мектепке дейін білім беру ұйымында балалар мен үлкендердің өмірін ұйымдастыруды қамтамасыз ететін психологиялық-педагогикалық жағдайларды дизайнерлік жобалау жүзеге асырылады.

Айтылған жағдайлар адамның өмірлік сұранысын қанағаттандыруға, оның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, өмірі мен денсаулығын қорғауға

бағытталған. Одан басқа олар рухани және әлеуметтік сұраныстарына танымдық, эстетикалық, жалпы мәдениеттік, басқа адамдармен қарым-қатынастарындағы сұраныстарына бағдарланған.

В. А. Ясвин, баланың оқуы мен дамуына ортаның әсерін талдай келе, «білім беру ортасы» ұғымына осы біз айтқан пікірге ұқсас түсінікке келеді. Ол: «Білім беру ортасы бұл тұлғаның берілген үлгі бойынша қалыптасуына әсер мен жағдайлар, сол сияқты оның дамуы үшін әлеуметтік және кеңістіктік заттық ортада болатын мүмкіндіктер жүйесі» деп жазды. Бұл анықтама «дамушы орта» ұғымымен шамалас келеді. Бірақ тұлғаның әлеуметтік берілген «үлгі бойынша» даму мағынасы көбінесе бұл ортаға енген субъектінің өзіндік даму мағынасының айырмашылықтарын жояды.

Дамытушы ортаның маңыздылығы оның баланың іс-әрекетін ынталандыруда, белсенділендіруде тұлғаға заттардың, ойыншықтардың, жағдайдың және т.б қосымша әсерлер беруінде болып табылады. Бұл ортаның мақсаты (динамикалық, белсенді, тәрбиеленуші, үйретуші) – баланы өзіне тән іс-әрекетінің субъектісі ретінде дамыту, айналасындағы адамдармен және айналаны танып білу үшін өзін қоршап тұрған заттар әлемімен өзара ықпалдастық субъектісі ретінде дамыту. Осындай жағдай жасау арқылы баланың түрлі іс-әрекеттерін жеделдетуге болады. Бұл мектепке дейінгі баланың физикалық, психикалық және тұлғалық дамуы үшін басты шарт болып табылады. П. Ф. Лесгафтың зерттеулері ортаның баланың жеке ерекшеліктеріне қарай генетикалық көрсеткіштерін реттейтін іргелі жүйелі фактор ретінде жүретіндігін көрсетті [1, 15 б.].

«Заттық-дамытушы орта» термині педагогикалық сөздіктерде ХХ ғасырдың 80-ші қолданыла бастады. Білім беру жүйесі терминологиясына ол 1988 кейін енгізілгеніне қарамастан, осы сала бойынша ғылыми-зерттеулер әлдеқайда бұрын жүргізілді.

1960 жылы Мәскеудегі педагогикалық ғылымдар Академиясының жанынан көп ұзамай мектепке дейінгі білім беру ғылыми-зерттеу институтының құрылды. (К. Д. Ушинский, Е. И. Тихеева, Е. И. Флерина, Е. В. Водовозова, Н. К. Крупская, А. В. Запорожец, А. П. Усова).

Ғылыми-зерттеу институты 1968 жылы ерте жастағы балаларға дидактикалық құралдар (С. Л. Новоселова) және мектепке дейінгі балаларға (Н. Н. Поддьяков) арналған ойыншықтар жүйесі жасалады. Мектеп жасына дейінгі балалар үшін ойыншықтарды, жиназдарды жобалау жұмысы 1970 жылдары мектепке дейінгі тәрбие ҒЗИ-ты мен БОҒЗИ-мен МВХПУ-дың мебель кафедрасымен және т.б бірігіп

жасалды. Дамытушы ортаның көрнекті компоненттері мен қатар оны отбасы мен мектепке дейінгі мекемелерде қалыптастырудың жаңа принциптері жасалды (Н. Н. Поддьяков, Л. А. Парамонова, С. Л. Новоселова, Н. Т. Гринявичене, Е. В. Зворыгина).

1980-ші жылдардың екінші жартысында «Компьютерлік ойын кешенінің» тұжырымдамасы мен жүйесі құрылды. Мектепке дейін білім беру практикасына енген жаңа ақпараттық технологиялар бұл жастағы балалардың мүмкіндіктері мен сұраныстарын зерттеуге назар аударуды, дамытушы жүйе ретінде заттық орта құрудың нұсқаларын іздестіру қажеттілігіне алып келді.

Еуропалық Батыста Т. В. Фуряеваның деректері бойынша, заттық-дамытушы орта құрудың жаңа нұсқаларын іздестіру ХХ ғасырдың 70-80 жылдарында қолға алынды. Бірінші іздестіру моделі профессорлар Х. Эрлер және Л. Эрлердің инициативасымен құрылған «Иесвекан» эксперименталды балабақшасы болды. Ол кәсіптік білім алатын студенттер үшін педагогикалық шеберхана ретінде құрылды. Осы мекемеде жасалған топтарды құру және балалар үшін басқа да орындарды жасау жөніндегі көптеген жаңалықтар Германияның және басқа да Европа елдерінің балабақшаларының практикасында қолданыс тапты. 1980-ші жылдардың ортасында ғалымдар, профессорлар В. Мальке, Н. Шварте балабақшаны барынша кеңінен жабықтау тұжырымдамасын жасады [2, 4 б.].

Бүгінде дамытушы ортаны жобалағанда батыстық мамандар мынадай идеядан бастау алады: балабақша балалардың өмірлік кеңістігі, онда аз топтарда ойын үшін жағдай жасауды, күн тәртібінде қозғалыс белсенділігін арттыруды, белсенді жағымды эмоционалдық көңіл-күй жасауды қамтамасыз етуді көздейді.

Мектепке дейінгі білім берудегі заманауи жағдаяттар мамандардың мектеп жасына дейінгі баланың дамыту ортасын құрудың маңыздылығын жеткілікті түрде түсінуімен сипатталады, оны ұйымдастырудың түрлі тәсілдері мен принциптері анықталған (О. Артамонова, С. Л. Новоселова, В. А. Петровский, Н. Н. Поддьяков, М. Н. Полякова және т.б.). ХХ ғасырдың 90-шы жылдарының ортасында дамытушы заттық ортаның тұжырымдамасы жасалды, оны жасаудың маңыздылығы әртүрлі жас кезеңдеріндегі балалар топтары үшін жобалау мүмкіндіктерін негіздеді. Бұл бағыттағы ғылыми ұсыныстар мектепке дейінгі білім беру мекемелері, жанұя және тұлғаны әлеуметтендірудің басқа да институттары жағдайында бұл мәселені практикалық жолдармен шешуді іздестіруді өзекті мәселе етіп қойды [3, 102 б.].

Дамытушы орта мектеп жасына дейінгі балалардың сенімділік сезімінің пайда болуына және оны өз бойында қалыптастыруға, өздерінің жеке қабілеттерін сезініп және оны өмірде қолдана алуына көмектеседі.

Педагогика мен психологияда адам дамытушы ортаның әсерінен танымдық және тұлғалық дамудың жоғары деңгейін меңгереді деген қағида бар. Балалардың толыққанды үйлесімді дамуы үшін үлкендердің мейірімді қарым-қатынасы ғана маңызды емес, сонымен қатар баланың алған тәжірибесін бекітуді қамтамасыз ететіндей заттық орта құрудың зор маңызы бар. Әрбір іс-әрекет қандай да бір сұранысты қанағаттандыруға қызмет етеді (өмірлік, танымдық, қоғамдық). Бұл үшін балаға қызықты мақсатты объектілер керек (бас қатыру ойындары, кедергілер жолағы, компьютерлік ойындар және т.с.с).

Қорыта айтқанда, дамытушы заттық орта мынадай психологиялық-педагогикалық өлшемдерге жауап беруге тиісті яғни, баланың психикалық даму деңгейіне сәйкестігі, жүйелілігі, көп функциялылығы, баланың шамасына сай болуы, трансформациялануы, мазмұны бойынша және функционалдық міндеттері бойынша вариативті болуы қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 **Новоселова, С. Л.** Развивающая предметная среда: Методические рекомендации по проектированию вариативных дизайн-проектов развивающей предметной среды в детских садах и учебно-воспитательных комплексах. – М., 1995. – С. 15.

2 **Тусупова, А. Қ.** Балаларды ерте жастан дамытуға арналған заттық-дамытушы ортаны ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Астана, 2015. – 4 б.

3 **Петровский, В. А., Кларина, Л. М., Смывина, Л. А., Стрелкова, Л. П.** Построение развивающей среды в дошкольном учреждении // Дошкольное образование в России. Сб. нормативно-правовых документов и научно-методических материалов. – М. : АСТ, 1997. – 102 с.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДІНИ САУАТТЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ДІНТАНУЛЫҚ ИДЕЯЛАРДЫҢ ОРНЫ

УСЕНОВА З. Ж.

магистрант, Шет тілдер және іскерлік карьера университеті, Алматы қ.

Дін – ұлттық бірлігіміздің, рухани тұтастығымыздың негізі, мемлекеттегі халқымызды біртұтас қалпында сақтай алуымызда қоғам талабына қарай рухани мәдениетіміздің тұтастығын қалыптастыруымыздағы негізгі ұстаным, қоғамымызда тұрақтылық пен тағаттылықты қалыптастыратын басты қоғамдық сананың бір түрі. Діннің негізгі мынадай функцияларын атап өтуге болады: дүниетанымдық, коммуникативтік, реттеушілік, интеграциялық, дезинтеграциялық, мәдени. Бұл функциялардың қоғамда шын мәнінде адамдар, ұлттар мен мемлекеттер арасындағы қарым-қатынаста алатын орны айтарлықтай маңызды.

Көптеген этникалық топтар мен діни наным-сенімдерден құралған Қазақстан қоғамындағы өтпелі кезеңде діни түсіністік пен келісімнің мемлекеттің ішкі тұрақтылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі рөлі, өндіруші күш болып табылатын халықты ұйымдастыру қабілеті, мемлекетіміздің халықаралық қатынастардағы салмағы және еліміздің болашағының баяндылығына тікелей әсер ететіні объективті шындық. Қоғам ешқашан дінсіз өмір сүрген емес, тарихтағы кез-келген мемлекеттің дінмен бірге өмір сүргендігі, мемлекет пен діннің өзара арақатынаста болуы, сонымен бірге, мемлекет өз территориясында дінге қатысты заңдық пәрмені бар заңнамалық-құжаттары мен заңды қабылдап, оны іс-жүзіне асыру арқылы қоғамдағы тәртіп пен тұрақтылықты ұстап тұратыны белгілі.

Қоғамдық қатынастардың түрлі жаңама құбылыстар арқылы күрделене түсуі кезеңінде діни дүниетанымның адамдар санасына терең әсер ете бастауы, діни келіспеушілік негізінде туындап жатқан әлемдік қактығыстар, негізгі нысаны дін болып табылатын, дінге ғылыми тұрғыдан қарайтын дінтану ғылымының әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар сапындағы дамуы мен қоғам сұраныстарын толық қамтамасыз ету жолындағы атқаратын қызметін еселей түсті. Дінтанулық білім тек өткен және қазіргі қоғамдағы жағдаяттарды көрсетіп қоюмен ғана шектелмей, өзінің негізгі міндеттерінің бірі болып табылатын рационалды тұрғыдан діннің құбылысын, қызметі мен адами ортадағы рөлін таразылай отырып, мемлекетіміздің саясатына орай, зайырлы қоғамға сәйкес дүниетанымды қалыптастыру мен болашағы баянды бағдарды белгілеу қажет.

Жалпы дінтанудың өзі бастапқыда пән ретінде батыс елдерінде теологияға қарсы көзқарастар негізінде қалыптасқаны белгілі. Аталған пәнді қалыптастыру мен дамыту үдерісінде бірте-бірте екі жетекші бағыт қалыптасты. Бірінші бағытты ұстанушылар дінтануды дін туралы (сырттай) оқытатын пән ретінде қабылдаса, екінші бағыттағылар дінтануды дін арқылы (теологиялық тұрғыдан) оқытатын пән ретінде қабылдайды. Қазақстандық білім стандарттарында дінтану дін туралы (сырттай) оқытатын пән ретінде негізделген, ал жалпы оқыту үдерісінде ұстаздар қауымының діни және дінтанулық білімді ұштастыру мүмкіндігіне қарай екі көзқарас аралас көрініс тапқан деуге болады. Бұл ең алдымен дінтану пәнін оқытуға деген тұжырымдамалық көзқарасының айқындалмауының салдары болып табылады. Осы орайда дінтану пәнін оқытуда ненің мақсат етілетіні, оның қандай пән болуы қажеттігі мемлекет тарапынан нақтылануға тиіс және ғылыми тұрғыда зерделеуді, талдауды, сараптауды талап етеді.

Елбасы Н. Ә. Назарбаев «Қазіргі кезде халықтар, діндер, мемлекеттер арасындағы бейбіт өмір сүру мен конструктивті өзара әрекеттесу ерекше өзекті болып отыр. Ол теориялық тұрғыдан маңызды практикалық мақсатқа айналды. Міне, сондықтан да, атакты діни және саяси қайраткерлердің жігерінің арқасында ертедегі кезден осы күнге дейін жалғасын тауып келе жатқан діндер, мәдениеттер, өркениеттер сұхбатын жалғастыру аса маңызды. Бізге әлем бойынша, мемлекет ішінде, сонымен қатар аймақтық өлшемде құбылыстар мен оқиғаларды терең сыни тұрғыдан талдау қажет. Бұл талдау міндетті түрде «дәнді арам шөптен ажыратуға», адамзаттық қауымдастықты болашақтағы кез келген саяси, экономикалық, діни, әсіресе әскери экстремизмнен қорғайды» [1].

Отандық ғалым, дінтанушы Б. Бейсенов өзінің еңбектерінде «зайырлы мәдениет және діни мәдениет ерекшелігін және жалпы адамзаттық құндылықтардың артықтығын, яғни діни және діни емес дүниетаным түсініктерін біріктіруші және сұхбаттастық негіздерін төзімділікпен түсіндіру. Дінтануды оқыту мазмұны мен әдістемесі зайырлылық пен төзімділік қағидаттары, ар-ождан, діни сенім бостандығын және ой еркіндігі сынды еліміздің және халықаралық құжаттар талаптарына сәйкес болуы тиіс» деген пікірімен келіспеуге болмайды [2, 141 б.].

Қазақстан топырағында, қазақтардың тарихында дінтану ғылымының пайда болуының алғашарттарына байланысты мәселелер жеткілікті. Тіпті дінтану ғылымы тұрмақ мемлекеттік дін болып табылатын исламның өзін дала жұрты жете меңгермеген, түпкілікті ұстанбаған деген пікірлер де айтылып жүр. Өзінің мәдени-тарихи мазмұны тұрғысынан бұл тақырып өте өзекті болып табылады. Халықтың тарихын, мәдениетін, дәстүрін

терең зерттемей жатып бұл түйіннің шешімін табу мүмкін емес. Қазақ халқының діни тұрпатын ислам дініне дейінгі кезең және исламдық кезең деп бөлуге болады. Ислам дінін қабылдағанға дейінгі кезеңде тәңіршілдік сенімі болғаны белгілі.

Түркі тектес халықтардың тарихына көз жүгіртер болсақ діни сана-сезімдері мен болмысы өз алдына зерттеу мен зерделеуді қажет ететін ұшан-теңіз рухани әлем. Халықтың болмысын айшықтайтын руханилықта діни ұстаным жетекші роль атқаратыны әлімсақтан белгілі. Діни сенім белгілі бір этностың әдет-ғұрыпы, салт дәстүрі, тілі секілді рухани қалпын айқындап, ұлттық сана-сезімінің тірегі, ұлтжандылықтың ұйытқысы болып табылады. Діни сенім адам өмірінде, бүтіндей бір ұлттың ділінде жетекші рөл атқаратын дүниетаным.

Түркі халықтарының дені ислам дінін ұстанып, Аллаһқа тәубе келтірген. Бірақ Исламды қабылдамай тұрып түркілер Көк Тәңірін пір тұқан. Көк Тәңірін ұлы күш деп есептеу, жәрдемді жоғарыдан күту түркі дүниетанымдағы ілкі сенім болып табылады. Көк тәңіріне сену Ислам діні секілді монотеизм болып табылса, Ұмай ана, Көк бөрі, Жер, Су бейнелері Исламдағы тылсым тіршілік иелері періштелер іспеттес адамға жәрдем беруші, отбасы-ошақ қасының қорғаушысы болып есептелген.

Түркі халықтары ислам дінін түрлі кезеңде тарихи қажеттіліктерге байланысты өз ыркымен қабылдаған. Ортағасырлық христиан теологы Пьер Абелярдың «Сенемі, түсіну үшін» және «Түсінемін, сену үшін» деген қағидасы түркілердің исламды мойындауына сай келер еді [3, 392 б.].

Исламның алғаш түркі көшпелілері арасында, яғни қазақтардың ата-бабаларында таралуы Қарахандар дәуірімен байланысты. Ислам дініндегі жоғарғы жаратушы Аллаһ ұғымы түркі халықтарының рухани сұранысы мен ізденістерін тап басып қанағаттандыра алды. Түркілер негізінен көшпенді өмір салтын ұстанғандықтан ислам дінін толық қабылдау баяу жүрді және алғашқыда төл мәдениет, әдет-ғұрыппен астасып жатты. Ең даланы жайлап, еркін көшіп-қонып жүрген халыққа мешіттер салу, ат үстінде, жорық жолында жүрген жауынгерге исламдағы бес парызды қалтқысыз орындау бірден көндігер іс-әрекет емес еді. Сондықтан кейбір зерттеушілер түркілердің өкілдерін, әсіресе қазақ халқын діни таным мәселесіне келгенде кенжелеп қалған, таза хақ дінді әдет-ғұрыппен шатастырушы деп есептеп келген. Дегенмен ел аралап хақ дінді таратушы сопылар, мүридтер ислам дінін бейбіт жолмен уағыздау арқылы халықтың санасына сіңіре отырып, дүниетанымына берік орнауына тікелей дәнекер болды. Қазақ жеріне ислам діні сопылық ілімді уағыздаған дәруіштер арқылы енді. Оларды халық әулиеге балады.

Дәстүрге келетін болсақ бұл тарихи қалыптасқан, салыстырмалы түрде тұрақты, атадан балаға берілуші, қайталанып отырушы қоғамдық қатынастар. Дәстүр мен салт ұғымын салыстыра қарастырсақ, екеуі де норма, ережені білдіреді, тек салт дәстүрдің іс жүзінде орындалуын білдіретін ұғым. Дәстүр ұғымы салтқа қарағанда әмбебап ұғым болып табылады.

Қазақ халқының дәстүрлері мен ислам мәдениетін салыстыра қарастырғанда Қазақстан мың жылдан аса ислам әлемінің бір бөлігі ретінде оның сунттік бағытын ұстатанынын атап өту керек. Мұсылман мәдениетіне қосылу ортағұрлық қазақ даласы үшін ғылым мен мәдениеттің жаңа белесіне шығуының себебі болды. Қазақтың рухани мәдениетінің дара тұлғалары Қожа Ахмет Иассауи, Махмұт Қашқари, Бұқар жырау, Абай, Шәкәрім және т.б. ислам дінін ұстанған еді. Ислам діні халық арасында кең таралуының нәтижесінде ахлақтық (мораль), адамгершілік ілімдер, ағартушылық, ұлттық идеология секілді руханилық өзіндік ұлттық нақыштармен толықтырылып, халықтың салт-дәстүрімен астаса түсті.

Ислам дінінің қазақ мәдениеті үшін маңызы өте зор болды. Хақ діннің нәтижесінде бірқұдайшылық қалыптасты, нақты ережелер біржолдылыққа түсіп, мемлекеттіліктің, ұлт бірлігінің алғышарттарына өз әсерін тигізді.

Сонымен қатар қазақ мәдениетіндегі дінге байланысты дүниетанымдық позицияның ерекшелігі қазақ жырауларының шығармашылығымен тығыз байланысты. Өзінің «Қазақ әдебиетінің тарихының ежелгі кезеңі» деген зерттеу еңбегінде профессор Немат Келімбетов ежелгі түрік әдебиетінің қазақ әдебиетінің туындауындағы ролі мен орнын көрсетті. Қазақ мәдениетіндегі мұрагерлікті талдай отырып, ол былай деп жазады: «Осылайша, XIV–XVIII ғғ. тарихи сахынаға ежелгі түрік поэзиясын жалғастырушы қазақ жыраулары шықты. Қазақ жыраулары ежелгі ақындар секілді дана кеңестер беріп, халыққа, батырларға, хандарға өсиет айтып, қазақ халқының қоғамдық-саяси өміріне белсенді араласты» [4, 248 б.].

Бұл белсенділік тек адамгершілік-этикалық тақырыпта ғана емес, сонымен бірге философиялық және дінтанулық тақырыпта да көрініс тапты. Өздерінің толғауларында олар дін мәселесіне антропологиялық, күрделі өмірге келген адам, табиғат-адам-қоғам тұрғыдан ыңғай танытты. Жыраулар өздерінің ауыз екі жырларында дінге қатысты мәселені ұлттық тұрғыдан дін және діншілдік тұрғысынан қарастырды. Олар исламға дейінгі дәстүрді – тәңіршілдікті, аруаққа сенуді, көк пен туған жерге табынуды және мұсылмандықты қазақ халқының екі негізгі діни санасын құраушы ретінде түсіндірді [5, 132 б.].

Жыраулардың шығармашылығы халыққа тек сенімді жеткізумен шектелмей, белгілі бір еркін ойшылдықпен де ерекшеленді. Олардың еркін ойшылдығы, діни догмаларды түсіндіруі теологияның аймағынан шығып, дін философиясына жақын болды, немесе философиялық тілмен айтқанда антропоцентризммен айшықталды.

Жыраулардың дінді түсінуі, олардың діни догмаларды түсіндіруі және қарапайым адамдардың санасына жеткізуі қазақ мәдениетінде діни сананың қалыптасуында негізгі фактор болып қана қойған жоқ, сонымен бірге дінге қатынасты тәрбиелеу болып табылды. Иман-қой, ақыл-қойшы, нәпсі-бөрі деген тенеулерден қасқырға қой бермеу қойшыға байланысты болатыны секілді адамның азғындықтан алыс болып, имандылыққа бет бұруы оның сеніміне емес, ақылына байланысты деген топшылау дұрыс пікірге саяды. Бұл ақындық жолдардағы әркімге түсінікті қағидалар – саналы түрде сенім мәселесіне білімдік тұрғыдан ыңғай жасауға шақырады. Сондықтан жыраулар дәстүрі қазақстандық дінтанудың қалыптасуының алғышарттары бола алды.

«Даладағы мұсылмандық жайлы» мақалада Ш. Уәлихановтың дінге деген көзқарасынан дінге деген сұрақ пен мемлекеттік атеизм формасын көруге болады. Бірақ дін мәселесінде Шоқан Уәлиханов ешбір діннің күшпен енгізілмеуін және оның білімге кереғар келмеуін талап етті. «Бірақ біз білімге қарсы келетін кез-келген дінді үкіметтің жақтамауын және қорқыныш пен күштеуге негізделген теологиялық заңдарды далаға енгізбеуін өтінеміз және талап етеміз» [6, 191 б.]. Яғни, ол дін істеріне үкіметтің күшпен араласуына, басқыншылық пиғылдағы саяси атеизмге қарсы шығады.

Қоғам мен дін арасындағы арақатынаста зайырлылықты қолдаушы тағы бір ойшыл қазақ ағартушыларының бірі Ыбрай Алтынсарин еді. Оның ұстанымы бойынша дін мен зайырлы білім мәселесінде соңғысы басымдық орынға ие болуы тиіс, ал діннің өзі осы зайырлы білім тұрғысынан талданып, қарастырылуы қажет. Қоршаған ортаның объективті шындығын мойындау, оның танымдылығы жайлылығынан шығады, сондықтан оның «Табиғи ақыл-ой өзін қоршап тұрған әлемді ғана тани алады, ал өзіне көрінбейтін басқа әлемді тануға тек зайырлы білім ғана көмектесе алады» [7, 292 б.] деген ойы осыдан туындайды.

Исламның ізгілікті қасиеттерін жетік білген Ыбырай Алтынсарин қазақ елінің рухани тәрбиесіндегі діннің рөліне ерекше мән берді, оны оқыту ісі және тәрбиеден бөлмеді. Себебі мұсылманшылықты қазақтың рухани өзегін құрайтын маңызды компоненттердің бірі ғана емес, негізгісі деп санады. Ол бар күш-жігерімен, білім-білігімен халқын исламға соншалықты соқыр сеніммен берілген татар молдалардың ықпалынан

сақтап қалуға ісімен дәлелдеп, бар жан-тәнімен күресті. Мектептерде жақсы білім алған, әр нәрсеге дұрыс көзқараста болған білімді жастардың арқасында татар фанатизмін жеңіп, зайырлы білім арқылы діни соқырлықты жеңе аламыз деп түсінді.

Дін және діншілдік қоршаған ортаның бөлігі, бұл бөлік танымдық, ғылыми ізденіс арқылы ғана таныла алады.

Абай үшін білім мен ғылым – даналық, «Әлем-Адам-Құдай» қарым-қатынасындағы танымдық бағытындағы шешуші жол, адамның өзін тануы арқылы Құдай және Әлемді тануы. Абайтанушы Ғ. Есім былай деп жазады: «Абай діни идеологияны уағыздамайды, сонықтан оның көзқарастарын діни философия аспектісі тұрғысынан қарастыру керек» [8, 38 б.]. Сонымен бірге, Ғарифолла Есімнің пайымдауынша Абайдың шығармашылығын қандай да бір философиялық жүйе ретінде анықтауға, оны философияның бір бағытына жатқызуға болмайды. Абай бір жағынан – діни философ, ал екінші жағынан – ол сенімнің негіздерін танушы философ. Оның философиясын адами мәселелерді шешуге толы шығыс даналығы деп атауға болады.

Дәстүрлі қазақ қоғамындағы мұндай үрдістерді қазіргі кездегі әсіре діншілдер мойындамайды. Кезіндегі ұлттық үрдістеріміз олардың тарапынан терістеліп, жаңа, жат сарындағы ағымдар көбейе бастады. Әлемдік трансұлттық ұйымдар, халықаралық қаржы нарығы, әлемдік қарым-қатынас жүйесі секілді негізгі мекемелердің барлығына жуығы дамыған, индустриалды және постиндустриалды мемлекеттердің құзырына, олардың қызығушылығы мен мүдделеріне жұмыс жасауда. Оның есесіне постиндустриалды-нарықтық экономикасы шатқаяқтап тұрған, өздерінің діни-басымдылық ұстанымдарының уысында қалған Азия мемлекеттерінің экономикасы төмендеп кеткені шындық.

Еліміз егемендігін алған жылдары нарықтық-экономикалық реформалардың талабымен елімізде дін еркіндігі мақұлданды. Негізгі діни ілімдерін кеңестік құрсауда болса да ұстанып, жадынан шығармай келген қазақ халқы бірден ислам дініне сусап қалғанын білдіріп, аяқ асты пайда бола қалған діни ағымдардың қайсысы шын, қайсысы жалған, қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс екенін білмей, бірден сенімге ала бастады. Ал, славян тектес ұлттар өздерінің христиандық ілімдерімен қауышып, діни ілімдерін қайта жаңғыртуға ден қойды... бірақ, атеистік ілімді санаға сіңіріп тастаған кеңестік саясат өз дегенін істеп үлгерген еді. Қаншама жылдар бойы өздерінің бастапқы рухани мәйегінен ажырап қалған халық тұманда адасқан жолаушыдай, жауған күй кешіп тұрғанында, дәстүрлі емес дінді таратушы миссионерлер олардың сана сезіміне дендеп кіріп алып, халқымыздың ұғымына жат, табиғатына сәйкес келмейтін діни

ағымдарды таратып үлгерді. Сауатсыздақтан зардап шеккен халық қай діндардың артынан ерерін білмей, әрі-сәрі күй кешті. Өзінің тарихынан там-тұмдап қана хабары бар, рухани арқауы жінішкерген жіптей үзілгелі тұрған бейбақтар, оң-солын ажырата алмай, жалған діндар-сымақтардың жетегінде кете барды.

Ойымызды қорытындылайтын болсақ, осындай олқылықтардың кесірінен тәуелсіздікке қолы жеткен ел, енді рухани тәуелділікке душар болды. Кеңестік солақай саясаттың құрбанына айналған ел өзінің ата-баба дінінен алшақтап, келімсек дін уағыздаушыларының айтағына ерді. Қазақтың өрімдей жастары адасу жолына түсіп, дәстүрлі мес, жат діндерге сыйына бастады. Халықтың діни сауатсыздығы, әсіресе этникалық идентификацияның негізінде жатқан өздерінің бастапқы діндерінен хабарсыз болуы – Қазақстандағы қазақ мен орыс ұлтын өзара әртүрлі дін ағымдарға бөлініп дау-дамайға алып келетін, ұлттық ұстанымдарын солқылдақтыққа әкеліп, ұлтараздық тудыру қаупі бар.

Демократияны желеу еткен жат ағымдар ойларына келгенін істеп, ұйып отырған елдің ішкі тұрақтылығы мен саяси арендағы рөліне нұқсан келтіруі әбден мүмкін. Бұған жол беріп қойған жағдайда еліміздің зайырлы ұстанымдарына сызат түсіп, алға қойылған мақсаттарымызды ұлықтау, ұлттық мүдделерімізді айшықтау кедергіге тап болары анық. Жаһандану жағдайында әртүрлі мәдениеттердің кеңестік талғамай, басқа ел аумағына өте беруі қалыпты жағдай. Бірақ, бұл үдеріс мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатына, елдің рухани бірлігіне, ұлттың тұтастығына зала тигізбеуі тиіс. Елжандылық, мәдениеттілік, адамгершілік секілді сапаларды нық ұстанған халық қана бұл діни экспансияға тойтарыс беріп, алдына қойған ұлттық мүдделерге серпінді қадам баса алады. Әртүрлі діни ағымдардың, мәдениеттердің өзара сұхбаттасуы, араласуы елдегі тұрақтылыққа, тыныштыққа, мемлекетте жүріп жатқан экономикалық-саяси реформаларға еш кедергі келтірмеуі қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Назарбаев, Н. Ә. Әлемдік және дәстүрлі діндердің бірінші съезінде сөйлеген сөзі. – Астана, 23 қыркүйек 2003.

2 Бейсенов, Б. С. Дін және қоғам. – Алматы, 2013. – 141 б.

3 Гаусрат, А. Средневековые реформаторы: Пьер Абеляр, Арнольд Брешианский / Пер. с нем. – 2-е изд. – М. : Либроком, 2012. – 392 с.

4 Келимбетов, Қ. Н. Древний период истории казахской литературы: учебное пособие. – Алматы : Санат, 1998. – 247 б.

- 5 **Сегизбаев, О. А.** История казахской философии: От первых архаичных представлений до философии развитых форм первой половины XX столетия: Учебник для вузов. – Алматы : «Ғылым», 2001. – 312 б.
6 Дінтану: Оқулық. – Алматы, 2006. – 115 б.
7 **Сегизбаев, О. А.** История казахской философии: От первых архаичных представлений до философии развитых форм первой половины XX столетия: Учебник для вузов. – Алматы : «Ғылым», 2001. – 312 б.
8 **Есім, Ғ.** Хакім Абай. – Алматы : Білім, 1995. – 204 б.

МАЗМҰНЫ

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ректоры, филос.ғ.к., Г. Ғ. Ахметованың алғы сөзі3

6 Секция. БАҚ дамуының үрдісі және журналистикадағы заманауи медиатехнологиялар 6 Секция. Тенденции развития СМИ и современные медиатехнологии в журналистике

Абдиркенова А. Қ. Медиабілімнің тәжірибелік талдауына қысқаша шолу	5
Батешов Е. А., Яппарова Э. Н., Есімсейтов Б. Р. О развитии интернет-телевидения Galam TV в Казахстане: проблемы и перспективы.....	9
Zhumabekova D., Koraeva A. K. Marketing and management.....	12
Капасова Б. Қ., Кадирова Ж. Ә. Сұлтанмахмұт Торайғыровтың публицистикалық шығармаларындағы әлеуметтік мәселелер.....	15
Худиева С. Р., Кнутас К. В., Веселова М. А. Проблемы современных СМИ.....	20

7 секция. Әдебиет және филологияның өзекті мәселелері 7 секция. Актуальные вопросы литературы и филологии

7.1 Қазақ филологиясы 7.1 Казахская филология

Абдырова А. О., Тлөпбергенова Д. М. Мақал-мәтелдердің тәрбиелік тағылымы	27
Азғалиева А. Қ. Абай шығармаларының қоғамдық өмірдегі маңызы.....	31
Алимова А. Қ. Мәшһүр Жүсіп Көпеев шығармаларында салт-дәстүрлердің көрініс табуы	34
Досанова Ж. А., Смағұлова Г. Ш. Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша оқытудағы қазақ тілі сабақтарында қолданатын тиімді әдіс-тәсілдердің түрлері.....	41
Ерланова А. Е. Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы ұсақ мал (қой-ешкі) атауларының этномәдени лексикасы.....	48
Әліпаева А. Қ., Жұманова М. С. Қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында мәнерлеп оқуды дамыту.....	53

Жангозина А. А.	
Жеке тұлғаға бағытталған тапсырмалар арқылы оқушылардың күзiреттiлiгiн артыру	58
Жуманбаева Р. О., Амринова Ү.	
Латын әлiпбиiне көшi – заман талабы.....	66
Жүсiпов Н. Қ., Бергенбек А.	
А. Токмағамбетовтiң публицистикасындағы пiшiн мен мазмұн үйлесiмi	68
Зейнулина А. Ф., Ибраева Ә. Т.	
Сұлтанмахмұт шығармашылығындағы руханияттылық көркемдiгi	74
Курумбаева М. Е.	
Мәшһүр-Жүсiп афоризмдерiн прагматикалық аспект ретiнде жарнама iсiнде қолдану	80
Кушегалина А. М.	
Ыбырай Алтынсариннiң ағарту-педагогикалық мұраларын қазiргi кездегi бiлiм саласында қолдану	84
Құмарова А. Е., Қаржаспаева Б. Қ.	
Асқар Токмағамбетовтiң сатиралық шығармаларының ерекшелiктерi	89
Мамиля А. Ш.	
Орыс сыныптарда қазақ тiлiн оқытуда АҚТ-ны қолдану	95
Маняпова Т. К., Болат А.	
Қазақ ертегiлерiндегi өлшем, мөлшер мағыналы сөздер	104
Матайбаева Ж. С.	
Ақпараттық-коммуникативтi технологиялар арқылы оқушылардың қазақ тiлi пәнiне деген қызығушылығын арттыру	109
Молдатаева А. С.	
Ыбырай Алтынсарин – педагогика ғылымының негiзiн салушы	114
Таутина Б. А., Қайырбек М. Т.	
Сәкен Жүнiсов шығармаларындағы дәстүр мен жаңашылдық	120
Таутина Б. А., Мұхамбеткереева Г. I.	
Қазiргi қазақ прозасындағы катарсис	126
Үсен А. Ә.	
Қазiргi поэзиядағы өлшемдердiң жаңа сабақтастығы.....	132
Халелова А. Б.	
Диалог арқылы оқытудың маңызы	137
Шаймерден Н. Ж., Бакелова А. Б.	
Мағжан Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемiн» өлеңiнiң тәрбиелiк мәнi... ..	144
Шалабаева А. А., Жүсiп Қ. П.	
Қазiргi қазақ поэзиясындағы азаматтық әуен	149

7.2 Орыс филологиясы

7.2 Русская филология

Исина Н. У., Ким Ж.	
Творчество Б. Акунина и «массовая литература» рубежа XX–XXI веков..	153

Латыпова З. Х., Кушпесова Г. С.	
Научно-теоретические аспекты художественного перевода.....	158
Novossyolova Y. A., Ibrayeva A.	
Folklore in the Old Russian literature	166
Серкебаева А. Б., Утегенова Г. М.	
Методика преподавания русского языка как иностранного.....	171
Шаймарданова С. К.	
Колороним «красный» в художественном контексте Павла Васильева.....	177

7.3 Шетел тілдер филологиясы

7.3 Иностранная филология

Batyrkhanova G. B.	
Recent updates to the OED.....	184
Капенова Ж. Ж., Касперович К. А.	
Колористика в разных языках и культурах	188
Капенова Ж. Ж., Ислям К. С., Мержоева Б. М.	
Лингвокультурологические особенности зоонимов в паремиях английского и ингушского языков.....	192

8 Секция. Тарих, археология және этнографияның

маңызды мәселелері

8 Секция. Актуальные вопросы истории, археологии и этнографии

Абдраманова Ш., Махатова Л. Т.	
Қазығұрт өңірінің тарихи-этникалық дүниетанымдары туралы кейбір мәселелер	197
Абдуллина К. Н., Конкина Г. С.	
Халық комиссары – Кәрім Тоқтабаев.....	200
Ахмұльдинов Б. Т., Мамытова С. Н.	
Развитие предпринимательства Казахстана на примере Павлодарской области.....	205
Бахтибаев А. А., Абдурахманов Н. А.	
Некоторые исторические вопросы о роли крупнейших банков и корпораций в развитии цветной и угольной промышленности Казахстана в начале XX века	210
Беккулова А. А., Нүркүлова Б.	
Оңтүстік Қазақстандағы мақта шаруашылығының маңызы туралы экономикалық-тарихи мәселелер	214
Болкөева М. Л., Рахимов Е. К.	
Из истории переселения ингушей в Казахстан	218
Касымов А. Н., Ельмуратова Б. Ж.	
Краеведческая деятельность г. Павлодара: историография проблемы	222

Катеев А. М., Рахимов Е. К. «Звериный» стиль в искусстве древних предков казахов и ее семантика ...	229
Кузембаев Н. Е. Экономические и культурные связи кочевников и земледельцев на примере взаимоотношений русских и половцев	233
Малыбаева Б. С., Әбішева А. Ә. 1930-жылдардағы Қарағанды облысына күшпен жер аударған халықтардың күнделікті өмір тарихынан	238
Мерц В. К., Демидкова Е. Д. Исследование неолитических памятников Северо-Восточного Казахстана в 2016–2017 гг.	244
Мерц В. К., Байбуринова Т. Б. Задачи изучения и сохранения археологических памятников Павлодарского Прииртышья	249
Өтегенов Б., Еркінбекова А. Сыр өңірінде өмір сүрген Қарабура әулие және оның қызы Бегім ана туралы кейбір тарихи ойлар	252

**9 Секция. Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар.
Көшбасшылық философиясы**

9 Секция. Социально-гуманитарные науки. Философия успеха

Альмуханов С. Х., Вяткина Ю. А. Ключевые показатели эффективности (KPI) в деятельности высших учебных заведений	256
Доманжулова Л. Ж. Тенденции развития языкознания в условиях глобализации	260
Ескалиева А. Ж. Становление и преобразования социально-экономических отношений в условиях формирования «Новой экономики»	264
Жұматаева Е., Беисова А. Е. Сұлтанмахмұт шығармаларындағы пәлсапалық дүниетаным	269
Касенов Х. Н. Значимость этико-дәонтологической подготовки будущих педагогов в современном обществе.....	277
Назарбек Ж. А. Қазақстанда дәстүрлі емес діни ұйымдардың таралуының әлеуметтік аспектілері	280
Салимова Р. С., Бегимтаев А. И. Межэтнические браки в Республике Казахстан (на примере Павлодарской области)	287
Саналиева Л. К. Концепция кадрового потенциала в условиях инновационной экономики	291
Сатыпалдиев А. Е. «Діни-саяси экстремизм» ұғымы туралы әлеуметтік-саяси дискурс	296

Солтанова З. А. Ұлттық аспаптар оркестрінің қалыптасуының тарихи мәдени аспектілері.....	302
Темирханова Қ. Ш., Қара Ә. Б. Мектеп жасына дейінгі баланың тұлға ретінде қалыптасуына заттық дамытушы ортаның әсері	310
Усенова З. Ж. Қазақстандағы діни сауаттылықты қалыптастырудағы дінтанулық идеялардың орны.....	315

**«ІХ ТОРАЙҒЫРОВ ОҚУЛАРЫ» АТТЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК
КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ**

2 ТОМ

Техникалық редактор З. Ж. Шокубаева
Корректорлар: А. Р. Омарова, К. Б. Умарова
Компьютерде беттеген З. С. Исакова
Басуға 06.11.2017 ж.

Әріп түрі Times.

Пішім $29,7 \times 42 \frac{1}{4}$. Офсеттік қағаз.

Шартты баспа табағы 18,9. Таралымы 500 дана.

Тапсырыс № 3109

«КЕРЕКУ» баспасы

С. Торайғыров атындағы

Павлодар мемлекеттік университеті

140008, Павлодар к., Ломов к., 64.